

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Министерство Науки и высшего образования Республики Казахстан
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова



АКАДЕМИК ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТІҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА
және 12 сәуір Қазақстанда Ғылым қызметкерлер күніне арналған
82-ші Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

7 – 11 сәуір / апреля 2025 года

МАТЕРИАЛЫ

82-й Республиканский научно-практической конференции
посвященной Дню работников науки Казахстана 12 апреля и
100-ЛЕТИЮ АКАДЕМИКА ЕВНЕЯ БУКЕТОВА

Орал-Уральск

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Министерство Науки и высшего образования Республики Казахстан
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова

АКАДЕМИК ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТІҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА
және 12 сәуір Қазақстанда Ғылым қызметкерлер күніне арналған 82-ші
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

7 – 11 сәуір / апреля 2025 года

МАТЕРИАЛЫ
82-й Республиканский научно-практической конференции
посвященной Дню работников науки Казахстана 12 апреля и
100-ЛЕТИЮ АКАДЕМИКА ЕВНЕЯ БУКЕТОВА

Орал-Уральск

УДК 001
ББК 72
А33

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы/Председатель организационного комитета:

Серғалиев Н.Х. - б.ғ.к., профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы-ректор

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері/Члены организационного комитета:

Ахмеденов К.М. – г.ғ.к., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ басқарма төрағасының орынбасары – ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор

Кайсағалиева Г.С. – б.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор

Какимов М.Г. - философия докторы (PhD), М.Өтемісов атындағы БҚУ ғылым және ЖОО-нан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі

Ергалиева Г.А. - п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің деканы

Тургумбаев А.А. - магистр, аға оқытушы М.Өтемісов атындағы БҚУ жаратылыстану-география факультетінің деканы

Ақболатов А.А. - философия докторы (PhD), доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ филология факультетінің деканы

Абулкасова Д.Б. – с.ғ.к., аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚУ физика-математика факультетінің деканы

Нестеренко Г.И. – э.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ тарих, экономика және құқық факультетінің деканы

Кажимова К.Р. - философия докторы (PhD), М.Өтемісов атындағы БҚУ мәдениет және өнер факультетінің деканы

А33 АКАДЕМИК ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТІҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА және 12 сәуір Қазақстанда Ғылым қызметкерлер күніне арналған 82-ші респ. ғыл.-тәжіриб. конф. мат. = Мат-лы 82-й респ. науч.-практ. конф. посвященной Дню работников науки Казахстана 12 апреля и **100-ЛЕТИЮ АКАДЕМИКА ЕВНЕЯ БУКЕТОВА** - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2025. – 217б.

Жинаққа әр түрлі ғылым салаларындағы өзекті мәселелер, даму үрдісі, заманауи аспектілері, зерттеу жұмыстар нәтижелері туралы республикалық конференцияға келіп түскен баяндамалардың мәтіндері енді. Баяндамаларда отандық ғалымдарының ғылым және білім беру туралы ғылыми - зерттеу нәтижелері мен деректері қамтылған.

Жинақ жоғары оқу орындарының ғалымдарына, оқытушыларына, ғылыми қызметкерлеріне, мектеп мұғалімдеріне, докторанттарға, аспиранттарға, магистранттарға, студенттерге және де ғылымға қызығушылық танытқан қалың оқырманға арналған.

В сборник вошли тезисы докладов, поступивших на республиканскую конференцию, об актуальных проблемах, тенденциях развития, современных аспектах, результатах исследовательских работ в различных областях науки. Доклады содержат результаты и данные научных исследований о науке и образовании отечественных ученых.

Сборник адресован ученым, преподавателям, научным работникам вузов, учителям школ, докторантам, аспирантам, магистрантам, студентам и всем, кто интересуется наукой.

ISBN 978-601-266-741-7



9 786012 667417

© М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың БАҚ және РБО, 2025

КІРІСПЕ

Құрметті әріптестер, ғалымдар, оқытушылар, студенттер!

Басқарма төрағасы-ректор/Председатель Правления-ректор, Серғалиев Н.Х.

Сіздерді кәсіби мереке – **Қазақстан Республикасы Ғылым қызметкерлері күнімен** шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – ғылым мен білім саласына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан барша зерттеушілер мен ғылым жанашырларына деген терең құрметтің белгісі. Ғылым – адамзат өркениетінің алға жылжуына жол ашатын маңызды күш. Әрбір жаңалық, әрбір тың идея – қоғамның дамуына, жаңа мүмкіндіктердің ашылуына негіз болатыны сөзсіз.

Бүгінде Қазақстан ғылымы жаңа белестерді бағындырып, халықаралық деңгейде танылуда. Мемлекетіміз ғылым саласына қолдау көрсетіп, жас зерттеушілерге, ғылыми жобаларға жол ашуда. Осы орайда, жыл басынан бері университетіміздің екі ғалымы гранттық жобалар жеңіп алғанын ерекше мақтанышпен атап өткім келеді.

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті – өңіріміздің интеллектуалдық орталығы, білім мен ғылым тоғысқан қасиетті мекен. Бұл – ізденіс пен жаңашылдықты қолдайтын, жас ғалымдардың талабын ұштайтын орда. Университет қабырғасында жүзеге асып жатқан ғылыми жұмыстар – тек білім беру ісінің емес, ел болашағының берік іргетасы.

Құрметті әріптестер! Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз, ғылыми ізденістеріңіз бен жаңашыл идеяларыңыз – еліміздің дамуына қосылған қомақты үлес. Ғылым жолындағы табандылықтарыңыз, шығармашылық шабыттарыңыз сарқылмасын.

Сіздерге зор денсаулық, жаңа ғылыми жетістіктер және сәттіліктер тілеймін! Еңбектеріңіз ел игілігіне қызмет ете берсін!

Уважаемые коллеги, дорогие учёные, преподаватели и студенты!

В День научного работника выражаем глубокое уважение всем тем, кто своим трудом и умом вносит вклад в развитие науки и технологий, кто работает на передовой знаний.

Уважаемые коллеги, дорогие учёные, преподаватели и студенты!

Поздравляю вас с профессиональным праздником – **Днём работников науки Республики Казахстан!**

Этот день – знак глубокого уважения ко всем, кто посвятил себя науке, образованию и исследовательской деятельности. Наука – это один из ключевых векторов непрерывного развития человечества. Каждое открытие, каждая новая идея открывает путь к улучшению мира, к поиску новых решений для актуальных задач общества.

В последние годы казахстанская наука демонстрирует уверенный рост и получает признание на международной арене. Государство уделяет особое внимание поддержке научной сферы, финансирует исследования и стимулирует реализацию научных проектов. С гордостью отмечаю, что с начала года два наших учёных стали победителями грантовых проектов – это результат упорной и вдохновенной работы.

Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова – это не только образовательное учреждение, но и важнейший научный центр региона, место, где формируется интеллектуальный потенциал страны. Здесь реализуются смелые идеи, ведутся перспективные исследования и растёт новое поколение казахстанских учёных.

Дорогие коллеги! Ваше упорство, научные изыскания и творческий поиск вносят весомый вклад в развитие отечественной науки и укрепление интеллектуальной мощи нашего государства. Желаю вам крепкого здоровья, научных свершений, вдохновения и новых открытий! Пусть ваши труды всегда приносят пользу стране и обществу!

БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ: СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫМЕН СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Қазіргі жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісінде білім алушылардың белсенді ойлау қабілеттерін дамыту, олардың пәндік білімдерін кеңейту және оны өзге ғылым салаларымен байланыс құра алуы сондай-ақ, өмірмен байланыстыра алуы мен сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру білім беруде маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе, жаратылыстану ғылымдары соның ішінде Биологияның бір саласы "Микробиология және вирусология" пәнін оқытуда білім алушының өзіндік ойлау дағысын қалыптастыруда СТО технологиясының маңызы ерекше.

Микробиология және вирусология пәні күрделі терең теориялық ғылыми түсініктерімен зертханалық тәжірибиелерге негізделгендіктен, бұл пәнді оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологияларын қолдану білім алушылардың ойлау деңгейі мен белсенділігін арттырып, оқу сапасын жоғарылатуға елеулі ықпал етеді.

Бұл мақала Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын оқу үрдісіне жүйелі енгізуде оның білім алушылардың оқу сапасына қалай ықпал ететінін анықтап, талдауға арналып, бағытталған. Негізгі мақсат – биология пәнін оқытуда Сын тұрғысынан ойлау әдістерін пайдалану арқылы білім алушылардың оқу жетістігін бағалау.

Оқыту барысында білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып іздену мен зерттеу дағдыларын қалыптастыруын жоғарылату мақсатында қолданылып жүрген біршама технологиялар бар. Солардың бірі СТО технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының басты мақсаты білім алушыларға кез келген мәліметке сыни тұрғыдан қарап, белгілі белгілі бір идеялар мен пікірлерге қарсы көзқарас немесе оларға сеніммен қарауды тепе-теңдікте ұстап, дұрыс ой қалыптастыра алу дағдыларын дамыту. Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Ол білім алушылардың өз пікірін дәлелді түрде қорғауға, мәселелерді талдауға және логикалық ой қорытуға бағытталған когнитивті дағды. Сыни ойлау сұрақ қоюдан және жауабын табу барысындағы проблемаларды анықтаудан басталады. [1] Сондай-ақ пәндік білім беру кезінде сыни тұрғыдан ойлау технологиялары білім алушының алған ақпараттарын талдау, салыстыру, логикалық қорытынды жасау және дәлелдеу қабілеттерін дамытады. Бұл технологияның әдістерін пайдалану білім алушыларды тек дайын ақпаратты қабылдаумен шектелмей, өз бетінше зерттеу жүргізуіне, тәжірибелерді түсініп, орындауына және нәтижелерге сыни тұрғыдан қарап оның нақты екенін дәлелдеу дағдыларын қалыптастырады.

Соңғы жылдары биологияда пәндік білім беру беруде сыни ойлау технологияларын қолдану мәселесі ғылыми қауымдастықта кеңінен талқыланып келеді. Төменде келтірілген бірқатар зерттеулер бұл технология әдістерін қолданудың нәтижесі білім алушылардың зерттеушілік дағдыларына, танымдық белсенділігіне және логикалық ойлау қабілеттеріне сондай-ақ білім сапасына оң әсерін тигізетіндігін дәлелдейді [2].

Ballin (2002) және Facione (2015) Сыни ойлау технологиясының биология пәніндегі оқу нәтижелеріне ықпалы қарастырылған. Олардың тұжырымдауынша, микробиология, вирусология, генетика және сол сияқты күрделі пәндерді оқыту кезінде СТО әдістерін қолдану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, зерттеушілік дағдыларын жетілдіруге, алған деректерін талдау, логикалық аргументтерді негіздеу және ғылыми дәлелдерді бағалау қабілеттерінің жоғарылауына көмектесетіндігі анықталған. [3,4]

Ünal & Ergin (2006) зерттеулерінде биологиялық білім беруде сыни күрделі сұрақтар қою және концептуалдық карталарды қолдану білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыратыны дәлелденген. Олар өз еңбектерінде СТО әдістері арқылы білім алушылардың пәндік білімді терең түсінуі мен оны практикада қолдану деңгейінің артуы арасындағы байланысты көрсетеді. [5,6]

Қазақстандық білім беру жүйесінде де СТО технологиясын қолдану мәселесіне назар аударылуда. Ибраева (2020) зерттеуінде СТО технологиясының биология пәніндегі

зертханалық сабақтарда қолданылуы қарастырылған. Оның зерттеу нәтижесі бойынша СТО технологияларын қолдану білім алушылардың өз бетінше зерттек жүргізуіне және ғылыми аргументтерді негіздеуіне оң әсерін көрсеткен. [7]


Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын жоғары оқу орындарында пәндік білім беруде қолданудың тиімділігін нақтылауда тек ғылыми зерттеулердегі нәтижелерді тұжырымдау жеткіліксіз. Сондықтан технологияның тиімділігін анықтауда өзге білім алушылардың пікіріне сараптама жасау қажеттігі туындайды. Осыған байланысты бұл мақалада келтірілген біздің зерттеуіміз Сыни ойлау технологиясының биология пәніндегі қолдану тиімділігін білім алушылардың өзіндік пікірі негізінде талдау арқылы анықтауға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты - білім алушылардың сыни ойлау технологиясын қолдану қолдану тәжірибиесі мен оның білім сапасына әсерін анықтау. Зерттеу барысында білім алушылар сауалнама алынып, SPSS бағдарламасында статистикалық талдау жүргізілді.


Зерттеу 37 студенттің қатысуымен жүргізілді.

Зерттеу жұмысында жүргізілген сауалнама нәтижелері:

1. Сауалнама негізінде SPSS бағдарламасында жасалған жиілік бойынша Қатысушылардың басым көпшілігі 21-25 жас аралығында (1-сурет) және магистратура (2-сурет) деңгейінде білім алатындығы анықталды.



1-сурет.



2-сурет.

2. (1-кесте) Берілген сипаттамалық статистика мәліметтері бойынша жас, сын тұрғысынан ойлау технологиясымен танысу деңгейі және оны қолдану жиілігі туралы деректер талданған.

Сыни ойлау технологиясын қабылдау және қолдану жиілігі.

Сауалнама нәтижелері білім алушылардың 78%-ы Сыни ойлау технологиясымен таныс екенін, бірақ олардың 59%-ы ғана жүйелі қолданатынын көрсетті. Қатысушылардың көпшілігі 18-25 жас аралығындағы жастар екенін көрсетеді, ал бұл топ сын тұрғысынан ойлау технологиясын енді меңгеріп, оны сирек немесе кейде қолданады.

- Орташа мәндер мен стандартты ауытқулар технологияның қолданылу деңгейі бойынша әртүрлі тәжірибе мен таныстық деңгейін көрсетеді.

- Жалпы, технологияны қолдану белсенділігін арттыру үшін қосымша оқыту мен насихаттау қажет екендігін көрсетеді.

1 кесте - 2024-2025жж. Студенттерден алынған сипаттамалық статистика мәліметтері бойынша жас, сын тұрғысынан ойлау технологиясымен танысу деңгейі және оны қолдану жиілігі туралы деректер

Сипаттамалық сипаттама	N	Минимум	Максимум	Орташа	Стандартты ауытқу
Жас	37	1,00	3,00	1,7838	0,71240
сыни ойлау технологиясымен таныссызба	37	1,00	4,00	2,0811	0,95389
қаншалықты жиі қолданасыз?	37	1,00	4,00	2,5946	0,98487
N жарамды (тізім бойынша)	37				

3. Сыни ойлау технологиясының оқу сапасына әсері. (2-кесте)

SPSS бағдарламасында талданған сауалнама нәтижесі бойынша 72,9% білім алушылар сыни ойлау технологияларының оқу сапасын жақсартқанын көрсетсе, 16, 2%-ы тек белсенділікке әсер ететіндігін, 10,8% білім алушылар бұл технологияның білім сапасына айтарлықтай әсер етпейді деп санайтынын көрсетті.

2 кесте -2024-2025 жж.Сыни ойлау технологиясының оқу сапасына әсерін анықтау мақсатында алынған сауалнама нәтижесі.

оқу сапасына қалай әсер етеді				
		Оқушылардың білім сапасын айтарлықтай арттырады	Оқушылардың белсенділігін арттырады, бірақ білім сапасына аз әсер етеді	Анық әсер етпейді
		10	1	3
		12	4	1
		5	1	0
Жалпы саны		27 (72,9%)	6 (16,2%)	4 (10,8%)

Әдебиеттер тізімі

1. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқулық Бөрібекова,Ф.Б, Жанатбекова Н.Ж - Алматы: 2014. 290 бШтермплер Г.И. Теория и методика обучения: курс лекций. Электронный учебник для студентов педогогических специальностей.
2. Бутенко А.В., Ходос Е.А. Сыни тұрғыдан ойлау: әдіс, теория, практика. Оқу құралы. - әдіс. оқу құралы. М.: Мирос, 2002. – 176 б.
3. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Сыни тұрғыдан ойлау: даму технологиясы. – Санкт-Петербург: "Альянс" Дельта" баспасы, 2003. – 284с.
4. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Біз балаларды сыни тұрғыдан ойлауға үйретеміз. – Санкт-Петербург., 2003. – 192 б.
5. Заир-Бек С.И. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту: кезеңдері мен әдістемелік әдістері // Мектеп директоры. 2005. № 4. – б.
6. Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Сабақта сыни тұрғыдан ойлауды дамыту. М.: Ағарту, 2004. – 175 б. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Учим детей мыслить критически. – СПб, 2003
7. Душина И.В. Методика и технология обучения: Пособие для учителей и студентов пед. ин-тов и ун-тов. – М.: ООО «Издательство Астрель», 2002. – 203с.
8. Мирсеитова С. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері, 2011. -116.
9. Лифанова Т.Ю. Критическое мышление. Учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. -С 129.
- 10.Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование-2010. №6. 16 б.

**Жармағанбетова Н.С.,
Жардемова И.А., Мендикулова Ә.Б.**

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚУТЫДА БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Бүгінгі таңдағы мектептерде оқытылатын жаңартылған білім беру мазмұны өзінің мақсаттары бойынша оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың сыни ойлау, зерттеу және өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл өзгерістер оқыту процесінде дәстүрлі әдістерден гөрі, жаңартылған белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануды талап ететіні сөссіз. География пәні – қоршаған ортаны, табиғат заңдылықтарын және адам мен табиғат арасындағы өзара байланысты зерттейтін ғылым болғандықтан, оны оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыратын заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды болып табылады.

Ресейлік философ, методолог Г.П. Щедровицкийдің анықтамасы бойынша, белсенді әдістер – бұл оқушылардың қажетті білім мен біліктерді жылдам әрі тиімді игеруіне ықпал ететін, оқу мотивациясын жоғары деңгейде қалыптастырып, маңызды іс-әрекеттерді дамытуға ықпал ететін тәсілдер. Яғни, белсенді әдістер оқыту үдерісін нәтижелі ететін тиімді құрал болып табылады. Бұл тәсілдер оқушылардың оқу материалын тез меңгеруіне көмектесіп қана қоймай, олардың қызығушылығын арттырады.[1]

География сабақтарында мұғалімдер қолданатын белсенді әдістердің бірнеше түрлері белгілі. Бұл әдістер оқушыларды тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы етіп тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Мысалға келтіретін болсақ:

- Тақырыптық дискуссиялар/әңгімелесулер;
- Ойын әдістері;
- Мәселелік оқыту;
- Зерттеу әдісі;
- Кейс әдісі;
- Интерактивті технологиялар.[2]

Осы әдістерді бірнеше тәсілдер арқылы жүзеге асыруға болады. Мысалға келтіретін болсақ:

- Цифрлық карталар және ГАЖ (географиялық ақпараттық жүйелер) – оқушылар Google Earth, ArcGIS немесе QGIS сияқты платформалар арқылы географиялық деректерді талдай алады.

- Геокейшн – GPS құрылғыларын немесе мобильді қосымшаларды қолданып, оқушыларға картамен бағыт тауып, белгілі бір нысандарды анықтау тапсырмалары беріледі.

- Оқушылар Google Maps, Weather Channel сияқты қосымшалар арқылы карталарды, ауа райын және жер бедерін зерттейді.

-Геймификация (Minecraft: Education Edition)– оқушылар виртуалды әлемде өз карталарын жасап, әртүрлі аймақтарды анықтайды немесе географиялық нысандарды тауып, зерттейді.

География сабақтарында географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЖ) қолдану - бұл оқушыларға географиялық деректерді жинау, талдау және визуализациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін маңызды әдіс. ГАЖ технологиялары білім беру үрдісінде кеңінен қолданылады, себебі олар оқушыларға тек теориялық білім берумен шектелмей, шынайы әлемнің географиялық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді.



1 сурет - Франкфурт-на-Майне қаласының Эдер Вег виртуалды көшесі
[дерек көзі <https://earth.google.com>]

Google Earth – Google компаниясы шығарған проектісі, бұл жер шарының 3D көрінісін көрсетуге мүмкіндік беретін тегін географиялық бағдарлама. Ол ғаламшарда болып жатқан табиғи құбылыстарды спутниктер арқылы көрсетіп, қолданушыларына жергілікті елді-мекендерге виртуалды саяхаттар жасауға, аумақтың өсімдіктер мен жануарлар жамылғысын, мұхиттарды, өзендер мен көлдерді зерттеуге, жер ғаламшарынан басқа Ай, Марс секілді планеталарды, жұлдызды аспанды зерттеуге мүмкіндік беретін таптырмас көмекші құрал. [3] Бұл бағдарлама бірнеше функциялар атқарады, мысалы:


- Жоғары сапалы спутниктік суреттер арқылы Жер бетінің нақты көрінісін ұсынады;
- Қалалардағы ғимараттардың, табиғи рельефтердің үш өлшемді (3D) кеңістіктік моделін көрсетеді;
- Жергілікті деңгейде көше мен ғимараттарды нақты көріністе көрсету арқылы урбанистика мен әлеуметтік география саласында қолданылады (Street view);
- Белгілі бір аймақтың уақыт өте өзгерісін салыстырып көруге мүмкіндік береді;
- Бұлттылық, жауын-шашын, температура, жел бағыты туралы деректерді көрсетеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес 7-11 сынып аралығындағы оқулықтарда «Елтану және саяси география негіздері» тарауына сәйкес оқушылармен бірге интербелсенді тақтадан белгілі бір мемлекеттің табиғат жағдайын, урбанистикасын, ғимараттардың атауын, тарихын, жер бедерінің негізгі рельефтерін, халықтың демографиялық жағдайын зерттеуге болады. Сабақ барысында, Google Earth платформасын тиімді қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдылары дамып, географиялық ойлау қабілеті, картамен жұмыс істеу дағдысы, кеңістіктік көзқарасы, сыни ойлау қабілеті мен функционалдық сауаттылығы арта түседі. Сонымен қатар, оқушылар тапсырмаларды орындау барысында әлем елдерінің географиялық ерекшеліктеріне терең меңгеріп, өз бетімен білім алуға ынталанады. Оқушылар виртуалды түрде көшелерде жүріп, қалаларды аралау үшін платформадағы «Көшедегі көрініс (Street View)» батырмасын басып, төменгі оң жақтағы адам бейнесін (Pegman) картаға сүйреп апарды. Ал қол жетімді көшелер көк түспен белгіленеді. Көшеге апарған соң, 360° айналмалы көрініспен саяхат жасай бастайды. Бұл әдістің ерекшелігі – оқушыларға әлемнің кез келген нүктесіне виртуалды түрде саяхат жасауға мүмкіндік беруінде. Олар нақты көшелер мен қалаларды көзбен көріп, 360°-тық көрініс арқылы сол ортаны шынайы сезіне алады. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу материалын тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, виртуалды саяхат арқылы оқушылар қалалардың құрылымы мен жоспарлануын, көшелердің орналасуын, қоғамдық кеңістіктердің ұйымдастырылуын, тіпті архитектуралық стильдер мен инфрақұрылым элементтерін бақылай алады.

QGIS платформасы деген не? QGIS (Quantum Geographic Information System) – бұл ашық кодты, географиялық ақпараттық жүйе (ГАЗ) болып табылады. Ол

картографиялық деректерді өңдеуге, талдауға, визуализациялауға және интерактивті түрде көрсетуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету.[4]

QGIS платформасы нақты әлем туралы ақпаратты географиялық орналасуы негізінде біріктірілген тақырыптық қабаттар жиынтығы ретінде сақтайды. Әр қабат белгілі бір тақырыптағы мәліметтерден тұрады. Мысалы, кеңістіктік жағдай туралы ақпарат, географиялық координаттарға сілтеме немесе мекен-жай мен кестелік мәліметтерге сілтемелер көрсетіледі. Мысалы, егер сіз дүниежүзінің саяси картасын құрастырсаңыз, онда картаның бір қабатында елді-мекендер туралы, екіншісі – жағалау сызығы туралы, үшіншісі – құрлық шекаралары туралы, төртіншісі-елдер туралы және т.б. мәліметтер болуы мүмкін. Сіз картаның әр қабатын жеке-жеке қарай аласыз немесе бірден бірнеше қабатты біріктіре аласыз және әртүрлі қабаттардан бөлек ақпаратты таңдап, оны картаға шығара аласыз. Сондай-ақ, сіз әр түрлі жағдайларды модельдей аласыз, әр уақытта тапсырмаға сәйкес суреттер ала алатын мүмкіндікке ие боласыз.



2 сурет - QGIS платформасында құралған дүниежүзінің саяси картасында сақталған қабаттар

QGIS платформасын оқушылардың зерттеу әрекеттерінде қолдану:

-Оқушылардың географиялық білім мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастырады

-Оларды өмірдің барлық түрлері мен әртүрлі салаларында ақпаратпен жұмыс істеуге дайындауға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің оқушымен бірлесе QGIS платформасын қолдана отырып жұмыстану түрлі конкурстарға, үйірмелерге, ғылыми жобаларға қатысу, жалпы география сабағында 7-11 сыныптарда сарамандық жұмыстарды (Мысалы: 7-сынып Биосфера тарауы, тақырыбы: «Жергілікті жердің табиғат кешені) орындау, олимпиадаларға дайындалу, емтихан тапсыру кезінде баға жетпес көмек көрсетеді. Географияны оқытуда QGIS бағдарламасын қолдану арқылы оқушылар әртүрлі қабаттармен жұмыс істеп, карталар құрып, статистикалық және географиялық мәліметтерді салыстырады.

Мұғалімнің оқушымен жұмыстанатын географиялық зерттеулерінде (байқау, ғылыми жоба, олимпиада, сыныптан тыс жұмыс түрлері және т.б) QGIS платформасын пайдалану алуан түрлі міндеттерді шешуге көмектеседі, Оларды жинақталған күйінде мына түрде беруге болады:

- аумақтық және салалық жоспарлау;
- табиғат ресурстарын барлау және тиімді пайдалану;
- өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, көлік пен қаржыны орналастыруды басқару;
- кешенді және салалық кадастрды қамтамасыз ету;
- экологиялық жағдай мен қауіпті табиғат құбылыстарына мониторинг ұйымдастыру;
- кешенді және салалық картографиялау, тақырыптық карталар мен атластарды құрастыру, жаңарту.

Сыныптан тыс жұмыстар – бұл оқу үрдісінен тыс өткізілетін, оқушылардың қызуғышылықтарын арттырып, шығармашылықтарын дамытуға бағытталған тәрбиелік және дамытушылық мақсаттағы жұмыстар болып табылады. География пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар – оқушылардың пәндік білімін толықтырумен қатар, оларды табиғи құбылыстар мен қоғамдық-географиялық үрдістерді тереңірек түсінуге баулитын тәрбиелік бағыттағы әрекеттер. Бұл жұмыстар сабақта өтілген тақырыптарды кеңейтіп, оқушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, табиғат аясында өткізілетін бақылау жұмыстары, географиялық апталықтар, географиялық олимпиадалар, тақырыптық кештер, профессорлармен, танымал саяхатшылармен кездесу, геокешинг, виртуалды саяхаттар– осылардың барлығы оқушылардың пәнге деген ынтасын арттырып, логикалық ойлауын, зерттеу және талдау қабілетін дамытады. Сыныптан тыс жұмыс мысалында география сабағында тиімді қолдануға болатын бірден бір әдіс-геокэшинг. Геокэшинг (ағылш. geocaching) — бұл GPS-технологияны қолдана отырып, жасырылған арнайы контейнерлерді (кэштерді) іздеу арқылы жүргізілетін заманауи саяхаттық және интеллектуалды ойын. Қазіргі таңда геокэшинг әлем бойынша миллиондаған адамдар қатысатын кең көлемді ойынға айналып отыр. Geocaching.com сайтында миллиондаған жасырын орындар мен оларды табуға арналған координаттар бар. География мұғалімі оқушылармен бұл ойынды ойнау үшін бірнеше қадамдарды жасауы тиіс. Біріншіден, мұғалім алдын ала геокэшинг ойыны үшін арнайы орындарды таңдап, олардың GPS координаттарын анықтайды. Бұл орындар оқушыларға қызықты әрі білім беру мақсатында болуы керек – мысалы, мектеп ауласындағы табиғи немесе тарихи нысандар, ескерткіштер, географиялық маңызды объектілер. Содан кейін, оқушыларға GPS қабылдағыштары таратылады, ал егер олар болмаса оқушылар бірігіп смартфондарындағы GPS навигациялық системасын пайдалана алады. [5]

Мұғалім ойынның негізгі ережелерін түсіндіріп өтуі қажет:

- Әрбір жасырын орынның координаттары мен сипаттамасы беріледі;
- Оқушыларға жасырын орынға жақындаған кезде белгілер мен қосымша нұсқауларды мұқият қарап шығу керектігін айтады;
- Оқушылар тайникке жеткенде, оның ішінде жазылған күнделікті толтырып, оны табуы мен тапқан заттары жайлы пікірлерін қалдыруы қажет;
- Әр топқа немесе оқушыға жеке тапсырмалар берілуі мүмкін, мысалы, табиғи құбылысты зерттеу, тарихи орындарды анықтау немесе нақты координаттар бойынша бағдарлау.

Геокэшинг ойыны география сабақтарында мұғалім қолдана алатын өте тиімді құрал болып табылады. Ойын барысында оқушылар нақты жерлерге барып, GPS құрылғыларын пайдаланып, жасырын орындарды табуға тырысады. Бұл оларға теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді, әрі жергілікті жердің экологиясы, тарихы және мәдениеті жайлы ақпараттармен таныса алады. Сонымен қатар, ойын барысында оқушылардың зейіні, байқағыштығы мен аналитикалық ойлау қабілеттері де жетілдіріледі, өйткені олар координаттарды дұрыс табу үшін қосымша мәліметтерді іздеп, талдайды. GPS құрылғылары мен мобильді қосымшаларды пайдалану, заманауи технологияларға деген қызығушылықты арттырады және оларды тиімді пайдалануға үйретеді.

Minecraft: Education Edition деген не? Minecraft: Education Edition – бұл танымал Minecraft ойынының арнайы білім беру нұсқасы. Ол оқушыларға виртуалды әлемде құрылыс салу, карта жасау, зерттеу, моделдеу және бірлескен әрекет жасау мүмкіндіктерін ұсынады. Географияны оқытудағы тиімділігі:

-Оқушылар жер бедерін, климатты, су көздерін, қалаларды виртуалды түрде жобалай алады.

-Табиғат пен қоғам арасындағы байланысты тереңірек түсіндіреді урбандалуды, табиғат ресурстарының игерілуін, экожүйелерді моделдеуге болады.

-Интерактивтілік пен қызығушылықты арттырады ойын форматындағы білім беру тәсілі баланың зейінін ұстап, белсенді қатысуына жол ашады. Сонымен қатар таулар, жазықтар, өзен жүйелерін модельдеуге, қалалар мен елді-мекендерді (экологиялық тұрақты қала) жобалау, табиғи апаттарды (жаңартау атқылауы) бейнелеп демонстрациялауға болады. Minecraft: Education Edition платформасын тек сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда (тренинг, үйірме, факультатив), жобалық жұмыстарда, байқауларда, олимпиадалар мен сарамандық жұмыстарда да тиімді қолдануға болады. Сонымен қатар платформа инклюзивті білім беру жағдайында яғни, түрлі білім деңгейі мен қабілеті бар оқушыларды (оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды) оқытуда қолдануға болады. Инклюзивті оқытудағы Minecraft: Education Edition платформасының тиімділігі:

-Оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне бейімделеді: Minecraft-тың ашық әрі бейімделетін ортасы арқылы әр оқушы өз қарқынымен жұмыс істей алады.

-Көру, есту және танымдық қабілеттерді дамытады: карталар, модельдер мен қозғалыс арқылы үйрену – әртүрлі қабылдау түріне сай келеді.

-Қызығушылықты арттырады: интерактивті, ойын элементтері бар тапсырмалар арқылы оқушылардың мотивациясы мен зейіні артады.

-Қолмен әрекет ету және визуалды оқыту: ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін ақпаратты көрнекі әрі іс-әрекет арқылы қабылдау жеңіл.

Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесінде география пәнін оқытуда белсенді әдістерді қолдану – білім беру сапасын арттырудың маңызды жолы. Бұл әдістер тек оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың сыни ойлау, шығармашылық, зерттеушілік және практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мақалада қарастырылған әдістер – тақырыптық дискуссиялар, ойын технологиялары, зерттеу жұмыстары, геокешинг, интерактивті платформалар, Google Earth және QGIS сияқты ГАЖ құралдарын пайдалану – оқушыны тек тыңдаушы емес, белсенді зерттеуші деңгейінде қарастырады. Бұл әдістер оқушылардың өз бетінше білім алуға ынталандырып, кеңістіктік ойлауын дамытады, функционалдық сауаттылығын арттырады және өмірлік маңызы бар дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Щедровицкий Г.П. Педагогика и логика. —М: Касталь, 1993—416 с.
- 2.Токпанов Е. А. Географияны оқыту әдістемесі.-Алматы: Эверо, 2015. -412 б.
- 3.[https://ru.wikipedia.org/wiki/Геоинформационная система](https://ru.wikipedia.org/wiki/Геоинформационная_система) мақала.
- 4.Көктеубай Ж., Карменова Н.Н. География сабақтарында гаж технологиясын қолдану мүмкіндіктері. География және табиғат ғылыми педагогикалық журнал: №6- 2021.-44 б.
- 5.Ондаған Д. Географиядан сыныптан тыс жұмыста геокешингті қолдану әдістемесі. География және табиғат ғылыми педагогикалық журнал: №4-2022. -43 б.

РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ ЧЕРЕЗ ПРИМЕНЕНИЕ КЕЙС-МЕТОДА И ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПЛАТФОРМ

Современная школа ориентирована на формирование у учащихся критического и креативного мышления, умения анализировать, принимать решения и эффективно взаимодействовать в группе. Одним из эффективных инструментов в достижении этих целей является кейс-метод — технология активного обучения, основанная на решении проблемных ситуаций, приближенных к реальной жизни [3, с. 21]. В условиях цифровизации образования кейс-метод успешно интегрируется с современными цифровыми платформами, способствуя развитию цифровой грамотности учащихся [5, с. 34].

На уроках литературы кейс-метод позволяет не только углубить понимание текста, но и стимулирует развитие личностных качеств школьников, таких как самостоятельность, инициативность, способность к эмпатии, аргументации и анализу. Его можно применять при изучении различных литературных произведений, моделируя ситуации и формулируя проблемные вопросы. Например, при изучении романа Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание» можно поставить вопрос: «Соня Мармеладова — святая или падшая девушка?»

Основные задачи кейс-метода:

- активизация познавательной деятельности;
- повышение учебной мотивации;
- формирование навыков анализа и обобщения;
- развитие умений высказывать и защищать свою точку зрения;
- умение работать в группе, учитывать мнения других;
- развитие цифровой и информационной грамотности учащихся [2, с. 45].

При разработке кейс-заданий желательно использовать три уровня сложности:

1. Есть ситуация и предложенное решение — необходимо оценить его.
2. Есть ситуация, но решение отсутствует — необходимо его сформулировать.
3. Есть ситуация — требуется определить проблему и найти возможные пути её решения [3, с. 54].

Для успешного применения кейс-метода в литературе важно наличие конфликтов, противоречий и нравственных дилемм в произведениях. Они становятся основой для постановки проблемных вопросов и заданий. При разработке и решении данного метода на уроке литературы требуется основательная подготовка и учителя и учеников. Учитель помимо того, что выбирает тему, подбирает определенную литературу, разрабатывает план урока, должен организовать итоговое обсуждение результатов работы и оценить каждого ученика. И ученик со своей стороны, помимо того, что получает кейс, выполняет поставленные задания, должен прочитать, если этого требуется по критериям задания, дополнительную литературу по данной теме, уметь выслушать различные точки зрения и отстоять свою.

Примеры разработанных кейсов представлены ниже:

М. Горький «На дне» Тема: Униженные и оскорблённые.

Проблема: Правда или иллюзия?

Задания:

В чём причина конфликта в ночлежке?

Стоит ли воспринимать жизнь такой, как она есть, или лучше жить в иллюзиях?

Были ли у вас подобные жизненные ситуации?

Какие советы вы дали бы героям пьесы?

А.С. Грибоедов «Горе от ума»

Тема: Разум и общество: быть или казаться?

Проблема: Почему «умный» человек оказывается лишним?

Форма работы: Создание профиля Чацкого в Padlet или Canva.

И.А. Гончаров «Обломов»

Тема: Сон как способ жизни.

Проблема: Почему человек отказывается от активности?

Форма работы: Дискуссия в классном чате, инфографика в Canva.

А.П. Чехов «Вишнёвый сад»

Тема: Прощание с прошлым.

Проблема: Почему люди не хотят меняться?

Форма работы: Mentimeter-голосование: кто главный герой?

А.С. Пушкин «Капитанская дочка»

Тема: Честь и выбор.

Проблема: Можно ли предать власть во имя справедливости?

Форма работы: Padlet-доска «Портрет Пугачёва глазами разных героев».

Использование цифровых платформ при реализации кейс-метода

Padlet — при изучении рассказа А.П. Чехова «Ионыч» создаётся доска «Ионыч — тогда и теперь» с цитатами, иллюстрациями, комментариями. В «Преступлении и наказании» — доска с аргументами «Соня — праведница или грешница».

Mentimeter — используется для голосования и облака слов: например, создание словесного портрета Наташи Ростовой или определение самого «живого» героя.

Canva for Education — оформление постеров, инфографики, «журнальных» страниц от имени героев (например, интервью с Пьером Безуховым).

Google Docs / Forms — совместное написание эссе, проведение онлайн-опросов и рефлексий.

Kahoot / Quizizz — игровое закрепление материала после кейс-обсуждений.

Примеры кейс-заданий на Padlet:

А.П. Чехов «Ионыч»

Тема: «Изменяется ли человек со временем?»

Задания:

– Проанализируйте изменение героя.

– Почему он стал безразличным?

Форма: Padlet-доска «Ионыч — тогда / теперь».

Ф.М. Достоевский «Преступление и наказание»

Тема: «Соня — падшая или святая?»

Задания:

– Сформулируйте аргументы за каждую позицию.

– Какой позиции вы придерживаетесь?

Форма: Padlet-доска с аргументами и мини-эссе.

Л.Н. Толстой «Война и мир»

Тема: «Что делает человека великим?»

Задания:

– Какой герой достоин уважения?

– Что бы он написал сегодня в посте?

Форма: Карточки героев на Padlet с описанием и визуализацией.

Этапы организации занятия с кейсом

Погружение: мотивация, постановка проблемы

На этом этапе важно заинтересовать учащихся и вовлечь их в тему. Учитель кратко вводит в контекст произведения, обозначает ключевую проблему или конфликт.

Эффективные приёмы:
демонстрация видеофрагмента или иллюстрации;
постановка провокационного вопроса (например: «Можно ли оправдать предательство ради любви?»);
цитата, вызывающая дискуссию;
рассказ жизненной ситуации, перекликающейся с содержанием произведения.

Цель: активизация эмоционального восприятия, пробуждение интереса и формулировка ключевого вопроса кейса.

2. Анализ: работа с ситуацией в группах

Учащиеся делятся на малые группы и получают кейс с конкретной ситуацией и заданиями. Их задача — проанализировать проблему, найти аргументы, изучить текст.

Действия учеников:

анализ текста и ситуаций;
обсуждение и формулирование общего мнения;
работа с цифровыми ресурсами (поиск изображений, цитат, идей).

Роль учителя: фасилитатор и помощник — направляет, но не подсказывает готовый ответ.

3. Презентация: цифровая подача решений

Группы представляют результаты работы. Это может быть:

Padlet-доска с коллажем, схемой или цитатами;
презентация в Canva;
ролик с интервью от лица персонажа;
сторис или пост в формате соцсетей;
облако слов (Mentimeter), Google-презентация и др.

Главное: чёткая аргументация, логичность, оригинальность и умение отстаивать точку зрения.

4. Рефлексия: обсуждение, самооценка, выводы

Финальный этап — обсуждение и подведение итогов.

Формы:

устная форма при проведении круглого стола;
письменная рефлексия в Google Form;
Padlet-доска «Чему я научился?»;
оценка своей и чужой работы по критериям.

Роль учителя: обобщить результаты, подчеркнуть лучшие находки, направить к дальнейшим размышлениям.

Вывод. Интеграция кейс-метода с цифровыми платформами делает урок литературы современным, интерактивным и личностно-значимым. Учащиеся развивают креативность, критическое мышление, цифровую и коммуникативную грамотность.

Список литературы

1. Толстой Л.Н. Война и мир. — М.: Эксмо, 2020.
2. Кабанова С.И. Современные педагогические технологии. — Алматы: Білім, 2020.
3. Савенкова Л.Г. Кейс-метод в обучении. — СПб.: Питер, 2019.
4. Волошина Н.А. Методика преподавания литературы. — М.: Просвещение, 2021.
5. Новикова М.А. Цифровые технологии в гуманитарном образовании. — М.: Академия, 2022.
6. Практикум по кейс-методу / Под ред. Е.А. Князевой. — СПб.: Речь, 2021.

Нусупова Ш.М., Касымова А.Г.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТИІМДІЛІК

Педагогика мен психология саласында қолданылатын «жобалық қызмет» тұжырымдама мазмұнына жоба әдісін түсіну және қолдану негіздері салынған. Жоба әдісінің пайда болу тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады, ол АҚШ-та пайда болды және прагматикалық педагогика деп аталатын теориялық тұжырымдамаларға негізделді, ол оқыту принципін жасау арқылы жарияланып, сол кезде проблемалық әдіс деп аталды және американдық философ және ағартушы Дж. Дьюи шәкірті В.Х. Килпатрикомның білімге деген жеке қызығушылығына сәйкес келетін іс-әрекеті арқылы оқытуды белсенді негізде құруды ұсынды. Осы жерден білім алушыларға өмірде пайдалы болуы мүмкін және қажет болатын алған білімдеріне жеке қызығушылықтарын көрсету, ұсыну өте маңызды болды.

Б.Р. Мандель өз еңбегінде жобалап оқытуға мынандай анықтама берген: «Жобалық оқыту - бұл белгілі бір мәселені шешу немесе кешенді тәсіл мен зерттеуді қажет ететін тапсырманы орындау үшін жұмыс істейтін әдіс. Жобада жұмыс істеу барысында оқушылар мен студенттер әртүрлі салалардағы білімді қолданады, топтарда жұмыс істейді, зерттеулер жүргізеді және өз аудиториясына ұсынатын соңғы өнімді жасайды [1].

Жобалық оқыту дәстүрлі тәсілден ерекшеленеді, өйткені ол дайын білімді беруге емес, шешімдерді өз бетінше іздеуге, зерттеу жұмыстарына және жаңа нәрсе жасауға бағытталған. Бұл оқушылар мен студенттерге нақты өмірде пайдалы болатын дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Жобалық оқыту жобалау қызметі мен жобалық басқарудың туындысы болып табылады. Жобалық оқытудың мақсаты - белгілі бір кәсіби мәселені шешудің жобалық алгоритмін игеру.

Жобалап оқыту әдісі - оқыту жүйесі қолданылады, онда оқушылар үнемі күрделене түсетін практикалық тапсырмаларды - жобаларды жоспарлау және орындау барысында білім алады.

Жыл сайын жобалық оқыту сапасын жақсартуға ықпал ететін инновациялық әдістер танымал бола бастады. Олардың кейбіреулері мыналарды қамтиды. 1- кесте.

1 - кесте. Жобалық оқытудың инновациялық әдістері

№		
1	Интерактивті технологиялар	Жобалық оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық өнімдерді құру бағдарламалары, онлайн ынтымақтастық платформалары және виртуалды зертханалар студенттерге өз идеяларын жүзеге асыру және іске асыру үшін жаңа құралдарды ұсынады.
2	Модельдеу	Модельдеу әдісі студенттерге виртуалды жағдайда әртүрлі гипотезалар мен шешімдерді зерттеуге және сынауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе модельдеу эксперименттік жұмыс уақытын қысқартуға және шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін техникалық, ғылыми және инженерлік

		жобаларға қатысты.
3	Инновациялық материалдарды пайдалана отырып жобалау	Жобалық оқыту сонымен қатар 3D басып шығару, робототехника, жасанды интеллект сияқты жаңа технологиялар мен материалдармен жұмыс істеуді қамтиды. Оқушылар нақты мәселелермен жұмыс істей алады, прототиптер жасай алады, нақты міндеттерге шешімдер жасай алады, бұл оқу процесіне тереңірек қатысуға ықпал етеді.
4	Пәнаралық зерттеулерде жобалық тәсілді қолдану	Заманауи жобалық оқыту барған сайын пәнаралық тәсілге бағытталған. Оқушылар математика, физика, тарих, экология, өнер сияқты әртүрлі салалардағы білімді біріктіруге үйретеді, бұл проблемаларды неғұрлым тұтас түсінуге және есептерді кешенді шешу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

М.А. Бедулева, Л.Н. Боронина, Е.В. Зверева өз зерттеулерінде жобалық оқытудың тиімділігі жайында былай дейді: «Жобалық оқытудың тиімділігі оқушылардың қатысу деңгейі, алынған білім сапасы, дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту, сондай-ақ жобаларды іске асырудың сәттілігі сияқты бірқатар факторлармен анықталады.

1. Сыни ойлау мен шығармашылықты дамыту. Жобалық іс-шаралар оқушыларды өз бетінше талдауға, ақпарат іздеуге, шешімдерді әзірлеуге ынталандырады, бұл олардың сыни ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ақпаратты жай ғана есте сақтаудың орнына, оқушылар оны талдауға және жаңа жағдайларда қолдануға үйретеді.

2. Топтық жұмыс дағдыларын дамыту. Жобалармен жұмыс істеу көбінесе ұжымдық қатысуды қажет етеді, бұл қарым-қатынас, ынтымақтастық және жанжалды жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл дағдылар қазіргі экономика жағдайында ерекше маңызды болып табылады, мұнда командада жұмыс істеу қабілеті сәттіліктің негізгі факторларының бірі болып табылады.

3. Пәндік білімді тереңдету. Жобалық оқыту студенттерге пәнді тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді, өйткені олар нақты мәселелерді шешу үшін теориялық білімді қолданады. Бұл тәсіл білімді нығайтуға және олардың практикалық маңыздылығын түсінуге көмектеседі.

4. Мотивация мен тәуелсіздікті арттыру. Жобалық іс-шаралар оқу процесін қызықты әрі серпінді етеді, бұл оқушылардың ынтасын арттыруға ықпал етеді. Оқушылар тәуелсіз бола бастайды, өйткені олар тапсырмаларды орындап қана қоймай, түпкілікті нәтижеге жауап береді [2].

Осылайша, жобалық оқытудың тиімділігі оның оқушыларда қазіргі әлемде қажетті маңызды дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту қабілетінде жатыр: сыни ойлау, шығармашылық, топтық жұмыс, білімді практикалық қолдану, тәуелсіздік және жауапкершілік. Бұл оқыту теориялық материалды игеруге ғана емес, сонымен қатар студенттердің нақты өмірде және кәсіби жолда қолдана алатын дағдыларын дамытуға көмектеседі.

А.А. Хромов өз зерттеуінде жобалық оқытудың артықшылықтарын былай түсіндіреді: «Негізгі құзыреттіліктерді дамыту: талдау, зерттеу, шығармашылық, топтық жұмыс дағдылары. Теория мен практиканың интеграциясы: оқушылар теориялық білімді практикада қолдануға үйретеді. Мотивация және қатысу: Жобалық іс-шаралар оқу процесін қызықты етеді. Нақты өмірге дайындық: оқушылар кәсіби қызметте пайдалы болатын дағдыларды алады» [3].

Жобалық оқыту процесі әдетте бірнеше негізгі кезеңдерді қамтиды:

1. Тақырыпты таңдау: оқушылар өздерінің қызығушылықтары мен білім беру

бағдарламаларына қатысты тақырыпты таңдайды немесе оқытушыдан тапсырма алады.

2. Зерттеу және ақпарат жинау: оқушылар таңдалған тақырып бойынша зерттеу жүргізеді, ақпарат іздейді, дереккөздерді талдайды, топтағы идеяларды талқылайды.

3. Жоспарлау: жиналған ақпарат негізінде жоба жоспары жасалады, мақсаттар, міндеттер, жұмыс кезеңдері мен мерзімдері анықталады.

4. Жоба бойынша жұмыс: жоспарланған жобаны жүзеге асыру, өнімді құру (зерттеу мен әзірлеуден бастап нақты нәтижені ұсынуға дейін).

6. Презентация және қорғау: оқушылар өз жұмысының нәтижелерін аудитория алдында ұсынады, жобаны қорғайды, сұрақтарға жауап береді.

7. Бағалау және рефлексия: жобаның нәтижесін де, жұмыс процесін де бағалау жүргізіледі, қателіктер мен жетістіктер талқыланады.

О.Ю. Сенаторова, Н.Н. Фролова, Н.А. Славова өз зерттеулерінде жобалық оқыту мақсаттары мен пәндік саласына байланысты әр түрлі формада болуы мүмкін түсіндірді: «Зерттеу жобалары: студенттер өз зерттеулерін жүргізеді, мәселені талдайды, қорытынды жасайды. Шығармашылық жобалар: арт-жобалар, дизайн, мультимедиялық материалдар, бейнероликтер және т. б. жасау. Техникалық жобалар: құрылғыларды, модельдерді, бағдарламалық жасақтаманы, ғылыми эксперименттерді әзірлеу. Әлеуметтік жобалар: әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобалар, қоғамдастыққа Көмек, еріктілер бастамалары. Кросс-тәртіптік жобалар: математика, физика және өнерді біріктіретін жоба сияқты әртүрлі пәндік салалардың үйлесімі» [4].

В.С. Лазарев өз зерттеуінде жобалап оқытудың негізгі принциптерін төмендегідей нақтылады:

«Оқушылардың белсенділігі: оқушылар білім беру процесінің белсенді қатысушылары болады. Олар жай ғана ақпарат алудың орнына нақты мәселелерді шешеді, мәселенің әртүрлі аспектілерін зерттейді, жобалар жасайды.

Нақты маңыздылығы: жобаның міндеттері көбінесе практикалық мәнге ие және жұмыс нәтижелерін оқу процесінен тыс қолдануға болады, бұл оқушылардың ынтымақтасын арттырады.

Білімді біріктіру: жобалық оқыту материалды тереңірек түсінуге ықпал ететін әртүрлі пәндерден білімді біріктіруге мүмкіндік береді.

Дербестік және жауапкершілік: оқушылар білім алуға ғана емес, сонымен қатар өз қызметін ұйымдастыруға, шешім қабылдауға, командада жұмыс істеуге, нәтижеге жауап беруге үйретеді» [5].

Жобалап оқыту оқушылардың табысты кәсіби және әлеуметтік өмір сүруі үшін қажетті негізгі дағдыларды дамытуға ықпал ететін, оқушылардың кәсіби және жеке өміріне қажетті дағдыларды қалыптастыратын, заманауи білім беру үдерісіндегі маңызды құрал болып табылады. Жобалық оқытудың инновациялық әдістерін енгізу оның тиімділігін арттыруға, оқу процесін қызықты әрі нәтижелі етуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылар мен студенттерге шығармашылықты, сыни ойлауды, командада жұмыс істеу қабілетін дамытуға және күрделі мәселелерді шешуге көмектеседі. Мектептегі оқытуға проективті әдісті енгізу білімді тереңірек және саналы түрде игеруге ықпал етеді, сонымен қатар оқушылардың өз білімі мен жұмысының нәтижелері үшін жауапкершілігін қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мандель, Б. Р. Основы проектной деятельности : учебное пособие для обучающихся в системе СПО / Б. Р. Мандель. – Москва ; Берлин : Директ-Медиа, 2018. – 293 с.

2. Бедулева А., Боронина Л.Н., Зверева Е.В. Проектное обучение по образовательной программе «Организация работы с молодежью» : учебное пособие / М [и др.] ; под общ. редакцией З. В. Сенук ; М-во науки и высш. образования РФ. — Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2021. — 260 с.

3. Хромов А. А. Метод проектов в начальной школе / А. А. Хромов // Роль и место образовательной области «Технология» в системе общего среднего образования: тезисы докладов IV международной научно-практической конференции. Брянск, «БИПКО», 1998 – № 10 – с.127– 128

4. Сенаторова О.Ю., Фролова Н.Н., Славова Н.А Образовательные технологии и перспективы проектного обучения [Электронный ресурс]: учебник– Эл. изд. - Электрон. текстовые дан. -.2024

5. Лазарев В.С. Проектная деятельность в школе : учеб. пособие для учащихся 7-11 кл. / В.С. Лазарев. – Сургут, РИО СурГПУ, 2014 – 135 с.

УДК 37.09

Середкин В.П.¹ Утилова А.М.², Асаинова А.Ж.²

Аушахманова Б.Т.³, Сабитова Н.С.³

КТУ Чернорецкая СОШ № 1, г.Павлодар¹

*Павлодарский педагогический университет имени Элкей Марғұлан,
г.Павлодар²*

*Инновационный центр развития образования Павлодарской области,
г.Павлодар, Казахстан³*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ FUTURESKILLS SCRUM В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ В 6 КЛАССЕ

Современные образовательные технологии играют важную роль в формировании компетенций учащихся. В условиях цифровизации и быстро меняющихся требований рынка труда важно не только давать знания, но и развивать у школьников навыки работы в команде, критическое мышление и самостоятельность. Одной из эффективных технологий, отвечающих этим требованиям, является технология обучения FUTURESKILLS SCRUM [1]. Эта технология позволяет организовать образовательный процесс в формате управляемого проектного обучения, помогая ученикам осваивать математические темы через активное участие в работе над задачами.

FUTURESKILLS SCRUM – это образовательная технология, основанная на принципах методологии Scrum, применяемой в управлении проектами [2]. Она ориентирована на развитие у учащихся так называемых "навыков будущего", среди которых:

Командная работа – учащиеся работают в группах, выполняя задачи в рамках спринтов;

Самоорганизация – команды самостоятельно распределяют роли и планируют выполнение задач;

Гибкость мышления – необходимость адаптироваться к изменениям и находить новые решения;

Ответственность за результат – учащиеся оценивают свои успехи и принимают решения по корректировке работы.

В математическом образовании технология обучения FUTURESKILLS SCRUM позволяет организовать изучение тем в виде последовательных проектных задач, распределенных по спринтам. Такой подход повышает мотивацию учащихся и способствует более глубокому усвоению материала [3].

При формулировании целей обучения в формате SMART необходимо учитывать:

Specific (конкретность) – формулировка цели должна быть четкой и понятной;

Measurable (измеримость) – наличие критериев оценки достижения цели;

Achievable (достижимость) – соответствие уровня сложности возрастным особенностям учеников;

Relevant (актуальность) – связь с образовательными стандартами и потребностями учащихся;

Time-bound (ограниченность во времени) – определение сроков выполнения [4].

Пример SMART-цели для урока по теме "Деление дробей": *"К концу урока учащиеся смогут объяснять алгоритм деления дробей, решать задачи, требующие деления дробей, и применять знания в практических ситуациях (например, при расчете пропорций). Достижение цели будет проверяться через выполнение тестовых заданий и решение практических задач в течение двух учебных недель."*

Применение технологии обучения FUTURESILLS SCRUM в обучении математике способствует развитию следующих компетенций [5]:

Познавательная деятельность – учащиеся изучают и анализируют материал, строят логические связи;

Коммуникативные навыки – работа в команде, обсуждение решений, аргументация;

Критическое мышление – оценка правильности решений, поиск альтернативных путей;

Цифровая грамотность – использование онлайн-платформ, цифровых инструментов для обучения;

Саморефлексия и самооценка – анализ своих ошибок, планирование дальнейшего развития.

Пример урока по технологии обучения FUTURESILLS SCRUM

Тема: "Пропорции и их применение"

Формат занятия:

1. **Определение цели урока (5 минут)** – формулируется цель, обсуждается её актуальность.

2. **Разделение на команды (5 минут)** – каждая команда получает задание:

Группа 1 – анализирует примеры пропорций в жизни;

Группа 2 – решает базовые задачи на пропорции;

Группа 3 – составляет сложные задачи и разрабатывает алгоритмы решения.

3. **Работа в спринте (20 минут)** – команды выполняют задания, используя цифровые инструменты (например, интерактивные платформы).

4. **Презентация решений (10 минут)** – обсуждение, анализ ошибок, поиск лучших стратегий.

5. **Рефлексия (5 минут)** – ученики оценивают свой вклад и успехи команды.

Этот формат способствует не только освоению математического материала, но и развитию soft skills, необходимых в современной образовательной среде.

В отличие от традиционного обучения, где учитель подает материал и ученики выполняют упражнения, технология обучения FUTURESILLS SCRUM предполагает [6]:

Активное включение учащихся – они сами исследуют тему и находят решения;

Гибкость в обучении – возможность адаптировать задания под уровень учащихся;

Развитие самостоятельности – ученики учатся планировать свою работу и анализировать результаты.

1-таблица сравнения:

Метод	Традиционный подход	Технология обучения FUTURESILLS SCRUM
Роль учителя	Источник знаний	Фасилитатор, координатор
Активность учеников	Пассивное восприятие	Активное участие
Тип заданий	Индивидуальные	Групповые, проектные
Развитие компетенций	Ограниченное	Всестороннее

Использование технологии FUTURESKILLS SCRUM в обучении математике в 6 классе способствует не только глубокому усвоению знаний, но и развитию у учащихся важных компетенций XXI века. В ходе работы над математическими задачами школьники осваивают навыки командной работы, критического мышления и самоорганизации, что делает обучение более эффективным и увлекательным.

Технология обучения FUTURESKILLS SCRUM демонстрирует высокий потенциал в современной образовательной системе и может быть успешно интегрирована в различные предметные области. Дальнейшие исследования и внедрение подобных методик помогут повысить качество школьного образования и подготовить учеников к будущей профессиональной деятельности [7].

Результаты внедрения

Средний балл учеников экспериментальной группы увеличился с 3.8 до 4.5, в контрольной группе – с 3.7 до 3.9.

78% учащихся отметили повышение интереса к учебе.

65% стали активнее участвовать в командных обсуждениях.

55% улучшили навыки самоорганизации.

82% выразили желание работать в командах чаще.

Итоги и перспективы технологии обучения FUTURESKILLS SCRUM позволяет гибко адаптировать учебный процесс, учитывать индивидуальные особенности учащихся и применять знания на практике. Технология перспективна для масштабирования и интеграции с другими образовательными подходами, включая искусственный интеллект и виртуальную реальность.

Список литературы

1. Швабер К., Сазерленд Д. Руководство по Scrum. М.: Манн, Иванов и Фербер, 2020.
2. Сазерленд Д. Scrum: Революционный метод управления проектами. М.: Альпина Паблишер, 2022.
3. Хуторской А.В. Компетентностный подход в образовании. М.: Университетская книга, 2018.
4. Выготский Л.С. Мышление и речь. СПб.: Питер, 2021.
5. Гальперин П.Я. Психология формирования умственных действий. М.: Юрайт, 2020.
6. Rubin K.S. Essential Scrum: A Practical Guide. Boston: Addison-Wesley, 2013.

УДК 372.8

С.А.Шитыбаев

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қаласы, Қазақстан*

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Білім беру ұйымдарында адамның білімділік деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар өз өмірлік мүдделеріне, қазақстандық қоғамның мүдделерінде де шығармашылық әлеуетін серпінді әлеуметтік-экономикалық жағдайларда іске асыруға қабілетті, түлектің түйінді құзыреттеріне ие, адамгершілігі жоғары және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін атмосфераны қалыптастыру білім беру жүйесінің таяудағы жеті жылға арналған негізгі бағдарына айналуға тиіс[1].

Химия пәнін оқыту барысында тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды пайдалану білім алушылардың пәнге қызығушылығын, уәжін қалыптастыруға мүмкіндік береді, олардың дүниетанымдық көзқарасын кеңейтуге жағдай жасайды. Оқушылар күрделі мәселелерді шешу дағдыларын игереді және алған білімдерін өмірде қолдануға үйренеді[2].

Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар-бұл күнделікті өмірде қажетті практикалық дағдыларды қалыптастырумен тығыз байланысты қоршаған ортаның тапсырмалары. Бұл тапсырмалардың мақсаты-элеуметтік маңызды жағдайда әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар оқушыларға ақпаратпен жұмыс істеуге, ең бастысын бөліп көрсетуге және таңдауға, өз шешімдерін құруға және оларды негіздеуге, жұптар мен шағын топтарда жұмыс істеуге, оқушылардың ізденістік, шығармашылық іс-әрекетінде өз көзқарастарын, сезімдерін, сенімдері мен тілектерін дамытуға көмектеседі.

Тәжірибеге бағытталған оқыту келесі принциптерге негізделген [2]:

1. Оқу жұмысын ынталандыру.
2. Білімді игерудің белсенді түрлері.
3. Зерттеу жұмысын ұйымдастыру.
4. Өзіндік тәжірибесін талдау.
5. Оқытуды элеуметтендіру мүмкіндіктерін кеңейту.

Тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың мақсатты бағдарлары ретінде мыналарды атап өтуге болады:

- Жалпы білім беретін әмбебап іс-әрекеттерді қалыптастыру;
- Функционалдық сауаттылықты дамыту;
- Оқу мәселесін талдауға және шешуге үйрету.

Тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың маңызды ерекшеліктеріне мыналар жатады: тұлға үшін маңыздылығы, интербелсенділігі, көрсетілімділігі, дамытушылығы. Тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың маңызды сипаттамаларының бірі-олардың белгіленген стандарттарға сәйкес келмеуі. Мұнан басқа, келесі бір ерекшелігін атап өтуге болады: бұл тапсырмалардың вариативтілігі (өзгергіштігі), яғни тапсырмаларды шешудің бірнеше тәсілдерінің болуы.

Білімді игеруге бағытталған дәстүрлі білім беруден айырмашылығы, тәжірибеге бағытталған оқыту білім, білік, дағдыларды қалыптастырумен қатар практикалық іс-әрекет тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар оқушы-лар тарапынан өмірлік нақты жағдайлардағы мәселелерді оңтайлы шешуге өз ықпалын тигізеді, демек, білім беру процесінің тиімділігін арттырады.

Тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды қолдану жағдайында білім алушы оқыту үдерісінің пассивті объектісінен оқу-танымдық іс-әрекеттің белсенді субъектісіне айналады. Білім беру ұйымдарында химия пәнін оқыту барысында тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды жиі пайдалану білім алушыға теориялық білімді шоғырландыруға және тереңдетуге, оқу пәні бойынша іскерліктер мен дағдыларды игеруге, оқу процесін нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыра білуге, бастамашылық пен тәуелсіздік танытуға мүмкіндік береді.

Тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың негізгі сипаттамасы - белгілі бір практикалық жағдайды түсіндіру үшін қажетті көмекші материал бола алатын және қосымша пайдалы білімді де ұсыныла алатын бастапқы ақпараттың үлкен көлемінің болуы. Тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың әртүрлі жіктелімдері бар. Шешімді іздеу әдісі мен формасы бойынша зерттеушілердің көпшілігі өз жұмыстарында теориялық, эксперименттік-теориялық, жағдаяттық және есептік тапсырмаларды бөліп көрсетеді [3].

1. **Теориялық тапсырмалар** практикалық сипаттағы сұрақ болып табылады және оқушылардың ауызша немесе жазбаша жауабымен шектеледі.

Тапсырмалардың мысалдары:

А) Неліктен үндістер үшін Ганг өзені қасиетті?

Ұсынылатын ақпарат. Үндістанға келген туристер "қасиетті Ганг" суларында жүзуге міндетті. Гангтың жағасында күн сайын мыңдаған адамдар шомылады, ал жұқпалы аурудың бірде-бір қоздырғышы табылған жоқ. Мұның себебін түсіндіріңіз.

Ә) Химиялық зертханада оқушы салқын су мен сынап құйылған колбадағы қоспаны абайсызда еденге төгіп алды. Ол сынаптың буларының адам денсаулығына зиянды әсері бар екенін түсінетіндіктен, сынаптың негізгі бөлігін мыс қалақшамен салқын су құйылған химиялық ыдысқа жинап алды. Ал еден бұрыштарына жиналған майда сынап тамшыларын мыс қалақшамен жинай алмады. Оқушы сынапты қандай-да бір химиялық затпен залалсыздандырады. Ол қандай зат? Залалсыздандырудың химиялық себебін түсіндіріңіз.

2. **Эксперименттік-теориялық тапсырмалар** белгілі бір жағдайды талдауды, содан кейін тәжірибе жүргізуді талап етеді.

Тапсырмалардың мысалдары:

А) Наурыз айының ортасында, яғни дәнді себуден бір ай бұрын қияр тұқымын дайындай бастайды. Оларды батареяның үстінде жылыту үшін іліп қояды. Сонан кейін 10 минуттай массалық үлесі 0,05 немесе 5% болатын NaCl ас тұзының ерітіндісіне салады. Дәнді себу үшін тек ерітіндіге батып кеткен тұқымдар таңдалады, ал қалқып шыққан дәндерді алып тастайды. Айта кетерлік жайт, тұзды ерітіндімен өңдеу толыққанды тұқымдарды таңдауға ғана емес, сонымен қатар олардың бетінен ауру қоздырғыштарын да жоюға көмектеседі. Осындай ерітіндінің 80 г дайындаңыз [3].

Ә) Сүт тез қышқылданып ашып кетпеу үшін оған сода қосылды. Мұны эксперименталды түрде қалай анықтауға болады?

Б) Сүт сумен сұйылтылды, оның мөлдірлігі артпауы үшін крахмал қосылды. Жалғандық-ты қалай тануға болады?

В) Салмақ қосу үшін күйдірілген сары майға әк араластырылды. Оны қалай анықтауға болады?

3. **Жағдаяттық тапсырмалар** білім алушыларға болашақта таңдайтын мамандықтары-ның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Тапсырма мысалы: Фармацевт жараларды емдеу үшін қолданылатын 5% йод ерітіндісін дайындауы керек. Егер ерітіндінің тығыздығы 0,950 г/мл болуы керек болса, 10 г кристалды йодтан фармацевт ерітіндінің қанша көлемін дайындай алады?

4. **Есептік тапсырмалар** оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға елеулі үлесін қосады, химиялық есептерді шығару барысында оларды өмірлік жағдаяттарда кездесетін химиялық заттардың қасиеттерін терең түсінуге, өндіріс пен тұрмыстың әртүрлі салаларында қолдану себептерін анықтауға көмектеседі.

Тапсырма мысалдары:

А) Адам қанының осмостық қысымы тұрақты, 36,6 °C температурада оның шамасы 0,74-0,78 мПа құрайды. Осмостық қысым ағзадағы қан мен ұлпалар арасындағы судың алмасуын қамтамасыз етеді. Қан плазмасының осмостық қысымы негізінен бейорганикалық тұздардан түзіледі, өйткені плазмадағы қант, ақуыз, мочевиная және басқа органикалық заттардың концентрациясы аз болады. Қан плазмасының тұз құрамындағы азғана өзгерістер көптеген ұлпаларға, ең алдымен қан жасушаларына зиян тигізуі мүмкін. Осмостық қысымы қан плазмасының осмостық қысымына тең тұз ерітіндісін **изотонды** ерітінді деп атайды. Адам ағзасы үшін ас тұзының 0,9%-тік ерітіндісі изотонды болып табылады. Осмостық қысымы қан плазмасының осмостық қысымынан жоғары тұз ерітіндісін **гипертонды** деп атайды; егер ерітіндінің осмостық қысымы қан плазмасына қарағанда төмен болса, мұндай ерітінді **гипотонды** деп атайды.

№1- есеп.

0,5М глюкоза (C₆H₁₂O₆) ерітіндісінің 25°C температурадағы осмостық қысымын

есептеңіз. Ерітіндінің осмотық қысымы қан плазмасының осмотық қысымымен салыстырғанда қалай аталады?

№2- есеп.

20⁰С -та 1,5М глюкоза ерітіндісі қанмен салыстырғанда қалай аталады?

Ә) Қан плазмасында және дененің ұлпалық сұйықтықтарында кездесетін натрий хлориді (немесе ас тұзының) концентрациясы 0,9%-тік ерітіндісі қан плазмасының және жасушадан тыс сұйықтықтың осмотық қысымын сақтайтын маңызды химиялық зат болып табылады.

Ас тағамдарымен жеткізілетін натрий хлоридінің күнделікті ағзаға қажетті мөлшері 5 г. құрайды. Денедегі ас тұзының жетіспеушілігінен қанның қоюлануы байқалады, бірыңғай салалы бұлшық еттердің спазмасы, қаңқа бұлшық еттерінің сіреспелі жиырылуы, жүйке жүйесі мен қан айналымының бұзылуы мүмкін. Кейбір ауруларда (бүйрек, гипертония) NaCl ағзаға енуін шектейді.

Натрий хлоридінің ерітінділері медициналық тәжірибеде кеңінен қолданылады және концентрацияға байланысты **физиологиялық немесе изотонды** (0,9 %) және **гипертонды** болып бөлінеді.

Натрий хлоридінің 0,9%-тік ерітіндісі адам қанының плазмасына қатысты изотонды болып табылады. Инъекцияға арналған су - бұл ешқандай қоспалар, электролиттер немесе микроэлементтер жоқ жоғары тазартылған су.



1 – сурет. Натрий хлоридінің ерітінділері

3-5-10% концентрациялы гипертонды ерітінділері көктамыр ішіне және сырттай қолданылады. Теріге сырттай қолданғанда олар іріңнің бөлінуіне ықпал етеді, микробқа қарсы белсенділік көрсетеді, көктамыр ішіне енгізгенде диурезді күшейтеді және натрий мен хлор иондарының жетіспеушілігін толтырады.

№3- есеп. 400 г. натрий хлоридінің судағы 0,9% -тік физиологиялық ерітіндісін дайындау үшін қажетті тұз бен мен судың массасы мен көлемін есептеңіз.

№4-есеп. 500 г. натрий хлоридінің судағы 10% -дық гипертонды ерітіндісін дайындау үшін қажетті тұз бен мен судың массасы мен көлемін есептеңіз.

Қорыта айтқанда, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырады, олардың оқылатын пәнге қатысты қызығушылығын, пәнаралық байланысты арттырады, теориялық және практикалық білімнің бірлігін нығайтады, оқыту үдерісіндегі белсенділік пен шығармашылықты жоғарылатады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
2. Т. Н. Омелянович, С. Н. Ковалева, Е. Н. Климович, Е. А. Сеген, И. В.

Голубева. Сборник практико-ориентированных заданий по химии для 7—11 классов. Изд. Аверсэв, 2024 г.

3. Должикова Г.В. Методика составления практико-ориентированных задач по химии. «Профессиональная ориентация», 2024, №1 ч.2., с.11-15.

ӘОЖ 377.1

Жармаганбетова Н.С.

Акберлиева А.Г., Сабитова Ж.К.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Бүгінгі білім беру жүйесінде оқыту әдістерін жетілдіру – өзекті мәселе. «XXI ғасырда жас ұрпаққа қандай білім беру керектігі және оны оқытудың тиімді әдістері қандай болмақ?» деген сауал бүкіл әлемде қайта қарастырылуда. Бұл сұрақтар оқу бағдарламалары мен оларды жүзеге асыратын педагогикалық тәсілдерге тікелей байланысты. Қазақстанда да білім мазмұнын жаңарту бағытында ауқымды реформалар жүргізілуде. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін білімді де жан-жақты дамыған ұрпақ керек» деп атап көрсеткен [1]. Осы мақсатта ұлттық білім беру стандарттары, оқу бағдарламалары мен бағалау жүйелері жаңартылып, инновациялық әдістемелер енгізілуде. Оқыту әдістері – білім алушыларға оқу материалын меңгерту тәсілдерінің жиынтығы. Дәстүрлі оқыту әдістері ғасырлар бойы қалыптасқан, мұғалімнің жетекшілігімен білім беру тәжірибесіне сүйенеді. Заманауи (жаңашыл) оқыту әдістері соңғы онжылдықтарда педагогика ғылымындағы жаңа тұжырымдар мен технологиялық ілгерілеуге сәйкес пайда болған белсенді, интерактивті тәсілдерді қамтиды. Бүгінгі таңда мектепте осы екі бағыттың өзара байланысын тиімді ұйымдастыру – білім сапасын арттырудың маңызды шарты. Бұл мақалада дәстүрлі және заманауи оқыту әдістеріне жан-жақты сипаттама беріліп, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері салыстырмалы түрде талданады. Теория мен практиканың байланысын көрсету үшін қазіргі мектеп бағдарламасынан нақты мысалдар келтіріліп, Қазақстандағы білім беру тәжірибесіндегі өзгерістер талқыланады. Зерттеу отандық ғылыми еңбектерге және білім беру тәжірибесіне сүйеніп жүргізіледі. Педагогикада «дәстүрлі» ұғымы мұғалімнің жетекші роліне негізделген, көп жылдар бойы қолданылып келе жатқан тәсілдерді білдіреді. Дәстүрлі сабақта басты назар мұғалімде болады: мұғалім жаңа материалды түсіндіреді, оқушылар тыңдап, конспект жасап, кейін оны қайта жаңғыртып, бекітеді. Мұндай оқытуда мұғалім – негізгі білім көзі, ал оқушы – сол білімді қабылдаушы нысан. Зерттеушілердің айтуынша, дәстүрлі оқыту бағдарламасы бойынша сабақтағы ең басты рөл ұстазда болады, бұл тәсіл білім алушыларды белгілі бір көлемдегі дайын біліммен қамтамасыз етеді, алайда олар алған білімдерін кең ауқымда қолдануға қабілетсіз болып қалады [2]. Яғни, дәстүрлі әдісте оқушы көбіне пассив қабылдаушы ролінде қалып, жаттанды білім алуға бейімделеді.

Дәстүрлі әдістерге лекция, әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, кітаппен жұмыс, жаттығу, сұрақ-жауап, баяндау сияқты тәсілдер жатады. Бұл әдістердің ерекшелігі – оқу үдерісінде мұғалімнің ролі үстем, ол оқушылардың іс-әрекетін қатаң қадағалап, бағыттайды. Мұғалім оқуды тәртіпті бақылаушы, бағалаушы әрі білімді насихаттаушы қызметінде жүргізеді. Оқушылар мұғалім тапсырмаларын бұлжытпай орындауға тырысады, олардың дербестігі шектеулі болады [3].

Заманауи әдістердің теориялық негізі – конструктивизм және дамыта оқыту тұжырымдамалары. Белсенді оқыту идеясы бойынша, білім алушы жаңа білімді мұғалім дайын күйінде айтып бергеннен емес, өзінің белсенді ойлау және практикалық әрекеті арқылы меңгеруі тиіс. Соңғы зерттеулер нәтижесінде білім берудің мақсаты тек белгілі көлемдегі ақпарат беру ғана емес, сонымен бірге оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық ойлауын, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру екендігі нақтылауда.



1 сурет - Дәстүрлі және заманауи оқыту әдістерінің салыстырмалы талдауы

Әр тәсілдің білім сапасына ықпалы, оқушының дамуына әсері, сондай-ақ ұйымдастыру ерекшеліктері талданады.

Оқыту мақсаты: Дәстүрлі оқытуда басты мақсат – бекітілген оқу бағдарламасы шеңберінде белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларды беру. Мұғалім пән бойынша міндетті мазмұнды меңгертуді көздейді. Ал заманауи оқытуда мақсат өзгеше – оқушының өзін-өзі дамытуына түрткі болу, өз бетімен білім алу және өзін-өзі тану дағдыларын қалыптастыру. Яғни, жаңашыл әдістер оқушының тек пәндік білімін емес, тұлғалық-құзыреттілік дамуын қамтамасыз етуді мақсат тұтады.

Мұғалімнің рөлі: Дәстүрлі әдісте мұғалім білуге тиісті ақпараттың бәрін дайын күйінде жеткізуші, тәртіпті қадағалап бағалаушы ретінде әрекет етеді. Бұл жағдайда оқыту процесі толықтай мұғалім бақылауында болады, оқушы еркіндігі шектеледі. Керісінше, заманауи әдісте мұғалім оқу іс-әрекетінің ұйымдастырушысы, кеңесші, оқушының серіктесі ролінде болады. Мұғалім ақпараттық монологтан гөрі фасилитаторлық қызмет атқарып, оқу ортасын құрады, бағыт-бағдар береді. Нәтижесінде оқушыларға өзіндік шешім қабылдау мүмкіндігін ұсынады. Бұл оқыту процесін демократияландырады, оқушылар мен мұғалім арасында ынтымақтастық орнатады.

Оқушының рөлі: Дәстүрлі оқуда оқушы – оқыту нысаны, яғни білімді қабылдаушы пассивті тарап. Оқушының негізгі міндеті – мұғалім түсіндіргенді тыңдау, есте сақтау және оны қайта жаңғыртып айту. Ал заманауи оқытуда оқушы – оқу үдерісінің басты әрекет етуші субъекті. Ол мұғалімнің бағыт-бағдарымен өзін-өзі оқыту үдерісіне кіріседі, сабақ мақсатын түсініп, оны іске асыруға белсенді қатысады, өз оқу нәтижесіне өзі жауапкершілік алады. Оқушылар жұптасып, топтасып жұмыс істейді, бір-бірінен үйренеді, яғни білім алу көзі тек мұғалім емес, оқушының өзара әрекеті де болады. Бұл айырмашылық оқушылардың дербестігі мен жауапкершілігін арттырады.

Білімді бекіту және қолдану: Дәстүрлі әдісте оқушылар алған білімін негізінен ұқсас жағдайларда қолдануға машықтанады – мысалы, тақырып бойынша стандарт тапсырмаларды орындап, жаттығады. Жаңа білімді игеру бұрынғы білімді еске түсіру, үлгі бойынша есеп шығару, мәтінді қайталап айту арқылы жүзеге асады.

Бағалау және кері байланыс: Дәстүрлі оқытуда бағалау негізінен мұғалім тарапынан жүзеге асады – сабақ барысында мұғалім сұрақ қою, тест алу арқылы білімді тексереді,


қорытынды баға қояды. Оқушының қателері көбіне жария түрде түзетіледі, бағалау көп жағдайда жиынтық (бақылау жұмысы, емтихан) сипатында болады. Ал заманауи әдістерде үздіксіз кері байланыс пен формативті бағалау кең қолданылады. Мұғалім әр тапсырма барысында оқушыларға кері байланыс беріп, жетістікке жетелеуге тырысады. Бағалау критериялды негізде, ашық Transparent түрде жүреді: оқушылар бағалау критерийлерін алдын ала біліп, өздері де өзін-өзі бағалауға қатысады. Мысалы, топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтың талқылауын бақылап, қажет жағдайда қосымша сұрақтар қойып, бағыт береді. Сабақ соңында рефлексия жасап, оқушылар өз прогресі туралы ой қорытады. Осылайша, заманауи тәсіл оқушылардың рефлексия дағдыларын қалыптастырып, қателіктен сабақ алуға, түсінігін жетілдіруге үйретеді [5].

«Табиғи ресурстарды игеру» тақырыбы 7 - сынып география курсына маңызды орын алады. Бұл тақырып аясында оқушылар табиғи ресурстардың түрлері, оларды тиімді пайдалану және қорғау туралы түсінік қалыптастырады [4].


Сабақтың өту әдістемесі – дәстүрлі немесе заманауи тәсілмен жүргізілуі – оқушылардың оқу материалына қызығушылығы мен меңгеру деңгейіне елеулі әсер етеді. Нәтижесінде дәстүрлі тәсілмен өткен «Табиғи ресурстарды игеру» сабағында оқушылар табиғи ресурстар жөнінде белгілі бір мағлұмат алғанымен, олардың тақырыпты терең ұғынуы шектелуі мүмкін. Дәстүрлі оқыту XX ғасырда кең таралған тиімді әдіс болғанымен, XXI ғасырдың өркениет талаптары жағдайында білім алушылардың толық дамуына қажетті деңгейде нәтижеге жеткізе алмайтыны байқалып отыр. Заманауи әдістеме оқушыны оқу үдерісінің орталық фигурасы ретінде қарастырады. Мұнда интерактивті, оқушыға бағдарланған тәсілдер басым қолданылады: диалогтік оқыту, зерттеуге негізделген тапсырмалар, жобалық жұмыстар, ойын технологиялары, АКТ құралдарын пайдалану, т.б. Сабақ құрылымы дәстүрлі «мұғалім түсіндіреді – оқушы тыңдайды» схемасынан өзгеше болады.

Сонымен, 7-сыныптағы «Табиғи ресурстарды игеру» тақырыбын дәстүрлі әдіспен оқыту мен заманауи әдістермен оқытудың арасында елеулі айырмашылықтар бар. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын білім беріп, уақытты үнемдеуі мүмкін, бірақ олардың пәнге қызығушылығы мен шығармашылық әлеуетін толық аша алмауы мүмкін. Ал заманауи, интерактивті әдістер оқушылардың оқу процесіне ынталандырып, тереңірек түсінік қалыптастыруға жағдай жасайды және XXI ғасыр дағдыларын дамытады. Әсіресе, цифрлық платформаларды сабақта тиімді пайдалану – қазіргі географияны оқытудағы озық тәжірибе ретінде өзін ақтауда. Google Earth, Padlet, LearningApps, Kahoot сынды құралдар сабақтың мазмұнын байытып, оқушыларға географияны өмірмен байланыстыра отырып оқуға мүмкіндік береді. Дәстүрлі және заманауи тәсілдердің үйлесімді комбинациясы мұғалімге әр тақырыптың мәнін оқушыға сапалы жеткізуге көмектеседі. Осы әдістемелік үйлесім арқылы оқушылар табиғи ресурстар туралы білімді терең меңгеріп қана қоймай, оны қолдану жолдарын да үйренеді – яғни, білім күнделікті өмірде игілікке жарайтын құндылыққа айналады [4].

Дәстүрлі оқыту әдісі бойынша оқушылардың сабаққа қатысуы



Заманауи оқыту әдісі бойынша оқушылардың сабаққа қатысуы



2 сурет - Дәстүрлі және заманауи оқыту әдісі бойынша оқушылардың сабаққа қатысу көрсеткіштері

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері білім беру үдерісінде дәстүрлі және заманауи оқыту әдістерінің әрқайсысының маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мақалада оқыту әдістемесінің теориялық негіздері талданып, дәстүрлі (мұғалімге бағытталған) және заманауи (оқушыға бағытталған) әдістердің өзіндік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Әр тәсілдің білім беру тәжірибесіндегі артықшылықтары мен кемшіліктері анықталып, 7-сынып география пәнінің «Табиғи ресурстарды игеру» тақырыбындағы дәстүрлі және жаңашыл сабақ үлгілерін салыстыру арқылы бұл теориялық тұжырымдар тәжірибеде дәйектелді. Дәстүрлі оқыту әдісі негізінен білімді мұғалімнен оқушыға біржақты жеткізуге, оқу материалын құрылымдық тұрғыда жүйелі беруге бағытталады. Бұл тәсіл оқушыларға пәннің негізгі мазмұнын тиянақты меңгертуге, тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Дегенмен, дәстүрлі әдісте оқушы рөлі көбіне енжар қабылдаушы деңгейінде қалып, оның сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі шектеулі болады. Ал заманауи оқыту әдістері оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оларды білім алу үдерісінің орталық тұлғасына айналдыруға бағытталған. Мұнда проблемалық оқыту, диалог, жобалық және ойын технологиялары кең қолданылып, оқу мазмұны өмірмен ұштастырылады. Нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, алған білімдерін тәжірибеде қолдану, топта жұмыс жасау, өздігінен іздену дағдылары дамиды.

Дәстүрлі сабақта мұғалім «Табиғи ресурстарды игеру» тақырыбы бойынша негізгі мәліметтерді түсіндіріп, картамен жұмыс пен сұрақ-жауап арқылы білімді бекітті. Бұл жағдайда оқу материалы рет-ретімен қамтылды, бірақ оқушылар ақпаратты дайын күйінде қабылдады. Ал балама заманауи сабақта Google Earth платформасы арқылы оқушылар жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың нақты орналасуын зерделеп, Padlet платформасында өз ой-пікірлерімен бөлісті, LearningApps құралымен интерактивті тапсырмалар орындады және Kahoot викторинасы арқылы білімдерін ойын түрінде бекітті. Цифрлық платформаларды осылайша тиімді қолдану сабақтың барысын жандандырып, оқушылардың оқу мотивациясын арттырды әрі күрделі географиялық ұғымдарды түсінуін жеңілдетті. Жалпы алғанда, дәстүрлі және заманауи оқыту әдістерін үйлесімді пайдалану – қазіргі білім берудің басты талаптарының бірі екені анықталды. Әр әдістің озық тұстарын сабақтастықта ұштастыру мұғалімнің шеберлігін талап етеді, бірақ оның нәтижесінде білім беру сапасы артып, оқушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалады. Зерттеу көрсеткендей, жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізу оқушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, ал дәстүрлі әдістеменің тәртіп, жүйелілік сияқты құндылықтары білім алушыларды жауапкершілікке тәрбиелеуде маңызды болып қала береді. Демек, педагогикалық үдерісте осы әдістердің тиімді теңгерімін табу – оқыту тиімділігін арттырып, оқушыларды заман талаптарына сай даярлаудың негізгі жолдарының бірі деген тұжырымға келуге болады.


Әдебиеттер тізімі

1. А.Қ. Қозыбай, Г.М. Нысан. «Дәстүрлі және жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшеліктері» // Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысының Педагогика сериясы, №4(141), 2022.
2. З. Қуанышбаева және т.б. «Белсенді оқыту тәсілдерінің тиімділігі» // «Өрлеу» БАҰО, 07.09.2021.
3. М.К. Жайлауова. «Мектептегі оқытудың белсенді әдістері» Білім әлемінде журналы, 2014, №5(6), 29-31 б.
4. А.Егорина, С.Нуркенова, Е.Шимица «География» 7 сынып оқулығы, Атамұра, 2017, 224 б.
5. Е. А.Тоқпанов Географияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Эверо, 2015.-412 б.

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТІЛІМНІҢ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?


Оқу процессін тиімді әрі оқушылар үшін түсінікті ету қазіргі педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі [1]. Ғылыми білім беру заманында физиканы терең әрі тиімді оқытудың маңызы зор. Физика күрделі пән болып саналады, дегенмен оқушының табиғат әлемі туралы түсінігін қалыптастыруда басты рөл атқарады [2]. Сондықтан бізде “Физиканы қалай жеңіл әрі терең түсіндіре аламыз?” деген сұрақ туындайды. Осы өзекті мәселенің шешімі ретінде физиканы оқытудағы демонстрациялық көрсетілімдердің кіріктірілуін алға тартқымыз келеді [3]. Зерттеу нәтижесі арқылы “Физиканы оқыту барысында оқу тәжірибесін жақсартуда көрсетілімдердің әсері қандай?” деген сұраққа жауап береміз.

Физиканы оқытуда демонстрациялық көрсетілімнің қажеттілігін 8-сынып оқушыларына жүргізілген сауалнама көрсетіп отыр. Сауалнаманың мақсаты – физика курсына демонстрациялық көрсетілімдерді пайдаланудың маңыздылығын анықтау. Сауалнама 6 сұрақтан, оның ішінде 5 жабық, 1 ашық сұрақтан құралған. Сауалнамадан 90 оқушы өтті. Демонстрация ұғымын қате түсіну ықтималдылығын болдырмас үшін «демонстрация» ұғымына жалпылама анықтама берілді. Сауалнамада біздің алғашқы сұрағымыз «Физика сабағында мұғалім демонстрациялық көрсетілімдерді қаншалықты жиі көрсетеді?» деген сұрақ болды. Жауаптар **сурет-1-де** көрсетілген.




1-сурет - Демонстрацияның көрсетілу жиілігі.

Оқушылардың 36,4%-ы «жылына бір», 27,3%-ы «тоқсанда бір» деп, ал 24,2%-ы «мүлде көрсетпейді» деп жауап берген. Сауалнамадан физиканы оқытуда мұғалімдердің тақырыпқа сай демонстрациялық көрсетілімдерді сирек көрсететіндігін ұғамыз. Сәйкесінше балалардың тақырыпты меңгеру деңгейі төмен болуы мүмкін деген болжам туындайды. Осы болжамды тексеруге көмектесетін сауалнамада оқушылардың физика пәнінен бағасын сұрайтын 2-ші сұрақ бар. Төменде сауалнамадан өткен оқушылардың физика пәнінен бағалары көрсетілген:



2-сурет - Оқушылардың физика пәнінен бағасы.

5-тік оқушылар саны 31%-ды, 4-тік оқушылар саны 42,3%-ды, 3-тік оқушылар саны 26,8%-ды құрап тұр. Келесі «Не үшін ағаштың суға батпайтындығын білесің бе?» деген сауалға төмендегідей жауап алдық.



3-сурет. «Не үшін ағаштың суға батпайтындығын білесің бе?» деген сауалға жауап

Бұл көрсеткіш оқушылардың физиканы өмірмен байланыстыру қабілетінің төмен екендігін көрсетіп отыр. Мақала оқыту әдістемесіне демонстрацияларды енгізудің маңыздылығы мен әсерін зерттеуге бағытталған.

Зерттеу әдістері. Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: - педагогикалық, физикалық және әдістемелік әдебиеттері зерттеу негізінде мәселені теориялық талдау. Google Scholar, Scopus, Web of science дерек көздерінен зерттеу бағытына байланысты бірнеше ғылыми мақалалар талқыланды. Зерттеу бағытының әлемдік деңгейдегі маңыздылығы айқындалды: - физиканы оқыту барысында оқу тәжірибесін жақсартудағы көрсетілімдердің әсері айқындалды. Физиканы оқытудағы демонстрациялардың негізгі артықшылықтарының бірі олардың абстрактілі ұғымдарды нақты, көрнекі түрде түсінікті тәжірибеге айналдыру қабілеті болып табылады [4]. Практикалық демонстрациялар теориялық білім мен нақты өмірдегі қолданбалар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Ғылыми принциптерді іс-әрекетте визуализациялау физиканы тереңірек түсінуге ықпал етеді, күрделі идеяларды жас саналар үшін қолжетімді етеді [5].

Мектеп оқушылары белсенді оқытуды талап ететін жаста. Демонстрациялар олардың назарын аударып, қызығушылығын оятатын күшке ие [6]. Практикалық іс-әрекеттердің интерактивті сипаты қызығушылықты оятып қана қоймай, белсенді қатысуға ынталандырады. Оқушыларды эксперименттер мен демонстрацияларға белсенді қатыстыра отырып, мұғалімдерге сұрақтар қойылатын, гипотезалар қалыптасатын және ғылыми ізденіс тудыратын жағдай қалыптастыра алады [7]. Оқушыларды қызықтыратын педагогикалық тәсілдер олардың физиканы түсінуі мен бағалауына айтарлықтай әсер етуі мүмкін [8]. Демонстрацияның рөлін түсіну үшін біз конструктивизм және тәжірибелік оқыту сияқты оқыту теорияларына жүгінеміз. Бұл

теорияларға сәйкес, оқушылар оқу процесіне белсенді қатысқанда және жаңа ақпарат бұрыннан бар білімдерімен байланысқанда жақсы оқиды. Демонстрация осы принциптерге сәйкес келеді, әрі түсіну мен есте сақтауды жақсартатын көрнекі және нақты тәжірибе береді [9].

Болжамымызды негіздейтін бірнеше зерттеулер физиканы оқытудағы демонстрацияның оң әсерін атап көрсетеді. Дегенмен, барлық нәтижелер сыныптағы демонстрацияның сөзсіз табыстылығын көрсете бермейді. Кейбір зерттеулер демонстрациялардың тиімділігі мұғалімнің біліктілігі, ресурстардың қолжетімділігі және оқушының жеке оқу мәнерлері сияқты факторларға байланысты өзгеруі мүмкін деп болжайды [10]. Бұл нюанстарды ескеру демонстрацияларды оқыту тәжірибесіне тиімді енгізуді мақсат ететін мұғалімдер үшін өте маңызды. Мұғалімдер үшін жақсы жоспарланған демонстрацияларды физика сабақтарына қосу динамикалық және тартымды оқу ортасын құра алады [11].

Зерттеу нәтижелері. Физиканы оқытудың мақсаттарын орындайтындай оқу процессінде демонстрациялық көрсетілімдерді ұйымдастырудың мынадай әдістемелік ерекшелік маңызы бар:

а) демонстрациялық эксперимент жасау үстінде оқушылар табиғат құбылыстары туралы өзінше қорытынды жасауды үйренеді, физика заңдарының практикалық маңызын түсінеді;

б) абстрактілі ұғымдардың көрнекі көрінісі (эксперименттің құбылысты көрсете алатындығы) [12];

с) жетілдірілген тұжырымдамалық түсінік (бұл интерактивті оқыту тәжірибесі сабақтың есте сақталуын арттырады және физика принциптерін интуитивті түрде түсінуге мүмкіндік береді) [13];

д) оқушылардың қызығышулығын оятуы (демонстрациялар оқушылардың назарын аударып, физикаға ынта тудырып, пәнді одан әрі зерттеуге ынталандырады);

е) көп сенсорлық оқыту тәжірибесі (көру, есту және жанасу сияқты көптеген сезімдерді демонстрациялар арқылы беруге болады) [14];

ф) ақпаратты сақтау (оқушылардың өздері байқаған және белсенді қатысқан ұғымдарды есте сақтау және еске түсіру ықтималдығы жоғары, бұл олардың біліміне ұзақ әсер етеді);

г) сыни тұрғыдан ойлауға ынталандыру (эксперимент оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, гипотеза жасауға және нәтижелерді талдауға ынталандырады, ғылыми ізденіс дағдыларын дамытуға ықпал етеді) [15];

h) белсенді оқытуды жеңілдету (демонстрациялар барысында оқушылар көбірек сұрақтар қояды және тұжырымдамаларды өздігінен зерттейді);

Нақты нәтижелер көптеген факторларға, соның ішінде қатысушыларға және зерттеу контекстіне байланысты болатынын естен шығармау керек.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, қазіргі таңда Қазақстанда және әлемдік деңгейде физиканы оқытуда демонстрацияның қолданысына деген сұраныс бар екендігі айқындалды. Конструктивизм оқыту теориясына сәйкес физиканы оқытуда демонстрациялық көрсетілімнің білім алушы үшін оқу нәтижесін арттыруда әсері жоғары. Мұғалімнің физика курсын демонстрацияларды қолдану арқылы оқытуы оқушының физикалық ойлау дағдысын қалыптастырып, зерттеушілік қабілетінің дамуына жол ашады. Демонстрациялардың теориялық білім мен нақты өмірдегі қолданбаларды байланыстырудағы рөлі ерекше. Мұндай интерактивтілік білім алушыларды сабақта жүргізілетін тәжірибелерге белсене қатыстыра отырып, оларға кең көлемдегі танымдық мүмкіндіктерді бере алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – 2014, – Р. 107-109.
2. Ramankulov S.Z., Dosymov E., Mintassova A.S., Pattayev A.M.. Assessment of student creativity in teaching physics in a foreign language // *European Journal of Contemporary Education* – 2019. – №8(3). – Р. 587-599.
3. В.М.Кротов. Методика и техника демонстрационного эксперимента по физике. – 2019. –Р. 3-4.
4. Г.Б. Қарабасова. Цифрлық технологияларды қолдану негізінде физика курсының демонстрациялық эксперименттерін жетілдіру // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ - №4(72). – Р. 132-133.
5. Rudolph A.L., Lamine B., Joyce M., Vignolles H., and Consiglio D.D. Introduction of interactive learning into French university physics classroom // *Phys. Rev. Special Topics: Physics Education Research*. - 2014. -№10. – В – 010103.
6. Saprudin S., Liliyasi S., Prihatmanto A.S., Setiawan A., Viridi S., Safitri H., ... Rochman C. Gamified experimental data on physics experiment to measuring the acceleration due to gravity // *In Journal of Physics: Conference Series* - 2014. -№1567. Institute of Physics Publishing. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1567/3/032079>
7. Н.С. Степанов, П.В. Казарин, Н.Ф. Услугин. Демонстрационные эксперименты на лекциях как способ повышения эффективности учебного процесса. – 2007. – Р. 2-3.
8. Цветянский А.Л., Слободской А.И., Полев А.А. Демонстрационные эксперименты по физике// *International journal of applied and fundamental research* – 2017. – №4. – Р. 578.
9. Е.Н. Володько. Демонстрационные эксперименты по физике с минимальным оборудованием. – 2002. – Р. 3-4.
10. Г.В. Чистякова. Методические основы демонстрационного эксперимента по физике. – 2023. – Р. 73.
11. Jana Marounová, Petr Kácvský. How Czech teachers use physics experiments in their lessons. – 2022. – Р. 23-24.
12. Angell C., Guttersrud O., Henriksen E., Isnes A. Physics: frightful, but fun. Pupils' and teachers' views of physics and physics teaching // *Science Education* – 2004. – №88(5). – Р. 683-706.
13. Наумчик Виктор Николаевич. Наглядная физика // *Инновации в обучении и воспитании* – 2018. – Р. 33-35.
14. Бобылев Ю.В., Грибков А.И., Романов Р.В. Комплексный подход к демонстрационному эксперименту по физике. – 2018.
15. Angell C., Guttersrud O., Henriksen E., Isnes A. Physics: frightful, but fun. Pupils' and teachers' views of physics and physics teaching // *Science Education* – 2004. – №88(5). – Р. 683-706.

Шакенова А.Ж., Куренбаева Ж.И.

*КГКП «Центр занятости и детского творчества «Павлодар дарыны»
г. Павлодар, Казахстан*

«ПРОЕКТНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБУЧАЮЩИХСЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ»

Проектно-исследовательская деятельность— это деятельность по проектированию собственного исследования, предполагающая выделение целей и задач, принципов отбора методик, планирование хода исследования, определение ожидаемых результатов, оценка реализуемости исследования, определение необходимых ресурсов. Она является организационной рамкой исследования.

Одной из приоритетных задач современной школы является создание необходимых и полноценных условий для личностного развития каждого ребенка, формирования активной жизненной позиции. В соответствии с требованиями Государственного стандарта для повышения качества знаний учащихся, развития их познавательных и творческих способностей надо направлять деятельность учителя на формирование положительной мотивации учащихся, самостоятельное овладение знаниями, творческий подход в обучении [1; с.27].

Главная идея метода проектов – направленность учебно-познавательной деятельности обучающихся на результат, который получается при решении практической и теоретической проблемы. Проектно-исследовательская деятельность учащихся – это совместная учебно-познавательная, творческая и игровая деятельность, имеющая общую цель, согласованные способы деятельности, направленные на достижение общего результата [2; с.14].

Метод учебного проекта не нуждается в рекламе. Он активно используется педагогами, позволяя им решать ряд важных профессиональных задач – это и повышение интереса к предмету, и развитие учебной мотивации, и углубление знаний по заданной теме. Проектная деятельность способствует формированию ключевых компетентностей учащихся, подготовки их к реальным условиям жизнедеятельности. Выводит процесс обучения и воспитания из стен школы в окружающий мир [3; с.37].

Проектно-исследовательская деятельность - это совместная учебно-познавательная, творческая деятельность, имеющая общую цель, согласованные методы, способы деятельности, направленная на достижение общего результата, которая способствует развитию самостоятельности, целеустремленности, ответственности, настойчивости, толерантности, инициативности, в процессе работы над проектом учащиеся приобретают социальную практику за пределами школы, адаптируются к современным условиям жизни, которая так необходима в наше время.

Объект исследования: учебная проектная деятельность младших школьников.

Предмет исследования: организация проектно-исследовательской деятельности учащихся начальных классов, обеспечивающей развитие ключевых компетенций и учебной активности школьников.

Поставленная цель определяет следующие задачи:

- 1) изучить педагогические, психологические, методические литературные источники по проблеме;
- 2) исследовать актуальность проблемы в рамках школы;
- 3) выявить наиболее продуктивную технологию для достижения поставленной цели;
- 4) изучить теоретические основы новой технологии;
- 5) выявить наиболее приемлемую форму введения метода проектов;

6) разработать специальные задания для развития умений и навыков исследовательской работы:

7) ознакомить учащихся с проектной деятельностью, через разработку коллективных учебных проектов во внеклассной работе:

- массовая: познавательные игры, конкурсы; предметные недели; конференции.
- групповая: школьное исследовательское общество; факультативы, элективные курсы, кружки; проекты.
- индивидуальная: исследовательская работа; творческие работы; проекты.

9) использовать метод проектов в классно-урочной деятельности: исследовательские методы, творческие задания, учебные проекты и другие технологии развивающего обучения [4; с.14].

Гипотеза исследования: рациональное использование проектной деятельности в процессе обучения способствует развитию ключевых компетенций и учебной активности учащихся начальных классов, а именно способствует:

- расширению кругозора учащихся в интересующих их областях знаний;
- формирует умение находить источники информации; извлекать информацию, относящуюся к теме; умение планировать работу над проектами; умение сотрудничать друг с другом при выполнении проектов; доводить начатое дело до конца.

Учащийся начальной школы вносит азы в проектную деятельность, а дальше в среднем и старшем звене ему будет легче достигать поставленной цели. Так как в начальной школе учащиеся включающиеся в проектную деятельность ачатся размышлять, прогнозировать, предвидеть, формировать адекватную самооценку. Вовлекать учащихся начальных классов в проектную деятельность нужно обязательно, хоть и есть свои ограничения [5; с.37]. Именно в младшем школьном возрасте закладывается ряд ценностных установок, личностных качеств и отношений. Если это обстоятельство не учитывается, если этот возраст рассматривается как малозначимый, «проходной» для метода проектов, то нарушается преемственность между этапами развития учебно-познавательной деятельности обучающихся и значительной части школьников и не удаётся впоследствии достичь желаемых результатов в проектной деятельности. Так же нужно отметить, что при организации проектной деятельности в начальной школе необходимо учитывать возрастные и психолого-физиолого-гигиенические особенности младших школьников. В проектную деятельность школьников следует включать постепенно, начиная с первого класса.

В 1-2 классах – доступны творческие задания, а уже в 3-4 классах учащиеся с большим интересом выполняют довольно сложные проекты.

Хотелось бы остановиться на следующих принципах организации проектной деятельности:

- Учёт интересов детей;
- Учение через деятельность;
- Сотрудничество участников педагогического процесса;
- Свободное творчество в выборе темы проекта, решения проблемы, оформления и защиты проекта.

На основе принципов складываются условия формирования исследовательских умений младших школьников:

- Целенаправленность и систематичность.
- Мотивированность.
- Творческая среда.
- Психологический комфорт.
- Личность педагога.
- Учет возрастных особенностей.

Немаловажным шагом является выявление интересов учащихся. Это необходимо для того, чтобы определить темы будущих проектов. Они обязательно должны быть

интересны детям (темы выбираются самими учениками). В этом вопросе также поможет анкета для учащихся.

Наиболее привлекательной для младших школьников является работа над исследовательскими проектами. Ведь там проводятся опыты, наблюдения, которые так любят дети.

В проектной деятельности младших школьников выделяются следующие этапы, соответствующие структуре учебной деятельности:

1 этап. Погружение в проект.

На данном этапе выбираются и формулируются проблемы, которые будут разрешены в ходе проектной деятельности учащимися, выдвигаются гипотезы, требующие доказательства или опровержения. При этом необходимо учитывать интересы школьников, показать практическое применение знаний, полученных в ходе выполнения проекта.

2 этап. Организационный.

На данном этапе выбираются и организуются группы участников проекта, определяются направления работы, формулируются задачи для каждой группы, указываются способы источников информации по каждому направлению. Каждая группа выступает перед классом с рассказом о составе группы, распределении ролей, о тех задачах, которые им предстоит решить и о возможных путях решения данных задач.

3 этап. Осуществление деятельности.

Поиск необходимой информации, сбор данных, изучение теоретических положений, необходимых для решения поставленных задач. Примером деятельности учащихся на этом этапе может быть: изучение соответствующей литературы, проведение опроса, анкетирования по изучаемой проблеме, то есть работа практического характера.

4 этап. Обработка и оформление результатов проекта (презентация).

На этом этапе определяются способы обработки полученных данных. Ребята представляют свои творческие проекты, демонстрируя понимание проблемы, цели и задач этой работы, умение планировать и осуществлять свою деятельность, а также найденный способ решения проблемы. Результаты представляются в виде творческой работы.

5 этап. Обсуждение полученных результатов (рефлексия).

Оформленные результаты представляются остальным участникам проекта в виде доклада, дискуссии, ролевой игры, через научную конференцию. Участники обсуждают и анализируют полученную информацию, делятся мнениями, задают докладчику вопросы. Проверяются выдвинутые гипотезы, обсуждаются возможные пути применения полученных результатов проектной деятельности на практике. Рефлексия, самооценка проделанной работы.

Если мы хотим, чтобы процесс развития и саморазвития личности младшего школьника шёл интенсивно, нам необходимо стимулировать его исследовательскую активность, поддержать в ребёнке жажду новых впечатлений, любознательности, стремления экспериментировать, самостоятельно искать истину. Естественно, что одной поддержки недостаточно. Ребёнка необходимо учить специальным знаниям, умениям и навыкам исследовательской деятельности.

Следуя выше перечисленным принципам и умениям в использовании проектной деятельности, можно решить несколько задач в сфере обучения и воспитания:

- каждый ученик может проявить себя как творческая личность;
- каждый ученик включен в деятельность, которая ему «по душе»;
- добывание знаний детьми строится на принципах проблемного обучения;
- у учащихся развиваются навыки самостоятельной работы в мыслительной и волевой сфере;

- школьники учатся самовыражению, самоопределению, самореализации;
- работа над проектом воспитывает целеустремленность, инициативность;
- фундаментальные знания связываются с эмоциональной памятью, что исключает возможность забывания.

В результате работы над проектными заданиями, у учителя появляется возможность наблюдать, сравнивать, диагностировать. Учащиеся демонстрируют свои истинные предметные навыки и коммуникативные способности в полном объеме, подготавливаются к реальным условиям жизнедеятельности

Список литературы.

1. Каирова, Л.А. К вопросу о формировании исследовательской культуры учителя / Л.А. Каирова.// Начальная школа. – 2007. - № 6. – С. 15.
2. Саломатова, О.С. Становление коммуникативной компетентности школьников в ходе проектно-исследовательской деятельности / О.С. Саломатова.// Начальная школа. – 2007. - № 7. – С. 40.
3. Тимофеева В.П.. Исследовательская работа в начальной школе /В.П.Тимофеева // Начальная школа. – 2008. - № 2. – С. 9.
4. Братанова, Т.А. Методика организации игр-исследований с младшими школьниками / Т.А. Братанова // Начальная школа. – 2008. - № 5. – С. 41.
5. Савенков А.И. Методика исследовательского обучения младших школьников. - 2-е изд., исправл. и дополн. – Самара: издательство «Учебная литература», -2006

ӘОЖ 373.2

Нагашыбай Ұ.К

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Павлодар қ., Қазақстан*

ДИСЛАЛИЯСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ЖЕКЕ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ САБАҚТАРДА ИНТЕРАКТИВТІ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Кіріспе. Дислалия – сөйлеу аппаратының иннервациясының және есту қабілетінің қалыпты даму жағдайындағы дыбыс айтудың бұзылысы. «Дыбыс айту» түсінігі балалардың дыбыстарға фонематикалық өрнек беруімен қатар, оларды тілдік белсенді қимылдар арқылы дұрыс және анық атауын білдіреді. Аталған түсінік тыныс алуды, дауысты, қайталап айтуды, дыбыстар мен буынның үйлесімін, тілдің екпіндік бағыттарын білдіреді [1].

Сөйлеудің айтылу жағының бұзылуының арасында ең көп кездесетіні-оның дыбыстық (фонемалық) дизайнындағы селективті бұзылулар, барлық басқа сөйлеу әрекеттері қалыпты жұмыс істейді. Бұл бұзылулар сөйлеу дыбыстарының көбеюіндегі ақауларда көрінеді: бұрмаланған (қалыптан тыс), оларды айту, кейбір дыбыстарды басқаларымен ауыстыру, дыбыстарды араластыру және сирек кездесетін түрі – оларды өткізіп жіберу [2].

20 ғасырдың 30-50-ші жылдары логопедиялық тәжірибеде дислалия өзінің дамуының алғашқы сатысында болды. О.В. Правдина логопедияда алғаш рет дислалияға қатысты «тіл» ұғымын енгізді, бұл олардың кейбір дыбыстарды немесе дыбыстар қатарын дұрыс айта алмайтындығын көрсетті. Бұл термин дислалияны тәуелсіз сөйлеу бұзылысы ретінде одан әрі зерттеудің өзіндік негізі, негізі болды. 60 ғасырдың 20-жылдарында осы сөйлеу патологиясына қатысты айтарлықтай өзгерістер болды. Правдина О. В. логопедияның терминологиялық аппараты түбегейлі өзгереді, яғни «тіл» терминінен бас тартады және оның орнына «дислалия» терминін қолданады,

осылайша дислалияны тәуелсіз сөйлеу бұзылысына бөледі [3].

Дислалиясы бар балалармен жеке логопедиялық жұмыстарды интерактивті ойындарды қолдану олардың сөйлеу тілін түзетіп қана қоймай, сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызметтерінің белсенділігін арттырып, ортақ жұмысқа деген қызығушылығын оятады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің жетекші әдістері: тақырып бойынша теориялық және әдістемелік әдебиеттерге шолу, педагогикалық модельдеу, эмпирикалық әдістер, қорыту және деректерді талдау.

Әдебиеттерге шолу

Жеке логопедиялық сабақтар – сөйлеу тілі бұзылған балалармен қарқынды жұмысты ұйымдастыруға арналған түзету сабағының бір түрі. Жеке логопедиялық сабақтар логопед маманның диагностикалық жұмысының және перспективті жоспарының негізіне сай ұйымдастырылып, 35 минут көлемінде өткізіледі.

Жеке логопедиялық жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуымен дислалияның барлық түрлері мен ауырлық деңгейінде жетістікке жетуге болады. Кейбір жағдайларда механикалық дислалиямен табысқа бірлескен сөйлеу терапиясы мен медициналық әсер ету нәтижесінде қол жеткізіледі. Ең бастысы, дислалияның түрінің және оны әрі қарай дамыту стратегиясының сауатты жасақталуы.

Логопедиялық жұмыстың нәтижелі болуының міндетті шарты – дыбыс айту кемшіліктерін жеңу үшін қолайлы жағдайлар жасау: логопедтің баламен эмоционалды байланысы; баланың танымдық белсенділігін ынталандыратын жетекші іс-әрекетке сәйкес келетін сабақтарды ұйымдастырудың қызықты формасы; шаршауды болдырмайтын жұмыс әдістерінің үйлесімі [4].

Дислалиясы бар балалармен жеке сабақтар кезең – кезеңімен жүзеге асырылады.

Әрбір кезең өзіндік мақсат пен міндеттер кешеніне құрылады.

Логопедиялық жұмыстардың кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі. Оның негізгі мақсаты - баланы мақсатты сөйлеу жұмысына қосу. Ол үшін бірқатар жалпы педагогикалық және арнайы логопедиялық міндеттерді шешу қажет.

Маңызды жалпы педагогикалық міндеттердің бірі – сабаққа деген көзқарасты қалыптастыру: логопед баламен сенімді қарым - қатынас орнатуы, оны өзіне тартуы, логопедтің кабинетінің жағдайына бейімделуі, оның сабаққа деген қызығушылығын және оларға қосылуды қалауы керек. Балаларда жуастық, ұялшақтық, оқшаулану және кейде бейтаныс құрдастарымен және ересектермен кездесуден қорқу жиі кездеседі. Логопедтен ерекше әдептілік, ізгілік қажет; баламен қарым-қатынас бейресми формада және шамадан тыс қатаңдықсыз жүзеге асырылуы керек [5].

Қызметтің туынды формаларын қалыптастыру және сабаққа саналы көзқарас маңызды міндет болып табылады. Бала сыныптағы мінез-құлық ережелерін біліп, логопедтің нұсқауларын орындауды үйренуі және қарым-қатынасқа белсенді қатысуы керек. Ол үшін баламен тек қана сөйлеу тілін дамытуға ғана бағытталған емес, сонымен қатар, баланың танымдық және моторлық саласын дамытатын ойындар мен ойын – жаттығуларын қосқан абзал.

Дайындық кезеңінің міндеттері ерікті зейінді, есте сақтауды, ақыл-ой операцияларын, әсіресе аналитикалық операцияларды, салыстыру және шығару операцияларын дамытуды қамтиды.

Ал, нақты сөйлеу тілін дамыту бойынша дайындық кезеңнің міндеттері міндеттері: фонемаларды анықтау (тану) және ажырата білу және артикуляциялық (сөйлеу моторикасы) дағдыларын қалыптастыру.

Дислалияның формасына байланысты бұл мәселелерді параллель немесе дәйекті түрде шешуге болады. Артикуляциялық нысандарда (фонемалық және фонетикалық) қабылдау кезінде бұзушылықтар болмаған жағдайда олар параллель шешіледі.

Рецептивті дағдыларды қалыптастыруды саналы дыбыстық талдауды дамытуға және өзіңіздің айтылымыңызды бақылауға дейін азайтуға болады. Дислалияның акустикалық фонемалық түрінде басты міндет-балаларға фонемаларды ажырата білуге және тануға үйрету. Бұл мәселені шешпей, дыбыстардың дұрыс айтылуын қалыптастыруға көшу мүмкін емес. Дыбысты дұрыс айту бойынша жұмыс сәтті болуы үшін бала оны ести алуы керек, өйткені қалыпты қолдануды реттеуші есту болып табылады [6].

Сөйлеу тілінің дыбыстарын қабылдауды қалыптастыру бойынша жұмыс бұзылыстың сипатын және ауырлық деңгейін ескере отырып ұйымдастырылады. Кейбір жағдайларда жұмыс фонемалық қабылдауды қалыптастыруға және есту бақылауын дамытуға арналады. Басқаларында – оның міндеті фонемалық қабылдау мен дыбыстық талдау операцияларын дамытуды қамтиды. Үшіншіден, ол саналы әрекет ретінде есту бақылауының қалыптасуымен шектеледі.

Бұл жағдайда келесі ережелерді ескеру қажет. Ана тілдің дыбыстарын тану және ажырату. Жұмысты аталған шаралардан бастау баланың дыбыстарды танығаннан кейін оларды өзара шатастырмауын, дыбыстардың орны мен негізгі айтылым формасын тез игеруін қамтамасыз етеді. Баланың ойлау операциялары дамып, дыбыстарды ойша талдау дағдысы қалыптасады.

Ана тіліне тән сөйлеудің бірліктерін дамыту. Бірінші міндеттің аясында ойлау операцияларын дамытып, тіл дыбыстарын дамытуға қол жеткізгеннен кейін дыбыстарды сөздің құрамында талдай алу дағдысын дамыту қажет.

Дыбыстарды саналы түрде тану және саралау дағдылары қалыптасатын дыбыстық талдау операциялары жұмыстың басында баланың дұрыс айтқан дыбыстарымен материалда жүзеге асырылады. Бала сөздегі белгілі бір дыбысты тануды, оның басқа дыбыстар арасындағы орнын анықтауды, бірін екіншісінен ажыратуды үйренгеннен кейін, дұрыс айтылатын дыбыстармен жұмыс жасау процесінде қалыптасқан дағдыларға сүйене отырып, операциялардың басқа түрлеріне көшуге болады. алайда, аталған жұмыстардың кезектілігі мен заңдылықтары сақталмаған жағдайда жұмыстың нәтижесі төмен болады.

Дайындық кезеңінде интерактивті ойындарды қолдану артикуляциялық аппаратты дайындау, сөйлеу моторикасын шыңдау, дыбыстарды сөздердің ішінен бөліп алу сияқты шаралар кезінде жүргізіледі. Аталған кезең үшін интерактивті ойындардың визуалды және аудиовизуалды түрлері қолданылады.

Айтылым кезіндегі қате дыбыстарды қабылдауды қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыс баланың артикуляциялық аппараты мен сөйлеу деңгейін негізге ала отырып жасалуы қажет. Сол себепті, қазақ тіліндегі интерактивті ойындар мамандардың ұзақ бақылауы нәтижесінде жеке форматта құрастырылады. Мұны істеу үшін, дыбыстық талдау операциялары кезінде баланы мүмкіндігінше шектеу керек немесе материалды есту қабылдауына барлық жүктемені алып тастап, өзінің айтуын болдырмау керек [8].

Интерактивті ойындарды артикуляциялық аппаратты шыңдау үшін пайдалану кезінде оның қозғалғыштығын, еркін қимылын дамытуға арналған және артикуляциялық аппараттың ауысымдылығын дамыту бойынша ойындар ұсынылады. Мұндай ойындар әдетте «Мен сияқты жаса», «Қайтала» сияқты ойындар ретінде жасалынады.

Артикуляциялық базаны қалыптастыру үшін жаттығулар түрлері, дидактикалық талаптар мен нұсқаулықтар, айтылымды түзету бойынша ойындар кешенінің құралдары жасалды.

Дислалияда моторлық саланың өрескел бұзылыстары байқалмайды. Дислалиясы бар балада артикуляция органдарының сөйлеуге тән кейбір ерікті қозғалыстары қалыптаспайды. Артикуляциялық қозғалыстардың қалыптасу процесі ерікті және саналы түрде жүзеге асырылады: бала оларды жасауды және олардың дұрыстығын бақылауды үйренеді. Қажетті қозғалыстар алдымен визуалды еліктеу арқылы

қалыптасады: айна алдындағы логопед балаға дыбыстың дұрыс артикуляциясын көрсетеді, қандай қимылдарды жасау керектігін түсіндіреді, оны қайталауды ұсынады. Көру бақылауымен бірге жүретін бірнеше сынақтардың нәтижесінде бала қажетті қалыпқа жетеді. Қиындықтар туындаған кезде логопед балаға шпательмен немесе зондпен көмектеседі. Келесі сабақтарда көрнекі үлгіге сүйенбестен ауызша нұсқауларға сәйкес қозғалысты орындауды ұсынуға болады, бала болашақта кинестетикалық сезімдер негізінде оның дұрыстығын тексереді. Артикуляция, егер ол дәл орындалса және визуалды бақылауды қажет етпесе, игерілген болып саналады [10].

Еліктеу арқылы жасалатын артикуляциялық аппараттың жаттығуларын интерактивті ойындар арқылы қадамдар бойынша қадамдар арқылы қайталау жасалатын жаттығулар немесе аудио – нұсқаулықтар арқылы ұйымдастыруға болады. бұл ойындар кезінде логопед маман баланың қимылдарды дұрыс жасап жатқанын бақылауға және оны мүмкіндігінше өзгертуге мүмкіндік алады.

Зерттеу нәтижелері және оларды мазмұндық талдау

Ғылыми – теориялық және әдістемелік әдебиеттерді талдай келе, интерактивті ойындардың дислалиясы бар балалардың дыбыс айту бұзылыстарын түзету кезінде интерактивті ойындардың оң ықпал бар екендігіне көз жеткіземіз. Ойындар жеке сабақтарды өткізу ерекшелігіне қарай таңдалынып, құрылымы жағынан жүйеленуі тиіс. Сонымен қатар, ойындарды таңдау кезінде балалардың жас және жеке ерекшеліктері де негізге алынады.

Ғылыми – теориялық әдебиеттердің негізінде дислалиясы бар балалармен тәжірибелік жұмыс ұйымдастырылды. тәжірибелік жұмысқа дислалиясы бар оқушы қатысты. Интерактивті ойындарды қолдану тиімділігін зерттеу үшін бастапқы нәтижелер қарастырылды. Ол үшін дислалиясы бар балалардың дыбыс айту бұзылысының сипатын анықтауға арналған тапсырмалар берілді.


1 – тапсырма: балаларға «С» дыбысы сөздің басында, ортасында және соңында келетін буындар және сөздер қатары беріліп, оларды қайталауға нұсқаулық берілді.

Балалардың жауабы жоғары, орташа және төмен деңгейлері арқылы бағаланды.

Жоғары деңгей – бала дыбысты барлық қалыпта дұрыс айтады.


Орташа деңгей – бала дыбысты сөздерді айту қалпының біреуінде ғана бұзады.

Төмен деңгей – бала барлық қалыпта сөздерді қате айтады. Тапсырманы сынақтан өткізу нәтижесінде, қатысқан 10 баланың 5-де төмен деңгей, 5-де орташа деңгейді анықтады. Барлық сөздерді дұрыс атаған бала тіркелмеді. Нәтижелердің бастапқы көрсеткіштері бойынша мына диаграмма ұсынылады:




1-сурет. Зерттеу әдістері бойынша бастапқы нәтиже

Алынған нәтижелер бойынша түзету жұмыстары интерактивті ойындарды қолдану арқылы өткізілді. «С» дыбысын түзету мақсатында интерактивті ойындардың төмендегідей түрлері қолданылды (Сурет 2):



2-сурет. Интерактивті ойындар

Интерактивті ойындар жеке сабақтардың фрагменті ретінде әр сабақ сайын 5-7 минут көлемінде қолданылып, СанЕжН талаптарына сай барлық ережелерді сақтай отырып, ұйымдастырылды. Зерттеу әдістерінің бастапқы көрсеткіштері мен интерактивті ойындарды өткізгеннен кейінгі динамиканы бақылау үшін қайталама сынақ өткізілді. Нәтижесінде 30 % жоғары, 40 % орташа және 30 % төмен көрсеткіш алынды. Әдістерді салыстырмалы көрсеткіштері төменде ұсынылды.



3-сурет. Зерттеу әдістері бойынша қорытынды нәтижелер

Суреттен көріп отырғанымыздай, балалардың бастапқы нәтижелері мен қорытынды нәтижелері арасында айырмашылық байқалады. Атап айтқанда, бастапқы тексеру кезінде балалардың нәтижелерінде «жоғары» деңгей тіркелмеген болса, қорытынды тексеру кезінде «жоғары» деңгей 30 % құрады. Орташа деңгей бастапқыда 50 %, ал төмен деңгей 50 % болған. Қорытынды нәтижелер бойынша орташа деңгей 40

%, төмен деңгей 30 % екендігі анықталды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу жұмыстарында мектеп жасына дейінгі дислалиясы бар балалардың дыбыс айту бұзылыстарын түзетудегі интерактивті ойындардың ерекшеліктері теориялық және тәжірибелік тұрғыда кешенді зерттелді.

Теориялық зерттеу нәтижесіне интерактивті ойындарды жеке логопедиялық сабақтарда қолдану ерекшеліктері мен шарттары сараланып, талданды. Ал, тәжірибелік зерттеу арқылы балалардың дыбыс айту бұзылысының деңгейі анықталып, оны интерактивті ойындар арқылы түзетудің әдістемесі көрсетілді. Ұсынылған ойындардан кейін алынған нәтижелер өзара салыстырылып, көрсеткіштері талданды.

Қорыта айтқанда, интерактивті ойындар мынадай педагогикалық шарттарды сақтау нәтижесінде жеке логопедиялық сабақтарда тиімді болады:

1. Интерактивті ойындардың түрлерін және олардың мазмұндық құрылымын кеңінен таңдау, оларды үнемі жаңартып отыру;

2. Интерактивті ойындарды таңдау кезінде ойындардың сипатын және ұсынылу ерекшелігін есепке алу;

3. Интерактивті ойындарды таңдау кезінде балалардың жасын және жеке даму ерекшеліктерін ескеру;

4. Интерактивті ойындарды қолдану кезінде барлық санитарлық ережелер мен нормаларды сақтау.

Әдебиеттер тізімі

1. Борозинец Н.М. Логопедические технологии: учебно-методическое пособие / Борозинец Н.М, Т.С. Шеховцова. – Ставрополь. – 224 с.

2. Волкова Г.А. Методика психолого-логопедического обследования детей с нарушениями речи. Вопросы дифференциальной диагностики / Волкова Г.А. – СПб, 2008. – 144 с.

3. Правдина О.В. Логопедия. Учебное пособие для студентов дефектологических факультетов педагогических институтов. Изд. 2-е, доп. и перераб. М.: Просвещение, 2008. – 272 с.

4. Дефектология. Словарь-справочник. / Под. ред. Б.П. Пузанова. М., 2018. – 45 с.

5. Андрыщенко Т.И. Коррекция психологического развития младших школьников на начальных этапах обучения. / Вопросы психологии, №1, 2001. – 146 с.

6. Өмірбекова Қ.Қ. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (IV деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру. Алматы, 2015. – 201 б.

УДК 373.3

Нұртаева О. В.

*Павлодарский Педагогический Университет имени Әлкей Марғұлана,
г. Павлодар, Казахстан*

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ В ИНКЛЮЗИВНОЙ СРЕДЕ: ПРИМЕР ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

В последние десятилетия внимание к инклюзивному образованию стало важнейшей частью образовательной политики Казахстана. Инклюзия, представляющая собой интеграцию детей с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) в общеобразовательные учреждения, является не только социальным, но и педагогическим вызовом, требующим пересмотра традиционных методов преподавания и подготовки педагогических кадров [1], [2].

До внедрения инклюзии	После внедрения инклюзии
 Обособленное обучение в специальных учреждениях	 Интеграция в общеобразовательные школы
 Унифицированные ориентированные на «среднего ученика»	Индивидуализированные, адаптированные под потребности детей
 Отсутствие специальной подготовки по работе с детьми с ОВЗ	 Повышение квалификации курсы по инклюзивной педагогике
 Не приспособлен к обучению детей с ограничениям	 Внедрение осведомлённой среды, спец. оборудование
 Стереотипы изоляция	 Разработка нормативных документов, стратегии

Рисунок 1. Ключевые аспекты инклюзивного образования в Казахстане — до и после активного внедрения

На примере Павлодарской области можно проследить активное развитие инклюзивных инициатив. В 2023 году в Павлодаре было открыто несколько инклюзивных классов, что позволило значительно улучшить условия для обучения детей с нарушениями слуха, зрения и другими ограничениями. По данным управления образования региона, на 2024 год в области уже функционирует более 50 школ с инклюзивными классами, обеспеченных необходимыми условиями [6], [8]. Ведется системная работа по адаптации школьной инфраструктуры: установка пандусов, лифтов, тактильных указателей и специализированных учебных кабинетов. Особенно важным является развитие инклюзивных классов в школах города Павлодара, где дети с ОВЗ обучаются вместе с детьми без ограничений. Это направлено на создание условий для социальной адаптации детей с особыми потребностями и развитие их потенциала в рамках общего образовательного процесса [3].

Основной задачей таких классов является обеспечение равного доступа к образованию для всех детей, независимо от их физических, психических или интеллектуальных особенностей. Важно отметить, что в Павлодаре идет активная работа по разработке учебных планов и методик, учитывающих разнообразие потребностей детей с ОВЗ [1], [5]. Педагоги проходят специализированное обучение и повышают квалификацию для работы в инклюзивной среде, что позволяет качественно адаптировать образовательный процесс под нужды учеников [2], [3].

Качество инклюзивного образования во многом зависит от подготовки педагогических кадров. Так в области на протяжении последних лет активно развиваются программы повышения квалификации для учителей, работающих в инклюзивных классах. Такие программы нацелены на освоение новых педагогических технологий, коррекционных методов работы и обучения детей с ОВЗ [4], [7].

Таблица 1 – Количество педагогов, прошедших подготовку по инклюзивному образованию в Павлодарской области (2021–2024 гг.)

Год	Число педагогов	Формат обучения	Организация
2021	145	Очно-дистанционный	ПИПК при ПГУ им. С. Торайгырова
2022	182	Очно	ИПК «Өрлеу»
2023	210	Дистанционный	Центр педагогического мастерства
2024	248	Гибридный формат	Академия образования РК

Программы для педагогов включают тренинги, семинары, а также курсы по обучению детей с различными нарушениями — от психофизических заболеваний до проблем с речью и слухом. Важно, что такие курсы не ограничиваются теоретическими знаниями, но включают в себя практические занятия, на которых учителя учат применять конкретные методы работы с детьми с ОВЗ. Особое внимание уделяется созданию комфортной образовательной среды, которая способствует социализации таких детей, а также учит педагогов использовать технологии и методики, направленные на повышение уровня вовлеченности детей с ограниченными возможностями в образовательный процесс [2], [7].

В Павлодаре активно внедряются инновационные образовательные технологии, что помогает обеспечивать доступность образовательных услуг для детей с ограниченными возможностями здоровья. В частности, это касается использования специальных обучающих программ, которые адаптированы для детей с нарушениями слуха, зрения и когнитивных нарушений. Цифровые технологии становятся важным инструментом в образовательном процессе, обеспечивая доступность учебных материалов и ресурсов, а также облегчая коммуникацию между педагогами, детьми и родителями. Создаются онлайн-платформы, предлагающие адаптированные учебные материалы, аудиокниги, видеоконтент с субтитрами, интерактивные задания [7].

Для детей с нарушениями слуха разработаны мультимедийные материалы, которые помогают улучшить восприятие информации и способствуют более успешному обучению. Для детей с нарушениями зрения также созданы адаптированные программы, которые позволяют эффективно работать с аудиовизуальными материалами. Использование таких технологий, как интерактивные доски, компьютерные программы для обучения и виртуальные лаборатории, стало важным элементом образовательного процесса в Павлодаре [4], [6].



Схема 1 – Модель цифровой инклюзивной образовательной среды в начальной школе

Ключевым элементом в успешной реализации инклюзивного образования является тесное сотрудничество между педагогами, родителями и общественными организациями. В Павлодарской области проводятся регулярные встречи и семинары с родителями, на которых обсуждаются проблемы инклюзивного образования, а также обмен опытом по воспитанию и обучению детей с ограниченными возможностями [5], [8]. Родители играют важную роль в процессе социализации детей и в обучении в целом, а также являются первыми помощниками в коррективке образовательного процесса. В Павлодаре регулярно проходят родительские клубы, тренинги и открытые уроки.




Диаграмма 1 – Уровень удовлетворенности родителей организацией инклюзивного образования (опрос, Павлодар, 2024 г.)

Кроме того, на уровне области активно развиваются партнерские отношения с общественными организациями, которые оказывают помощь в адаптации детей с ОВЗ к школьной жизни. Эти организации предоставляют психологическую помощь, консультирование и поддержку семьям, а также помогают создать условия для полноценного развития детей [8].

Несмотря на уже достигнутые успехи, система инклюзивного образования в Павлодарской области продолжает развиваться. Одной из главных задач на ближайшие годы является расширение числа инклюзивных классов, а также улучшение инфраструктуры образовательных учреждений, чтобы они стали еще более доступными для детей с особыми образовательными потребностями [6].

В ближайшие годы в данной области будет продолжено развитие специализированных программ для педагогов, в том числе с использованием дистанционных технологий. Важным моментом является также увеличение числа образовательных учреждений, которые могут предоставлять качественное образование детям с ограниченными возможностями, а также создание новых форм поддержки для таких детей и их семей [1], [6], [8].

Наряду с этим, особое внимание будет уделяться вопросам улучшения образовательной инфраструктуры, включая создание специализированных классов и оснащение школ современными средствами для работы с детьми с ОВЗ. Также в регионе планируется расширение взаимодействия с международными образовательными учреждениями для обмена опытом и внедрения передовых педагогических технологий [6], [7].

Список литературы

1. Богданова Т.Г. Инклюзивное образование: теория и практика. – М.: Академия, 2022. – 192 с.
2. Хуторской А.В. Методология и технологии инклюзивного обучения. – СПб.: Речь, 2021. – 168 с.
3. Литвинова Е.А. Подготовка педагогов к работе в инклюзивной школе // Вестник педагогических наук. – 2020. – №4. – С. 44–50.
4. Шамова Т.И. Инновации в образовании: подходы и технологии. – М.: Просвещение, 2020. – 256 с.
5. Смирнова Л.В. Инклюзия в начальной школе: опыт и перспективы // Начальная школа. – 2021. – №3. – С. 11–18.
6. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы [Электронный ресурс]. – <https://edu.gov.kz> (дата обращения: 10.04.2025).
7. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 2022. – 288 с.
8. Абдрахманова Ж.К. Проблемы и перспективы инклюзивного образования в РК // Образование и наука. – 2023. – №2. – С. 27–35.

ӨОЖ 796.2

Қойшыбеу А.Б.¹

Жилисбаев Н.К.², Сатенов Е.И.³

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ түрік университеті¹

Халықаралық туризм және меймандостық университеті^{2,3}

Түркістан, Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЖАСТАР МЕН БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Білім беру мен тәрбиелеудің міндеттерін шешуде маңызды орындардың бірі дене шынықтыруға бөлінеді. Бүгінгі таңдағы дене шынықтыру көп қырлы құбылыс болып табылады, өз құрамында бірсыпыра бағыттарға, сабақ түрлері мен формаларына ие. Дене тәрбиесінің көптеген түрлерінің ішінде халық педагогикасына ерекше орын берілген.

Ұлттық спорт түрлерімен, ойындармен, билермен шұғылдану бос уақытты өткізуге көмектеседі, денсаулықты нығайтады және ең бастысы мінездердің қалыптасуына ықпал етеді.

Халық ойындары, спорт түрлері мен билері педагогиканың дәстүрлі тәсілдері болып табылады. Көп ғасырлардан бері оларда адамдардың өмір салты, олардың тұрмысы, еңбегі, халықтық тұғырнамалары, ар-намысы, ерлігі, ептілікке, төзімділікке, күшке ие болуға деген ұмтылысы, қимылдар жылдамдығы мен әдемілігіне, күле жүріп орындауға, шығармашылықты ақыл-ойға, тапқырлыққа, ерік күші мен жеңіске деген талпынысы көрінісін табатын. Халық ойындары мектеп оқушыларының интернационалдық тәрбиесі мен дене тәрбиесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олардың бойында өз халқының мәдениетіне деген тұрақты, қызықты, құрметтеу қарым-қатынасы қалыптасады [1].

Дене тәрбиесін оқытудың әдістемелік жүйесі бір-бірімен өзара байланысқан бес бөліктен тұратын құрылым: оқыту мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру түрлері. Әдістемелік жүйелер жалпы орта мектеп практикасында тәжірибеден өте отырып, көптеген жылдар бойында қалыптасады. Әдістемелік жүйені

жетілдіру үрдісі төмендегі заңдылықтарға бағынады:

1. Әдістемелік жүйенің бір немесе бірнеше бөліктерінің өзгеруі оның қалған бөліктерінің немесе бүкіл әдістемелік жүйенің өзгеруіне әкеліп соғады.

2. Кез келген әдістемелік жүйе өзіне шешуші әсер ететін нақтылы өмірмен тығыз байланысты. Әдістемелік жүйедегі жетекші орынды оқыту мақсаттары алады, анықтап айтқанда жалпы орта мектептерде сол арқылы кез келген пәнді оқытудың міндеттері анықталады.

Оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдірудің жалпы принциптерін қарастырайық. Әдістемелік жүйедегі жетекші орынды оқыту мақсаттары алатын болғандықтан, оны жетілдірудің негізгі ұстанымы мақсатқа бағыттау ұстанымы болады. Біртұтас әдістемелік жүйені немесе оның бөліктерін жетілдірудің бағыты мен сипаты оқыту мақсаттарына сәйкес болуы тиіс.

Әдістемелік жүйені жетілдірудің келесі маңызды талабы, оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі ұстанымы болып табылады. Білім оқыту мен тәрбиелеуден құралатыны белгілі, сондықтан әдістемелік жүйені жетілдіру үдерісінде оқытудың дидактикалық және тәрбиелік жақтарының бірлігін, педагогика мен психологияның алдыңғы қатарлы жетістіктерін ескеру қажет.

Әдістемелік жүйенің жеке бөлігінің өзгеруі, жүйенің біртұтас құрылым ретінде жойылуына алып келуі мүмкін. Жүйедегі өзара байланыстарды толық түрде ескеру қажет. Осыған байланысты өзара байланыс ұстанымын атауға болады. Оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдірудің ұстанымдары Қ.І.Адамбеков, С.Тайжанов, А.Қарақов, С.Қасымбекова, Ж.К.Оңалбек, Б.Қ.Мухамеджанов және т.б. еңбектерінде қарастырылған [2]. Бұл еңбектерде педагогикалық жоғары орындарының дене шынықтыру және спорт мамандықтары студенттеріне дене шынықтыру және спорт түрлерін оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру жолдары зерттелген.

Біздің елімізде, әлеуметтік және экономикалық реформалардың жүзеге асырылуы негізінде болашақ 12 жылдық білім беру мектебімен қазіргі мектептің басты міндеттерінің бір-нарық жағдайына бағдарланатын, адамгершілігі мол, әлеуметті сауатты адамға қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыру. Оны шешу тек қана дене мәдениеті білімінің тұжырымдамалық, әдіснамалық, теориялық және дидактикалық негіздерінің жасалуына тікелей байланысты.

Жалпы орта мектептің басты мақсаты - алдыңғы қатарлы жасөспірімдерді тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелілік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, оқушыларға дене тәрбиесін үйрету әдістері мен ер балаларды Отанды қорғауға дайындау. Білім саясатының өзекті мәселелері – жалпы орта мектеп қабырғасында кәсіптік бағдар негізінде болашақ мамандығын таңдауға даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Жалпы орта мектепте білім берудің сапасын қамтамасыз етуде орта білімді дамытудың негізгі жолы мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру болса, қазіргі кезде жалпы орта мектептерде оқу-тәрбие үдерісінің жаңа тәсілдері ұсынылып, жаңа талапқа сай бәсекеге қабілетті мемлекеттің болашақ қоғам мүшесін дайындау үлгісі жүзеге асырылатын болады [3].

Жалпы орта мектептегі дене мәдениетінен білім беру және оның қоғамдық құрамдас бөлігі – дене тәрбиесі сабағы негізінде мектеп оқушыларының жеке приоритетті қабілеттерін жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеу және өзіне-өзі білім беру қызметтерін дамытуға, оларды азамат, зерделі оқушы ретінде қалыптастыруға бағытталған біздің мемлекетіміздің заңды құжаттарымен нақтыланып, рәсімделген.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептерде оқушылар дене тәрбиесі алғашқы жаттығулары мен дене бітімімен жетілдіру тетіктерімен бастапқы танысуын және дене мәдениеті бойынша сауаттылығын жүзеге асыра алады [4].

Халық ойындары мен дене жаттығуларын жеке тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту барысында пайдалану – ертеден келе жатқан құбылыс. Бұл дегеніміз - халық ойындары мен дене жаттығулары және онымен байланыстының бәрі халықтың тұрмысындағы түрлі уәждері мен міндеттері бойынша әскери-патриоттық қана емес, сонымен бірге сауықтыру-қолданбалылық бағыттағы маңызға ие.

Ұлттық қозғалмалы ойындарды бүкіл жалпы білім беретін мектептерде кеңінен пайдалану проблемасы көкейкесті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта оқыту мен тәрбиелеу барысында халық ойындарын пайдаланып қана қоймай, патриоттық және интернационалдық тәрбие барысында олардың мүмкіндігін барынша кеңінен пайдалану міндеті қойылып отыр [5].

Ұлттық ойындар мен спорт түрлері өскелең ұрпақты жарасымды тәрбиелеудің ажырамас бөлігі. Қазіргі дене шынықтыру практикасында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған және іріктеуден өткен аса бай тәжірибесін өскелең ұрпақты халықтық ойындар мен ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері негізінде тәрбиелеу жұмысында пайдалану қажет. Халықтық педагогиканың сарқылмас қазынасы қазіргі жағдайда аса мықты тәрбие құралы болып табылады, себебі онда салауатты өмір салты принциптерін нығайта түсетін және халықтар арасында бұқаралық дене шынықтыру жұмысын, әсіресе, біздің еліміздің ауылдық жерлерінде тұратын тұрғындар арасында дамытудың дайын тәсілдері бар.

Қазіргі таңда ұлттық спорт түрлерін қажетті спорттық базасы жоқ ауылдық жерлерде пайдалану анағұрлым тиімді болып табылады. Мұнда тек педагогикалық және спорттық принциптерді сақтай білу арқылы ғана осы спорт түрлері мен ойындардың сауықтыру-қолданбалы мүмкіндіктерін толығымен аша түсуге жағдай жасау қажет.

Дегенмен, мұндай жарыстарды ұйымдастыру мен өткізу жеткілікті дәрежеде жоғары деңгейде өтіп жатқан жоқ. Сондықтан да, біз өз алдымызға мынадай міндеттер қойдық - жарыстар ұйымдастыру мен өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар жасау, ол үшін ең үздік төрешілер коллегиясы мен өзіміздің жарыс өткізу тәжірибемізді пайдаландық.

Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасы ұлттық ат спорты түрлері федерациясының күшімен, осы халықтық спорт түрлерін қолдаушылар мен жақсы көретіндер арқылы біздің елімізде бәйге, жорға жарыс, көкпар, аударыспақ, теңге алу, қыз қуу, саяткершілік және басқа да халықтық ойындар мен ұлттық спорт түрлерін қайта өмірге әкеліп, ары қарай дамытуға мүмкіндіктер жасалынуда [6].

Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес ұлттық ат спорты түрлері бойынша жұмыс істейтін секциялардағы 373 дене шынықтыру ұжымдарында 12987 адам өзінің спорттық шеберлігін шыңдауда, олармен 514 жаттықтырушы оқу-жаттығу сабақтарын жүргізіп келеді, өкінішке орай олардың тек 35 жаттықтырушысы ғана штаттық кестеге сәйкес жұмыс істеп, атқарған жұмысы үшін жалақысын алып жүр [7].

Соңғы кезде бұл спорт түрлері Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарындағы көпшілік қауым арасында кең тарап келеді. Қазақстан астанасы Астана қаласына ауысуына, бір сыпыра ат спорты түрлерінен республикалық дәрежедегі жарыстардың өткізілуіне байланысты бұл бағыттағы жұмыстар еліміздің солтүстік аймақтарында да жанданып келеді. Жер-жерлерде көпшілік жарыстардан бастап Республикалық пен халықаралық дәрежедегі түрлі жарыстар өткізу саны артып келеді. Дегенмен, бұл жарыстарды ұйымдастыру мен өткізу сапасын одан ары жақсартуға мән беру қажет. Жақсы ұйымдастырылған спорт жарыстары кез-келген спорт түрінің даму ісіне үлкен үлес қосатыны баршаға мәлім.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулар бірінші кезекте ұлттық ат спорты түрлері бойынша жарыстар ұйымдастыру мен өткізу сапасын жақсартуға бағытталған. Оларды жасау барысында ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар өткізудің теориялық және практикалық дағдылары пайдаланылды [8].

Қазіргі кезде қазақтың ұлттық ат спорты түрлері бойынша жарыстар өткізу Ережелері жасалынып, бекітілді, соған сәйкес спорт жарыстары келесі түрлер бойынша өткізіліп келеді: аламан бәйге, бәйге, құнан бәйге, жорға жарыс, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу, қыз қуу, аңшы құстармен аң-саят жасау. Оған қоса тай жарыс, дөнен жарыс өткізу де іс жүзінде өткізіліп келеді.

Спорт жарыстарын топтастыру принциптері бойынша дене тәрбиесінің жалпыға бірдей әдістемесіне сәйкес аты аталынған түрлер бойынша келесі жарыстар өткізіледі: жеке жарыс – жеке қатысушының иеленген орнын анықтау арқылы (жынысы, жасы, спорттық біліктілігі бойынша); командалық – қатысушы ұйымдардың иеленген орнын анықтау арқылы; жеке – командалық, жеке біріншілікпен қоса қатысушы командалардың иеленген орнын анықтау арқылы; іріктеу жарыстары – оның қорытындылары бойынша спорт түрінен құрама командалары жасақталынады; топтастыру (классификациялық) – спортшылардың разрядтық нормалар мен Қазақстан Республикасының бірыңғай спорт біліктілігі бойынша талаптарды орындауды анықтауы.

Спорт жарыстары спартакиада түрінде де өткізілуі мүмкін: ойындар (кешенді жарыстар), чемпионаттар, кубоктар, турнирлер, командалар арасындағы матчтық кездесулер.

Ұлттық ат спорты түрлері бойынша спорт жарыстарды алдын ала жоспарланған спорттық-күнтізбелік жоспар бойынша ұйымдастырушы ұжымдардың бекітуімен өткізу қажет. Спорт жарыстарының күнтізбелік жоспары негізінде қажетті қаржы көздерінің есебін жүргізу керек. Спорт жарыстарының күнтізбелік жоспары негізінде жарыс туралы Ереже жасалынуы және бекітілуі тиіс және онда келесі жағдайларды көрсету қажет: жарыс өткізуге арналған жетекшілік, жарыс өткізілетін орнын, уақытын және күндерін анық көрсеткен жарыс бағдарламасы, оны өткізу жүйесі, қатысушы ұжымдар, спортшылардың, төрешілердің сандық құрамы, аттарды жіберу жүйесі, спортшылардың туған жылы мен жынысы, нәтижелерді бағалау жүйесі, медициналық-санитарлық және ветеринарлық тұрғыдан қамтамасыз ету, техника қауіпсіздігі, тапсырыс беру реті мен мерзімі, қатысушыларды, төрешілер мен аттардың құрамын қабылдау шарттары, жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерді марапаттау реті, наразылықтарды қабылдау мен оларды қарау реті, жарысқа қатысушылар мен төрешілердің жарысқа келуі мен қайтуы күндері [9].

Дене шынықтыру мен спорт бойынша мемлекеттік құзырлы орындар, қоғамдық спорт бірлестіктері, ұлттық ат спорты түрлері бойынша федерациясы мен басқа да дене шынықтыру ұжымдары жарыс өткізу барысында және оның дайындығын белгіленген ереже, бекітілген регламент бойынша спорттық шаралардың ашылуы мен жабылуына сәйкес талаптар мен тәртіптерді қатаң сақтау негізінде қамтамасыз етуі тиіс. Жарыстарды сапалы түрде дайындау мен өткізу үшін жарыстың ұйымдастыру комитетін құру қажет, оның құрамына қызығушылық танытқан ұжымдардың уәкілдерін және осы спорттық шараның өтуіне практикалық тұрғыдан қол ұшын бере алатын адамдарды қосу керек.

Жарыс күндері ипподром (немесе жарыс өткізілетін арнайы орын) сәнді безендіріліп, жалаулар ілінеді, сәлем жолдаушы ұрандар мен транспаранттар ілінеді, спортшылар мен көрермендерге арналған жарыс туралы қабырғалық материалдар орнатылады. Алдын ала жүгіру алаңдары белгіленеді және көкпар мен аударыспаққа арналған арнайы орындар бөлінеді. Жарыстар өткізуге арналған спорттық нысанның дайындығын осы жарыстың бас төрешісі тексеруден өткізіп, қабылдап алады.

Жарысқа қатысушы делегациялар мен жарысқа қатысатын аттарды

орналастырудың да маңызы өте үлкен. Әдетте, республикалық жарыстарды өткізу барысында ипподромнан 500 метрден 1 км ға дейінгі қашықтықта орналасқан арнайы орындар таңдалады, онда әр делегацияға арнап киіз үй тігуге, көліктер қоюға арналған орындар босатылады, уақытша жазғы ат байлайтын орындар жабдықталады, электр энергиясымен, ауыз сумен, тәулік бойы медициналық және ветеринарлық қызмет көрсету, құқық қорғау жұмысының кезекшілігімен қамтамасыз етіледі. Мандат комиссиясын тіркеу мен жүргізуді қатысушылар мен спорт делегациясы орналасқан жерден аса алысқа орналастырмау қажет. Тіркеу жұмысын жүргізерде жарысқа қатысушылар мен аттар жайлы белгіленген форма бойынша толық ақпараттарға ие болу керек. Бұл ақпаратты шабандоздардың старттық нөмірлері бойынша көбейтіп, жарыс басталар алдында көрермендерге тарату қажет. Мұның өзі көрермендерге жарысқа қатысушылар жайлы толық ақпаратқа ие болу мүмкіндігін береді [10].

Қорыта келгенде, ғылыми мақала нәтижесінен төмендегідей педагогикалық ұсыныстары туындайды.

1. Дене тәрбиесіне ұлттық ойындар элементтерін қолданғанда мектеп бойынша белгілі бір педагогикалық қағиданы басшылыққа алу керек.

2. Жалпы орта мектептердегі дене тәрбиесінде ұлттық ойындар элементтерін қолдануда, оларды баланың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктеріне сай іріктеп ала білу қажет.

3. Жалпы орта мектептердегі дене тәрбиесінде қолданылатын құралдар балаға түсінікті, ұлттық бояуы жоғалмай қолданылуы керек.

Дипломдық жұмысымызда жалпы орта мектептердегі оқушыларының дене тәрбиесіне байланысты барлық мәселені қамтуға тырыстық деп есептейміз. Дене тәрбиесі мен патриоттық байланысы пән аралық байланыс мәселелері келешекте өз алдына арнайы зерттеуді қажет етеді.

Түрлі деңгейдегі жарыстарды өткізу практикасы спорттық жарыстардың жақсы өтуі басталар сәттің – салтанатты түрде ашылудың қалай өтетіндігіне байланысты болып келеді. Ол үшін алдымен спорттық шараны өткізуші ұжым немесе ұйымдастыру комитетімен қоса жарыстың салтанатты ашылуы мен жабылуына арналған сценарийді жасап, бекітуі тиіс. Ұлттық ат спорты түрлері бойынша жарыстарды ашу барысы келесі тәртіп негізінде іске асырылып келеді: алдын ала диктор мәтін оқиды, жарысқа қатысушылар мен төрешілердің салтанатты түрдегі атты шеруі өтеді, музыкалық сүйемелдеумен бірге жарысқа қатысушылар құрамы және ұлттық ат спорты түрлері бойынша белгілі білімдер мен даму тарихы жайлы баяндалады. Шеруден соң арнайы сценарий бойынша қыз қуу, теңге алу, аударыспақ, жігіт жарысы және басқа спорт түрлері бойынша көріністер қарастырылады. Осындай сценарийлер бойынша Абай Құнанбаевтың, Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына, Қарасай батырдың 400 жылдығына, Қазақстанның жаңа астанасы Астана қаласының ресми тұсаукесеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесіне арналған Халық спортының ашық ойындарына арналған Халықаралық ат спорты жарыстары мен ұлттық ойындары өткізілген болатын.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, Алматы, 1979, Т.14,302.
2. Б.Қ. Мухамеджанов «Болашақ дене мәдениеті мамандарын кәсіби дайындаудың ғылыми- педагогикалық негіздері»: п.ғ.д. ғылыми. ... автореф. – Түркістан, 2008.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Алматы: Литера, 2000. – Б. 94-96.
4. Таникеев М. Қазақтың ұлт спорт ойындары. – Алматы: Просвещение, 1959. – 60 б.

5. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан, 2004. – Б. 23-25.
6. Беленок И.Л. Теоретические основы методической подготовки учителя физики к профессиональной деятельности как к творческой в условиях педвуза: Дисс... докт. пед. наук.: 13.00.02 - Челябинск, Просвещение, 1996. - 389 с.
7. Кудайкулов М.А. Дидактические проблемы формирования основ профессионально-методических умений у будущего учителя: дис. ... д.п.н.: 13.00.01. – Киев: КГПИ, 1975. – 453 с.
8. Көшербаев Қ.Е., Ахметов Ә.К., Әбілқасымов А.Е., Рахымбек Х.М. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. – Алматы: Білім, 1998. – 232 б.
9. Молдабекова М.С. Фундаментализация университетского образования в подготовке будущего учителя: дисс... докт. пед. наук. 13.00.08. – Алматы: АГУ, 2000. – 288 с.
10. Сыздықов О. Болашақ инженерлердің кәсіптік-технологиялық даярлығын жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед. ғыл. докт. дисс...: 13.00.08. – Алматы: АлМУ, 2002. – 411 б.

ӘОЖ 372.8:502

Куватова М.К.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ДҮНИЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ДҮНИЕНІҢ БІРТҰТАС КӨРІНІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларына тек жеке пәндік білім беру ғана емес, сонымен қатар олардың дүниетанымын, адам мен қоршаған орта арасындағы байланысты саналы түрде түсінуге баулу маңызды міндет болып табылады. Дүниетану сабағы – бұл үрдістің негізін қалайтын пәндердің бірі. Ол табиғат, адам, қоғам және олардың өзара байланыстары туралы бастапқы білім беріп, дүниенің тұтас бейнесін қалыптастырады.

Зерттеудің мақсаты:

Бастауыш сыныптағы дүниетану сабақтары арқылы оқушыларда дүниенің біртұтас көрінісін қалыптастыру жолдарын ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу.

Міндеттері:

Дүниетану пәнінің мазмұнын талдау арқылы оның интеграциялық әлеуетін анықтау;

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну;

Дүниенің біртұтастығын түсіндіруге бағытталған сабақ үлгілерін көрсету.

Зерттеудің теориялық негіздері.

Бастауыш білім берудің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Бұл міндет оқушының қоршаған орта туралы білімін жүйелеп, әлемді тұтас, бір-бірімен байланысты құбылыстар мен үдерістер жиынтығы ретінде түсінуіне бағытталады. Осыған орай, дүниенің біртұтас көрінісі ұғымын педагогикалық, философиялық және психологиялық тұрғыдан негіздеу қажеттілігі туындайды.

Дүниенің біртұтас көрінісін қалыптастыру ұғымы философиялық және педагогикалық тұрғыдан терең түсіндіріледі. Педагогикада бұл ұғым адамның табиғатпен, қоғаммен, өзін қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін жүйелі түрде түсінуі деп қарастырылады. Бұл түсінік В.А. Сухомлинский[1], Ш.А.Амонашвили [2],

Ж.А.Қараев[3] сынды педагог-ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттелген.

Дүниетану пәні – жаратылыстану, экология, тарих, география және адамгершілік тәрбиесі элементтерін қамтитын кешенді пән. Оның мазмұны түрлі пәндерді біріктіруге, оқушының қоршаған ортаны тұтас тануына мүмкіндік береді.

Табиғат құбылыстарын оқытуда экологиялық тәрбие мен адамгершілік түсініктерін біріктіру;

Тарихи тұлғалар туралы мәліметтерді қазіргі өмірмен байланыстыру;

Қоршаған ортаны қорғау туралы білім беру арқылы оқушының әлеуметтік жауапкершілігін арттыру.

Философия ғылымында дүние – бұл адамның санасынан тыс өмір сүретін, бір-бірімен өзара байланысты табиғи және әлеуметтік құбылыстар мен үдерістердің жиынтығы. Дүниенің біртұтастығы туралы идея антикалық философтардан бастап қазіргі заманғы ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Гераклиттің «бәрі ағыста» деген тұжырымы мен Аристотельдің «дүниенің ішкі үйлесімі» туралы пікірлері қазіргі кезде интеграциялық оқытудың идеялық негізі болып табылады. XX ғасыр философы Э. Фромм мен П. Тейяр де Шарден өз еңбектерінде адамның табиғатпен байланысының үзілмейтіндігін атап өткен. Педагогика ғылымында дүниенің біртұтас көрінісі ұғымы оқушылардың танымдық дамуы мен интеграцияланған білім беру үдерісімен тығыз байланысты. Бұл ұғым білім мазмұнын кіріктіру арқылы оқушыны тек жеке пәндер шеңберінде емес, әлемді тұтас жүйе ретінде қабылдауға бейімдеуді көздейді.

Ш.А.Амонашвили бастауыш білім берудің ізгілікті бағытына сүйене отырып, баланың қоршаған әлеммен үйлесімде өмір сүруін тәрбиелеуді ұсынған.

Ж.А.Қараевтың деңгейлік тапсырмалары арқылы оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту және табиғат пен қоғам арасындағы байланысты ұғындыру маңызды болып табылады.

В.А.Сухомлинский оқушыға дүниені сезіммен тану мен жан-жақты әсер алу арқылы қабылдаудың қажеттілігін ерекше атап өтеді. Ол білім тек ақпарат жинау ғана емес, өмірлік құндылықтарға жетелейтін құрал екенін көрсеткен.

Жас ерекшелік психологиясы тұрғысынан бастауыш сынып жасы — бұл баланың айналадағы әлемге деген танымдық қызығушылығының артып, алғашқы жалпылау мен салыстыру қабілеттерінің қалыптасатын кезеңі. Бұл жас кезеңіндегі балаларда:

бейнелі ойлау (көрнекі-бейнелік, көрнекі-әрекеттік), бақылағыштық, сұрақ қоюға бейімділік, себеп-салдар байланысын іздеу дағдылары дамиды.

Л.С. Выготскийдің «Жақын даму аймағы» теориясына сәйкес, балаға нақты тәжірибеге сүйене отырып, ғылыми түсініктерді меңгеруге мүмкіндік беру қажет[4]. Бұл жерде дүниетану сабағы оқушының табиғи қызығушылығын дамытушы құрал бола алады.

Ж. Пиаже балалардың логикалық ойлауы нақты операциялар кезеңінде (7–11 жас) дамитынын дәлелдеген[5]. Бұл кезеңде балалар себеп-салдар байланысын орната алады, бірақ олар үшін түсініктер нақты әрекетпен, бақылаумен байланысты болуы тиіс. Сондықтан дүниетану сабақтарында тәжірибелік жұмыстар, табиғат құбылыстарын бақылау, модельдеу сияқты әдістер кеңінен қолданылуы керек. Білім мазмұнын интеграциялау – оқушылардың әртүрлі пәндерден алған білімін өзара байланыстыру және оны шынайы өмірмен ұштастыру тәсілі. Интеграция негізінде:

-пән аралық байланыстарды орнату;

-оқушыға қоршаған әлем туралы тұтас көзқарас қалыптастыру;

-ойлау қабілетін дамытатын оқу тапсырмаларын қолдану жүзеге асады.

Мәселен, табиғатты зерттеу барысында оқушы географиялық, биологиялық және тарихи мәліметтерді бір сабақта қатар меңгере алады. Бұл тәсіл – олардың алған білімдерін тек жаттап қана қоймай, сол білімді түрлі өмірлік жағдайларда қолдана алу қабілетін дамытады.

Оқыту әдістері мен тәсілдері

Интеграцияланған сабақтар: Математика, әдебиеттік оқу, бейнелеу өнері пәндерімен кіріктірілген дүниетану сабақтары.

Жобалық әдіс: Оқушылар өз бетімен ақпарат іздеп, жобалар жасайды (мысалы, «Табиғатты қорғайық», «Менің туған өлкем»).

Тәжірибелік жұмыстар: Табиғатта бақылау жүргізу, экскурсиялар, зертханалық жұмыстар.

АКТ қолдану: Сандық ресурстар, анимациялар мен интерактивті тапсырмалар арқылы сабақтың мазмұнын тереңдету.

Практикалық-әдістемелік ұсыныстар.

Бастауыш сыныпта дүниенің біртұтас көрінісін қалыптастыру үшін келесі әдістемелік қағидаларды басшылыққа алу ұсынылады:

1. Пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру

Мәселен: Дүниетану сабағында экология тақырыбын өтіп, әдебиеттік оқуда табиғат туралы өлең оқыту, бейнелеу өнерінде табиғат көрінісін салдыру.

Бұл тәсіл оқушыда бір құбылысты бірнеше қырынан тануға мүмкіндік береді.

2. Жобалық оқыту әдісі

Топтық немесе жеке жобалар арқылы оқушылар өз бетімен ақпарат іздеуді, саралауды, байланыстыруды үйренеді.

Жоба мысалдары: «Менің ауылымның табиғаты», «Біздің мектеп – экобақ», «Табиғатты қорғайық» т.б.

3. Тәжірибелік және зерттеу жұмыстары

Оқушылардың табиғатпен тікелей байланысын арттыру үшін бақылау, тәжірибе жүргізу, экскурсия ұйымдастыру.

Көрнекілік және АКТ қолдану

Видеоматериалдар, интерактивті тапсырмалар, электронды ресурстар оқушының зейінін аударып, түсінігін тереңдетеді.

Құралдар: интерактивті тақта, Padlet, Kahoot, LearningApps.

5. Сыни ойлау технологияларын қолдану

«Ой қозғау», «Топтастыру», «Венн диаграммасы», «Болжау», «INSERT» сияқты әдістер оқушыны өз ойын еркін білдіруге баулиды.

Сабақ құрылымының үлгісі

Тақырыбы: Табиғат – тіршілік көзі

Сыныбы: 3-сынып

Сабақтың мақсаты:

Табиғаттың адам өміріндегі рөлін түсіну;

Табиғат пен адам арасындағы байланысты анықтау;

Табиғатты қорғауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Сабақтың типі: Жаңа білімді меңгерту

Сабақ түрі: Интеграцияланған (дүниетану + әдебиеттік оқу + бейнелеу өнері)

Әдістері: түсіндіру, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, тәжірибе, рефлексия

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Амандасу, оқушылардың көңіл-күйін анықтау

Топқа бөлу (мысалы: "Ауа", "Су", "Күн", "Топырақ")

II. Қызығушылықты ояту (Ой қозғау)

Мұғалім:

– Табиғат деген не?

табиғатта бізді не қоршайды? (Оқушылар жауабынан кейін тақырып ашылады)

III. Жаңа материалмен жұмыс

1. Дүниетану:

Табиғаттың адам өміріндегі рөлі туралы әңгіме

«Тірі және өлі табиғат» диаграммасын толтыру

Табиғи ресурстарды ажырату

2. Әдебиеттік оқу:

М.Мақатаевтың табиғат туралы өлеңін оқу
Табиғатқа арналған шағын өлең құрастыру

3. Бейнелеу өнері:

«Менің туған өлкем» тақырыбында сурет салу
Салған суретті қорғау

IV. Практикалық жұмыс (Тәжірибе)

Тақырыбы: «Су – тіршілік көзі»

Әр топқа бір стакан су, мақта, дән, ыдыс беріледі
Тапсырма: дәнді ылғал мақтаға салып, өсімдіктің өсуін күнделікті бақылау
Нәтижені күнделікке жазу

V. Қорытындылау (Рефлексия)

«Синквейн» әдісі (оқушылар табиғат туралы 5 жолды өлең құрастырады)
«Бағдаршам» әдісі арқылы өздерінің түсінгенін бағалау

VI. Үй тапсырмасы:

«Мен табиғатты қалай қорғаймын?» тақырыбында эссе жазу
Тірі табиғат бұрышын ұйымдастыруға қатысу.

Оқушыда дүниенің біртұтас көрінісін қалыптастыру – бастауыш білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Бұл ұғымды қалыптастыруға философиялық дүниетаным, педагогикалық әдістер мен психологиялық ерекшеліктер кешенді түрде ықпал етеді. Теориялық тұрғыдан негізделген бұл бағыт білім мазмұнының мазмұнды әрі тиімді болуына, ал оқыту процесінің өмірмен тығыз байланыста ұйымдастырылуына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Сухомлинский, В.А. Сердце отдаю детям/ В.А.Сухомлинский. – М.: Просвещение, 1977. – 380 с.
2. Амонашвили Ш.А. Гуманная педагогика/ Ш.А. Амонашвили. – М.: Гном-Пресс, 2003. – 256 с.
3. Қараев Ж.А. Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі / Ж.А.Қараев. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2010. – 144 б.
4. Выготский Л.С. Психология развития человека / Л.С.Выготский. – СПб.: Питер, 2006. – 432 с.
5. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка / Ж.Пиаже. – М.: Педагогика, 1994. – 240 с.

ӘОЖ: 37.018

Рауова Ә.Н.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ҚАЗАҚЫ ӘДЕПТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеу. Қазақ халқының бай рухани мұрасы, соның ішінде қазақы әдеп – жас ұрпаққа адамгершілік пен тәрбиенің негізін үйрететін іргелі ұғымдардың бірі. Әдеп – тек сыртқы мінез-құлық емес, сонымен қатар адам бойындағы кішіпейілділік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ар-ұят, жауапкершілік сияқты қасиеттердің жиынтығы. Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі оқу-тәрбие үдерісі ұлттық болмысты бойына дарытқан әдепті тұлға қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Қазақ халқының тәрбие жүйесінде әдеп ұғымы – адамгершілік қағидалардың негізі. С. Қалиев (2001) ұлттық тәрбиені ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен салттар арқылы берілетін рухани тәрбие деп сипаттайды[1]. Оның пікірінше, «обал», «сауап», «ар», «ұят» сынды ұғымдар қазақы әдептің басты тіректері болып табылады.

Қ.Жарықбаев (1995) қазақы әдепті қалыптастыруда ауыз әдебиетінің, отбасы тәрбиесінің, үлгі көрсету арқылы берілетін тәлімнің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді[2]. Оның пікірінше, ұлттық тәрбиенің негізі – ұлттық психология мен дүниетанымды баланың сана-сезіміне сіңіруде жатыр.

Ә.Айтмамбетов (2018) ұлттық құндылықтарды білім мазмұнына кіріктіру – заманауи тәрбиенің басты шарты екенін айтады[3]. Әдептілік пен кішіпейілділік сияқты қасиеттер тек тәрбие сағаттарында ғана емес, күнделікті білім беру үдерісінде де орын алуы қажет.

Ш.Нұрмұхамедұлы (2010) мектептегі тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын халық педагогикасына негіздеудің тиімділігі туралы айтады[4]. Оның пікірінше, әдеп – рухани-адамгершілік тәрбиенің діңгегі және оны қалыптастыруда мұғалімнің өнегелі тұлғасы, тәрбиелік орта мен дәстүрлі танымға негізделген әдістер маңызды рөл атқарады.

Көп ұлтты және көп салалы халықтың өкілі Ретінде Қазақстан дәстүрлі түрде отбасылық құндылықтарға үлкен мән береді, онда неке тек жеке таңдау ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік міндет болып саналады. Отбасы әрқашан ұлттық бақыт пен тұрақтылықтың негізі болып саналды. Неке жеке адамдар арасындағы шешім ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік міндеттемелерді орындау ретінде де қарастырылады.

Қазіргі қоғамда отбасы құрылымындағы өзгерістер, оның ішінде ажырасу

санының көбеюі, ата-аналық қатынастарды қайта қарауды қажет етеді. Ажырасу – тек заңды акт ғана емес, ол ата-аналар мен балалар үшін терең психоэмоционалдық күйзеліс тудыратын күрделі өмірлік кезең. Осындай жағдайда ата-аналар арасындағы байланыс үзіліп, бала екі ортада қалып қояды. Бұл жағдай баланың психологиялық саулығына және әлеуметтік бейімделуіне теріс әсер етуі мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, ажырасқан отбасыларда баланың дамуына жағымсыз факторлар көбірек кездеседі: ата-аналар арасындағы дау-дамай, қарым-қатынастың үзілуі, материалдық қиындықтар. Сондықтан қазіргі таңда кәсіби көмек көрсету – отбасы институтын қолдаудың маңызды тетігіне айналып отыр. Бұл мақалада ата-аналарға көрсетілетін психологиялық, әлеуметтік және медиациялық көмектің теориялық негіздері мен тәжірибелік нәтижелері сараланады.[2]

Постажырасу кезеңі – ата-аналар үшін жаңа өмір жағдайына бейімделу уақыты. Бұл кезде тек тұрмыстық және экономикалық жағдайлар ғана емес, ата-аналық рөлдер мен жауапкершілік те қайта қарастырылады. Баланың екі ата-анасымен де қарым-қатынасы үзілмеуі үшін ата-аналар арасында келісім мен өзара түсіністік болуы шарт.

Көп жағдайда ажырасқаннан кейін ата-аналар арасындағы кері қатынас жалғасып, бір-бірін айыптау, кек сақтау сияқты жағдайлар орын алады. Бұл әсіресе бала тәрбиесіне тікелей әсер етеді. Мұндай шиеленісті шешу үшін кәсіби мамандардың қатысуы қажет.

Ажырасу жағдайынан кейінгі кезеңде ата-аналарды қолдаудың бірнеше кәсіби бағыттары бар: психологиялық, медиациялық және әлеуметтік қызметтер.

Психологиялық көмек. Ажырасу кезеңінде ата-аналардың эмоционалдық күйі тұрақсыз болады. Бұл олардың ата-аналық міндеттеріне әсер етіп, баламен байланыс орнатуға кедергі келтіруі мүмкін. Психологтар ата-аналармен жеке және топтық кеңес беру арқылы олардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, ішкі ресурстарын табуға көмектеседі. Сонымен қатар, бала психологиясына қатысты түсінік беру арқылы ата-аналық қарым-қатынасты тиімді етуге ықпал етеді. Отбасылық өмірдің бұзылуы – адамның психикасына терең әсер ететін әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Ажырасу кезінде ата-аналар күйзеліске ұшырап, бұрынғы тұрақты өмір салтының өзгеруіне бейімделуде түрлі қиындықтарды бастан өткереді. Бұл эмоционалдық тұрақсыздық олардың ата-аналық жауапкершілігін толыққанды орындауына кедергі келтіруі ықтимал. Мұндай жағдайда кәсіби психологиялық қолдау – жағдайды реттеудің басты жолдарының бірі болып табылады.

Психолог мамандар ата-аналарға ажырасудың психологиялық әсерлерін түсіндіріп, олардың ішкі эмоциялық шиеленістерін жеңуге көмектеседі. Бұл жеке консультациялар арқылы жүзеге асады, сонымен қатар кей жағдайларда топтық терапия әдістері де қолданылады. Топтық жұмыс барысында ата-аналар бір-бірінің тәжірибесімен танысып, өздерінің ішкі күйзелістерімен бөлісіп, эмоционалды қолдау таба алады.

Психологтың жұмысы келесі бағыттарды қамтиды:

- Ажырасудың баланың психикасына ықпалын түсіндіру;
- Ата-аналық қарым-қатынасты сақтаудың маңызын жеткізу;
- Қиын эмоцияларды басқару әдістерін үйрету;
- Өзін-өзі қолдау стратегияларын қалыптастыру;
- Бала мен ата-ананың арасындағы байланыс механизмдерін күшейту.

Бұған қоса, психологтар балалармен де жеке жұмыс жүргізіп, олардың ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді, эмоционалдық реакцияларды анықтайды.[3] Бұл жұмыс ата-аналарға баласының ішкі күйін дұрыс түсінуге және оған қолдау көрсетуге көмектеседі.

Қазақстандағы мектептер мен бала бақшаларда психолог мамандар саны артып келеді. Қалалық психологиялық қызметтер арқылы ата-аналар тегін кеңес алып, ажырасу кезеңіндегі қиындықтарды еңсеруге нақты көмек ала алады. Бұл – отбасылық институтты қолдауға бағытталған маңызды қадам.

Медиация қызметі. Медиация – тараптардың бейтарап маман көмегімен өзара тиімді шешімге келуін көздейтін заманауи әдіс. Ата-аналар арасындағы дауларды соттан

тыс шешу арқылы баланың мүддесін қорғауға мүмкіндік туады. Медиация арқылы ата-аналар ортақ келісімге келіп, бала үшін жауапкершілікті бөліседі. Медиациялық үдеріс кезінде тараптар агрессиясыз ортада өз пікірлерін еркін білдіріп, өзара келісімге келуге талпынады. Медиатордың міндеті – келіссөз жүргізу мәдениетін қалыптастыру және екі жақтың да пікірін ескеріп, ортақ шешім табуға ықпал ету. Ата-аналар арасында келесі сұрақтар бойынша келісімдер жасалады:

- Баланың кіммен тұратыны;
- Кездесу жиілігі мен уақыты;
- Материалдық қолдау және алимент төлеу тәртібі;
- Бірлескен тәрбиелеу стратегиясы.

Медиация отбасындағы шиеленістің деңгейін төмендетіп, ата-аналар арасында өзара түсіністікті қалыптастырады. Бұл – баланың психологиялық қауіпсіздігін сақтаудың тиімді жолы.[4]

Қазақстанда медиация саласы заңнамалық негізде дамып келеді. "Медиация туралы" ҚР Заңы аясында арнайы мамандар дайындалып, қалалар мен аудандарда медиациялық орталықтар ашылып жатыр. "Татуласу орталықтары", "Отбасылық кеңес беру кабинеттері" сынды мекемелердің қызметі ата-аналарға қолжетімді бола бастаған. Практика көрсеткендей, осындай орталықтарда қол жеткізілген келісімдер көбінесе ұзақ мерзімге созылады әрі сот шешімдеріне қарағанда тиімдірек нәтиже береді.

Әлеуметтік қызмет. Әлеуметтік жұмыс отбасы мен баланың қоршаған ортамен байланысын үйлестіруге бағытталады. Әлеуметтік қызметкер ата-аналарға заңдық, қаржылық, ақпараттық көмек көрсетіп, оларды қажетті қызметтермен байланыстырады. Бұл қызмет ата-аналардың әлеуметтік ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін арттырады.

Соңғы жылдары Қазақстанда отбасылық медиация институты дамып келеді. Мәселен, Алматы қаласындағы "Бақытты отбасы" орталығы ұйымдастырған медиациялық және психологиялық тренингтерге қатысқан ата-аналар арасында қанағаттану деңгейі жоғары болған. Қатысушылардың 80%-ы бала тәрбиесіне қатысты қарым-қатынастың жақсарғанын атап көрсеткен.

Сондай-ақ, өңірлік отбасылық кеңес беру орталықтары арқылы ата-аналар психологиялық тұрақтылыққа қол жеткізіп, ата-аналық серіктестік орнату дағдыларын дамыта алған. Бұл тәжірибелер кәсіби көмек көрсету жүйесінің тиімділігін дәлелдейді.[5]

Ажырасудан кейінгі ата-аналық қатынастарды қолдау – бала мүддесін қорғаудың негізі. Кәсіби көмек көрсету қызметтері – психологтар, медиаторлар, әлеуметтік қызметкерлер тарапынан көрсетілетін кешенді қолдау – отбасындағы қарым-қатынасты сақтап қалуға, баланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстандық тәжірибе кәсіби қолдаудың нәтижелілігін көрсетті. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды кеңейтіп, өңірлік және ұлттық деңгейде қолжетімді қызметтер желісін қалыптастыру қажет. Мемлекеттік қолдау мен кәсіби кадрлар даярлау – осы саладағы басты басымдық болуға тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Жамантайқызы А. (2020). Отбасылық психология: теория және тәжірибе. — Алматы: Білім.
2. Назарбаева Д. Р. (2021). Ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтар. — Астана: "Отбасы институты".
3. Мұратқызы Л., Омаров Б. (2022). Постажырасу кезеңіндегі психологиялық кеңес беру тәжірибесі // Психология және әлеуметтік жұмыс, №4, 45–52 б.
4. Moore, M., McIntosh, J. (2019). Family Transitions and Mediation Practice. — Melbourne: Children in Focus Foundation.
5. ҚР "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексі. — Астана, 2021.

**ЕСТУ АППАРАТЫ МЕН КОХЛЕАРЛЫ ИМПЛАНТ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА
АРНАЛҒАН СӨЙЛЕУДІ ТҮЗЕТУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ**

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметтері бойынша, әлемде 430 миллионнан астам адам есту қабілетінен зардап шегеді, олардың ішінде 34 миллионға жуығы – балалар. [1] Қазақстанда да есту қабілеті бұзылған балалардың саны жыл сайын артып келеді. Соның нәтижесінде бұл балаларды қоғамға бейімдеу мен қарым-қатынас дағдыларын дамыту – білім беру жүйесінің өзекті мәселесіне айналады. Есту аппараты мен кохлеарлы имплант сияқты заманауи технологиялар балаларға дыбыстарды естуге мүмкіндік берсе де, сөйлеу дағдылары өздігінен қалыптаспайды. Сондықтан мұндай балалармен жүйелі түрде сөйлеуді түзету жаттығуларын жүргізу қажет. Мысалы, артикуляция, фонематикалық қабылдау және интонацияны дамыту жаттығулары сөйлеудің сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл бағытта зерттеу жүргізу – арнайы педагогика саласында үлкен мәнге ие.

Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеуін дамыту – логопедтердің, сурдопедагогтардың және ата-аналардың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Қазіргі таңда есту қабілетін қалпына келтірудің заманауи технологиялары – есту аппараты мен кохлеарлы имплантация – көптеген балаларға қоршаған ортаның дыбыстарын естуге мүмкіндік береді. Дегенмен, тек есту құрылғыларын пайдалану сөйлеу дағдыларын автоматты түрде дамытпайды. Сондықтан арнайы түзету жаттығулары қажет.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, есту қабілеті бұзылған балаларда сөйлеуді қалыптастыру күрделі әрі ұзақ процесс болып табылады. Олар дыбыстарды ажыратуда, дұрыс артикуляциялауда, сөйлем құрастыруда, сөйлеу ырғағын сақтауда қиындықтарға тап болады. Осы орайда, арнайы түзету жаттығуларының кешені арқылы олардың сөйлеу дағдыларын жақсартуға болады. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – есту аппараты мен кохлеарлы имплант пайдаланушыларға арналған сөйлеуді түзету жаттығуларының тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру.

Зерттеу мақсаты. Есту қабілеті бұзылған 8-сынып оқушыларының сөйлеуін дамытуға бағытталған арнайы жаттығулардың тиімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- 1) Есту қабілеті бұзылған жасөспірімдердің сөйлеу ерекшеліктерін анықтау;
- 2) Сөйлеуді түзетуге арналған арнайы жаттығулар кешенін дайындау және енгізу;
- 3) 3 апта бойы жүргізілген тәжірибенің нәтижелерін талдау;
- 4) Нәтижеге сүйеніп, басқа педагогтарға ұсыныстар беру;

Есту қабілеті бұзылған жасөспірімдердің сөйлеу ерекшеліктері

Есту қабілеті бұзылған балалар мен жасөспірімдер көбінесе келесі қиындықтарға тап болады:

Дыбыстарды дұрыс айтпау – әсіресе ызың және ұяң дауыссыз дыбыстарды айтуда қиындықтар кездеседі (мысалы, «ш», «ж», «з» дыбыстары).

Сөйлеу ырғағының бұзылуы – сөйлемдер монотонды айтылып, дұрыс екпін қойылмайды.

Қиын сөздерді қолданбау – жаңа сөздерді есте сақтау мен қолданудағы қиындықтар байқалады.

Интонацияның біркелкілігі – эмоция жеткізуде шектеулілік байқалады.

Сөйлеуді түзету жаттығулары

Тәжірибе барысында оқушыларға келесі жаттығулар ұсынылды:

Артикуляциялық жаттығулар:

- «Тілді жаттықтыру» – тілді жоғары-төмен, оңға-солға қозғалту арқылы сөйлеу мүшелерінің бұлшықеттерін дамыту.

- «Жел» – ауыздан ауа шығару арқылы дауыссыз дыбыстарды айту, мысалы, «ф», «с», «ш».

- «Айна алдында жаттығу» – сөздерді дұрыс артикуляциямен айтуға арналған жаттығулар.

Фонематикалық қабылдауды дамыту:

- «Дыбысты тап» ойыны – белгілі бір дыбысты тыңдап, оны сөйлем ішінде анықтау.

- «Жасырын дыбыс» ойыны – берілген буындар ішінен жоғалған дыбысты анықтау. [2]

Лексикалық қорды кеңейту:

- «Суреттен әңгіме құрастыр» – оқушыларға берілген сурет бойынша сөйлемдер құрастыру.

- «Сөздер шеңбері» – бір тақырыпқа байланысты сөздерді тізбектеп айту.

Интонацияны дамыту жаттығулары:

- Өртүрлі сөйлемдерді эмоциямен айту (қуаныш, таңданыс, мұңды көңіл-күй).

- Өлеңдерді дауыс ырғағын сақтап айту.

Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту – ұзақ әрі кешенді тәсілді талап ететін үрдіс. Теориялық талдаулар негізінде анықталған сөйлеу бұзылыстарының ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы түзету жаттығуларының тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру маңызды. Осы мақсатта 8-сыныпта оқитын есту аппараты мен кохлеарлы имплант пайдаланушы оқушылармен тәжірибелік жұмыс жүргізілді. Жаттығулар сөйлеудің бірнеше компонентін (артикуляция, фонематикалық қабылдау, лексикалық қор, интонация) қамтыды. Бұл бөлімде аталған жаттығулардың мазмұны, жүргізілу әдістемесі және олардың нәтижелері сипатталады. Тәжірибе Павлодар қаласындағы №1 арнайы мектеп-интернатында өткізілді. Зерттеуге 8-сыныпта оқитын 3 оқушы қатысты және 3 апта бойы жүргізілді.

1 кесте - Өткізілген тапсырмалар жинағы.

№	Тапсырма атауы	Мақсаты	Өткізілуі	Нәтижесі
1	«Дыбысты тап»	Фонематикалық естуді дамыту, дыбысты ажырату	Мұғалім сөздерді оқиды, оқушылар берілген дыбысты сөз ішінен табады	Дыбыстарды тану дағдылары дамыды фонематикалық қабылдау жақсарды
2	«Жасырын дыбыс»	Буындардан немесе сөздерден түсіп қалған дыбысты табу	Оқушы жетіспейтін дыбысты сөз ішінен анықтайды: «_ала»→ «бала»	Сөз құрылымын тану жақсарды, дыбыстық талдау дағдысы дамыды
3	«Сөздер шеңбері»	Сөздік қорды кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту	Белгілі бір тақырыпқа байланысты сөздерді кезекпен айту	Тақырыптық лексикасы артты, жаңа сөздерді қолдану дағдысы дамыды
4	«Суретпен сөйле»	Сөйлем құрау, байланыстырып сөйлеуді дамыту	Сурет бойынша сөйлем немесе әңгіме құрастыру	Сөйлеудің мазмұндылығы артты, лексикалық және синтаксистік дағдылар жетілді

5	«Эмоциямен сөйле»	Интонацияны, сөйлеу мәнерін дамыту	Бір сөйлемді әртүрлі эмоциямен айту (қуанышпен, мұңмен, т.б.)	Интонациялық өрнек жақсарды, сөйлеу монотондығы азайды
6	«Өлеңмен жұмыс»	Сөйлеу ырғағы мен дауыс екпінін дамыту	Өлеңдерді хормен және жеке оқу, дұрыс интонацияны қайталау	Дауысты еркін қолдану дағдысы дамыды, сөйлеуге сенімділік пайда болды

2 кесте - Тәжірибе туралы ақпарат.

Оқушының аты	Жасы	Диагноз	Аппарат түрі	Бастапқы сөйлеу деңгейі	3 аптадан кейінгі нәтиже
Егор	14 жас	Туа біткен керендік	КИ	Дыбыстарды ажырата алады, бірақ толық сөйлем құруда қиындықтары бар	Қарапайым сөйлемдер құра бастады
Милана	13 жас	Есту қабілеті орташа төмендеген	Есту аппараты	Кейбір дыбыстарды дұрыс айтпайды, интонациясы монотонды	Дыбыстарды нақтырақ айтып, интонацияны қолдана бастады
Ильяс	14 жас	Туа біткен есту бұзылысы	КИ	Қысқа сөйлемдер құрайды, бірақ сөздік қоры шектеулі	Сөздік қоры кеңейіп, сөйлемдері күрделене түсті

Үш апта бойы жүргізілген түзету жаттығулары оқушылардың сөйлеуінде айтарлықтай ілгерілеу байқалғанын көрсетті.

- Егор толық сөйлемдер құруға дағдылана бастады.
- Милана дыбыстарды дұрыс айтып, сөйлеу ырғағын сақтай алды.
- Ильяс жаңа сөздерді белсенді түрде қолданып, сөйлемдерді күрделендірді.

Осылайша, жүйелі түрде жүргізілген сөйлеуді түзету жаттығулары қысқа мерзім ішінде оң нәтиже берді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері есту аппараты мен кохлеарлы имплант пайдаланушы оқушылармен жүйелі түрде жүргізілген арнайы сөйлеуді түзету жаттығуларының жоғары тиімділігін көрсетті. Үш аптаға созылған тәжірибелік жұмыста фонематикалық қабылдау, артикуляция, лексикалық қор және интонациялық сөйлеу дағдылары бағытында жүргізілген тапсырмалар оқушылардың сөйлеу әрекетінде оң өзгерістерге алып келді. Атап айтқанда, балалардың дыбыстарды ажырату қабілеті артып, сөйлем құрау кезінде сөздерді орынды қолдану жиілеп, интонацияны дұрыс қолдануға деген ұмтылысы байқалды. Сонымен қатар оқушылардың сөйлеуге деген сенімділігі артты, сөйлеу кезінде өз ойын жеткізуге белсенділіктері күшейді.

Сөйлеуді түзету бойынша ұсынылған жаттығулар кешені оқушылардың сөйлеу тілінің барлық негізгі компоненттерін – дыбыстау, мағына, ырғақ, сөздік қор – кешенді

түрде дамытуға мүмкіндік берді. Бұл жаттығулар арнайы білім беру ұйымдарына енгізілсе, мұғалімдердің түзету жұмыстарына тиімді құрал ретінде қызмет атқара алады.

Педагогтарға арналған ұсыныстар:

1. Түзету жаттығуларын ұзақ мерзімді бағдарлама ретінде енгізу. 3 апта ішінде жақсы нәтижелер байқалды, алайда тұрақты жетістіктерге жету үшін жаттығуларды кемінде 6 ай бойы жүйелі түрде жүргізу қажет.

2. Ата-аналар мен мұғалімдерді түзету жұмысына тарту. Оқушылар мектепте ғана емес, үйде де сөйлеу жаттығуларын жалғастыруы маңызды.

3. Заманауи технологияларды пайдалану. Сөйлеуді дамытуға арналған мобильді қосымшалар мен аудио-визуалды құралдарды қолдану балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыруы мүмкін.

4. Жекелендірілген тәсілді қолдану. Әр баланың сөйлеу ерекшелігіне қарай жеке жұмыс жоспарын құру ұсынылады.

Қорытындылай келе, мұндай жаттығуларды арнайы педагогикалық тәжірибеге тұрақты түрде енгізу – есту қабілеті бұзылған балалардың тек сөйлеу дағдыларын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік және академиялық бейімделуін де арттырады. Бұл зерттеу сөйлеуді түзету жаттығуларының есту аппараты мен кохлеарлы имплант пайдаланушы балалар үшін маңызды екенін көрсетті. Егер бұл жаттығулар ұзақ мерзімді және жүйелі түрде қолданылса, есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу дағдылары едәуір жақсаратыны анық. Яғни, олар айналасымен еркін қарым-қатынас орнатып, мектепте және күнделікті өмірде өз мүмкіндіктерін толық пайдалануға жол ашады. Сөйлеу дамуы – олардың тұлғалық, эмоционалдық және когнитивтік дамуының негізі болғандықтан, бұл бағыттағы жұмыстарды үнемі жетілдіріп отыру – арнайы педагогтердің, логопедтердің және ата-аналардың басты міндеттерінің бірі болуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://www.who.int/publications/i/item/world-report-on-hearing>
2. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Логопедия бойынша әдістемелік нұсқаулар. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 150 б.
3. Назарова З.М. Сурдопедагогика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 280 б.
4. Айдарбекова Г.С. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеуін дамыту. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 225 б.
5. Леонтьев А.А. Психолингвистика: теория и практика. – Москва: Академия, 2018. – 320 б.

ӨОЖ 158.3

Утилова А.М., Науқан Д.Б

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Павлодар қ. Қазақстан*

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДА АУДИО-БЕЙНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың аясында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың, оның ішінде есту қабілеті бұзылған оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Мұндай балалардың тілдік дамуы кешігіп жүреді, бұл олардың оқу үлгеріміне, қарым-қатынас жасау дағдыларына және әлеуметтенуіне кері әсер етеді. Заманауи білім беру

технологияларының ішінде аудио-бейне құралдар балалардың назарын шоғырландырып, материалды визуалды әрі есту арқылы қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл әдістер оқушыны белсенді әрекетке итермелейді және сөйлеу тілінің дамуын тездетеді [1].

Зерттеу барысында арнайы оқу бағдарламасында аудио-бейне құралдарды жүйелі түрде қолдану арқылы есту қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тіліне оң әсер ететіні дәлелденді. Бұрынғы зерттеулерде мұндай құралдар эпизодтық түрде қолданылған болса, бұл мақалада олар мақсатты, құрылымды түрде енгізілді.

Эксперимент Павлодар қаласындағы №1 арнайы мектептің 1-сыныбында жүргізілді. Эксперименттің мақсаты — аудио-бейне техникалық құралдарды қолдану арқылы есту қабілеті бұзылған оқушылардың сөйлеу тілін дамытудағы тиімділікті анықтау. Зерттеуге есту қабілеті жеңіл дәрежеде бұзылған 1 оқушы қатысты. Зерттеу үш кезеңнен тұрды: констатациялық, қалыптастырушы, бақылау (қорытынды).

1- кезең — Констатациялық кезең

Бұл кезеңде оқушының сөйлеу тілі дамуының бастапқы деңгейі зерттелді. Қолданылған әдістер:

- Сөйлеу тілін диагностикалау (дыбыстарды айту, сөздік қоры, сөйлем құрау)
- Арнайы логопедиялық тексеру

ТАӘ: Дамир

Жас: 7

Сынып: 1«Б»

Диагноз: Есту қабілетті бұзылуы, есту аппараты жоқ.

Қыркүйек айында өткізген диагностика бойынша оқушыда осындай көрсеткіш байқалды.

Дыбыс тар	Х	Г	Т	Д	Ш	Ж	Щ	Й	Ю	Я	Ё	Ескерту
1 тоқсанны басы	-	-	-	+	+	+	+	+	+	+	-	х,г,д,ж.
Дыбыстар 1 тоқсанны басы	А	О	У	Э	И	М	Н	Р	Б	С	Ескерту	
	-	+	+	+	+	+	+	+	-	-	Н,л,р,з.	

1-сурет. Оқушының дыбыстарды айтылуы 2024.09.15



1-диаграмма. Оқушының дыбыстарды айтылуы көрсеткіші 2024.09.15

Қалыптастырушы кезең 1 ай бойы өтті. Аптасына 2 рет, 20 минуттан түзету сабағы жүргізілді. Бұл кезеңде аудио-бейне техникалық құралдар белсенді қолданылды:

Қолданылған құралдар: ArtikMe ақылды айна Бейнематериалдар: сюжетті қысқа бейнероликтер, мультфильмдер, мимика мен артикуляцияны дамыту видеолары.

ArtikMe ақылды айна "Балаларға арналған инновациялар" компаниясы әзірлеген логопедия, педагогика және психологиядағы жаңа құрал. Бұл аналогтары жоқ даму. Педагогтар, логопедтер және әдіскерлер тобы сөйлеу, когнитивтік және эмоционалдық дамуында проблемалары бар балалармен түзету жұмыстарына арналған кешен әзірледі [2].

Сабақ құрылымы келесідей болды:

ArtikMe ақылды айнаны қолданып



2-сурет. ArtikMe ақылды айна.

Дыбыстық жаттығу (фонематикалық естуді дамыту).

1. Қысқа бейнематериал арқылы әңгімені тыңдау. Ақылды айнадан қысқа бейнематериал көрсетіледі мысалы «Бауырсақ» ертегісі, бала видеоны мұқият қарап, тыңдайды.

2. Сюжет бойынша сұрақтарға жауап берді. Видеодан кейін айна сұрақтар қояды: Басты кейіпкер кім?, алдымен не болды?, соңы қалай аяқталды?

3. Бейнематериалдағы диалогтарды қайталады.

Айна диалогтарды бөліп көрсетіп, баладан қайталауды сұрайды

4.Интерактивті тапсырмаларды орындады,дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату,сөздерді буынға бөлу.

Оқшауланған дыбысты автоматтандыру тапсырмасы.

Дыбысты автоматтандыру – бұл дыбыстың дұрыс емес дыбыстық қосылысын түзету кезеңі, дыбыстың біртұтас сөйлеуде дұрыс айтылуын қалыптастыруға арналған.Дыбысты автоматтандыру дегеніміз-оны буындарға, сөздерге, сөйлемдерге, біртұтас сөйлеуге енгізу. Физиологиялық тұрғыдан алғанда, дыбысты автоматтандыру кезеңі әртүрлі сөйлеу материалдарына шартты рефлекторлық сөйлеу-қозғалтқыш байланыстарын бекіту болып табылады. Орнатылған дыбыс әлі де өте нәзік және арматурасыз шартты рефлекторлық байланыс тез бұзылуы мүмкін.Жеткізілген дыбысты автоматтандыруға бала оны ұзақ немесе бірнеше рет қайталағанда оқшауланған түрде дұрыс және [3] анық айтқан кезде ғана өтуге болады. Ешбір жағдайда буындар мен сөздерге әлі анық айтылмайтын дыбысты енгізуге болмайды,

өйткені бұл тек дұрыс емес дағдыларды бекітуге әкеледі және айтылымды жақсартуға мүмкіндік бермейді. Дыбыстық айтылу ақаулары бар балаларда сөздердің, сөйлемдердің және т. б. дұрыс айтылмауының стереотиптері бекітілген.

- Оқшауланған дыбыстың дұрыс айтылуын бекіту [P].
- Мақсаттар болды, дыбыстың дұрыс айтылуын қалыптастыру;
- сөйлеу есту, сөйлеу тынысын дамыту;
- ерікті зейінді дамыту.

Ойын кейіпкерінің қимыл жасауы үшін бала микрофонға анық, оқшауланған дыбыс шығарды.

Ережелер: балаға басты кейіпкер қозғала бастауы үшін микрофонға [P] дыбысын айту керек. Параметрлерде ойынның ұзақтығы таңдалды: жеңіл - 5 қадам, орташа-7 қадам, күрделі 10 қадам.

Тапсырмалар күрделінеді.

Шолу: Біздің кішкентай жолбарыс анасынан айырылды. Оған анасын табуға көмектесейік және оны джунгли арқылы өткізейік. Ол үшін [P] дыбысты айтты.

Келесі жаттығу:

«[с'] дыбысы бар суреттерді "С" әрпіндегі вагонға орналастырды. Ал [з'] дыбысы бар суреттерді "З" әрпіндегі вагонға орналастырды.»

"Ақылды айна"көмегімен дыбысты айту сабағынан кейінгі баланың өзгеруі*
Артикуляцияны жақсарты

- Еріннің, тілдің және жақтың қозғалысы дәлірек және дәйекті болды.
- Бала күрделі дыбыстар үшін артикуляциялық позицияларды дұрыс қалыптастыруды үйренді.

Дұрыс айтылымға қол жеткізді.

- Бұрын бұрмаланған немесе ауыстырылған дыбыстар дұрыс айтыла бастады.
- Ұқсас дыбыстардың, мысалы, ысқырған және ысқырған дыбыстардың дифференциациясы жақсарды.

Сөйлеуде зейінді арттырды.

- Айнадағы визуалды кері байланыс арқылы бала дыбыстарды айтқан кезде аузы, тілі мен ерні қалай қозғалатынын түсіне бастады.

- Ол қателіктерді өз бетінше байқап, түзетуді үйренді.

Есту қабілетін дамытты.

- Бала есту дыбыстарын жақсы ажырата бастады және оларды дұрыс артикуляциямен салыстыра бастады.

- Өз сөзінің дыбысын өзін-өзі бақылау қабілеті жақсарды. Дыбыстарды автоматтандыру жылдамдығы өзгерді.

Дыбысты айтудағы ақаулар біртіндеп азайды, мысалы, ашуланшақтық, мұрын немесе айтылу кезінде шамадан тыс шиеленіс.

Жалпы сөйлеуді жақсартты.

- Баланың сөйлеуі тегіс, мәнерлі және түсінікті болды.
- Сөздер мен сөз тіркестері айқынырақ және құрылымды бола бастады.

"Ақылды айна" сабақтары дыбыстың айтылуын түзетуге ғана емес, сонымен бірге сенімділікті, өзін-өзі бақылауды және оқуға деген ынтаны дамытуға ықпал етеді. Бала сөйлеуде тезірек жетістікке жетеді, бұл оның қарым-қатынасы мен жалпы дамуына оң әсер етеді. Жалпы бүкіл өткізілген практикалық жұмыс бойынша осындай қорытынды жасадым:Оқушы«Н, Л, Р, З, Х, Г, Ж» дыбыстарды дұрыс әрі нақты айтуға үйренген. Бірақ «Д, В, Ш, Ё»дыбыстарды айту әлі үйрену үстінде. Дауыс темпі қалыпты деңгейге түсті.

Дыбыстар	А	О	У	Э	И	Ы	Н	М	Н	Л	Р	Б	С	З	К	Ескерту
2тоқсанның аяғы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	

Дыбыстар	Х	Г	Г	Д	В	Ф	Ш	Ж	Щ	Ч	Ц	Й	Ю	Я	Е	Е	Ескерту
2тоқсанның аяғы	+	+	+	-	-	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	д,в,щ,ё

3-сурет. Оқушының дыбыстарды айтылуының қорытындысы



2-диаграмма. Оқушының дыбыстарды айтылуы қорытынды көрсеткіші.

Қорытынды. Есту қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамыту – қазіргі инклюзивті білім беру жүйесінде маңызды мәселелердің бірі. Бұл үдерісте аудио-бейне техникалық құралдарды тиімді қолдану оқушылардың сөйлеу және қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруде үлкен рөл атқарады. Зерттеу барысында анықталғандай, осындай құралдарды жүйелі түрде пайдалану тек оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың психологиялық және эмоционалдық дамуына да оң әсер етеді.

Аудио-бейне техникалық құралдар оқыту материалдарын визуализациялау арқылы оқушылардың ақпаратты қабылдау және есте сақтау қабілетін арттырады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бейнематериалдар мен аудиожазбалар оқушылардың назарын аударып, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, бұл әдіс балалардың сөздік қорын байытуға, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында есту қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамыту мәселелері қарастырылды. Курстық жұмыстың басты мақсаты – аудио-бейне техникалық құралдардың оқыту үдерісіндегі тиімділігін анықтау және оларды қолдану әдістемесін ұсыну болды. Зерттеу нәтижелері бұл мақсатқа толықтай қол жеткізілгенін көрсетті.

Мұғалімдерге менің ұсыныстарым:

- Аудио-бейне құралдарды жүйелі қолдану;
- Есту қабілеті бұзылған оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда аудио-бейне құралдарды сабақтың әр кезеңіне кіріктіру маңызды. Мысалы, жаңа сөздерді үйрету

кезінде бейнежазбалар, дыбыстарды ажырату жаттығуларына арналған аудио материалдар қолданылса, баланың қабылдауы мен қызығушылығы артады;

- Жекелеген оқу бағдарламаларын бейімдеу;
- Мұғалімдер оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен деңгейін ескере отырып, бейне және аудио материалдарды таңдап, сараланған тапсырмалармен жұмыс жүргізуі тиіс. Бұл баланың сөйлеу тілін белсенді дамытуға мүмкіндік береді;
- Кері байланыс беру мен қадағалау.

Аудио-бейне құралдар арқылы оқушының сөйлеу тілін жазып алып, оны кейін талдау – кері байланыс берудің тиімді жолы. Мұғалімдер бұл тәсілді жүйелі түрде қолданса, баланың сөйлеуіндегі ілгерілеуді нақты бақылауға мүмкіндік туады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұқанова Қ. «Дамуында ауытқуы бар балалардың тілін дамыту». – Алматы: Арман, 2020.
2. Әубәкірова А. «Сөйлеу тілінің патологиясы және түзету әдістері». – Астана: НұрПринт, 2019.
3. Мейірманова Л. «Инклюзивті білім беруде мультимедиа қолдану». – Білім. Ғылым.Тәжірибе, 2022.

УДК 371.8:5

Шарипова Г.К.

*Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова,
г.Уральск, Казахстан*

ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ: ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Современная образовательная практика требует от педагога поиска эффективных методов мотивации учащихся. Особенно это актуально на этапе начального образования, когда закладываются основы отношения ребёнка к учению. Предмет естествознания, будучи интегративной дисциплиной, требует не только понимания научных основ, но и поддержания устойчивого интереса к природе и окружающему миру. Одним из эффективных средств формирования и повышения учебной мотивации у младших школьников являются игровые технологии, имеющие мощный психологический потенциал воздействия. Учебная мотивация — это совокупность побуждений, направляющих и поддерживающих учебную деятельность. Согласно Л.С.Выготскому, мотивация в начальной школе формируется в контексте деятельности и общения [1]. Д.Б. Эльконин и В.В.Давыдов подчеркивали важность личностного смысла учебной деятельности и ее эмоциональной насыщенности для формирования мотивационной сферы ребенка[2,3].

Учёные и исследователи психологи которые внесли значительный вклад в изучение влияния игровых технологий на учебную мотивацию, особенно в контексте начального образования и преподавания естествознания: Л.С.Выготский разработал культурно-историческую теорию развития; рассматривал игру как ведущую деятельность в дошкольном и младшем школьном возрасте, подчеркивал её значение в формировании мотивации и высших психических функций[1]. Д.Б.Эльконин один из основоположников теории развивающего обучения. Исследовал структуру детской игры, её роль в развитии личности и учебной мотивации[2]. В.В.Давыдов рассматривал учебную деятельность как средство формирования мотивационно-потребностной сферы ученика; подчеркивал важность осмысленного, активного

участия ребёнка в обучении[3]. А.К. Маркова исследовала мотивацию учения, её структурные компоненты, механизмы развития и способы активизации у школьников[4]. Н.Г.Лусканова разработала методику диагностики мотивации учения младших школьников, изучала внутреннюю и внешнюю мотивацию в образовательной деятельности[5]. Л.И.Божович занималась изучением формирования мотивационной сферы личности ребёнка, особенно в начальной школе[6].

Современные исследователи и практики в области игровых технологий и мотивации:

С.Д.Смирнов разрабатывает современные технологии обучения, в том числе игровые. Автор трудов по педагогической психологии и педагогике[7].

Е.А.Панько изучает особенности применения игровых и информационных технологий в начальном обучении, влияние на мотивацию и познавательную активность[8]. А.А. Вербицкий автор концепции контекстного обучения, подчёркивает значимость игровых и учебно-профессиональных ситуаций для повышения мотивации[9]. Н.И. Болдырев писал о специфике обучения в начальной школе, о возможностях формирования интереса через активные формы и игровые технологии[10]. О.С. Гребенюк исследует влияние игровых методов на когнитивное развитие и мотивацию младших школьников при обучении естественнонаучным дисциплинам[11]. Т.И. Шамова рассматривала дидактические основы применения игр и игровых технологий на уроках в начальной школе[12].

У младших школьников преобладает игровая мотивация, которая при правильном педагогическом подходе трансформируется в учебную. Поэтому использование игр на уроках естествознания не только оправдано, но и необходимо. У детей младшего школьного возраста преобладает наглядно-действенное и наглядно-образное мышление. Они лучше воспринимают информацию, если она представлена в яркой, образной и эмоционально окрашенной форме. Игровая деятельность соответствует этим особенностям, обеспечивая условия для вовлеченности, эмоциональной поддержки и проявления инициативы. Кроме того, игра способствует развитию произвольного внимания, памяти и логического мышления. Элементы соревновательности, ролевого поведения и сотрудничества в игре стимулируют активность ребенка и делают обучение личностно значимым.

В практике начального обучения используются различные формы игровых технологий:

Дидактические игры (например, «Угадай растение», «Кто живёт в лесу?») — направлены на закрепление знаний.

Ролевые игры (например, «Юные исследователи», «Экспедиция на луг») — позволяют ученикам «прожить» учебную ситуацию.

Игры-исследования — моделируют научную деятельность, развивают умения делать выводы.

Компьютерные и мультимедийные игры — усиливают визуальное и интерактивное воздействие.

Квесты, мини-квесты — активизируют работу в группах, побуждают к самостоятельному поиску знаний. [8].

В рамках педагогического эксперимента, проведённого в начальных классах одной из школ, была выявлена положительная динамика уровня учебной мотивации у детей, обучавшихся с применением игровых методов. Использовались методики диагностики мотивации учения (методика Н.Г. Лускановой, опросники для младших школьников). Эксперимент проводился на базе начальных классов "Средняя школа №_26_" города Уральск. В исследовании приняли участие два класса второго года обучения (всего 45 учеников). Один из классов выступал в роли экспериментальной группы (23 человек), другой – контрольной группы (22 человек).

Для диагностики уровня учебной мотивации использовались:

- Методика Н.Г. Лускановой «Мотивация учения младших школьников»;
- Наблюдение за поведением учащихся в процессе урока;
- Эксперимент проходил в течение 2-х месяцев и включал в себя:
- Вводную диагностику (измерение исходного уровня мотивации);
- Цикл уроков по предмету «Естествознание» с применением игровых технологий

в экспериментальной группе;

Примеры игровых форм, использованных в экспериментальной группе:

Дидактические игры

«Кто это?»

Цель: формирование и закрепление знаний о представителях животного и растительного мира.

Пример задания:

Учителю выдаётся карточка с описанием:

«У этого животного длинные уши, короткий пушистый хвост и задние лапы длиннее передних. Он быстро бежит и прячется в траве».

Дети по описанию должны угадать: заяц. Затем можно обсудить, где он живёт, чем питается, кто его враги.

«Цепочка понятий»

Цель: развитие логического мышления и установление связей между понятиями.

Пример задания:

Слова на доске: лист — дерево — лес — животное — экосистема.

Задание: составить логическую цепочку и объяснить связи.

Ученик: «Лист растёт на дереве, деревья образуют лес, в лесу живут животные - всё это часть экосистемы».

Ролевые игры

«Юные исследователи»

Цель: вовлечение в учебную ситуацию через воображаемую деятельность.

Пример сценария:

Учитель: «Сегодня вы – команда исследователей. Ваша задача - изучить “Таинственную поляну” и описать, какие растения и насекомые там обитают».

- Один ребёнок — ботаник (описывает растения);
- Второй — энтомолог (рассказывает о насекомых);
- Третий — эколог (объясняет, как всё в природе связано).
- Можно использовать картинки, лупы, макеты, мини-сценки.

Мини-квесты

Поиск ответов в тексте (работа в парах):

Цель: развитие навыков работы с текстом, внимание к деталям.

Пример задания:

После прочтения короткого текста о круговороте воды в природе учащимся даются карточки с вопросами:

- Где начинается круговорот воды?
- Как образуются облака?
- Почему вода возвращается в почву?
- Задание — найти ответы в тексте и обсудить в паре.

«Поиск затерянного знания»

Цель: активизация логического мышления и сотрудничества.

Пример:

Детям сообщается, что «учёный-исследователь потерял важные записи об обитателях леса».

Им выдаются отрывочные факты, схемы и задания:

- Сопоставить следы и названия животных;

- Решить логическую задачу: «Если зайца ест лиса, а лиса боится волка, кто стоит выше в цепочке питания?»

- В конце квеста дети восстанавливают «утерянные знания» и делают вывод.

Результаты эксперимента

Количественные данные

Таблица 1.

Уровень учебной мотивации	Экспериментальная группа (до)	Экспериментальная группа (после)	Контрольная группа (после)
Высокий	6 учащихся (26,1%)	15 учащихся (65,2%)	7 учащихся (31,8%)
Средний	13 учащихся (56,5%)	7 учащихся (30,4%)	11 учащихся (50%)
Низкий	4 учащихся (17,4%)	1 учащийся (4,4%)	4 учащихся (18,2%)

Качественные наблюдения

Экспериментальная группа:

Дети проявляли повышенный интерес к заданиям в игровой форме, охотно включались в обсуждения и совместную работу.

Заметно улучшилась инициативность — учащиеся предлагали свои версии, задавали вопросы.

Повысилась вовлечённость в учебный процесс и уровень удовлетворённости от участия в уроках.

Снизился уровень страха ошибки, повысилась уверенность в своих силах.

Контрольная группа:

Не зафиксировано значительных изменений в мотивационном фоне.

Ученики демонстрировали прежний уровень участия и интереса к предмету.

В большинстве случаев активность проявляли те же учащиеся, что и до эксперимента.

Учащиеся экспериментального класса показали более высокий уровень внутренней мотивации, познавательной активности и вовлечённости в учебный процесс. Использование игр в обучении оказывает комплексное психологическое воздействие:

Снижение тревожности и страха перед неудачей;

Формирование положительного отношения к учебной деятельности;

Развитие эмоционального интеллекта и коммуникативных навыков;

Поддержание чувства успеха, важного для самооценки ребёнка.

Игровые технологии в обучении естествознанию младших школьников не только способствуют повышению учебной мотивации, но и учитывают возрастные и психологические особенности детей. Их внедрение в образовательный процесс позволяет сделать обучение не только эффективным, но и интересным, личностно значимым. Таким образом, игра выступает не как развлечение, а как полноценное педагогическое средство формирования устойчивого интереса к учению и основ научного мировоззрения.

Список литературы

1. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М.: Педагогика, 1991. – 88 с.
2. Эльконин Д.Б. Психология игры. – М.: Педагогика, 1978. – 304 с.
3. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. – М.: Педагогика, 1986. – 240 с.
4. Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте. – М.: Просвещение, 1990. – 192 с.
5. Лусканова Н.Г. Диагностика мотивации учения младших школьников. – М.: Педагогика, 1997. – 96 с.
6. Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте. – М.: Педагогика, 1968. – 464 с.
7. Смирнов С.Д. Психология и педагогика: учебник. – М.: Академия, 2011. – 320 с.
8. Панько Е.А. Игровые и информационные технологии в начальной школе: учебно-методическое пособие. – СПб.: Лань, 2016. – 176 с.
9. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. – М.: Высшая школа, 2004. – 207 с.
10. Болдырев Н.И. Методика преподавания в начальных классах. – М.: Просвещение, 1987. – 272 с.
11. Гребенюк О.С. Игровые методы в обучении естественнонаучным дисциплинам. – М.: Академический проект, 2015. – 144 с.
12. Шамова Т.И. Организация учебно-воспитательного процесса на уроке. – М.: Просвещение, 1994. – 190 с.

УДК 82'-3 (574)

Умарова Г.С., Шакенова А.А.

Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, г. Уральск, Казахстан

ПРОБЛЕМА ЭМАНСИПАЦИИ В АНГЛИЙСКОЙ И КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Введение. Проблема эмансипации женщин является одной из ключевых тем в мировой литературе, отражающей глубокие социальные и культурные изменения, происходившие на протяжении веков. Женская эмансипация – это не только борьба за права и свободы, но и внутреннее преобразование личности, стремление женщин к самоопределению, независимости и равенству в обществе. Через образы героинь, писатели передают не только индивидуальные судьбы, но и дух времени, в котором происходили важные перемены в отношении к женщине, её роли в семье и обществе [1].

В данной статье рассматривается проблема женской эмансипации в контексте английской и казахской литературы на примере двух произведений – романа американской писательницы Маргарет Митчелл «Унесённые ветром» [2] и повести казахского классика Габита Мусрепова «Улпан» [3]. Обе героини – Скарлетт О'Хара и Улпан – несмотря на принадлежность к разным культурам и эпохам, демонстрируют силу характера, решимость и способность отстаивать свои убеждения в условиях патриархального общества.

Выбор именно этих произведений обусловлен тем, что они ярко и глубоко раскрывают образ женщины, противостоящей традициям, обстоятельствам и общественным ожиданиям. Через анализ героинь прослеживается, как формируются основы женской независимости, как культурные и исторические особенности влияют на путь женщины к свободе и равноправию.

Таким образом, исследование проблемы эмансипации через сопоставление образов Скарлетт и Улпан позволяет не только выявить общие черты в стремлении женщин к свободе, но и показать национальные особенности женского характера и путь к внутренней свободе в разных литературах.

Актуальность исследования заключается в том, что литература различных народов отражает борьбу женщин за свои права и независимость. Исследование образов Скарлетт О'Хара из романа «Унесенные ветром» Маргарет Митчелл и Улпан из одноименного произведения казахского писателя Габита Мусрепова «Улпан» позволяет понять, как в разных культурах и исторических периодах проявлялась женская эмансипация.

Цель исследования. Сопоставительный - сравнительный анализ проявлений форм эмансипации в образах Скарлетт О'Хара и Улпан; выявление типологических сходжений позволили выявить общие и специфические черты в женских образах двух разных словесности в английской и казахской литературе.

Задачи исследования. В данной работе ставится задача изучить понятие эмансипации, проанализировать характеры и поступки героинь Скарлетт О'Хара и Улпан в контексте их стремления к независимости, а также сопоставить их образы для выявления сходств и различий в подходах к теме женской эмансипации в американской и казахской культурах.

Методы исследования. Сопоставительный анализ: сравнение характеров и поступков героинь; отбор и синтез материалов: изучение литературных источников и критических статей; анализ и детальное рассмотрение текстов произведений в английской и казахской литературе для выявления ключевых аспектов эмансипации.

Результаты исследования. Перед тем, как представить результаты исследования, необходимо вспомнить сведения об авторах рассматриваемых произведений.

Маргарет Муннерлин Митчелл (1900 - 1949) родилась 8 ноября 1900 года в Атланте, штат Джорджия, США. С детства она была окружена рассказами о гражданской войне, что впоследствии повлияло на ее творчество. После работы журналистом в газете «Atlanta Journal» она написала свой единственный роман «Унесенные ветром» (1936), за который получила Пулитцеровскую премию в 1937 году. Роман был экранизирован в 1939 году и стал классикой мирового кинематографа. Маргарет Митчелл трагически погибла 16 августа 1949 года в результате автокатастрофы.

Габит Махматович Мусрепов (1902 - 1985) родился в Костанайской области Казахстана. Он был выдающимся казахским писателем, драматургом и общественным деятелем. Среди его известных произведений – романы «Пробужденный край» (1953), «Казахский солдат» (1949) и «Улпан» (1976). Мусрепов также написал либретто к казахской опере «Кыз-Жибек». Он был удостоен звания Народного писателя Казахской ССР и был членом Академии наук Казахстана.

Эмансипация женщин – это процесс освобождения женщин от социальных, правовых и культурных ограничений, направленных на достижение равноправия с мужчинами в различных сферах жизни. Эмансипация женщин определяется как предоставление женщинам равноправия с мужчинами в общественной, трудовой и семейной жизни [4]. Процессы мобильности, связанные с социальной дифференциацией женщин как отдельной социальной группы, обладающей своими интересами и потребностями, тоже понимается в смысле «женской эмансипации» [5]. В рассматриваемое понятие стремления к уравниванию прав обоих полов, исходящее из идеи, что изначально все люди были равны, а неравенство полов возникло вследствие насильственного подчинения женщин мужчинами [6]. Расширение прав и возможностей для женщин в политике способствует более широкому представлению интересов различных групп населения и улучшению принятия решений. Эмансипация женщин помогает защищать их права на безопасность, здоровье, образование и

самоопределение. Это способствует созданию более справедливого и гармоничного общества. В целом, эмансипация женщин важна для создания более равноправного, справедливого и устойчивого общества, где каждый человек имеет право на свободу, равные возможности и уважение.

Скарлетт О'Хара, главная героиня романа «Унесенные ветром», предстает перед читателем как сильная и независимая женщина, которая бросает вызов традиционным гендерным ролям Юга США XIX века. Ее решимость и стремление к выживанию проявляются в различных ситуациях. Управление плантацией Тара: после гражданской войны Скарлетт берет на себя ответственность за сохранение семейной плантации. Она лично занимается тяжелым трудом и принимает решения, традиционно отведенные мужчинам. *«Ибо она - единственное, что вечно... и для того, в чьих жилах есть хоть капля ирландской крови, земля – это то же, что мать... Это единственное, ради чего стоит трудиться, за что стоит бороться и умереть»* [2].

Предпринимательскую деятельность Скарлетт начинает вопреки общественному мнению. Ей удается открыть и успешно управлять лесопилкой, демонстрируя деловую хватку и независимость. *«Скарлетт об этом вообще не задумывалась – она вся была сосредоточена на доходах, которые будет приносить ей лесопилка»* [2].

Поступками героини движет прагматичные соображения, продиктованные проблемами обеспечения финансовой стабильности и социальной защиты. Вследствие этого Скарлетт вступает в нестандартные браки с Чарльзом Гамильтоном, Фрэнком Кеннеди и Реттом Батлером, чем вызывает осуждение ее поступков в обществе. *«Я пройду через все, а когда это кончится, я никогда, никогда больше не буду голодать. Ни я, ни мои близкие»* [2]. Героине удается добиваться своего.

В казахской литературе образ сильной, деятельной, не вписывающейся в традиционную картину мира казахов конца девятнадцатого – начала двадцатого века женщины представлен в романе Габита Мусрепова «Улпан». Улпан – единственная дочь стареющих родителей, с детства, как многие казахские девушки, привычна к труду, выполняемому не только женским полом, но и мужчинами. Ей приходилось помогать отцу по хозяйству. Поэтому, в отличие от Скарлетт Митчелла, ее не пугали бытовые трудности. Образ мусреповской Улпан знаменателен тем, что ей удается строить неприсущие казахскому обществу того времени отношения с супругом, который по возрасту годился ей в отцы. Но и такой неравный брак был привычен многим создающим семью. Интересен образ казахской женщины в романе проявлением ее лидерских качеств и стремлением изменить положение женщин в традиционном казахском обществе. Такие черты характера восхищают супруга Улпан – состоятельного бия Есенея, который всегда был лидером среди своих родственников. Он поддерживает ее во всем. В этом ее отличие от Скарлетт. Новые веяния, вносимые супругой, находили поддержку со стороны Есенея. Окружение Есенея раздражали нововведения Улпан. Именно они часто поджигали новые дома, бани, построенные по ее плану, но столь непривычные у казахов. Поддерживая деятельность супруги, Есений предлагает своему окружению обращаться к Улпан, как к нему самому. Он при всем народе советует всем признать ее лидером их рода, когда его самого не станет. Кроме новшеств в быту, Улпан занята социальными проблемами, участвует в общественной жизни аула, стремясь улучшить условия жизни жителей и отстаивая права женщин. Улпан выплатила долги бедным семьям, которые годами работали на семью Есенея без вознаграждения. Делала это с уважением и радушием.

«...Жабағы сұрайды, қыл сұрайды, сүт сұрайды, ұн сұрайды, киіз сұрайды, шай сұрайды, бөрікке тыстық, көйлекке түйме сұрайды, жайлауға көшетін көлік сұрайды...Ұлпан ешкімнің қолын бос қайтармай бере берді» [3].// «Что только не просили люди...Просили шерсть, спрашивали гриву лошадей, хотели молока, муку, войлок, чай, обшивку для шапки; желали застежки для платья, рубашки; им нужны были кони и телеги для переезда в жайлау, на новое место весенне-летнего проживания

людей, пастбищ для скота... Улпан никому не отказывала, не отпускала просящих без желаемого» (Перевод – А.Ш., Г.У.).

Улпан стремится реформировать устаревшие и потерявшие актуальность традиции и обычаи, ограничивающие свободу женщин, стремится перестроить женщин на новый лад, несмотря на сопротивление со стороны мужчин и старейшин. Она называла мужчин по имени, отказывалась от символов подчинённости. В первую очередь, Улпан в день свадьбы просит не держать перед ней *шымылдық*, полотно, занавес, призванный не показывать лицо невесты гостям. Она просит: «...*шымылдығыңызды әрі әкетіңізші! Мен өз ауылыма өзім шымылдық бүркеніп барғым келмейді. // Елімнің жер-суын, бала-шағасын көре жүрейін, деді Ұлпан даусын азғана жұмсартып. – Әрі әкетіңіз*» [3]. // – Уберите шымылдык, занавес! Я желаю прийти в свой аул, не укывшись, не прячась от других. Хочу видеть красоту родной земли, ее людей, радостных детишек, – говорила Улпан чуть приглушенно, прося уйти с ее пути как невесты молодых девушек, держащих шымылдык (Перевод – А.Ш., Г.У.).

Улпан озабочена преобразованием общественного уклада. Она пытается изменить привычную жизнь степняков. Если ранее до женитьбы Есенея на Улпан, мужчины никогда не выезжали по делам с женами, то теперь ее супруг, куда бы ни ездил, рядом с собой возил Улпан. Когда Есенея побывал в русских селеньях, Улпан впервые видит быт русских людей, живущих в деревянных домах, как они могут с молока одной коровы готовить столько блюд. Все увиденное она стремится внедрить в быт своей семьи и всего аула. Улпан первая начала строить деревянные дома, призывать к оседлому образу жизни. После поездки в город стала внедрять новые, полезные идеи в аульную жизнь, что показало её стремление к прогрессу и переменам.

Одной из ключевых тем поэзии Тамары Шабарениной является связь человека с землёй, трудом и неизбежностью потерь. Эти мотивы звучат в её стихотворении «Творчество»: *«Унавишая шарь – Все предчувствие бурелома дороги...»*. Этот образ создаёт ощущение хрупкости мгновения, предчувствия грядущих испытаний. Путь, по которому идёт лирическая героиня, оказывается сложным и тревожным, напоминающим судьбу самой поэтессы. Образ «бурелома дороги» можно воспринимать как метафору жизненных преград, требующих силы духа. Другим важным мотивом её поэзии является борьба между внутренней свободой и социальными ограничениями. В этом ключе значима строка: *«Женская цепкость мешает художнику...»*. Здесь автор рефлексировал над тем, как женская судьба, со всеми её привязанностями и обязанностями, может становиться препятствием на пути творчества. При этом её стихи не носят характер протестной литературы, а скорее фиксируют внутреннее напряжение между долгом и желанием самовыражения.

Ещё одной отличительной чертой поэзии Т.Шабарениной является философская глубина её текстов. В произведении «Этюд» читаем: *«Глядят два оконца, Светлее тоски...»*. Окна становятся символом восприятия мира, перехода между внутренним и внешним. Свет, контрастирующий с тоской, формирует тонкую игру настроений, в которой нет окончательной печали – есть стремление к гармонии.

Природные мотивы занимают центральное место в творчестве Т.Шабарениной. Земля, времена года, циклы жизни и смерти – всё это служит не просто фоном, а действенной метафорой человеческого существования: *«Просторы, как мужем, / Глядят в меня там и горы: «Свободна свобода!»*. Здесь степь приобретает личностные черты, становясь то партнёром, то судьёй. Автор подчёркивает двусмысленность свободы – её дар и её цену.

Одной из главных стилистических черт Шабарениной Т.М. является простота и прозрачность стиха, за которыми скрыта глубина. Её ритм естественен, а язык – лаконичен и выразителен. В этом проявляется её талант передавать сложные эмоции доступными средствами: *«Я жить на земле / Не умею...»*. Это признание не звучит пафосно – в нём есть печальная констатация неприкаянности художника, чья судьба – находиться между мирами. Так автор передает сложные философские концепции при помощи самых простых слов, которые будут понятны любому читателю.

Дар поэтической натуры находится между мирами можно заметить и в лирических отступлениях в очерке «О чём рассказал Урал» [11, с.131]: *«Кырык-оба, ты ржавый звук из одного времени в другое. Кырык-оба, так тянет заглянуть в тебя!*

Кырык-оба, мы пришли, и мы уже над тобой во весь человеческий рост. О, какой простор! Как мы высоки! Кырык-оба, это ты возвысил нас над собой. Ты, которого возвысили века.

– Для вас – века, для нас единый час», – глухо гудит курган. Уж не высоко-вольтка ли не нашей эры гудит под ногами? Молчат создатели миров. И надо немножечко умереть, чтобы услышать, увидеть, почуять: здесь не центр вселенной, но центр державы – лишь её сердце могло принять царственный прах того, перед кем трепетала степь.

Горят жертвенные костры, пляшет их отражение в золотой диадеме шапки царя, полуметровом конусе власти. Короткий кожаный кафтан, обшитый треугольниками золотых блях, напоминает кольчугу: защитит ли от стрел времени священную плоть мантия земли? Прячь, прячь, кочевой люд, святыню – всё равно отыщется в веках тот, кто найдёт, что ему мантия земли?». Возможно, спутникам поэта, участвовавшим в экспедиции по Уралу от Уральска до Атырау, повествование профессора Сдыкова прозвучало как информация, но в поэтической душе автора очерка оно пробудило глубоко философские суждения о прошедших эпохах, о величии людей, которое превращалось в ничто, в песок в трагические минуты судьбы. Эти суждения поэта мы называли были философскими стихотворениями в прозе. Размышляя о судьбах кочевников, коренных жителей уральской Степи, автор очерка удивляется и задается, насколько древнюю имеют они культуру, заслышав истории профессионалов по разгадкам курганных тайн родного края.

Творчество Шабарениной Т.М. – это диалог с читателем, природой, временем. Её стихи, наполненные метафорами и точными образами, находят отклик в сердцах, потому что в них есть правда – правда жизни, утрат, надежд и красоты, которую невозможно не заметить. Поэт создаёт произведения, которые не только фиксируют эпоху, но и выходят за её пределы, продолжая звучать актуально и искренне для каждого поколения.

Казахстанская русскоязычная поэзия представляет собой уникальный феномен, сформировавшийся на стыке различных культурных и литературных традиций. Особую роль в её развитии сыграли поэты Уральска, чьё творчество отражает взаимодействие русской классической школы с национальными особенностями казахстанской культуры. Анализ поэтики их произведений позволяет глубже понять закономерности формирования литературных процессов в поликультурной среде, что делает данное исследование актуальным не только в рамках литературоведения, но и в контексте социокультурных и философских аспектов.

Одним из ключевых элементов лирики является субъективность и глубокая эмоциональность, выражаемая через символизм, ритмику, интонационные особенности и языковые эксперименты. Историческая эволюция лирического жанра демонстрирует его пластичность и способность адаптироваться к изменяющимся культурным реалиям. Современная поэзия Казахстана продолжает развивать традиции русской и казахской литературы, привнося новые смыслы и формы, что подтверждается анализом творчества таких авторов, как Ю.Баев и Т.Шабаренина.

Можно, подытоживая исследованное, сказать, что лирика Ю.Баева отличается философской глубиной, тонким символизмом и поиском смыслов, отражающих духовный код казачества и личные переживания автора. Его произведения строятся на сочетании публицистической объективности и художественной выразительности, позволяя через поэтические образы осмысливать историческую память, традиции и экзистенциальные вопросы человеческого бытия. В стихотворениях Баева заметно влияние классической поэтики, однако он наполняет её современным звучанием, используя лаконичные, но насыщенные метафорами конструкции, передающие широкий спектр эмоций – от любви и разочарования до размышлений о судьбе и времени.

В свою очередь, поэзия Т.Шабарениной раскрывает тему связи человека с природой, историей и внутренними переживаниями. Простота её стиха лишь подчёркивает глубину смыслов, заложенных в произведениях. Основные мотивы её поэзии – борьба за внутреннюю свободу, неизбежность перемен, осмысление жизни и творчества как непрерывного пути познания. Её лирика наполнена философскими размышлениями, образами степи, земли и времени, что делает её творчество универсальным и понятным для любого читателя.

Таким образом, исследование казахстанской русскоязычной поэзии, её поэтики и лирики на примере творчества Ю.В.Баева и Т.М.Шабарениной позволяет выявить важные культурные закономерности и особенности художественного мировоззрения поэтов. Их произведения становятся своеобразным мостом между прошлым и настоящим, объединяя традиции разных литературных школ и создавая новый, самобытный пласт русскоязычной поэзии Казахстана. Лирика этих авторов продолжает звучать актуально, затрагивая вечные темы любви, памяти, истории и личностных переживаний, что делает её важным объектом для дальнейших литературоведческих исследований.

Список литературы

1. Якобсон Р.О. Работы по поэтике. – М.: Прогресс, 1987. – 464 с.
2. Айхенвальд Ю.И. Литературная энциклопедия. – М.: Ком. Акад., 1930.
3. Чернец Л.В., Хализев В.Е. Введение в литературоведение. – М.: Высшая школа, 2004. – 652 с.
4. Чернец Л.В., Хализев В.Е. Литературоведение. Литературное произведение. – М.: Высшая школа, 1999. – 555 с.
5. Эткинд Е.Г. Разговор о стихах. – М.: Детская литература, 1970. – 236 с.
6. Воронин Л.Б. Лирические жанры в современной поэзии. // Вопросы литературы, №10, 1976. – С. 236-241.
7. Эпштейн М.Н. Парадоксы новизны: о литературном развитии XIX-XX веков. – М.: Советский писатель, 1988. – 416 с.
8. Шадрихина И. А. Потерянная сакральность. Несколько слов о современной русской поэзии // Вестник Русской христианской гуманитарной академии, №1, 2013. – С. 206-210.
9. Баев Ю. В. Всё равно никуда не уеду...: стихи, песни. – Уралск: Дастан, 2003. – 152 с.
10. Шабаренина Т.М. Голос окраины. – Уралск: Оптима, 2007. – 236 с.
11. Шабаренина Т. О чём рассказал Урал // Простор, 2019. – 12.05. – С.105-135

Жұмағалиева Г.Е., Қайыржанова А.Қ.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан

АУЛА КЛУБТАРЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Аула клубтарындағы мәдени қызметкерлердің қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерттеп, олардың балалар мен жастардың шығармашылық, әлеуметтік және мәдени дамуына тигізетін ықпалын анықтау.

Міндеті:

1. Аула клубтарының қызметі мен олардың қоғамдағы рөлін теориялық тұрғыдан талдау;
2. Мәдени қызметкерлердің кәсіби міндеттері мен функцияларын анықтау;
3. Аула клубтарындағы мәдени іс-шараларды ұйымдастырудың тиімді әдістерін қарастыру;
4. Жастардың бос уақытын ұйымдастырудағы аула клубтарының маңыздылығын сипаттау;
5. Мәдени қызметкерлердің жұмысын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Өзектілігі: Қазақстан Республикасындағы жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі – жас ұрпақтың бос уақытын тиімді ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық және мәдени дамуына ықпал ету. Бұл міндетті орындауда аула клубтары маңызды рөл атқарады. Аула клубтары – балалар мен жастардың өз уақытын пайдалы өткізуіне, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әлеуметтенуіне, сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған мәдени-бұқаралық және тәрбиелік орталықтар.

Аула клубтары – балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық дамуына, бос уақытын тиімді өткізуіне және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған мекемелер. Бұл клубтар әсіресе қалалық жерлерде үлкен маңызға ие, себебі олар балалар мен жасөспірімдерді жағымды ортаға тартып, олардың өміріне оң әсер етеді. Аула клубтардың жұмысы мәдени қызметкерлердің еңбегімен тікелей байланысты. Олардың негізгі мақсаты – мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру арқылы жас буынды тәрбиелеу және дамыту. [2]

Бұл мекемелердің тиімді жұмыс істейтіндігі көбінесе мәдени қызметкерлердің кәсіпқойлығына байланысты. Олар балалар мен жасөспірімдердің өмірін сапалы әрі мағыналы ету үшін жауапты болып табылады. Мәдени қызметкерлердің аула клубындағы негізгі функциялары кең ауқымды және әртүрлі болуы мүмкін. Аула клубтарындағы мәдени қызметкерлер – қоғамның жас буынының рухани және әлеуметтік дамуына жауапты тұлғалар. Олар балалар мен жасөспірімдер үшін түрлі үйірмелер ұйымдастыру, мерекелік және спорттық іс-шараларды өткізу, сондай-ақ әлеуметтік маңызды дағдыларды дамыту сияқты маңызды жұмыстарды жүзеге асырады. Мұндай қызметкерлердің біліктілігі мен белсенділігі аула клубтарының тиімді жұмыс істеуінің және олардың тартымдылығын арттырудың кепілі болып табылады.

Мәдени қызметкерлердің аула клубындағы басты функцияларының бірі – балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру. Бұл функция жастарды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағытталған. [2]

Мәдени қызметкерлер балалардың жеке тұлғасын қалыптастыруға ерекше назар аударады. Бұл өз кезегінде олардың өзін-өзі тануына, өзіндік пікірі мен көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

Ұрпақтар арасындағы моральдық құндылықтарды сақтау, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, адамгершілік қасиеттерді меңгерту.

Әлеуметтік қатынастарды нығайту, сыйластық, жауапкершілік, өзара көмектесу сияқты адамзаттық қасиеттерді дамыту.

Балаларға өзін-өзі басқару, эмоцияларды реттеу, мақсат қою және оларға жету жолдарын көрсету арқылы тұлғалық даму процесін қамтамасыз ету.

Аула клубтарындағы мәдени қызметкерлер түрлі бағыттағы жұмыстармен айналысады. Олардың басты міндеттері:

1. Шығармашылық үйірмелерді ұйымдастыру

Аула клубтары балалардың шығармашылық қабілеттерін ашуға және дамытуға арналған орын болып табылады. Мәдени қызметкерлер бұл бағыттағы жұмысын әртүрлі шаралар мен үйірмелер арқылы жүзеге асырады. Музыка, би, театр, бейнелеу өнері, әдебиет, қолөнер сияқты шығармашылық бағыттағы үйірмелер ұйымдастырылады. Бұл балалардың өздерінің шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Балаларға әртүрлі қолөнер түрлері, сурет салу, мүсін жасау сияқты дағдыларды үйрететін шеберлік сыныптары мен шығармашылық курстар өткізіледі. Балалардың жасаған туындыларын көрсету, бағалау және ынталандыру үшін түрлі байқаулар мен көрмелер ұйымдастырылады. Аула клубтары өз оқушыларына театр қойылымдарына қатысуға мүмкіндік береді, бұл балаларды сахна өнеріне және актерлік шеберлікке баулиды. Мәдени қызметкерлердің тағы бір маңызды қызметі – балалардың дене тәрбиесі мен спорттық дамуына ықпал ету. Аула клубтары спорттық секциялар ұйымдастырады, бұл секциялар балаларды түрлі спорт түрлерімен таныстырып, оларға денсаулықты нығайту және физикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады. Мәдени қызметкерлер балаларды түрлі спорттық жарыстар мен турнирлерге қатыстыру арқылы олардың бәсекеге қабілеттілігін, командалық рухын арттырады. Спорттық жаттығулар мен дене тәрбиесіне арналған түрлі бағдарламалар әзірленіп, балалардың денсаулығын жақсартуға ықпал етеді. Балалардың физикалық тұрғыдан дамуы үшін фитнес бағдарламалары мен дене шынықтыру жаттығулары да ұйымдастырылады. [1]

2. Әлеуметтік және тәрбиелік жұмыстар

Аула клубтары жасөспірімдерді тәрбиелеу ісінде маңызды рөл атқарады. Мәдени қызметкерлер балаларға ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды түсіндіреді, патриоттық рухта тәрбие береді және олардың өмірге дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Әлеуметтік инклюзия – балалар мен жасөспірімдердің қоғамның толыққанды мүшелері болып қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстарды атқарады.

Мәдени қызметкерлер әлеуметтік және физикалық мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы бағдарламалар құрады. Бұл балалардың да шығармашылық пен спорттық белсенділіктеріне қатысуына мүмкіндік беріледі.

Жастарды әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында волонтерлік жобалар мен қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылады. Мәдени қызметкерлер балаларды қоғамдағы өз құқықтары мен міндеттерін білуге, өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға баулиды.

3. Психологиялық және әлеуметтік қолдау

Аула клубындағы мәдени қызметкерлердің тағы бір маңызды міндеті – балалардың психологиялық және әлеуметтік қолдауы.

Балалар мен жасөспірімдер арасында стресс, күйзеліс немесе басқа да қиын жағдайлар туындаса, мәдени қызметкерлер оларға психологтардың көмегімен қолдау көрсетеді.

Мәдени қызметкерлер балаларды топтық жұмысқа баулып, олардың арасында ынтымақтастық пен жақсы қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Балаларды өз пікірін дұрыс жеткізу, эмоцияларын реттеу, қиындықтарды жеңу жолдарын табу арқылы тұлғалық дағдыларды дамытады.

4. Қиын өмірлік жағдайдағы балалармен жұмыс

Клубтарда көп жағдайда әлеуметтік осал топтан шыққан балаларға ерекше назар аударылады. Мәдени қызметкерлер олармен психологиялық жұмыстар жүргізіп, олардың қоғамға бейімделуіне көмектеседі.

5. Қоғамдық бастамалар мен жобаларға қатысу

Мәдени қызметкерлер балалар мен жасөспірімдерді түрлі қоғамдық іс-шараларға, қайырымдылық акцияларына және экологиялық жобаларға тарту арқылы олардың жауапкершілігін арттырады. Бұл жастардың азаматтық белсенділігін қалыптастырып, оларды өз қоғамына пайдалы тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді.

Мәдени қызметкерлердің жұмысы тек шығармашылықпен шектелмейді, олар сонымен қатар балалардың өзін-өзі тануына, олардың әлеуметтенуіне және пайдалы ортада уақыт өткізуіне ықпал етеді. Аула клубтары жасөспірімдерді зиянды әдеттерден алшақтатып, олардың өмірлік мақсаттарын анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл клубтар балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, оларды жаңа дағдыларға үйретіп, болашақта кәсіби жолдарын анықтауға көмектеседі. [3]

Аула клубтарындағы мәдени қызметкерлердің еңбегі өте маңызды және көпқырлы. Олар балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамытуға, олардың тәрбиесіне және әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Сондықтан аула клубтары мен мәдени қызметкерлердің қоғамдағы рөлі жоғары бағалануы тиіс. Қазіргі заманда жастардың бос уақытын ұйымдастыру және олардың әлеуетін дамыту қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жастардың рухани, шығармашылық және әлеуметтік дамуына жағдай жасау – мемлекеттің тұрақты дамуының және ұлт болашағының негізі. Осы орайда, аула клубтары жастардың мәдени, танымдық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыратын маңызды орталықтардың бірі болып табылады.

Қорытындылай келе аула клубтарындағы мәдени қызметкерлердің жұмысы тек шығармашылық қабілеттерді дамытуға ғана емес, сонымен қатар жасөспірімдерді зиянды әдеттерден қорғауға, оларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде тәрбиелеуге бағытталған. Мұндай клубтар – жастардың қызығушылықтарына негізделген орта қалыптастырып, олардың өзін-өзі тануына, әлеуметтенуіне мүмкіндік береді.

Мұндай клубтарды дамыту және қолдау – жастардың болашағына салынған инвестиция болып табылады. Сонымен қатар, НИРС аясында бұл бағыттағы зерттеулерді дамыту жастар саясатын жетілдіруге және жаңа мәдени-білім беру бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. [4]

Осы орайда кәсіби сараман – болашақ маманның тәжірибе жинақтап, кәсіби ортада білімін қолдануға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Менің кәсіби сараманым «Атамекен» комьюнити орталығында өтті. Бұл орталық – жергілікті ортаның мәдени, әлеуметтік және білім беру бағытындағы бастамаларын қолдауға арналған заманауи мекеме. Осы орталықта өткізген уақытым менің болашақ маман ретінде қалыптасуыма үлкен әсер етті.

«Атамекен» комьюнити орталығы – халықпен тығыз байланыс орнатып, олардың мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал ететін ашық алаң. Мұнда түрлі жастағы адамдарға арналған үйірмелер, курстар, семинарлар мен іс-шаралар өткізіледі. Орталықтың басты мақсаты – азаматтық белсенділікті арттыру, ұлттық мәдениетті насихаттау және тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Сараман кезінде мен мәдени қызметкерлердің күнделікті жұмысына белсене араластым және олардың негізгі міндеттері:

1. Мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу

Мәдени қызметкерлер ұлттық мерекелерге, айтулы күндерге байланысты түрлі концерттер, көрмелер және қойылымдар ұйымдастырады. Мен бұл іс-шараларға

дайындық жұмыстарына қатысып, сценарий жазуға, қатысушылармен жұмыс жасауға және техникалық ұйымдастыруға көмектестім.

2. Үйірмелер мен шығармашылық бағыттағы сабақтар жүргізу

Орталықта балалар мен ересектерге арналған қолөнер, бейнелеу өнері, музыка және театр бағытында үйірмелер жұмыс істейді. Мәдени қызметкерлер бұл сабақтарды жүргізіп, қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен үлес қосады. Мен үйірмелерде көмекші ретінде қатысып, балалармен жұмыс жүргізу әдістерін үйрендім.

3. Жобалық жұмыстарға қатысу

«Атамекен» орталығы түрлі әлеуметтік және мәдени жобаларды жүзеге асырады. Мен бірқатар жобалардың аясында сауалнама жүргізу, ақпараттық материалдар әзірлеу, жұртшылықпен байланыс орнату сияқты жұмыстармен айналыстым.

4. Жергілікті тұрғындармен жұмыс

Мәдени қызметкерлер тұрғындардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, олардың қызығушылықтарына сәйкес іс-шаралар ұйымдастыруға тырысады. Бұл процесте мен де белсенділік танытып, жергілікті қауыммен еркін қарым-қатынас орнатуды үйрендім.

Сараман барысында мен мәдени қызметкерлердің атқаратын жұмысының қаншалықты жауапты және ауқымды екенін түсіндім. Олар – тек іс-шара ұйымдастырушы ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші, кеңесші және шығармашылық бағыт беруші. Қоғаммен тікелей жұмыс істеу арқылы олар адамдардың мәдени деңгейін көтеріп, азаматтық белсенділігін арттырады.

«Атамекен» комьюнити орталығындағы кәсіби сараманым мен үшін баға жетпес тәжірибе болды. Мен мәдени қызметтің қыр-сырын тереңірек танып, болашақ кәсібіме деген қызығушылығым артты. Мәдени қызметкерлердің қоғамдағы рөлі мен еңбегін сезіне отырып, мен бұл салада жұмыс істеудің үлкен жауапкершілік пен шабытты талап ететінін түсіндім. Бұл тәжірибе менің кәсіби дамуыма зор үлес қосты және болашақта осы бағытта қызмет етуге сенімділік берді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ержанов М.Е. Мәдени-тынығу қызметі.-Орал-2016 ж.
2. Жұмағалиева Г.Е. Аула клубтары жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал/Г.Е.Жұмағалиева.-Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2019.-119 бет
3. Абуова Р.С. Аула клубтары жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі: Оқулық/Р.С.Абуова-Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2023-183 бет
4. Омар О.Е. Мәдени – тынығу жұмысы теориясы. Оқулық. – Алматы:Эверо, 2014. – 216 б.
5. Бекмұратова, А. *Қазіргі заманғы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолдары.* – Астана: «Фолиант», 2020.

Кенжетаетаева А.И., Махамбетова А.Б.

*Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова,
г. Уральск, Казахстан*

РАЗВИТИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ХОРЕОГРАФИИ В КАЗАХСТАНЕ: НЕО ХОРЕОГРАФИЯ И ЭТНО ХОРЕОГРАФИЯ

В последние годы наблюдается рост интереса к национальному искусству, включая хореографию, что приводит к необходимости глубокого анализа его развития особенностей и трансформаций. Нео хореография представляет собой новый взгляд на традиционные танцевальные формы, позволяя им адаптироваться к современным реалиям, в то время как этно хореография сохраняет и подчеркивает богатство национального наследия. Исследование этих двух направлений позволяет не только углубить понимание казахской хореографии, но и выявить ее место в контексте мировой культуры. Также изменения, происходящие в хореографическом искусстве, обостряют необходимость изучения взаимодействия между этническими традициями и современными танцевальными формами. Развитие казахской хореографии невозможно без учета исторических, культурных и социальных факторов, формировавших народное искусство на протяжении столетий. Казахстан, будучи на перекрестке нескольких великих цивилизаций, имеет богатую танцевальную традицию, которая сочетает в себе элементы восточной и тюркской культур, а также наследие кочевников.

В XIX и начале XX века с ростом урбанизации в Казахстане начала развиваться профессиональная хореография, что привело к созданию первых театральных танцевальных постановок. Заметным этапом стал конец XIX — начало XX века, когда казахский танец стал частью русской и советской культурной традиции, интегрируя в себя элементы европейской хореографии. В XX веке с приходом социалистических преобразований и культурной политики Советского Союза казахский народный танец стал частью более широкой культурной политики. В это время был сформирован важный аспект казахской хореографии — это изучение и сохранение традиционных танцев. Важную роль в этом процессе сыграли такие хореографы, как Ш. Б. Жиенкулова и С. Ескалиев, которые занимались как теоретической, так и практической работой по систематизации и передаче танцевальных традиций новым поколениям [3,4]. В условиях социалистического общества, сопровождающегося ростом материальной и духовной культуры, а также с созданием профессионального театра в 30-е годы XX века, началось активное развитие национального хореографического искусства в Казахстане. Старинные казахские танцы, которые были восприняты профессиональными исполнителями, обогатились новыми выразительными средствами и контекстом, переходя с театральных сцен в народные самодеятельные коллективы. Казахстан, как страна с богатым культурным наследием, является уникальным пространством для синтеза традиций и инноваций в искусстве. Одним из наиболее ярких явлений современного культурного пространства является развитие нео-хореографии, которая представляет собой переосмысление традиционных хореографических форм и адаптацию их к требованиям современности.

Истоки казахской хореографии уходят в традиции народных танцев, которые отражают уклад жизни, обычаи и мировоззрение народа. Как отмечает Шара Жиенкулова в книге «Тайна танца», ключевыми характеристиками казахского танца являются плавность движений, основанных на символизме и природных мотивах. Эти танцы зачастую использовались как форма выражения различных эмоций и событий: от радости до молитвы [4].

Ескалиев в своей книге «Казахские народные танцы» подчеркивает, что народные танцы Казахстана включают элементы, вдохновленные бытом кочевников, их отношением к природе и окружающему миру. Например, движения, напоминающие полет орла или ходьбу верблюда, символизируют связь с природой [3].

Хореографическая культура Казахстана также тесно связана с танцевальными традициями других тюркских народов. Г. Ю. Саитова в коллективной монографии «Танцевальная культура тюркских народов» отмечает, что танцы народов Средней Азии имеют общие черты, такие как обилие круговых движений, символизирующих бесконечность и цикличность жизни [6]. Нео-хореография - это стиль, который представляет собой синтез традиционной этно-хореографии с элементами современного танца, модерна и других направлений. В Казахстане развитие этого направления связано с переосмыслением культурного наследия в контексте современных художественных практик.

Одной из особенностей неохореографии является сохранение национальной идентичности через внедрение инновационных методов. Например:

1. Образ беркута - часто используется как метафора свободы и силы в постановках.

2. Тематизация природы. Плавные движения в неохореографии напоминают о степных ветрах и движении рек.

Неохореография в Казахстане - это уникальное явление, отражающее синтез традиций и современности. Она позволяет не только сохранить и популяризировать наследие казахского танца, но и адаптировать его к новым условиям. Благодаря усилиям казахстанских хореографов, таких как Гульжан Туткибаева, Алмат Шамшиев, Анвара Садыкова этот стиль продолжает развиваться, внося вклад в мировую танцевальную культуру. Нео-это новый вид. Это не изобретение чего-то нового, а передавать дыхание своего времени.

Сохранение национального наследия в сочетании с инновационными подходами делает неохореографию важным элементом культурной идентичности Казахстана в XXI веке.

Этно-хореография в Казахстане занимает уникальное место в культурной системе страны, являясь одной из форм сохранения и трансляции народных традиций. Она отражает мировоззрение, быт и эстетические ценности казахского народа. Сегодня этно-хореография представляет собой не только инструмент сохранения культурного наследия, но и базу для творческих экспериментов, позволяющих интегрировать традиционные элементы в современное танцевальное искусство. Как отмечает К. Д. Айткалиева в книге «Танцы народов Средней Азии», казахские танцы выделяются своей привязанностью к степной культуре, что выражается в открытых, просторных движениях, напоминающих бескрайние просторы степи [2]. Этно-хореография в Казахстане развивается в двух основных направлениях: сохранение традиций и их переосмысление в современном контексте.

1. Сохранение традиций.

Современные ансамбли, такие как государственный академический ансамбль танца «Алтынай», активно работают над восстановлением и сохранением аутентичных казахских танцев. Это включает реконструкцию традиционных хореографических форм, создание костюмов на основе исторических образцов и использование традиционной музыки.

2. Переосмысление традиций.

Многие казахстанские хореографы интегрируют этнические элементы в современные танцевальные постановки. Такой подход позволяет создать уникальные произведения, которые привлекают внимание не только национальной, но и международной аудитории.

Для национальной хореографии характерны:

- 1. Естественность движений. Все движения танцоров стремятся передать природную гармонию.
- 2. Традиционное сопровождение. Танцы исполняются под звуки домбры, кобыза или народного пения, что усиливает их национальный колорит.
- 3. Символизм. Каждый элемент, будь то поза или жест, несёт смысловое значение. Например, поднятые вверх руки могут символизировать степь, свободу или стремление к духовности.

Исследования Ш. Жиенкуловой и С.Ескалиева подчеркивают важность сохранения этих традиций в современном исполнении. Однако, сами по себе традиционные танцы остаются в большей степени аутентичным наследием, редко изменяемым.

Национальная хореография Казахстана прошла долгий путь становления, отражая дух и обычаи казахского народа. Её развитие происходило на фоне глобальных изменений в культуре и искусстве. Переход от традиционных народных танцев к современным формам стал возможным благодаря взаимодействию казахской хореографии с мировыми танцевальными направлениями, что породило новые стили — этно- и нео-хореографию.

Национальная хореография ориентирована на сохранение идентичности и культуры, этно-хореография - на переосмысление традиций с использованием современных элементов, а нео-хореография представляет собой полностью инновационный подход. Анализ этих направлений позволяет выявить как их общие черты, так и отличия, сформировавшиеся под влиянием времени и социального контекста.

Национальные танцы Казахстана - это культурный код, передающийся из поколения в поколение. Основные принципы национальной хореографии формировались на основе повседневной жизни казахского народа. Танцы, такие как “Қара жорға”, отражают образы природы, движения животных и характерные черты кочевого образа жизни. Казахский народ издавна имел самобытную танцевальную культуру. Танец, подобно другим видам национального искусства, существовал в быту кочевников-скотоводов и в танцевальных образах передавал все его особенности. Искусство танца передавалось из поколения в поколение. Являясь синкретическим видом искусства, казахский танец неразрывно связан с языком, устным народным творчеством, религией, декоративно-прикладным искусством, костюмом, обычаями, традициями, обрядами, которые оказали определенное влияние на его лексику, художественно-образное содержание, определили тематику и сюжет. Временами танец терпел изменения, но не терял своего значения и сути. Традиционные движения национальных танцев создают художественные образы сильных, смелых, ловких джигитов и красоту, грацию девушек. В этих образах ярко проявляются нравственные идеалы казахского народа. Таким образом, можно утверждать, что казахская народная хореография, основными элементами которой выступают сюжетная тематика танца, танцевальные движения и танцевальные ходы, тесно переплетается со всеми составляющими культурного наследия народа. Созданный поколениями танцовщиков, хореографов, казахский танец сегодня приобрел свое неповторимое лицо, которое необходимо сохранять и развивать.

Казахское сценическое искусство возникло лишь в начале 20 века. В становлении хореографического искусства Казахстана велика роль таких выдающихся танцовщиц и танцовщиков, как Д. Абиров, Н. Тапалова, Р. Тажиева, А. Бекбосынов и другие. Неоценимую роль сыграли талантливые артисты, педагоги, балетмейстеры России: А. Александров, Ю. Ковалев, М. Моисеев, Л. Жуков и др. Сложившаяся школа преподавания и большой опыт постановочной работы позволили в кратчайшие сроки создать казахский балет и вывести его на должный художественный уровень.

Сегодня любительские и профессиональные коллективы обращаются к народному танцу. Балетные театры воплощают казахский фольклор посредством классического танца, государственные ансамбли танца «Салтанат», «Алтынай», «Наз», «Шалкыма» и другие, имеют в своем репертуаре цельные программы, раскрывающие народные обычаи и традиции, коллективы современного танца также пытаются решить национальную тему средствами джаз и модерн танца. Возможности у балетмейстеров огромны, как огромен и пласт народной хореографии.

Репертуары коллективов обогащаются танцами, сюитами, развернутыми композициями, авторами которых являлись: Заурбек Райбаев, Даурен Абилов, Ганикамал Бейсенова, Минтай Тлеубаев – личности, стоящие у истоков казахского танца. Шара Жиенкулова изучала народный танец наглядно, вникала в культурно-бытовую жизнь народа, отовсюду по крупицам внимательно подмечая сюжетные линии народных танцев. Учитывалась каждая деталь, внедрялась новизна танцевальных движений. Шара создала элементы народного танца безошибочно, раз и навсегда. В ее исполнении казахскому танцу придавался аристократичный характер, изысканность движений. В результате рождались танцы «Таттимбет», «Айжан кыз». В «золотой фонд» национальной хореографии вошли созданные Ю. Ковалевым и исполненные Шарой танцы: «Косалка» (женские украшения) – лирический танец девушки с красивыми сочетаниями мягких, пластичных движений; «Карлыгаш» (ласточка). Многие самодеятельные и профессиональные хореографические коллективы сегодня имеют в своем репертуаре эти танцы. Казахское профессиональное хореографическое искусство обязано ей созданием женского сценического танцевального образа «Балбраун», «Айжанкыз»,

«Танец джигитов», «Быркылдак», «Кара жорга», «Кырык кыз», которые также вошли в золотой фонд казахского национального искусства. Даурен Абилов обогатил казахский танец новой тематикой, новыми образцами, расширил сферу казахского танца, развил основы современного национально-сценического танца. Он придавал танцам национальный колорит и специфический вкус, учитывая все тонкие детали. Хореографические постановки в операх и многие танцевальные номера «Балбырауын»,

«Коштасу», «Алтынай» и ныне остаются классическими образцами этого искусства. Заурбек Райбаев наряду с постановками крупных балетных спектаклей, великолепно владея палитрой современной хореографии, ее содержательно-реалистической основой, сочиняет казахские танцы разного жанрового направления: народно-сценические, характерные, эстрадные. Его постановки всегда – неожиданность, всегда – открытие.

«Мереке бий» – напористый, сильный, богатый по пластике – гимн танцу. Танец «Ынгойток» (три жуза) Минтая Тлеубаева – образец казахского народно-сценического танца. Это хореографический взгляд на историю. Наши предшественники, независимо от национальности, очень серьезно подходили к созданию казахских танцев, изучая народные обычаи, обряды, игры. Их произведения, полные жизни, красоты стали народными, вошли в сокровищницу казахского национального искусства, стали фундаментом для работы современных хореографов. Собранные материалы обрабатываются и привносятся на профессиональную сцену, благодаря чему лучшие образцы ранее созданных танцев обогащаются оригинальными выразительными средствами и образуют основу казахского народно-сценического танца. Они являются бесценными образцами, эталонами, необходимым учебным материалом и, на протяжении многих последних лет, включены в программы обучения хореографических отделений колледжей и ВУЗов Казахстана. Особый тонкий вкус, эстетичность и музыкальность, щедрая, неисчерпаемая фантазия и виртуозность отличает танцы.

Танец живет лишь тогда, когда он исполняется. Проходят годы, уникальные постановки забываются, а потом и исчезают вовсе. Следовательно, в хореографии

понятие «сохранить» – значит развивать и популяризовать. Немалую роль в этом призвано сыграть изучение образцов хореографического наследия при обучении будущих педагогов - хореографов. Важно видеть эстетические потребности общества и уметь синтезировать фольклорное наследие с современными формами, ритмами и красками. Традиции удастся возродить там, где их понимают не как простое повторение прошлого, а как развитие, обогащение, наполнение новым смыслом.

Список литературы

1. Абиров, Д.Т. История казахского танца: Учебное пособие / Д.Т. Абиров. – Алматы: Санат, 1997. - 160 с.
2. Айткалиева, К.Д. Танец народов Средней Азии / Айткалиева К.Д. - Уральск: ЗКИИ им. Даулеткерей, 1999. - 74 с.
3. Ескалиев, С. Казахские народные танцы / С. Ескалиев. - Алма-Ата : Казахстан, 1976. - 40 с.
4. Жиенкулова, Ш.Б. Тайна танца. – Алма-ата, «Өнер», 1980 г. 280 с.
5. Изим, Т. Искусство танца, развившееся в цивилизованном ключе (история отечественной и зарубежной хореографии). Учебник: Технические и профессиональные организации образования Министерства образования и науки Республики Казахстан / Т. Изим - Астана: Фолиант, 2009. - 136 с.
6. Танцевальная культура тюркских народов: коллективная монография / Под ред. Г.Ю.Саитовой.

ӘОЖ 792.028.3

Искакова И.И., Мамбеталиева А.Б.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

САХНА ТІЛІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӨРКЕМСӨЗ

Сахна тілі сабағының басты мақсаты - рөлді орындау барысында сөйлеуге машықтану, әрбір сөздің мәнін жете түсіну, оның табиғатын тануға баулу. Студент жазушының шығармасын тыңдаушы жұртшылыққа бейнелі, айқын да анық, әсерлі жеткізе алғанға дейін мәтінмен ұзақ жұмыс істеу керек, Автордың айтар ойын, идеясын, шығарманың тақырыбын жете түсініп, терең сезінуі қажет. Кейіпкермен бірге «мың өліп мың тірілуі» тиіс. Сонда ғана көрермен сахна төрінен спектакльді емес, шын өмірді көреді, сахнадағы өмірімен біте қайнасады, кейіпкердің жанын ұғады, оның қайғысына ортақтасады немесе қуанышын бірге бөліседі.

Сөз проблемаларына байланысты актер шеберлігі әрі кең, әрі көп мағыналы ұғым. Автордың ойы пьесада әр түрлі жолдармен жүзеге асырылады. Шығарманың стилистикалық қасиеті, сөйлеу ерекшелігі, кейіпкерлердің ойын бейнелеп көрсету және басқа көптеген сөйлеу өзгешеліктері сахналық шығармаларда басты рөл атқарады. Осы ерекшеліктер спектакльде толық байқалуы қажет. Мұның бәрі оқушының, яғни, орындаушының сөзінде өзіндік орнын табуы басты шарттардың бірі болмақ.

Ең алдымен сөйлеу техникасы, яғни, көрерменге кейіпкердің толғанысын көркемдік формада жеткізетін және іске асыратын қажетті сапа керек. Ал сахна тілін меңгеру үшін оймен, мазмұнмен тығыз байланысты рөлдердегі сөздермен жұмыс жасау барысында автор ойынан ауытқымаған жөн. Бұл тіл техникасымен жаттығу кезінде, әдеби материалдармен жұмыс жасағанда бүкіл жүйені анықтауға мүмкіндік береді [1].

Сөзбен жұмыс істеуге ерекше күш салу қажет. Бұл ретте қажетті материалдар ретінде көбіне прозалық көркем шығармалар қолданылады. Шығармалардың авторлары да, жанрлары да, айтар ойлары да әр түрлі болуы мүмкін. Ал актердің сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда драмалық емес, әдеби көркем шығармаларды да

пайдалануға болады, өйткені, сахна өнері жанрларының негізгісі көркемсөз болып табылады.

Көркемсөзбен шұғылдану дұрыс техникалық дағдының қалыптасуына барынша көмектеседі. К.С.Станиславскийдің: «Мақам ақауы тілде емес, қиялда түзетіледі», - деген сөзі осы бағытта жұмыс істеудің нақтылы бағыт - бағдары болса керек. Көркемсөз өнері мен драма өнері арасында маңызды айырмашылық бар. Актер шеберлігі мен көркемсөз өнерін салыстырғанда бірқатар өзгешеліктерді байқауға болады. Мысалы, көркемсөз оқушы өзінің серігімен емес, көрерменмен байланысады. Көрермен алдында өтіп жатқан оқиға барысы жайында емес, өткен оқиғаны әңгімелейді, образды жаңа түрге енгізе отырып емес, кейіпкер мен оқиғаға байланысты белгілі бір қатынасты «өз атынан» әңгімелейді, сахнада көркемсөз оқушыда дене қозғалысы, қимыл-әрекет болмайды [2].

К.С.Станиславский: «Дауыстап оқушының актерден айырмашылығы, ол - ойнамайды, кейіпкерді бейнелемейді, оның дикциясы мен дауыс ырғағын қайталамайды», - дейді [3]. Дауыстап оқушының міндеті - бәрімен байланыса отырып, мәтінде не туралы айтылады, өзінің кейіпкері жайында, оны бүгінгі жағдайда, қазір тыңдаушыға не үшін жеткізетінін әңгімелеу. Дауыстап оқушы мен актердің негізгі айырмашылығы тыңдаушыға шығарманың формасы мен әдісін жеткізе білуде. Бұл айырмашылық спецификалық жағынан, негізінен, әдеби көркем материалды тыңдаушыға жеткізе білудегі мәнерлілік әдісін, яғни, дауыстап оқушының қабылдауы мен икемділігін қамтиды. Бұл икемділік көркемсөз шеберлігінде маңызды рөл атқарады. Ал оларды қолдану шеберлігі мен шеңбері өте кең. Оның ішіне төл сөзді қолданудың, образдарды сипаттаудың басқа әдістері мен сипаттары, нақты шығармашылық тапсырыстарға байланысты екпінді тасымалдау т.б. кіреді [5].

Дауыстап оқушының негізгі міндеті - адамдарды, олардың мінез-құлықтарын, істеген қылықтарын өткен оқиғалар ретінде ойнамай, жаңа түрге енгізе әңгімелеу. Бұл орайда олардың психологиялық өмірлерінің белгілері пайдаланылады. Тыңдаушыға кейіпкердің ішкі жан-дүниесі, олардың ойлары мен сезімдері жеткізіледі. К.С.Станиславский: «Адам туралы әңгімелей отырып, дауыстап оқушы оқып тұрған дүниесіне терең бойлай бастан кешіріп, қимылдайды"-, деп тегін айтпаса керек [3].

Дауыстап оқушы өз кейіпкерлерінің қайғысымен қайғырып, қуанышымен қуанып, оған қатысты барлық жайға, оқиғаларға араласады. Дауыстап оқушының айтып тұрғаны өзінің өмірбаянының бір бөлігі іспеттес. Ол бұл өмірді алдымен өзі елестетеді. Қиял күші арқылы оны өзінің өткені етеді. Ол айтып тұрған жай оның өзін терең ойландырады, бәріне өзіндік көзқараспен қаратады. Бұл өткен өмір оған ой мен сезімді тудырып, бүгін, қазір, дәл осы жерде тыңдаушыларымен сөйлестіреді. Ал бұл шындық, үлкен үміт оның әңгімесінде сенімдірек шығып, тыңдаушыларын өз қайғысымен, ойымен баурап алады, ол өнерді мағыналы, мәнді етіп, ойдағыдай шығуға ықпал етеді. Соған қарамастан, рөлді ойнайтын актерге қандай дайындық қажет болса, дауыстап оқушыға да соншалықты дайындық қажет болады. Бұлар: көріністі, идеяны талдау, автордың бұл шығарманы жазуына не себеп болды, оған не итермеледі деген сұрақтарға, қоршаған ортамен қарым-қатынастағы оның мінезіне талдау жасау. Сөзді меңгеру әдісі мен тәсілі драма актері, опера артисі, көркемсөз шебері, камералық немесе эстрадалық артист үшін бірдей және ортақ. Актер немесе дауыстап оқушы автор сөзінен кейіпкерін тірі адам бейнесінде көруі, мәтіннің астарында жасырынып жатқан «екінші жоспардағы" ұсынылатын жағдайды құруы керек. Жұмыс тыңдаушылармен тікелей қарым-қатынас негізіндегі жағдайда баяндау арқылы жүргізіледі. Жаттығу барысында көркемсөз мәнерлі оқуға тәрбиелеудің негізгі құралы емес, оны көруге, ойлауға, бағалауға, тақырыбымен және идеясымен шұғылдануға, әңгіменің жоғары талабын түсінуге үйретеді. Бұл орайда мәтінді меңгеру, мағынасын түсіну маңызды орын алады. Көркемсөзде барлық идея бір ғана орындаушының үлесінде болады. Автордың ойын, шығарманың мақсатын тыңдаушыға жеткізетін болғандықтан,

режиссерлардың актерлармен тығыз байланысты қызметін көрсетеді, спектакльге қатысушылардың әрқайсысының қарым- қатынасын, міндеттерін айқындайды. Студент шығарманың идеясын түсініп, оның маңыздылығын тыңдаушысына сол қалпында жеткізуді үйренеді. Шығарманың идеясын түсіне білу және сезіну, мәтіннің философиялық, азаматтық мән-мағынасын айқындау - негізгі ізденіс, басты жұмыс. Бұл ой-өрісті кеңейтіп, қалыптастырады, берілген материалдарды қоғамдық позицияда бақылауға үйретеді. Өнерде өмірдің дамуын, оның қиындығы мен тереңдігін қамтып көрсетуге ұмтылады. Ұсынылған материалды талдай отырып, ол туралы біз өзіміздің білімімізді кеңейтіп, тереңдете түсеміз, біртіндеп автор жасаған әлемді көз алдымызға елестетіп, оймызды қалыптастыра бастаймыз. Материалмен жұмыс барысында студент автордың ойымен тығыз байланыста болады. Сөйтіп, ол шығарманың идеялық бағытын айқындайды. Автор идеясы шығарманың басынан аяғына дейін анық байқалып отырады, мәтіннің маңыздылығы оны терең ашудан байқалады. Ол үшін мәтінге тарихи-әдеби талдау жасап, эмоциялық толыққанды әңгіменің, сөздің қимылды күшін аша білу керек.

XV-XVII ғасырларда өмір сүрген ақын-жазушылар, шешен-көсемдер, батырлар, даналар қаншама өшпестей мәңгілік мұралар қалдырды. Олар өз бастарынан өткенді саралап, өлшеп, ақыл мен билік айтып, «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жасаған. Жаңа заман ұрпақтары сол асыл сөздерді игілігімізге пайдалана білуіміз қажет. Өйткені, қазақ халқы сөз сөйлеуге, нақылдарды ойната білуге өте шебер. Ата-бабамыз бір ауыз сөзге тоқтап, бір ауыз сөзге күйініп не сүйініп отырған. Міне, осыған қарап асыл сөздердің оттай ыстық, мұздай суық, қылыштай өткір, мамықтай жұмсақ, өрмекші торындай нәзік, шуақтай жылы екеніне көз жеткіземіз. Заман өзгергенмен, адамның елі, жері, тілі, діні, тәрбиесі, бесігі өзгермейді.

XV ғасырдың перзенті Асан Қайғы былай жырлайды:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер.
Бұрынғыны қуыспа.
Ақын болса біреуде
Айыбын тап та ала бар.
Ерегісіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да,
Атың шықпас дұрысқа.
Мінезі жаман адамға
Енді қайтып жуыспа.

Асан Қайғы кекшіл болма, кешірімшіл бол, сол қасиет қана өз бойыңа жарасады дей келе, «алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деп, достықтың туын желбірете түсуін жүрегімен калайды. Өмір сүру үшін қу құлқынның құлы болма, жер-дүние кең, бірінді-бірін алалама, сабырлы, байсалды бол, ол үшін асқан ақылдылық керек деп ескертеді. Қашан да ашу - дұшпан, ақыл - дос екенін айтады. Ашудың емес, ақылдың жетегінде жүрсең ғана адал боласың дегенді меңзейді. Ашуға жеңілдік жасама, одан бойыңды аулақ сал, қашан да әділдіктің туы желбірей берсе, бірліктің түп қазығы - сол. Береке жақсылыққа жеткізеді, нұрың тасып жайнай түсесің, сол үшін саған сәттілік, ниеттілік туады деп тұрғандай [4].

XV ғасырда өмір кешкен әрі батыр, әрі жырау, әрі шешен Қазтуған жырау

Сүйінішұлы былай дейді:
Алаң да алаң, алаң жұрт
Ақ ала ордам қонған жұрт.
Атамыз біздің Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт.
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт.
Қарғадай мынау Қазтуған,
Батыр болып туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Жанға сақтау болған жұрт...

Өзінің туған жұрты әркімнің өзіне қымбат екеніне сүйіспеншілікке толы инабаттылық, шын ниеттілік білдіреді. Өкең - күйеу, шешен - келін болған, кіндік қаның тамған жерді ұмытасың ба? Тай-құлындай тебіскен балалық шақтың бал күндеріне ой жүгіртіп еске аласың, сағынасың. «Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас» деген түйінді сөздерді салмақтай отырып, туған жерді, елді; атамекенді сүйеге құлшындырады. Ақын-жыраулардың өлең жолдары өздері өмір сүрген кезеңнің көрінісін көз алдына әкеледі. Өлеңнің әр жолын оқи отырып, әр адам тарих беттеріне үңіліп, ата-бабасының өткен тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады. Бүгінгі тәуелсіздік жолына дейінгі ата-бабаларымыздың ауыр да тауқыметті өмір жолдары оңайлықпен келген жоқ. Сонымен, көркем мәтіннің түрлі ассоциацияға толы болуы мәтіннің өзіндік ерекшелігін түсінуге септігін тигізеді. Бұл тыңдаушыға да үлкен әсер етпек. Бұл жерде идеяның нақтылығы басты рөл атқарады. Өйткені, идея - жазушының өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына деген көзқарасы. Анығырақ айтқанда, жазушы өзі бейнелеп, суреттеп отырған өмір құбылыстары арқылы оқырман назарын неге аударса, қайда бағыттаса, сол идея болып табылады [6].

Сахналық бейнені құра отырып, актер өз әріптесімен рөл ойнау үстінде басты бейнені сомдап шығады. Әдеби шығармалардың кейіпкерлері өзара байланыс үстінде ашылады, олар белгілі бір жағдайда өзіндік қимыл жасайды. Көркемсөзбен шығармашылық жұмыс істеу сезімнің артуына, ішкі елестетудің тереңдеуіне, мәтіндегі әрбір сөздің нақты әрі анық шығуына ықпал етеді. Студенттің сөйлеу мүмкіндіктері тереңірек ашылады. Сондықтан «Сахна тілі» сабағында көркемсөз бен сөйлеу техникасының бірлігі аса болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мейрамова Ж. Дауыс тәрбиесі. А., 2004 ж.
2. Тұранқұлова Д. Сырлы сөз – сахна сәні. А., 2000 ж.
3. Байсеркенов М. Сахна және актер («Станиславский жүйесі әм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары»): Оқу құралы Лантар Books, 2022 ж.
4. Ниязбеков Р. «Қыдырғұмыр», Алматы: Жалын, 2002.- 117 б.
5. Тұранқұлова Д. Сахна тілі (оқу құралы). А., 1999 ж.
6. Тұранқұлова Д. Көркем сөз оқу шеберлігі. А., 2001 ж.

Джайылганова А.Б.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Орал қ., Қазақстан

ҚОЛӨНЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ ОРНЫ: ЕРШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақтың қолөнері, өзінің бай тарихымен, тек тұрмыстық қажеттілік қана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, әлеуметтік құрылымын көрсететін құнды мәдени мұра болып табылады. Қазақ халқының қолөнері ғасырлар бойы қалыптасып, өзінің дәстүрлі түрлерін сақтай отырып, жаңа заман талаптарына сай дамып келеді. Әсіресе ер-тұрман жасау, киіз басу, ағаш өңдеу, тері өңдеу, зергерлік өнер сияқты салалар ұлттық мәдениеттің негізін қалаушы, өзіне тән ерекшеліктері бар өнер түрлеріне жатады. Қазақ халқының көшпелі өмір салтымен, табиғатпен байланысы мен діни сенімдері қолөнердің әртүрлі түрлерінің қалыптасуына ықпал еткен.

Кез-келген халықтың мәдениеті оның тарихымен, дәстүрлерімен және өнерімен тығыз байланысты. Ұлттық мәдениет - бұл күрделі, көп құрамды, яғни халықтың өзіндік ерекшеліктерін, құндылықтарын және өмір сүру салтын көрсететін кешенді жүйе. Қазақтың ұлттық мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасқан, оның негізінде көшпелі өмір салты, табиғатпен қарым-қатынас, дәстүрлі құндылықтар мен ұлттық сана жатыр.

Халқымыздың ежелгі замандардан бері еңбек етумен қатар, уақыт ағымымен бірге өнерінде ұдайы дамытып отырды. Солардың бірі халқымыздың қолөнері. Қазақ халқында да қолөнер тек өнер емес, сонымен қатар, еңбек мәдениетінің маңызды бір бөлігі.

Қолөнер – бұл халықтың тарихы мен мәдениетін, тұрмысын, әлеуметтік құрылымын бейнелейтін өнер түрі. Ол талай ғасырлар кезеңінен өтіп түрленіп, жаңарып келіп, ата-бабаларымыздан жеткен дәстүрлі өнердің асыл да мұрасы. Қазақ халқының қолөнері халық тұрмысында жиі қолданылатын өнер жиынтығы болып табылады. Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері көшпелі өмір салтымен тікелей байланысты дамыды. **Киіз басу, ағаш өңдеу, сүйек пен мүйіз ою, зергерлік, тері илеу, кілем тоқу** сияқты салалар ұлттық өнердің негізін қалады. Қазақтың әрбір қолөнер бұйымы тек әсемдік үшін емес, **дүниетанымдық мәнге ие** болды. Мысалы, **зергерлік бұйымдар – киелі қорған, ал ою-өрнектер – терең символика**. Киіз үй жабдықтары, тұрмыстық бұйымдар тек қана қажеттілік емес, **әлеуметтік мәртебе көрсеткіші** болған.

Қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан бастау алады. Қолөнер тарихи-экономикалық, саяси әлеуметтік жағдайларға байланысты әр заманда әртүрлі сатыда дамып, түрленіп отырды. Оған Қазақстан жерінде бұрын – соңды жүргізілген археология зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады [1, б. 5].

Қола заман тайпаларының қолөнер үлгілері алғаш рет 1914 жылы Ачинск қаласының қасындағы Андронов ауылынан табылған. Содан бері көне заман тайпалары «андроновтық тайпалар», мәдениеті – «андроновтық мәдениет» деп аталып кетті [2, б. 4].

Андронов мәдениеті (б.з.д. XVIII – X ғғ.) деген атпен белгілі болған андроновтық тайпалардың қолөнершілері сол кездің өзінде-ақ әртүрлі қола қарулар, пышақ, найза тағы басқа сәндік бұйымдар мен сазбалшықтан әртүрлі ыдыстар жасап, оларды геометриялық өрнектермен безендірген.

Андронов дәуірінен кейін қазіргі қазақ жерін мекендеген ертедегі сақ, үйсін, қаңлы тайпалары қазақ халқын құрайтын негізгі тайпалар болып саналатыны ғылымда

дәлелденген. Осылардың бәрі қазақ халқының қолөнерінде тамаша үлгі-іздерін қалдырғаны сөзсіз. Сонымен қатар, халқымыздың мәдениеті мен өнерінің дамуына Алдыңғы және Орта Азия, Шығыс Европа скифтері мен Қиыр Шығыс, Сібір, Алтай халықтарының ықпалы зор болды.

Ерте кездерден-ақ көршілес жатқан мемлекеттермен мәдени қарым-қатынас нығайып, саяхат, сауда жасау арқылы, әр мемлекет бір-бірінен өнердің озық үлгілерін үйреніп, жетілдіріп отырған [3, б. 10].

Әр шебердің өзі сүйген материалы мен сол материалды ұсатып, әшекейлеп – өңдеуде меңгерген өз тәсілі болады. Қазақ шеберлері көп қолданылатын материалдарға ағаш, металл, тері, былғары, тарамыс, қайыс, жүн, жіп, ши, қамыс, киіз, мата, тас, бояу, сүйек, мүйіз тағы басқалары жатады.

Әрбір қолөнер түрлері жасалу тәсіліне, қолдану мағынасына және ерекшелігіне байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар: ағаштан бұйымдар жасау; кілем, алаша тоқу; теріден бұйымдар жасау; зергерлік өнер; тастан, қыштан бұйымдар жасау; арқан жіп есу, таспа өру; металдан бұйымдар жасау; жүннен бұйымдар жасау, киіз басу, киізден бұйымдар жасау; ши тоқу өнері және ертұрман жасау өнері сияқты кең тараған [4].

Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарынан алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалтын бұйымдардың түрлері сан алуан. Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шеберлерді халық олардың өндіретін бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «арбашы», «ұста» деп даралады. Ал, бұл шеберлердің әрқайсысы өзінің негізгі кәсібінен басқа да ұсақ-түйек бұйымдар түрлерін жасай білді [1. 19].

Қазақтың көшпелі шаруашылығы ішінде, әсіресе, жылқы түлігіне ерекше маңыз берілгендігі мәлім. Қазақ халқының этнокогнитивтік санасында жылқымен байланысты өмір тәжірибесінен жинақталған ерекше білімдер, пәлсапалық ой-танымдар, дәстүрлі түсініктер мен ұғымдар жүйесі қалыптасқан. Адам - жылқы мінезді; жылқы - малдың патшасы; жігіттің сорлысын – аттың жолдысы теңейді; ат – ердің қанаты; жаман адам жақсыға малымен теңеледі, жаман атқа жақсы ат жалыменен теңеледі т.б. қазақ мақал-мәтелдерінен адам мен оның жан серігі – атын «біртұтас әлем» ретінде қарағаны айқын байқалады. Қазақ ұғымында – жүйрік ат – жігіттің жеті қазынасының бірі саналады. Жылқы малы ел қазынасы; аяқты ұзына дегне аксиологизмдер көшпелі өмір салтында қазақтың жылқыны қаншалықты қадірлі, қасиетті көретін түсініктерін аңғартады. Көшпенді өмір салтымен әуелден ат құлағында ойнаған нағыз шабандоз халық болған, сондай-ақ, ат абзелдеріне айрықша мән берген. Алтынды ер-тұрман, күмісті жүген, жібек нөқта, әшекейлі айыл-тартпа жігіттің мінген атына сай болған. Байырғы кезде қазақтың сыншыл көзі бейтаныс жолаушының алдымен атына, ер абзелдеріне, одан кейін иесіне түскен [6].

Оның құрамдас бөліктері тұтастай алғанда ер-тұрман, ер-тұрман жабдықтары, ат жабдығы, ат абзелдері, әбзел, ат-тұрман, ат сайман, ер-тоқым жиынтығын жасау ершілік өнер деп аталады. Этнограф-зерттеуші Х.Арғынбаев қазақ жеріне тараған ер-тұрманның сан алуан түрлерін анықтаумен бірге, олардың жасалу технологиясындағы ерекшеліктерді нақтылы деректер негізінде дәлелдеп, ол ерекшеліктердің қалыптасу себебі мен оның халық арасына таралу мөлшерін әлеуметтік-экономикалық қатынастармен байланыстыра отырып талдайды.

Ершілер өнерінде де жергілікті өзгешіліктердің бар екенін, ол ерекшеліктер Қазақстанның әр өңіріне тән ер түрлерінің жасалу тәсіліне, сыртқы кескініне, қандай ағаш түрлерінен жасалатындығына және көркемделуіне тікелей байланысты екенін атап көрсетеді. Бұған мысал ретінде, Қазақстанның оңтүстігінде құранды ер, батысында қозықұйрық ер, солтүстігінде, орталығында, шығысы мен оңтүстік-шығысында қазақ ерлерінің әр түрі жасалғандығын келтіреді [5].

Ершілік өнеріне байланысты «Ерінбейтіндігі ерге күміс шабушыдай» дейтін теңеу ершінің еңбекқорлығына меңзейді. Қазақ халқы сөз өнерін жоғары бағалайды, сондықтан халық даналығы «Сөз өнері дертпен тең», «Өнер алды – қызыл тіл» деп бағаласа, кемеңгер Абай осы сөз өнерін ерге қосуды ұқсатады.

«Ер қосқанға ұқсайды сөз сөйлемек,

Қиыннан қиыстырып айтсам демек.

Атқа жайлы минуте және ыңғайлы,

Алды-арты бірдей келсін дөп-дөңгелек», – деген өлең шумағы ер қосу өнерінің қиын да, қажетті өнер екенін аңғартады. Сонымен, ершілік өнерін кең мағынасында алып қарастырғанда, бұл өнер түрі ағашпен жұмыс істеу, тері өнімдерімен жұмыс істеу, металл және асыл тастармен жұмыс істеу сияқты үш түрлі мамандықты игеруді қажет етеді.

Бұл жөнінде белгілі зерттеуші Х.Арғынбаев: «Халық арасында осы үш түрлі мамандықты бірдей меңгеріп, ер-тұрман жабдықтарын түгелдей өз қолынан шығаратын шеберлер баршылық. Қазақ ершілерінің шеберлік өрісінің соншама кеңдігіне дәлел болатын тағы бір жағдай: жалпы ер-тұрмандарын жасауға ағаш, темір, жез, алтын, күміс, түрлі асыл тастар мен түсті шынылар, сүйек, былғары, қайыс, көн, шұға, барқыт, киіз, қыл, тарамыс, желім, бояу және тоз сияқты заттардың жұмсалатындығы даусыз. Өйткені осы заттардың әрқайсысы ертеден-ақ әр түрлі шеберлікті, сан қилы тәжірибе мен білімді талап етті», – деп жазады [1, б. 21].

Ортағасырдағы көне Отырарда зергерлік, қолөнер, ершілік өнер қатар дамыды. Ершілік өнердің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер ершілердің іскерлігінен, шеберлігінен байқалады. Мәселен, ершілердің кейбіреуі тек ердің өзін ғана ағаштан шауып жасаумен айналысқан, кейбір ершілер ердің соқа басын жасаумен бірге оның былғарыдан, киізден, темірден жасалатын жабдықтарын да жасай білген. Кейбір ершілер зергерлік өнерінде меңгеріп, ер-тоқымды күмістеу, алтын жалату, асыл тастардан көз орнату тәсілдерімен әшекейлеуді де білген. Шын мәнінде, ағаштан ердің өзін ғана жасау ершінің ісі болса, оның жабдықтарын түгел дайындау сол ершіден әртүрлі өнер түрлерін меңгеруді талап етеді. Мысалы, ердің металдардан жасалатын әшекейлерін жасау үшін ұста, зергер болу керек. Ал, былғары, қайыс жабдықтарын жасау үшін тоқымшылық, өрімшілік, тебінгішілік өнерлерін меңгеру керек. Ершілік өнерінде қолданылатын құрал-сайман, материал, әдіс-тәсілдер мен ер түрлеріне қатысты сан алуан атаулар бар. Ершілік өнерінде қолданылатын ағаш, көн, металл, т.б. өңдеуге, зат пен оның бөлік-бөлшектерін құрастырып дайындау және көркемдеп безендіру тәсілдеріне байланысты атауларды кең ауқымда және қазақ ершілерінің эстетикалық талғамы жоғары екені белгілі [5].

Түйіндей келе, ершілік өнері, әсіресе ер-тұрман жасау, ағашпен, металлмен, терімен жұмыс істеу сияқты көпқырлы мамандықтарды біріктіріп, шебердің жоғары кәсіби дағдыларын талап ететін сала болып табылады. Ер-тұрман жабдықтарын жасаудың шеберлігі мен ою-өрнектері тек сыртқы әсемдігімен ғана емес, оның халықтың өмір салтына, әлеуметтік мәртебесіне, салт-дәстүріне байланыстылығымен құнды. Бұл өнер түрі әрбір дәуірдің тарихи-экономикалық жағдайларына сәйкес дамып, жетіліп отырды. Сондықтан қазақ қолөнері мен ершілік өнері ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде бүгінгі таңда маңызды рөл атқарады.

Қазақ қолөнерінің тарихы мен мәдениеті ұлттық өнердің негізін құрайды және оны сақтап, дамыту халықтың мәдени мұрасын қорғаудың маңызды бір аспектісі болып табылады. Қазақ халқының қолөнерінде әрбір бұйымның өзіндік мәні мен мағынасы бар. Әсіресе ер-тұрман, зергерлік бұйымдар, киіз басу, ағаш өңдеу, тері өңдеу сияқты ұлттық қолөнердің түрлі түрлері тек тұрмыстық қажеттілік емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, мәдениетінің тереңдігін көрсетеді. Бұл өнер түрлерінің барлығы қазақ халқының көшпелі өмір салтымен, табиғатпен байланысымен, діни сенімдерімен, әлеуметтік құрылымымен тығыз байланысты.

Қазақ қолөнерін дамыту және сақтау үшін оны насихаттау, шеберлердің шығармашылығын зерттеу, жастар арасында ұлттық өнерге деген қызығушылықты арттыру аса маңызды. Қазақ халқының қолөнерін жаңғырту, оны қазіргі заманғы өнермен

байланыстырып, халықаралық деңгейде таныту – ұлттық мәдениетімізді келешек ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұлттық қолөнерді қолдау экономикалық тұрғыдан да маңызды, өйткені ол ауыл шаруашылығын, туризмді және қолөнер кәсіптерін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ қолөнерінің өзіне тән ерекшеліктері, шеберлердің шығармашылық әлеуеті мен ұлттық мәдениетіміздің ұрпақтан-ұрпаққа сақталуы – халқымыздың рухани байлығын айқындайтын маңызды факторлар болып табылады. Бұл өнер түрі ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамытуда ерекше орын алатынын атап өту керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Арғынбаев, Х. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми зерттеу еңбек. – Алматы: Өнер, 1987. – 128 бет.
2. Қасиманов, С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 274 б.
3. Шокпарұлы, Д. Қазақтың қолөнері: Альбом. – Алматы: Өнер, 2005. – 173 б.
4. Егізбаева, Ә. Теріден жасалған ыдыс атаулары // Мәдениет. – 2022, - №2, - Б. 59-61.
5. Нәлібаев Б. Қазақ халқының ершілік өнері // Мәдениет. - 2022, - №1, - Б. 46-51.
6. Саутбекова А.Ғ., Нұрғожина Б.Е. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейіндегі «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залының таптырмас тарихи-этнографиялық және көркемдік құндылығы бар жәдігерлер // «V Арғынбаев оқулары»: Х.А.Арғынбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: ЖШС «Литера-М», 2024. - Б. 385-390.

ӘОЖ 004.83

Өтебаева Ш.Ш., Өтебай А.М.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ. Қазақстан

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Қазіргі заманда сапалы білім – әр халықтың, әрбір жеке тұлғаның болашағын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналуда. Білімнің жоғары деңгейін ұстап тұру – әрбір қоғамның өзінің ғылыми-техникалық прогресін, экономикалық дамуын және азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, алдына қоятын міндеті. Осы тұрғыда заманауи технологияларды, атап айтқанда жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану білім беру үдерісін өзгертуде басты рөл атқара бастады.

Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары қазіргі уақытта әлем бойынша дамып жатқан ең маңызды инновациялар қатарында тұр. Қазақстанда да бұл технологиялардың қолданылуы қарқынды даму үстінде. Бұл докладта Қазақстандағы жасанды интеллекттің дамуы мен оның әртүрлі салаларда қолданылуы талданады. Елімізде білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларында ЖИ технологиялары кеңінен пайдаланылуда, бұл өз кезегінде елдің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстандағы жасанды интеллекттің дамуы қазіргі уақытта басты технологиялық бағыттардың бірі болып табылады. Елде жасанды интеллекттің дамуына үлкен мән беріліп, бұл салаға мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетілуде. Жасанды интеллекттің көптеген салада қолданылуы экономика мен қоғамның түрлі аспектілерінде оң өзгерістер жасауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салалары ЖИ технологияларының көмегімен өздерінің тиімділігін арттыруда.

Жасанды Интеллект (AI) - роботтарға адамдарға ұқсас мәселелерді ойлауға және шешуге мүмкіндік беретін технология. Біздің телефондарымыздың суреттерін тану, виртуалды көмекшілер және ұсыныс алгоритмдері оларды қолданатын қарапайым технологиялардың бірнеше мысалдары ғана. AI компьютерлердің ақпаратты бағалау, тенденцияларды анықтау және қорытынды жасау қабілетін қолдайды. Кәсіпорындар бұл мүмкіндікті өнімділікті арттыру, процестерді автоматтандыру және тәжірибені теңшеу, әркімнің өмірін жеңілдету және байланыстыру үшін пайдалана алады.

Жасанды Интеллекттің қазіргі Әлемдегі маңызы:

ЖИ қайталанатын жұмыстарды автоматтандыру арқылы өнімділікті арттырады, бұл адамдарға күрделі және шығармашылық жұмыстарға көбірек көңіл бөлуге көбірек уақыт береді. Жасанды Интеллекттің Ауқымы осы өзгеріске байланысты.

ЖИ ұйымдарға деректерді талдау арқылы неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Жасанды Интеллекттің Қолданылу аясына бизнестің заңдылықтарды зерттеу, операциялық қызметті жақсарту және тұтынушылардың бақытын арттыру арқылы тенденцияларды болжау мүмкіндігі кіреді. Өзара әрекеттесуді теңшеу арқылы – өнім ұсыныстарынан бастап теңшелген маркетингке дейін – AI тұтынушы тәжірибесін жақсартады. Жекелендірудің бұл дәрежесі компанияларға өз клиенттерімен берік байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

ЖИ денсаулыққа қауіп-қатерді болжау және ауруларды анықтау арқылы денсаулық сақтау саласына көмектеседі, бұл медициналық көмектің сапасын тездетеді және жақсартады. ЖИ құралдары дәрігерлер үшін өмірлік маңызды ақпараттың сенімді көзіне айналуға.

Жасанды интеллектке негізделген оқыту құралдары сабақтарды әр оқушының жылдамдығына бейімдеу арқылы білім беруге көмектеседі. Жақсы оқу ортасы құрылады және оқытушылар мен студенттерге осы жеке тәсіл қолдау көрсетеді. ЖИ қауіпті ерте анықтауға көмектесу арқылы қауіпсіз жұмыс орындарын, интеллектуалды тасымалдауды және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

1. Жасанды интеллекттің Қазақстандағы жағдайы:

Жасанды интеллект (ЖИ) - адам ойлау қабілеттерін компьютерлік жүйелер арқылы имитациялау. Бұл технологиялар деректерді өңдеу, шешім қабылдау, мәтіндер мен бейнемазмұндарды түсіну, адамның қимылдарын тану және басқа да күрделі міндеттерді шешу үшін қолданылады. Қазақстанда ЖИ технологиялары соңғы жылдары қарқынды дамып келеді, мемлекет тарапынан бұл бағытқа айтарлықтай қолдау көрсетілуде. Қазақстанның цифрлық экономикаға көшуі ЖИ технологияларының кеңінен қолданылуын талап етеді. Жасанды интеллекттің Қазақстандағы дамуы бірнеше негізгі бағытта жүзеге асырылады: Жоғары білім мен ғылым: Жасанды интеллектті оқыту және зерттеу.

2. Жасанды интеллекттің қолданылу салалары

2.1. Білім беру саласы

Қазақстанның білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің қолданылуы қарқынды дамып келеді. Еліміздің жоғары оқу орындары мен мектептерінде ЖИ негізіндегі жүйелер оқыту процесін автоматтандыру үшін пайдаланылады. Мысалы, студенттердің білімін бағалау, жеке оқу жоспарларын құрастыру, онлайн оқу платформалары арқылы білім беру жүйелерін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда ЖИ көмегімен "Цифрлық білім беру платформасы" сияқты бастамалар жүзеге асырылуда. Бұл платформалар студенттерге өз бетімен оқу үшін қажетті құралдар мен ресурстарды ұсынады. Сондай-ақ, ЖИ негізіндегі оқу жүйелері студенттерге өздерінің білім деңгейлерін нақты бағалауға және жетілдіруге мүмкіндік береді.

2.2. Денсаулық сақтау саласы

Денсаулық сақтау саласында жасанды интеллекттің маңызы артып келеді. ЖИ медициналық зерттеулер мен диагностиканы жетілдіруге үлкен үлес қосуда.

Қазақстанда бірнеше ауруханаларда ЖИ негізінде жұмыс істейтін диагностикалық жүйелер бар. Бұл жүйелер дәрігерлерге пациенттердің диагнозын нақты қоюға, ауруларды алдын ала болжауға және емдеу процестерін автоматтандыруға көмектеседі.

Нейрондық желілер мен машиналық оқыту алгоритмдері денсаулық сақтау саласындағы ЖИ технологияларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Мысалы, "Медициналық бейнелерді өңдеу" жүйелері арқылы жасанды интеллект туберкулез, қатерлі ісік және басқа да ауруларды ерте сатысында анықтай алады. Бұл технология пациенттердің емделу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді.

2.3. Ауыл шаруашылығы

Ауыл шаруашылығында да жасанды интеллект кеңінен қолданылып жатыр. Қазақстанның ауыл шаруашылығында ЖИ технологиялары ауылшаруашылық дақылдарының өсуін болжау, өнімділік көрсеткіштерін жақсарту, климаттық өзгерістерге бейімделу сияқты мәселелерді шешуде қолданылуда. Жасанды интеллектті пайдалану арқылы фермерлер топырақтың құнарлылығын жақсартуға, зиянкестермен күресуді оңтайландыруға және суды үнемдеу технологияларын енгізуге мүмкіндік алады. Ақылды фермерлік жүйелер – бұл ЖИ көмегімен ауылшаруашылық өнімдерін бақылап, басқаруға мүмкіндік беретін жаңа технология. Қазақстанда осы жүйелерді енгізу арқылы ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру жоспарлануда.

2.4. Көлік және логистика саласы

Жасанды интеллект көлік саласында да кеңінен қолданылуда. Қазақстанда қалааралық және қалалық көлік жүйелерінде ЖИ негізінде ақылды көлік жүйелері енгізілуде. Бұл жүйелер жолдардағы көлік қозғалысын бақылап, маршруттарды оңтайландырады, көлік кептелістерін азайтады және жол қауіпсіздігін арттырады.

Жасанды интеллект логистика саласында да тиімділік арттыруға мүмкіндік береді. Тауарларды жеткізу маршрутын автоматты түрде жоспарлау, қоймаларды басқару және тапсырыстарды бақылау сияқты қызметтер ЖИ негізінде оңтайландырылуда.

3. Қазақстандағы жасанды интеллекттің даму болашағы

Қазақстандағы жасанды интеллекттің даму болашағы зор. Елдің сандық экономикаға көшуі және "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы ЖИ технологияларының ауқымды түрде қолданылуына мүмкіндік береді. Қазақстанның ғылыми қауымдастығы мен мемлекеттік органдары ЖИ саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолайлы орта қалыптастырып отыр. Қазақстанда жасанды интеллекттің тиімділігін арттыру үшін бірнеше маңызды бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде:

Мамандар даярлау: ЖИ саласында білікті мамандарды дайындау. Құқықтық реттеу: ЖИ технологияларын қолдануға қатысты заңнамалық базаны жетілдіру. Инфрақұрылымды дамыту: ЖИ технологиялары үшін қажетті инфрақұрылымның дамуы.

Жасанды интеллект Қазақстандағы экономикалық, әлеуметтік және ғылыми салаларда үлкен өзгерістер жасауға ықпал етіп жатыр. Бұл технология білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларында қолданылуда. Жасанды интеллекттің болашағы елдің цифрлық экономикасын дамытуда маңызды рөл атқарады және Қазақстанның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 7(1), 32-45.
2. Джонсон, А. (2019). «ЖИ негізіндегі білім берудегі этикалық ойлар». Білім беру этикасы, 12(2), 45-58.
3. Ғаламтор материалдары

4. Акишев, А. М., & Мухамедиев, С. С. (2020). «Жасанды интеллект: заманауи тенденциялар мен мәселелер». – Астана: Инновация.
5. Туленов, К. К. (2021). «Жасанды интеллектті Қазақстандағы өнеркәсіп салаларында қолдану». – Алматы: ЭкоПресс.
6. Сагынбаев, М. К. (2023). «Қазақстандағы ауыл шаруашылығында жасанды интеллекттің рөлі». – Астана: Ауыл Шаруашылық Инновация.

УДК 371.8:5

Шукатова А.С.

Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, г.Уральск, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Современное образование сталкивается с необходимостью внедрения новых технологий, которые способствуют не только улучшению качества знаний учащихся, но и развитию их умственных и творческих способностей. Одной из таких технологий является искусственный интеллект (ИИ), который активно развивается и находит все большее применение в различных сферах, включая образование. На уроках естествознания в начальной школе ИИ может сыграть ключевую роль в более глубоком освоении учащимися природных явлений, формировании научного мировоззрения и развитии критического мышления. ИИ представляет собой систему, способную к обучению, обработке информации и принятию решений. Г. В. Зиновьев в своих исследованиях рассматривает внедрение современных технологий в образовательный процесс, включая искусственный интеллект. Его работы подчеркивают роль ИИ в создании персонализированных образовательных программ и улучшении качества учебного процесса. [1] Н. В. Гузенко уделяет внимание цифровым технологиям, включая искусственный интеллект, в преподавании предметов, таких как естествознание. Она утверждает, что ИИ может значительно улучшить понимание учеников в таких дисциплинах, как биология и экология, через моделирование процессов и визуализацию данных. [2] Л. А. Тарасова работает в области внедрения ИИ в школьное образование и изучает его влияние на развитие критического мышления у учащихся, в том числе на уроках естествознания. Она также исследует, как ИИ может быть использован для создания виртуальных лабораторий и моделирования природных явлений. [3] И. В. Сорокин акцентирует внимание на практическом применении ИИ для создания интерактивных платформ, поддерживающих обучение школьников. Он также подчеркивает, что ИИ позволяет дифференцировать обучение в зависимости от уровня знаний учащихся и способствует более глубокому освоению природных наук. [4] Джеймс Бейкер исследует влияние технологий на образовательные процессы, включая искусственный интеллект. Его работы акцентируют внимание на том, как ИИ может способствовать развитию навыков критического мышления и научного подхода у младших школьников. [5] Р. Д. Кронберг занимается разработкой адаптивных образовательных систем на основе ИИ, которые могут использоваться в начальной школе для обучения естествознанию. Его исследования демонстрируют, как такие системы помогают создавать индивидуальные маршруты для каждого ученика, улучшая усвоение сложных природных концепций. [6] Т. А. Кириченко в своих исследованиях освещает важность использования ИИ в начальной школе для обучения естественным наукам, предлагая методы визуализации сложных процессов и моделирования природных явлений с помощью технологий ИИ. [7]

В контексте образования ИИ может быть использован как инструмент для анализа учебных материалов, автоматизации оценивания, персонализации обучения и создания

адаптивных образовательных программ. Педагогическая ценность ИИ заключается в его способности подстраиваться под индивидуальные особенности учащихся, предоставляя им оптимальные задания, а также в создании интерактивной и увлекательной учебной среды. Внедрение ИИ в школьное образование является частью более широкого тренда цифровизации учебного процесса, который способствует развитию навыков 21 века, таких как критическое мышление, решение проблем и способность к самостоятельному обучению. Естествознание как предмет охватывает широкий спектр знаний о природе, жизни и окружающем мире, что требует от учащихся не только запоминания фактов, но и активного анализа, обсуждения и интерпретации информации. ИИ может быть использован для: ИИ позволяет создавать адаптивные образовательные платформы, которые могут подстраиваться под уровень знаний каждого ученика. Например, на уроках естествознания можно использовать платформы, которые предлагают задания в зависимости от текущих знаний учащихся. Если ученик легко справляется с задачей, система предложит более сложный материал, а в случае затруднений – более простые задания или дополнительные объяснения.

ИИ может быть использован для создания интерактивных моделей и визуализаций, которые помогают школьникам лучше понять сложные природные процессы. Например, с помощью технологий ИИ можно моделировать экосистемы, показывать процессы фотосинтеза, круговорот воды в природе или движения планет. Такие визуализации помогают учащимся увидеть абстрактные концепции в наглядной и понятной форме.

Чат-боты на базе ИИ могут быть использованы для создания виртуальных ассистентов, которые помогают учащимся ответить на вопросы, поясняют сложные термины и дают рекомендации по дальнейшему изучению материала. Такие помощники могут работать 24/7, что позволяет ученикам обучаться в любое время и в удобном для них темпе.

Использование ИИ для автоматического оценивания заданий и тестов позволяет снизить нагрузку на учителей, освободив их время для более индивидуальной работы с учениками. Кроме того, ИИ способен анализировать ошибки учеников и предлагать рекомендации по улучшению знаний, что способствует более глубокому освоению материала.

Некоторые школы уже начали внедрять ИИ в образовательный процесс. Например, проект "AI for Schools" предоставляет платформы для создания адаптивных тестов, которые позволяют учителям собирать данные об успеваемости учеников и предлагать им задания, соответствующие их уровню подготовки. В некоторых школах используются виртуальные лаборатории, которые позволяют учащимся проводить эксперименты по биологии, физике и химии, не выходя из класса.

В Республике Казахстан обучение естественно-научным дисциплинам в начальной школе осуществляется в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом образования (ГОСО) и типовыми учебными программами. Согласно требованиям ГОСО, содержание курса «Естествознание» ориентировано на развитие у учащихся интереса к природе, исследовательских умений и формирование научного взгляда на окружающий мир. [8] Внедрение ИИ не только делает процесс обучения более интересным, но и отвечает актуальным задачам цифровизации образования в Казахстане, предусмотренным в государственной программе «Цифровой Казахстан».

Современный этап развития образования требует переосмысления методических подходов к преподаванию естественно-научных дисциплин в начальной школе. Учебник по естествознанию для 1 класса, разработанный в рамках обновлённого содержания образования Республики Казахстан, отражает актуальные тенденции в области школьного образования. Введение инновационных технологий, включая искусственный интеллект (ИИ), может значительно повысить эффективность обучения,

способствуя формированию у младших школьников исследовательских навыков и научного мировоззрения.

Учебник по естествознанию для второго класса продолжает формирование у младших школьников основ научного мировоззрения, заложенных в первом классе. Структура учебника основана на системном подходе к изучению природы, где постепенно усложняются понятия, а в процессе обучения происходит переход от наблюдения к эксперименту и исследовательской деятельности. Тематическое наполнение учебника направлено на изучение природных объектов, их взаимосвязей и влияния человеческой деятельности на окружающую среду. Внедрение технологий искусственного интеллекта в процесс преподавания позволит сделать обучение более наглядным, персонализированным и интерактивным, что соответствует современным требованиям образования. Введение ИИ может осуществляться через использование мобильных приложений с функцией распознавания объектов, виртуальных лабораторий, голосовых помощников и чат-ботов, которые помогут детям в игровой форме осваивать сложные научные понятия.

Одним из ключевых разделов учебника является тема «Где узнать про всё на свете?» [9], которая посвящена источникам информации о природе. В рамках изучения данной темы можно предложить учащимся использовать голосовых помощников, таких как Google Assistant или Алиса (Яндекс), для поиска информации по заданным вопросам. Учащимся можно предложить сформулировать вопрос: «Почему растения зимой не растут?» или «Какие птицы живут в Казахстане?» - голосовой помощник подберёт информацию, адаптированную для детей. Такой формат работы позволяет сделать процесс обучения интерактивным, а также формирует у учащихся начальные навыки работы с информацией в цифровой среде.

Тема «Кто играет в прятки?» [9], посвящённая адаптациям животных к окружающей среде, также предоставляет широкие возможности для интеграции технологий ИИ. Использование мобильных приложений с функцией дополненной реальности позволяет в интерактивной форме демонстрировать, как животные маскируются под цвет окружающей среды. Например, с помощью приложения Metaverse AR можно создать цифровую игру, где учащимся будет предложено найти животных, спрятавшихся в природном ландшафте. Такой формат работы способствует формированию у школьников представлений о приспособительных механизмах животных, а также развивает их наблюдательность.

Особое внимание в учебнике уделяется теме «Что мы знаем о воде?» [9], где рассматриваются агрегатные состояния воды и её роль в природе. Для углубления понимания данной темы можно использовать виртуальные лаборатории, такие как PhET Interactive Simulations, которые позволяют моделировать процессы испарения, замерзания и конденсации воды. Виртуальные эксперименты дают учащимся возможность самостоятельно исследовать природные явления, что способствует формированию у них исследовательских навыков.

В качестве противопоставления следует рассмотреть учебник четвертого класса. Современная система начального образования в Казахстане, ориентированная на обновлённое содержание, ставит своей задачей не только передачу учащимся базовых знаний, но и развитие ключевых компетенций, способствующих формированию функциональной грамотности, исследовательских навыков и экологического сознания. Учебник по естествознанию для 4 класса является важным компонентом реализации данных целей, так как его содержание направлено на систематизацию знаний о природе и выработку у учащихся исследовательского подхода к её изучению. Использование технологий искусственного интеллекта в процессе преподавания данного курса позволяет не только сделать обучение более наглядным и интерактивным, но и способствует достижению целей, предусмотренных Государственным общеобязательным стандартом начального образования Республики Казахстан (ГОСО).

Согласно требованиям ГОСО, одной из приоритетных задач обучения в начальной школе является формирование у учащихся исследовательских навыков, что достигается через активное участие детей в наблюдениях, экспериментах и проектной деятельности. Данные цели могут быть реализованы посредством интеграции технологий искусственного интеллекта в процесс изучения разделов учебника, которые предполагают самостоятельный сбор информации, её анализ и представление результатов.

Значительное внимание в учебнике уделяется формированию экологического мировоззрения учащихся, воспитанию ответственного отношения к природе. В разделе «Растения» [10] можно предложить детям создать интерактивный экологический дневник с помощью чат-бота на платформе Botmaker, который задаёт вопросы о правилах поведения в природе и предлагает мини-задания, такие как разработка памятки по защите окружающей среды или составление списка растений, находящихся под охраной. Дополнительно можно использовать приложение PlantSnap для распознавания растений на пришкольной территории с последующим занесением информации в электронную базу данных. Такие задания развивают у учащихся навыки самостоятельной исследовательской работы, формируют бережное отношение к природе и способствуют достижению целей ГОСО по экологическому воспитанию.

Тема «Как образуются пищевые цепи» [10] предоставляет возможности для реализации междисциплинарного подхода. В данном случае можно предложить учащимся создать цифровую модель экосистемы с помощью виртуальной лаборатории PhET Interactive Simulations, где учащиеся моделируют цепи питания, изменяют численность видов и наблюдают, как это влияет на баланс экосистемы. Для закрепления материала можно использовать чат-бот на платформе Dialogflow, который задаёт учащимся вопросы о роли каждого звена в пищевой цепи и предлагает исправлять допущенные ошибки. Такая форма работы способствует формированию системного мышления, развитию критического мышления и аналитических навыков, что отражает цели ГОСО по развитию естественно-научной грамотности.

Тема «Какие функции выполняет нервная система» [10] может быть дополнена использованием технологий дополненной реальности, что способствует реализации цели ГОСО по формированию функциональной грамотности через освоение цифровых технологий. Приложение BBC Human Body AR позволяет учащимся в формате 3D рассмотреть строение мозга, спинного мозга и периферической нервной системы, а также проследить, как сигналы передаются от органов чувств к мозгу. Для самостоятельного закрепления материала можно предложить учащимся воспользоваться голосовым помощником Google Assistant, который будет задавать вопросы о функциях нервной системы и помогать находить правильные ответы.

Необычным и креативным упражнением может стать организация цифровой экологической экспедиции с использованием приложения Google Earth. Ученики выбирают любой природный объект в Казахстане, исследуют его флору и фауну, находят информацию о редких и охраняемых видах, а затем создают презентацию о мерах по сохранению этого объекта. Такой подход способствует формированию экологического мировоззрения, развитию навыков работы с цифровыми ресурсами и реализации принципов проектного обучения.

Таким образом, интеграция технологий искусственного интеллекта в процесс преподавания естествознания для 4 класса позволяет реализовать основные цели ГОСО, включая развитие исследовательских навыков, формирование функциональной грамотности, воспитание экологической культуры и формирование информационно-коммуникационной компетенции. Использование мобильных приложений, виртуальных лабораторий, дополненной реальности и чат-ботов делает процесс обучения более интересным, интерактивным и ориентированным на индивидуальные потребности учащихся. Инновационные технологии помогают учащимся не только

усваивать теоретический материал, но и применять знания на практике, что соответствует концепции компетентностного подхода, заложенной в обновлённом содержании образования Республики Казахстан.

Вместе с тем, широкое внедрение технологий искусственного интеллекта в начальной школе сопряжено с рядом рисков, которые необходимо учитывать при разработке методических рекомендаций. Одним из таких рисков является снижение уровня коммуникативных навыков учащихся. Работа с чат-ботами, адаптивными платформами и виртуальными помощниками может привести к уменьшению количества живого общения между учениками, что особенно важно для младших школьников, находящихся на этапе активного формирования навыков межличностного взаимодействия. Для минимизации данного риска целесообразно сочетать работу с цифровыми технологиями с групповыми формами обучения, такими как проектные задания, дискуссии и командные исследования. Другим важным риском является наличие технических сложностей, связанных с доступом к необходимому оборудованию и стабильному интернет-соединению. В школах с ограниченными ресурсами или в сельских регионах доступ к современным цифровым технологиям может быть затруднён. Решением данной проблемы может стать использование офлайн-приложений с функцией распознавания изображений, таких как Seek by iNaturalist, которые могут работать без подключения к интернету.

Этические аспекты также играют важную роль при внедрении технологий искусственного интеллекта в образовательный процесс. Особое внимание должно уделяться защите персональных данных учащихся при работе с чат-ботами, адаптивными платформами и облачными сервисами. Необходимо выбирать только те платформы, которые соответствуют требованиям конфиденциальности, а также проводить разъяснительную работу с учащимися о правилах безопасного поведения в цифровой среде. Следовательно, перед использованием чат-бота Botmaker целесообразно объяснить детям, что нельзя указывать в диалоге личную информацию, такую как адрес или номер телефона.

Ключевым условием успешной интеграции технологий ИИ является подготовка педагогов к их использованию в образовательном процессе. Учитель начальных классов должен обладать не только предметными знаниями, но и навыками работы с цифровыми ресурсами, понимать принципы функционирования ИИ и способы его применения в обучении. На первом этапе подготовки необходимо организовать повышение квалификации учителей в рамках курсов по цифровой грамотности, где педагоги смогут ознакомиться с основными принципами работы искусственного интеллекта, его возможностями и ограничениями.

Интеграция искусственного интеллекта в учебный процесс начальной школы представляет собой мощный инструмент для улучшения качества образования. Применение ИИ на уроках естествознания не только помогает учащимся лучше понять природные явления, но и развивает их навыки критического мышления, самостоятельной работы и научного подхода. Однако для эффективного внедрения ИИ необходимо обучать педагогов, решать технические и этические проблемы, а также разрабатывать соответствующие методики и программы. Внедрение этих технологий в школу — это шаг к более инновационному и современному образованию.

Список литературы

1. Зиновьев, Г.В. Информационные технологии в образовании и их роль в индивидуализации обучения / Г. В. Зиновьев. – М.: Наука, 2019. – 252 с.
2. Гузенко, Н.В. Использование искусственного интеллекта в школьном образовании: опыт и перспективы / Н. В. Гузенко. – М.: Речь, 2020. – 305 с.
3. Тарасова, Л.А. Цифровизация образовательного процесса: перспективы и вызовы / Л. А. Тарасова. – СПб.: БИНОМ, 2021. – 189 с.

4. Сорокин, И. В. ИИ и его применение в начальной школе: учебно-методические аспекты / И. В. Сорокин. – М.: Просвещение, 2019. – 167 с.
5. Baker, J. C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Challenges / J. C. Baker. – New York: Wiley, 2018. – 334 p.
6. Кронберг, Р. Д. Адаптивные образовательные системы с использованием ИИ: теоретические и практические аспекты / Р. Д. Кронберг. – М.: Изд-во Московского университета, 2020. – 240 с.
7. Кириченко, Т. А. Инновации в преподавании естественных наук с использованием ИТ и ИИ / Т. А. Кириченко. – М.: Речь, 2021. – 312 с.
8. Государственный общеобязательный стандарт начального образования Республики Казахстан. – Астана: Министерство образования и науки РК, 2018. – 52 с.
9. Болтушенко Н.А., Зворыгина В.Н., Избасарова Р.Ш., Лауто О.А., Помогайко Т.В., Яндулова Т.Л. Естествознание: учебник для 2 класса общеобразовательной школы. – Алматы: Алматыкітап, 2019. – 92 с.
10. Бигазина П.К., Жаманкулова А.Ж., Кажекенова Э.А., Тураканова Г.А., Хонтай М. Естествознание. Учебник для 4 класса. – Нур-Султан: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2019. – 88 с.

ӘОЖ 327 (574)

Берікқожа С.Қ.

Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры, Астана қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Қай ғасырда болмасын, қазақ қоғамы жастарға сенім артып, келер ұрпақтың болашағына сенетіні үміт артып келеді. Ел тәуелсіздігін алғаннан бері 30 жылда «Жастар саясаты туралы» Заң бірнеше рет қабылданды. Негізі алғаш егемендік тұсында 1991 жылы 28 маусымда «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» атауымен бастау алған. Бұл құжат экономиканың бір түрінен екінші түріне көшуді көрсететін нормативтік-құқықтық акт болды [1].

Кейін араға 8 жыл салып, Жастар саясатының тұжырымдамасы бекітілді. Құжатта келешек азаматтардың адамгершілік рухани дамуы, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін жүзеге асыру, зияткерлік және физикалық дамуына жағдай жасау, еңбек, білім және денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз ету, халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру үдерістеріне қатысу мәселелеріне басымдық берілді [3].

Алайда жастарға тың серпін бергені 2004 жылы 7 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы еді. Өйткені мұнда алғаш рет жастардың жас шегі 14 пен 29 аралығы деп белгіленді. Жаңашыл бастама осы санаттағыларды жеке әлеуметтік демографиялық топқа бөлуге, белгілі бір әлеуметтік құқықтар мен мемлекеттік кепілдіктер беруге жол ашты. Тек 2015 жылы құжатқа бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді [1].

2024 жылдың басындағы дерек бойынша, Қазақстан халқының жалпы саны **20 033 546 адамды** құрады. Оның ішінде жастардың (14-35 жас аралығы) саны **5,7 миллион адам** немесе жалпы халықтың шамамен **28,5%-ын** құрайды. 2024 жылдың II тоқсанындағы мәліметке сәйкес, 15-34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі **3,2%** болды. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда төмендеген.

Елімізде жүргізілген нақты жұмыстардың нәтижесінде 2024 жылдың III тоқсанында NEET санатындағы (яғни, жұмыс істемейтін және оқымайтын) 15-34 жас аралығындағы жастардың үлесі **6,4%** немесе **345,5 мың адамды** құрады. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңінде **7,1%** немесе **381,7 мың адам** болған еді. Жұмыспен қамтылған жастардың ішінде **46%-ы** жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге, ал **48%-ы** техникалық және кәсіптік білімге ие.

2023 жылы неке қию коэффициенті **6,07** (1000 адамға шаққанда) болды. Некелесудің жалпы коэффициенті бойынша Астана қаласында ең жоғары көрсеткіш тіркелді – **7,46**. Алғаш рет некеге тұрған ерлердің орташа жасы **27,8 жас**, әйелдерде **25,2 жас** болды [2].

Қазақстандық жастармен жұмыс істеудің басты бағыты «Адал азамат» тұжырымдамасы болды. Бұл бағытты Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында айқындап берді. Тұжырымдама адалдық, әділдік және еңбекқорлық секілді құндылықтарды насихаттауға негізделген.

Мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарының бірі – жастарды жұмыспен қамту мәселесі. **2024 жылы 400 мыңнан астам жас жұмысқа орналастырылды.**

Жастар ресурстық орталықтары 2024 жылы кәсіптік бағдар беру мақсатында **500-ден астам бос жұмыс орын жәрмеңкесін ұйымдастырып, 1 миллионнан астам кеңес беріп үлгерді** (заңгерлік, психологиялық, кәсіптік бағдар, мемлекеттік бағдарламалар, волонтерлік, жұмыспен қамту және т.б.).

Мемлекет жастарға **тұрғын үй мәселесін** шешу бойынша жүйелі қолдау көрсетіп келеді. 2017 жылдан бастап, мемлекеттік бағдарламалар аясында **7 200-ден астам жас қазақстандық** баспанаға ие болды.

Бүгінде «Отбасы банк» және облыс әкімдіктерімен бірлесіп, елдің **16 өңірінде жұмыс істейтін жастарға арналған арнайы ипотекалық бағдарламалар да іске қосылды**. Шарттарын атап айтатын болсақ, 10% бастапқы жарна төленіп, пайыздық мөлшерлемесі 5%-дан басталады, 19 жылға дейін несие беріледі.

Бағдарламаға 35 жасқа дейінгі кез келген Қазақстан азаматы қатыса алады, бірақ отбасылы болған жағдайда ерлі-зайыптының біреуі ғана өтініш бере алады.

Сондай-ақ, жастар үшін арнайы квоталар қарастырылған республикалық тұрғын үй бағдарламалары да бар. Атап айтсақ, «Отау» және «Наурыз» бағдарламалары. **2024 жылы осы бағдарламалар аясында 3 923 жас азаматқа жалпы сомасы 103,4 млрд теңге несие берілді. «Отау» бағдарламасы бойынша 1 450 жас азамат жалпы сомасы 31,7 млрд теңге көлемінде несие алды.**

Сонымен қатар, еліміздің бірнеше облыстарында жекелеген тұрғын үй бағдарламалары бекітіліп, жастар игілігіне жұмыс атқарып келеді. Мысалы, «Алматы жастары», «Елорда жастары», «Әулиеата жастары» және тағы басқа тұрғын үй бағдарламалары қаншама жастардың тұрғын үй мәселелерін шешіп келеді.

Қорыта айтсақ, ұлттың кемел келешегі үшін бүгінгі жас ұрпаққа артылар үміт пен жауапкершілік жоғары. Сондықтан жастардан шынайы патриоттыққа негізделген білім мен біліктілік, креативтілік талап етіледі. Ал мемлекет осы санаттағы азаматтарды қолдап, жастар саясатын жүйелі жүзеге асырса, еліміздің іргетасы мықты қаланатынына сенім бар.

Ал, енді Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының қалыптасуы мен дамуы бірнеше маңызды кезеңдерден хроникалық тоқталып өтейік.

- **1991 жыл** 28 маусымда «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» алғашқы заң қабылданды. Бұл құжат тәуелсіз Қазақстандағы жастар саясатының негізін қалады.

- **1993 жыл** Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитет пен Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі біріктіріліп, Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі құрылды.

- **1999 жыл** 28 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы мақұлданды. Бұл құжат жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдаудың негізгі бағыттарын айқындады.

- **2004 жыл** 7 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылданды. Бұл заңда жастардың жас мөлшері 14 пен 29 жас аралығында деп белгіленді.

- **2015 жыл** 9 ақпанда мемлекеттік жастар саясаты туралы жаңа заң қабылданып, жастардың рухани, мәдени, білім алу және кәсіби қалыптасуына жағдай жасау мәселелері қарастырылды.

- **2022 жыл** 26 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойылды. Бұл заңда жастардың жас мөлшері 35 жасқа дейін ұлғайтылды, нәтижесінде жастар саны 3,7 миллионнан 5,7 миллион адамға дейін артты.

Осылайша, Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясаты кезең-кезеңімен дамып, жастардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуына бағытталған заңдар мен тұжырымдамалар арқылы жетілдіріліп келеді.

Әрине, жастар саясаты саласындағы халықаралық тәжірибелерге назар аудару Қазақстандағы жастар саясатын жетілдіру үшін маңызды. Төменде бірнеше елдер мен ұйымдардың тиімді тәжірибелері мен бастамалары қарастырылған:

1. Германия: Дәлелдерге негізделген жастар саясаты - Германияда жастар саясаты ғылыми зерттеулер мен дәлелдерге негізделеді. Бұл тәсіл жастардың қажеттіліктері мен мәселелерін нақты түсінуге мүмкіндік береді, нәтижесінде тиімді саясаттар әзірленеді. Мысалы, федералды деңгейде Балалар мен Жастар туралы есептер (Kinder- und Jugendberichte) тұрақты түрде дайындалып, жастардың жағдайы мен қажеттіліктері туралы мәліметтер ұсынады.

2. Еуропа Кеңесі: Жастардың қатысуын ынталандыру - Еуропа Кеңесі жастардың жергілікті және аймақтық деңгейдегі шешім қабылдау процестеріне қатысуын арттыру мақсатында “Жастардың жергілікті және аймақтық өмірге қатысуы туралы қайта қаралған Еуропалық хартияны” қабылдады. Бұл хартия жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуын қамтамасыз ететін құралдарды ұсынады.

3. Ұлыбритания: Жастардың климаттық белсенділігін қолдау - Ұлыбританияда жастардың климаттық белсенділігін қолдау үшін арнайы бағдарламалар мен қорлар құрылды. Мысалы, жастар ұйымдарына қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету арқылы олардың климаттық өзгерістерге қарсы әрекеттерін күшейтуге мүмкіндік берілді. Бұл бастамалар жастардың өзекті мәселелерге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

4. Біріккен Ұлттар Ұйымы: Жастар саясатын қалыптастыру бойынша нұсқаулықтар - БҰҰ жастар саясатын әзірлеу және іске асыру бойынша мемлекеттерге арналған нұсқаулықтар ұсынады. Бұл нұсқаулықтар жастардың қажеттіліктерін ескере отырып, тиімді саясаттарды қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, БҰҰ жастардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жаһандық бастамаларды қолдайды [5].

5. Египет: Жастарды дамыту және көшбасшылық бағдарламалары - Египетте Plan International ұйымы жастарды дамыту және көшбасшылық бағдарламаларын жүзеге асырады. Бұл бағдарламалар жастардың дағдыларын дамытуға, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға және экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Мысалы, “Forsa” бағдарламасы жастарға еңбек нарығында қажетті дағдыларды үйретеді⁸.

Бұл халықаралық тәжірибелер Қазақстандағы жастар саясатын жетілдіру үшін құнды үлгі бола алады. Жастардың шешім қабылдау процестеріне қатысуын арттыру, олардың қажеттіліктерін зерттеу негізінде саясаттар әзірлеу және халықаралық

ұйымдармен ынтымақтастық орнату – жастардың әлеуетін толық іске асыруға ықпал етеді.

Қазақстандағы жастардың өзекті мәселелері – қазіргі қоғамдағы стратегиялық маңызды бағыттардың бірі. Төменде еліміздегі жастардың басты әлеуметтік, экономикалық және рухани проблемалары жүйеленіп берілді:

1. **Жастар саясатының формалды түрде жүргізілуі.** Көп жағдайда бағдарламалар мен іс-шаралар жастардың нақты қажеттіліктеріне сәйкес келмейді.

2. **Жастардың әртүрлі әлеуметтік топтарына (NEET-жастар, ауыл жастары, мүгедектігі бар жастар) нақты құқықтық қолдаудың болмауы.** Заңда жастардың жалпы категориясы белгіленгенмен, осал топтардың мүдделерін нақтылайтын тетіктер жоқ.

3. **Жастардың шешім қабылдау процесіне шынайы араласуының шектеулігі.** Жастар кеңестері мен форумдар көп жағдайда консультативтік сипатта қалып, нақты саяси ықпал ету мүмкіндігін бермейді.

4. **Құқықтық сауаттылықтың төмендігі.** Көптеген жастар өз құқықтары мен оларды жүзеге асыру жолдарын білмейді.

Жастар саясатының тиімділігін арттыру үшін төмендегідей құқықтық және институционалдық шаралар ұсынылады:

1. **Жастар саясаты туралы заңнаманы қайта қарау.** Жастардың санаттарын нақтылап, әр топқа бағытталған арнаулы нормалар енгізу қажет (NEET-жастарға, ауыл жастарына, ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған жеке тетіктер).

2. **Жергілікті басқару деңгейінде жастардың шешім қабылдау процесіне қатысуын заңмен міндеттеу.** Мысалы, жастардың жергілікті мәслихаттарға, қоғамдық кеңестерге квота арқылы енуін қамтамасыз ету.

3. **Жастар омбудсмені институтын енгізу.** Бұл орган жастардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік органдармен өзара байланысты қамтамасыз ету үшін тиімді құрал болар еді.

4. **Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ұлттық бағдарлама қабылдау.** Атап айтқанда, мектеп, колледж, университет деңгейінде құқықтық білім берудің мазмұнын жаңарту.

5. **Жастар бастамаларына құқықтық және қаржылық қолдау көрсететін инфрақұрылым құру.** Яғни, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыратын жастар ұйымдарына гранттық қолдау тетіктерін жетілдіру.

Қазақстандағы жастар саясаты – ел болашағының сапалы қалыптасуына бағытталған маңызды мемлекеттік функция. Оның құқықтық негіздері бар болғанымен, оны жүзеге асыру тетіктерін жаңғырту – уақыт талабы. Заңнама мен басқару тәжірибесін жастардың нақты қажеттіліктеріне сәйкестендіру, құқықтық механизмдерді жетілдіру арқылы ғана жастар саясаты шынайы әрі тиімді болады. Сондықтан жастар саясатын реформалау тек мемлекеттің емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі болуы тиіс.

Мақалада ұсынылған шаралар Қазақстандағы жастардың әлеуетін толық ашуға, оларды қоғамдық өмірге белсенді араластыруға және азаматтық қоғамның негізін нығайтуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі (АРА стилі бойынша)

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы. (2015 ж. 9 ақпан).

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі – Ұлттық статистика бюросы. (2024). <https://stat.gov.kz>

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 28 тамыздағы № 73 өкімімен бекітілген Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы.

4. Қазақстан Республикасы Парламенті. (2022 ж. 26 желтоқсан). «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және

әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң.

5. European Youth Forum. (2015). *Revised European Charter on the Participation of Young People in Local and Regional Life*. Strasbourg: Council of Europe.

ӘОЖ 316.7:39

Жапаров Е. Ж.

Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы, Алматы қ., Қазақстан.

ЕУРОПА ЕЛДЕРІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА ЕЛІКТЕУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Қазақ елім өткен ғасырдың соңғы он жылдығында бұрынғы кеңестік идеялардан бас тарта отырып, өзіндік дәстүрлі төл мәдени құндылықтарына бет бұрғаны белгілі. Бір ғасыр ішінде бірнеше мәдени бастауларды, өзгерістерді дәстүрлі мәдениетті бұрмалап тұншықтыруды басынан өткерді. Отаршылдық, социалистік, тоталитарлық жүйенің дәмін татып, қиындық көрген ұлттық мәдениеттің кеңістігі тарылып, тоқырауға ұшырады. Қазіргі кезеңде сол төл мәдениеттің кейде елеусіздеу, кейде үңірейіп көрініп тұрған кемшіліктерінің орнын толтыру ерекше назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелердің бірі болып тұр. Тәуелсіздік алғалы бері мәдени құндылықтарымызға қолымыз жеткенімен, қоғамдық сана мен көптеген аға буынның баяғыдан қалыптасып, сіңіп қалған сана- сезімдерінің уланған қалдықтарының өзі-ақ ұлттық мәдениетіміздің толыққанды дамуына қиыншылықтар тигізіп отыр.

Халқымыздың ұлт ретіндегі ерекше көшпенділік мәдениетпен нақышталған болмыс-табиғаты дүниедегі ешбір ел-жұртқа ұқсамайтыны ақиқат. Ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыз, тіпті бір-бірімен аталас-туыстықтың өзі сан алуан сырлы-қырлы болуы да сондықтан. Бірақ мемлекетіміздің қазіргі жағдайында қалыптасқан тарихи тағдырдың соқтықпалы-соқпақсыз қиындығын бастан өткізіп, бүгінде шын мәніндегі «халықтар отбасы» болып отыр. Мұнда әрине отбасы мен ошақ отының иесі қазақ болуы міндетті түрдегі құбылыс. Осынау түсінік-тұжырымды біліп, сезсе де мойындағысы келмейтін, тоң мойын қырсық шовинистер мен өтірік космополиттер және өзінің тілі, ділін, дәстүрін жоққа шығаратын нигилистер жоқ емес....

Бұл мақаланы оқи отырып кейбір азаматтарымыз бірді айтып бірге кетіпті-ау мына пендеміз деген ойға да кетуі мүмкін. Мәселе сонда, ең қарапайымдау, елеусіздеу көрінетін қазіргі өмірден алынған ащы шындықтар күндердің-күні жазылмайтын, емі жоқ дертке айналмасына кім кепіл. Өкінішке орай қазірдің өзінде-ақ олардың көпшілігі анау-мынау емге жазылмайтын ауруға айналып нәтижесін көрсетіп жатыр десек еш қателеспейміз. Дабыл қағып даурықтыруға да, ақыл-парасатқа салып таразылап, талдап мұндай жағдайлардан шығуға іс-жүзінде іс-әрекетті әр қазақ жасауы керек. Осындайда жапон халқының «лайықты, лайықсыз» іс-қимылдар деп көп қолданатыны еске түседі. Біздің мемлекетімізде, атқамінер азаматтар да, қарапайым халқымыз да, болашақ ана қыз-балаларымыз бен келешек ұрпақ жастарымыздың алпыс-жетпіс пайызы «лайықсыз» іс-әрекет жасап та жүр емес пе....

«Еліміз өркениетке бағытталған жолда рухани мәдениеті өз дамуында сындарлы кезеңді басынан кешірді. Бүгінгі күннің сұраныс-талғамына сай даму жолдарды тандай білу халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлерімен тығыз байланысты болуы қажет. Ұлттық мәдениеттің ең озық үлгілерін жадында сақтап, оларды замана талаптарына сәйкес жаңғырта білген алдыңғы қатарлы Шығыс мемлекеттері қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын қомақты табыстарға жетіп, ең дамыған өркениетті елдердің қатарын көбейте түсуде.

Қазақ елі үшін өзіндік мәдени жолын айқындауда негізінен екі бағытты айтуға

болады. Біріншіден, дәстүрлі төл мәдениетімізге, ішкі рухани құндылықтарымызға негіздей отырып әлемдік өркениеттердің жоғарғы деңгейдегі үлгілерімен даму қажет, яғни ескі мен жаңаның сабақтастығы.

Мемлекеттік болмысымен біртіндеп толыққанды батыстандырылуға ұшырамау үшін Еуропалық өркениеттің мәдени құндылықтарын игеру тұрғысынан алып қарастырғанда қиыршығыстық-конфуцийлік бағыт үлкен белсенділік танытып отыр. Ұлттық дәстүрлі мәдениеттің ең озық үлгілерін жадында сақтап, оларды замана талабына сай жаңғырта білген бұл аймақтағы Жапония сияқты шығыс елдері қоғамдық өмірдің кез-келген саласында үлкен жетістіктерге жетіп, ең дамыған өркениетті мемлекет ретінде дүниежүзіне танылуда. Жапониялықтардың әлемге әйгілі жетістіктері ұрпақтар сабақтастығында даналықтарын жүзеге асыра білу қасиеттерінен де болар. Ал қазақ елінің мың жылдар бойы қалыптасқан мәдени-этникалық тұтастығы бар, ата-бабаларымыздың көшпенділік дәстүрлі мәдениетінен үлгі тұтып үйренеріміз көп. Халық педагогикасының келер ұрпаққа берері ұшан-теңіз мол екені ақиқат. Оңтүстік Кәрістер мен Жапон мемлекеттері сияқты тек жақсы заманауи технологияларды дамытуға қатысты жақтарын ғана үйреніп, қолдануымызға болады. Көпке топырақ шашудан аулақпыз әрине, бірақ көптеген жастарымыз халқымыздың менталитетіне тән емес зиянды, жаман жақтарына да еліктеп атың шықпаса жер өртенің кебін киіп жүргендер жоқ емес. Ал неге біз ата-баба жолынан тайып, адасуға тиіспіз.....

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған Қазақ елі дамыған мемлекеттердің технологиясы мен құндылықтарына ден қойғанмен де, ұлттық дәстүрлі мәдениеттің асыл қазынасынан сусындауды бір сәтке де ұмытпағаны абзал. Бұл жайында орыс ойшылы П.Я.Чаадаев «Тарих сахнасына алғашқы болып шыққан Шығыс өзінің дүниетанымдық, пайымдаушылық тұңғығынан түсірген сәулесімен жер бетін нұрландырса, өз кезегінде Батыс та өзінің жан-жақты белсенді қызметімен, жан сергітер қанатты сөздерімен және талдаушылық қасиеттермен әлемді тәнті етті» [1] деп жазса, белгілі ғалым Гессе «Даналық тұрғысынан алып қарастырғанда Шығыс пен Батыстың сан-салалы мәдени өмірін жаугершілік жағдайындағы қақтығыстарға ғана толы шым-шытырық әлем деп біржақты қарастыруға әсте болмайды, онда біз бұл өркениеттердің арасындағы мәдени сабақтастықты жоғалтып аламыз» [2] - деп, толғанады.

Осы орайда мәдениет атаулының ең алғашқы ошағы Шығыс болғандығын, дәлірек айтқанда мәдениеттің көне Шығыста пайда болғандығын, оған көне Қазақ елі мен жерінің қосқан үлесінің қомақты екендігін естен шығармауымыз керек.

Шығыс мәдениетінің ішінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті, бітім болмысы, менталитеті, дүниетанымы мен өмір сүру ерекшелігі бар. Сонымен, қазақтың дәстүрлі мәдениеті үшін батыстық мәдениеттің кейбір жақтары жат. Ал қазіргі қоғамда метрополиядан еніп бастау ала бастаған инновация салдарынан бұқаралық мәдениет пен дәстүрлі мәдени құндылықтар жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырап, батыстандырылуға арнап даңғыл жол сала бастады, яғни дәстүр дәстүрсізденуге «дезобъективацияға» ұшырауда. Кеңес дәуірінде қазақ халқы «орыстануға» ұшырап бұл процесс әлі күнге дейін тоқтай алмай келе жатқанда, енді халқымыз «батыстандырылуға» ұшырап төтеп бере алмаса болашақта не боламыз. Мұндайда қазіргі Қазақстан жерінде мекендейтін халқымыз ғана емес, басқа мемлекеттердегі (мәселен Қытай, Түркия, Ресей, Моңғолия т.б. елдердегі) қазақ диаспоралары қандастарымыз да атсалысып ата-бабадан келе жатқан рухани құндылықтарымызды насихаттап келесі ұрпақтарға жеткізуде, дамытуда өз үлестерін қосуда. Ал қара шаңырақта отырған халықтың қай сасқаны өзіміздің алтыннан бағалы тілімізді, ділімізді, ата-бабадан қалған мұралар мен салт-дәстүрімізді бағаламай, шет

«Осындай жағдайда ұлттық мәдениетіміздің мәйегін жоғалтпай сақтау үшін, біз ғаламдастыру ықпалының механизмдерін жүйелі және терең түрде түсінуіміз керек. Ғаламдастырудың Қазақстан сияқты жас мемлекетке тигізетін жағымды және

жағымсыз жерлерін (экономикалық, саяси-мәдени және т.б.) көзден таса қылмау қажет. Бізге сырттан келетін мәдени ағымдарға төтеп бере алатындай, батыстық мәдениетпен бәсекелес болатындай өз мәдениетімізді дамытуымыз керек» [3] - деп тұжырымдаған академик Ә.Нысанбаевтың пікіріне толық қосылуға болады.

Дәстүр өзгерісі әрбір әлеуметтік өзгеріс сияқты өзара қоғамдық факторлардың диалектикалық байланысынан келіп шығады. Ол үшін:

1. Мәдени мұраларымызды, яғни заттық және рухани құндылықтарымызды әлемдік дәрежеге көтеру. (Брендтер жасау)

2. Қазақ тілін ағылшын тілі секілді әлемдік тіл дәрежесіне көтеруге ұмтылу. (әрине мемлекетіміздің өз ішінде ана тіліміздің хәлі мүшкіл екені рас, бірақ дүниежүзі тілдерінің ішінде өте бай тілдер қатарында екені ғылымда дәлелденіп жүр, осындай жоғарғы мақсаттар қойып талпыну да ерлік)

3. Әдет-ғұрып пен салт-дәстүріміздің қазіргі заманда іс-жүзінде өмірде күнделікті қолдану және насихаттау.

4. Қазақ халқының рухани жандануына дем беріп, қамтамасыз ету, дәлелді бай тарихымыз бен мәдениетімізді әлеуметтік желілерден, БАҚ-нан жиі-жиі насихаттау қажет.

5. Мемлекеттік деңгейде ұлттық педагогика, салт-дәстүр, әдет-ғұрып мәселелері күн тәртібіне қойылып, жүзеге асырылуын министрліктер мен құзырлы орындар іске асуын қатаң талаппен қадағалап тұруы керек .

6. Мысалға: Оңтүстік Корей елінің 80-сериядан асатын сериалы «Ханзада Жумонг» тарихын, мәдениетін , тұрмыс тіршілігін сипаттап ұлтының абыройын көтеріп, батырларын насихаттап түсірген. Түрік мемлекетінен де бір ғана мысал: Осман сериалы 117-сериядан, 4 – маусымнан 2019-2025жж. мемлекет қыруар қаржы бөліп , алты жыл бойы идеология үшін, болашақ ұрпақ үшін тарихын, мәдениетін, бабаларының батырлығын насихаттап түсірді. Осы сериалдар сияқты оларда қаншама сериалдар бар. Ал бізде ше? XX-ғасыр бойы миллиондаған батырларымыз осы өмір сүріп отырған елімізді жерімізді қорғап жаумен арпалысып өмірлерін қиды. Олардың өмірін, мәдениетімізді, ерлігін, болған тарихи оқиғалар желісімен келер ұрпаққа насихаттап түсірілген 30-жылдан асқан тәуелсіздігімізде бірде-бір ең болмаса елу сериядан тұратын тарихи сериал түсірілген жоқ. Өкінішті.....

Жаһандану процесіне төтеп беріп белгілі бір арнаға түсу үшін ұлттық құндылықтарымызды бағалап, бітім болмысымыздың жақсы деңгейлерін сақтап дамуды іске асырсак нұр үстіне нұр болар еді.

Дәстүр-тарих барысында қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын қоғамдық тәртіп, әдет-ғұрыптар, салт-сана, заң мен игілік, өнердің жекелеген әлеуметтік топтарда, қоғамда, ұлтта ұзақ уақыт бойы сақталатын әлеуметтік мәдениеттің элементтері болып табылғандықтан азаматтық парыз ретінде оны дамытуға, қолдауға, жоғарғы деңгейде көтеруге міндеттіміз.

Осындайда ойшыл И.Г.Гердердің «Салт-дәстүр, тіл мәдениет бастауларының анасы «деген сөзі еске түседі, яғни бұл сөздің астарында ұлттық діңгектер салт-дәстүр, тіл және менталитет мәдениеттің негізі екендігінде. Ал дәстүрдің қандай да болмасын этномәдениет үшін маңыздылығын түсіндіру қажетсіз, өйткені бұл аксиомалық қағида.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Ғалым Л.Н.Толстой айтқандай: «Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар». Қай халықтың болмасын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан-сезім белгілері олардың өздеріне тән дәстүрінен, әдет-ғұрып, салт-санасынан көрініс береді. Халқымыздың дәстүрлі мәдениеті туралы белгілі қазақ ақыны Олжас Сүлейменов басқаны былай қойғанда аңшылықтың ең көне түрі құсбегілік кәсіптің Батыс елдеріне Қазақ жерінен тарағандығына назар аудара отырып, өзінің «Аз и Я» атты еңбегінде

былай деп жазады: Көптеген ғасырлар бойы ол Германия, Франция, Голландия, Англия, Польша ақсүйектері мен бекзадаларының ермегіне айналды. Құс салып аққу, тырна, үйрек, құтан мен қарақұс аулау саятшылықтың ең бір құдіретті түрі болып саналады [4]. Кейіннен, яғни XVII ғасырда Ресейде ақсүйектер мен бекзадалар арасында құсбегілік қайтадан жанғырған. Ал осы бір рахаты мен ләззәті мол дәстүрлі өнер саласын Батыстың біздің халықтан үйренгендігін мақтаныш тұтуға болады. Дәл осы сияқты Шығыс мәдениетінің өрісінің кеңдігін айқындайтын фактілерді көптеп келтіруге болады. Ғалым Қ.Жарықбаев жазғандай «Ұланғайыр кеңістіктің кеңдігінен, табиғат сұлулығының әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан дархандылық, адамға деген мейірімділік, өнерпаздық, қатал даладан туындаған қонақжайлылық, талай зардаптар мен қырғындардың салдарын жоюға бағытталған балажандылық, көшпелі өмірден пайда болған малжандылық пен тіршілікті қастерлеу басқаға деген бауырмалдық, біреудің жеріне көз алартпаған бейбітшілік шыдамдылық пен тәубешілдік сияқты дәстүрлі құндылықтар жүйесі XXI ғасырда маңыздылығын, өзектілігін жоғалтпайды» [5] - дегендей кейбір халыққа қарағанда қазақ елі салт-дәстүрді бетке ұстаған ел. Бұл шындыққа жанасатын пікір. Әрқашан осы бағыттан таймай тарихымыздың асыл қазынасына толы дәстүрлерімізді ұрпаққа жалғастыру парызымыз.

Белгілі жазушы Герольд Бельгер «Ащы да болса, ашық айтамын» деген мақаласында басқа ұлт өкілі ретінде «сырт көз сыншы» демекші халқымыз жайлы шағын ой- толғанысында ащы ақиқат жазылған. Мұндай мақаланы Герольд секілді кейбір өз ғалым жазушыларымыз да жазбайтыны рас.

Ол «Халықты қазір жинау керек. Олай етпеген жағдайда ұлттық рух құлдыраған үстіне құлдырап, құрдымға кетеді, желге ұшады, шаң-тозаңға айналады, қазақтардың болашағы тығырыққа тіреледі. Қазір әлі де уақыт бар. Қаржы табылады. Сондықтан бұл мәселені бірінші кезекке қою шарт. Әйтсе де, осы бізде соған жұмсайтын күш-жігерден гөрі шынайы жанашырлық, болашақты болжау, оң қабақ кемшін бе деп қорқамын. Бұл нәрсеге деген риясыз ықыласты президенттен де, үкіметтен де, қазақтардың өзінен де байқамаймын және қатты таң қаламын. Оның үстіне, сана-сезімі әлі ауыл-аймақ шеңберінен шыға алмай жүрген қазақтардың шетелдерден көшіп келген ат төбеліндей тумаларын «моңғол», «қытай», «иран», «өзбек», «қалпақ», т.б., деп кемсітетіні несі? Егер алдағы таяу жылдар ішіндегі әлемнің түкпір-түкпіріндегі бүкіл қазақ тарихи отанына оралмаса, олардың орнын бірте-бірте өтірік жымып, тым-тырыс қана бұқпантайлап жүрген кара кытайлар басады. Сонда таз кепешін қайта киетін қазақтар қалайша шетке ығысқанын өздері де білмей қалар. Қорлықтың үлкені сонда болады» [6], деген сөздерінде ащы шындық бар. Халықтың қамын ойлап дабыл қағу, билік басындағылардың, әрбір азаматы мен саналы қазақтың барынан ажырап шермендеге айналмауы үшін ұлттық рухты биік ұстауы қажет екені айдан анық.

Халқымыздың қай жас мөлшеріндегі азаматтары болмасын, Кеңес кезеңінің 80-90 жыл бойғы рухани өзгеріске түсуге мәжбүрлеп, ал қазіргі заманда нәтижесін көрсетіп асқынған аурудан ұлттық рухымыз төмендеп, жасқаншақ, тұйыққа тірелгіш, қорғалаң, қырсыз бола бастағаны ма?

Мәселен, өз ұлтының мақсат-мүддесі мен мұратына ең бірінші кезекте назар аударып, дер кезінде іске асыруға асықпайтын, өзге ұлттарға жарамсақтана беретін кейбір билік басындағыларды рухы төмендеген аурулар деп мысалға келтірсек ондай адамдар жоқ емес.

Ұлтық рухын жоғалтқан адамдар,
Жайлауда шүйгіндеген малмен тең.

Ұлттық болмысы өзгерген «азғындар»,

Апатты - жұттан кейінгі аңмен тең.

Ұлттық дәстүріміздің батыстықтардан неғұрлым озық екенін білмеу, өз ұлтымызды еуропалықтардан кем көру нағыз надандықтың белгісі. Ата-бабадан мирас боп қалған ұлан-ғайыр жеріміздің асты да, үсті де толған байлық. Байлықтың екі түрі

де: рухани да, материалдық та табылады. Сол тарихымыз бен мәдениетімізді зерттеп, өз халқымыздың әдебиетінен де нәр алудың, оны дамытудың орнына қазіргі Батыс Еуропаның ақын-жазушыларына еліктеп жүрген ақынсымақтарымыз да жеткілікті.

Қазақстан Парламенті мәжілісінің депутаты болған Қуаныш Сұлтановтың «Егеменді Қазақстан» газетінде жазған «Еуропаға жол - өркениетке жол» атты мақаласынан мысал келтіре кетсем. «Қазақстан өзінің сыртқы саясатында Америкамен қарым-қатынасқа басымдылық беруі заңды да әділ. Америкаға еліктеудің біздің еліміз үшін ешқандай да қажеттілігі жоқ. Бірақ Американың адам құқығын сыйлау, сот жүйесі, нарықтық-экономикалық тәжірибесі, білім, ғылым, технологияны дамытудағы көптеген әдістемелік жұмыстарын зерттей біліп, өз қажетімізге жаратуға талпынғаннан ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық» [7].

Мемлекет - ұлтымызды, ұлт-мемлекетімізді, яғни алма-кезек бір-бірін көздің қарашығындай сақтайтын қасиетті, ең басты құндылықтар. Тарихта басқа мемлекеттердің басынан өткен жағдайларды қайталамас үшін үлгі ретінде неміс, корей, ағылшын, француз халықтарының басынан өткен жағдайларынан көптеп мысалдар келтіруге болады. Батыстың жас ұрпаққа ықпалы туралы Қ. Сұлтанов былай дейді: «Қазақстанның ресми басшылығы осы мемлекеттердің барлығымен де достық, әріптестік, бейбіт қарым-қатынас орната білді. Соның өзінде көрші елдерде де, Америкада, Еуроодақ елдерінде де біздің еліміздің жас өскін ұрпағына, оның дүниетанымына әсер беретін әртүрлі пиғылдағы ықпалдылығының негізгі үш бағытын бөліп айту қажет. ағымдар мен күштер де жеткілікті екендігін естен шығармағанымыз жөн. Олардың ықпалдарының негізгі үш бағытын бөліп айту қажет.

Біріншісі - экономикалық мүддеден туындайтын әлеуметтік, ғылыми-техникалық, технологиялық қорғаныстық, қару-жарақ жабдықталудағы толассыз бәсекелестік.

Екіншісі - табиғи ресурстарды, жер қойнауындағы қазба байлықтарды игеру қарым-қатынасты жиілету барысындағы талас-тартысқа белсене араласу, мейлінше өз пайдасына асыру.

Үшіншісі – рухани-гуманитарлық қарым-қатынасты жиілету арқылы, мейлінше адамдардың санасына, дүниетанымына әсер ету. Алып, қуатты, қолында технологиясы бар мемлекеттер еларалық қатынаста экономикалық, қаржылық нәтижелерге басымдық бере отырып, халықаралық қарым-қатынастағы ұлттық-рухани құндылықтардың маңыздылығын еш жерде ешқандай келіссөздерде алға шығарып айтпағанмен, түпкі саясатында өздерінің мейлінше үстемдігін көздейтіндігі байқалады. Олар әдетте жергілікті немесе басқа ұлттардың мәдениетіне, тіліне тікелей араласпайды. Сырт көзге тіпті мән бермегендей де құлық көрсетеді. Мұндайда жастардың еліктегіштігі жақсы ескеріледі. Олар қызығады-ау дейтін музыкалық, әдеби-көпшілік шығармалар жаппай таратылады деп өте орынды талдайды [7].

Бүгінгі уақытта батыстандырылу өте күрделі құбылыс. Жастарға әлеуметтену дұрыс бағыт-бағдармен, тәрбиемен, ұлттық негізбен берілмесе, ол өз иіріміне біртіндеп тартып «батыстандыра» береді. Ең бастысы олардың қоғамындағы «жамандыққа» регреске апаратын «кертартпа ауруларын» иммунитеті мықты адам сияқты қабылдамай, тек қана өзіміздің көнеден келе жатқан тағылымы мол мәдениетті өрбітіп, өркениетке қарай жасаған әрбір қадамды ескі мен жаңаның сабақтастық үйлесімі арқылы дамытсақ абзал.

Әдебиеттер тізімі

1. Чаадаев П.Я. Полн. собр. соч. и избр. письма. -Т.1. - М.,1980. -529 с.
2. Полонничество Германа Гессе в страну Востока / Восток-Запад. Исследования. Переводы. Публикации. -М.: 1982. вып. 1, -21 с.
3. Ә.Нысанбаев., Адам және ашық қоғам. - Алматы: 1998.
4. Сүлейменов О. Аз и Я, -Алматы: 1992, -Б.40.
5. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. - Алматы: 1996.

6. Герольд Бельгер «Ащы да болса, ашық айтам» // «Достық» республикалық журналы, қараша, 2007. -

Б.14-15.

7. Сұлтанов Қ. Еуропаға жол - өркениетке жол // Егемен Қазақстан газетасы, 21 қаңтар, 2023. -Б.3.

УДК 911.3

Граф А. А.

Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова

г. Уральск, Казахстан

НЕМЦЫ В СИСТЕМЕ ВОЕННО-АДМИНИСТРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В XVIII – Н. XX ВВ.

В XVIII в. Россия активно продвигалась в Центральную Азию, стремясь укрепить контроль над казахскими землями. Российская империя распространила свою юрисдикцию на территории Среднего и Младшего жузов, а затем закрепляла свои позиции силовыми путями: создавала укрепленные линии, располагала армейские и казачьи части, учреждала новые формы военно-административного управления.

Среди российских генерал-губернаторов и высокопоставленных чинов на западных пределах империи было значительное число лиц немецкого происхождения, которые сыграли значительную роль в вовлечении казахских земель в состав империи. Их деятельность была направлена на укрепление власти России в регионе, развитие административного управления, военного присутствия и расширение экономических связей.

Немецкие иммигранты, прибывавшие в Казахскую степь до середины XIX в, в основном представляли собой привилегированное военное сословие, среди которых преобладали офицеры высоких и средних чинов. Большинство из них — около двух третей или даже трех четвертей — происходило из остзейского дворянства и петербургской знати, а остальные были в основном горожанами, выходцами из различных немецких государств. [1, с. 6] Помимо офицеров гарнизонов, в приграничных районах Казахстана также селились военные врачи, чиновники, предприниматели и учителя, участвовавшие в экономической и добровольной миграции.

По подсчетам И.В. Ерофеевой в первые десятилетия XIX в. численность этнических немцев в Казахстане оставалась небольшой, составляя от 100 до 150 человек. Позже с ростом российского военно-административного влияния и использованием региона в качестве места ссылки эта численность медленно увеличивалась, достигнув к сер. XIX в. 250–300 человек [2, с. 63]. Среди новых мигрантов по-прежнему преобладали армейские офицеры, но также теперь прибывали врачи, чиновники, учителя, инженеры и представители свободных профессий. Хотя их присутствие не оказало значительного влияния на этнический состав населения, оно способствовало формированию интеллектуальной элиты в регионе.

В этом плане немецкие офицеры и чиновники, служившие в Западном Казахстане в XVIII – сер. XIX вв., были дворянами (преимущественно из остзейцев, что предполагало внутригрупповую связь), имели хорошее образование, владели несколькими языками, обладали высокими профессиональными качествами. В основном, им были присущи моральные качества в рамках протестантской этики, подразумевавшие трудолюбие, исполнительность, верность долгу и предприимчивость. Представители немецкой диаспоры сохраняли общественные, деловые и научные связи с европейскими, московскими, петербургскими и прибалтийскими центрами, выполняя тем самым важную коммуникативную роль.

На территории, составляющей современный Западный Казахстан, согласно прежнему административному делению, в XVIII –XIX вв. был ряд военных губернаторов и генерал-губернаторов немецкого происхождения. Это военные губернаторы Оренбургской губернии О.А. Игельстром, (1795-1798); К.И. Глазенап (1800-1802); И.Г. Фризель (1806-1809); П.К. Эссен (1817-1830); П.П. Сухтелен (1830-1833); генерал-губернатор А.П. Безак (1860-1865); оренбургский губернатор Е.И. фон Зенгбуш (1875-1878); оренбургский губернатор Ф.Ф. Таубе (1906, апрель-ноябрь). Известные немецкие фигуры в администрации Тургайской области

Александр Константинович Гейнс генерал-лейтенант, военный губернатор Тургайской области (1870–1880); Людвиг Францевич Баллюзек –военный инженер, Иоганн Фридрих Бларамберг. Как видно, некоторые из этих личностей известны своей деятельностью. Это, например, О.А. Игельстром, автор так называемой «реформы Игельстрёма» 1776 г., направленной на ликвидацию ханской власти в Младшем жузе, неосуществленной центральными властями из-за сопротивления казахской родовой аристократии и боязни народного волнения. Время правления П.К. Эссена характерно военными действиями в казахской степи «для замирения и наведения порядка», борьбой против набегов кокандских войск и охраной караванных путей. Он стремился создать условия для безопасной торговли, для чего разработал положение «Об устройстве заграничной торговли в Оренбургском крае на прочных основаниях», намеревался создать в перспективе «Оренбургскую Азиатскую компанию». Современные исследователи характеризуют его как «добросовестного чиновника в лучшем смысле этого слова, которому присущи характерные для немцев пунктуальность, исполнительность и аккуратность», он «вникал во все подробности многочисленных дел, несмотря на обширность подведомственных ему сфер военной, экономической и политической жизни края»[3]. В то же время он известен как создатель Неплюевского Азиатского корпуса (1824), строитель г. Оренбурга.

Кроме высшего генералитета в управленческом аппарате был большой штат чиновников других рангов, где также преобладали военные, что, как видим, требовали насущные задачи царской власти. Примером является история офицера Пензенского гарнизонного пехотного полка Карла Миллера (1807-с. XVIIIв.). В сер. 30-х гг. XVIII в. он был приглашен для работы в качестве военного топографа в Оренбургскую экспедицию, т.е. государственное учреждение для торговли с народами Центральной Азии. Выполняя топографические работы в степи, К. Миллер общался с казахами и выучил казахский язык. В 1738 г. его отправили с караваном в Ташкент для выполнения торгово-политической миссии. К. Миллер должен был добиться от ташкентских властей права беспошлинной торговли для русских купцов, а как топограф - составить описание своего пути. Таким образом, поездка Миллера носила еще и тайный, разведывательный характер. Это событие имело особо важное значение для казахов Младшего жуза, поэтому в начале пути Миллера сопровождал Абулхайр-хан. Миссия К. Миллера была важна и для казахов Старшего жуза, т.к. «приезд русского торгового каравана во главе с офицером являлся хорошей возможностью для начала экономических отношений, для империи же, это была прекрасная возможность совершить разведку, тем более, что правитель казахов, намеревался принять русское подданство»[4].

Другой пример чиновника - военный инженер генерал-лейтенант И.Ф. Бларамберг (1800 – 1878), Значение деятельности И.Ф. Бларамберга заключается в картографировании и исследовании земель, что послужило развитию торговли, сельского хозяйства и освоению новых территорий. Бларамберг проводил детальные топографические съемки территории Казахстана, составлял карты, что способствовало развитию инфраструктуры, военного планирования, торговой и экономической деятельности. Имело значение исследование им природных ресурсов, т.к. его работы помогли определить удобные места для развития сельского хозяйства и животноводства, что в дальнейшем способствовало экономическому росту региона[4].

Еще одним примером чиновника служит деятельность Л.Ф. Баллюзека (1822 – 1899). С н. XIX в. оренбургская администрация искала пути эффективного управления казахским населением. В 1844 г. было принято «Положение об управлении оренбургскими киргизами», действие которого предполагалось только на пять лет. В течение этого периода шли поиски улучшения отдельных статей документа в Оренбургской Пограничной комиссии, в канцелярии военного губернатора, в министерстве иностранных дел. Руководитель МИД К.В. Несельроде предписывал улучшить управление в Младшем жузе, не делая, однако, коренных преобразований, «оставляя тот же порядок, который доселе был в главных его основаниях»[5].

Л.Ф. Баллюзек внёс значительный вклад в изучение правовых обычаев и этнографии народов Сибири и Казахстана. [6].

В январе 1868 г. он возглавил Оренбургский отдел Русского Географического Общества в качестве первого председателя. С января 1869 по февраль 1877 гг. занимал должность военного губернатора Тургайской области [7].

В 1868-1869 гг. в Казахстане была проведена административно-судебная реформа, поднята кибиточная подать, земля объявлялась государственной собственностью. В Уральской

и Тургайской областях, Мангистау началось народное восстание, подавленное в октябре 1869 г. К этому времени Тургайская область была разделена на четыре уезда: Иргизский, Тургайский, Кустанайский и Актюбинский. В каждом уезде учреждалось уездное управление во главе с уездным начальником, назначаемым из российских чиновников взамен упраздненных султанов-правителей. Функции уездного начальника в Уральской и Тургайской областях равнялись полицейскому исправнику в европейских областях России. Уездный начальник контролировал все решения волостных, аульных и сельских сходов в уезде.

В этом плане характерна позиция военного губернатора Тургайской области А.К. Гейнса (1834-1892). Александр Константинович Гейнс, кадровый офицер Генерального штаба, в 1865 г. был направлен в Среднюю Азию в состав Законодательной комиссии. Он объездил казахские степи и Туркестан, а собранные материалы по истории и быту казахов опубликовал в двух ценных изданиях: «Дневник 1865 г. Путешествие по Киргизским степям» и «Дневник 1866 г. Путешествие в Туркестан». В 1877-1878 гг. А.К. Гейнс был военным губернатором Тургайской обл. Он сменил на этом посту Л.Ф. Баллюзека. Как и Лев Федорович, А.К. Гейнс считал, что русская администрация не должна ломать традиционные формы казахского кочевого общества, а содействовать порядку в Степи, улучшать благосостояние коренного населения, знакомить казахов с русской культурой, развивать просвещение и образование, создавать учебные заведения. В этом плане большие задачи лежали на уездных начальниках, которые по мнению А.К.Гейнса должны были хорошо знать культуру, обычаи и язык казахского народа.

В к. XIX в. на смену старым бюрократическим кадрам приходит новая генерация чиновников-разночинцев, настроенных революционно и демократически. Многие из них были ссыльными, а среди них встречались и немцы. Так, например, В. Л. Дедлов, немец по происхождению, служил на переселенческом пункте в Оренбурге, а писатель Владимир Павлович Кранихфельд, также сосланный, работал статистиком в городе Уральске.

Владимир Людвигович Дедлов (настоящая фамилия – Кигн) окончил юридический факультет Петербургского университета в 1882 г., после чего начал работу в земском отделе Министерства внутренних дел. Его литературный дебют состоялся в 1876 г. с публикацией рассказа «Экзамен зрелости» в журнале «Неделя» (№ 3/5), который он отправил И. С. Тургеневу.

С 1882 г. Дедлов стал одним из ключевых авторов «Недели», а его художественные произведения появлялись в таких изданиях, как «Русское богатство», «Наблюдатель», «Дело» и «Нива». Отдельные его произведения, например «Спор славян» и фрагменты повести «Сашенька», были опубликованы в «Оренбургской газете». В 1891–1892 гг. Дедлов работал чиновником особых поручений при Министерстве внутренних дел, занимаясь переселенческими вопросами в Оренбургской губернии и Тургайской области. Путешествуя по этим регионам, он запечатлел свои впечатления в очерках «По дальнему востоку», «В переселенческой конторе», «Переселенцы и новые места», которые сначала выходили в газете «Оренбургский край», а затем были объединены в книгу «Переселенцы»[10].

Немецкие офицеры и чиновники сыграли важную роль в процессе интеграции казахских земель в состав Российской империи. Их вклад охватывал как военно-административную, так и экономико-культурную сферу: они участвовали в разработке реформ, строительстве укреплений, учреждении торговых маршрутов и административных структур, они активно вносили элементы европейской культуры и просвещения. Отличаясь высокой профессиональной подготовкой, образованностью и протестантской трудовой этикой, они выполняли не только управленческие, но и просветительские функции. Через них происходила культурная трансмиссия между Европой и казахской степью. Несмотря на малочисленность, немецкая элита оказывала несоразмерно большое влияние на формирование административных структур и региональной политики. Благодаря своей сплочённости, общим образовательным и ценностным ориентирам, они выступали своеобразным "мостом" между центром и окраинами империи. Военно-административная экспансия Российской империи на территорию Казахстана сопровождалась централизованной политикой, направленной на ослабление ханской власти и интеграцию степных территорий в единую управляемую систему. Немецкие офицеры, такие как Игельстром, Эссен и Гейнс, выступали ключевыми фигурами в реализации этой стратегии.

Аким образом, участие немецких чиновников и офицеров в освоении казахских земель – это не просто эпизод в истории колониального управления, а важная часть многоуровневого процесса политической, культурной и экономической трансформации региона в XVIII–XIX вв.

Список литературы

1. Ерофеева И.В. Документальные материалы российских путешественников и исследователей XVIII – середины XIX в. о Жетысу и Южном Казахстане // История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков: в 10 т. Т. VI: Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII – XIX века. – Алматы: Дайк-пресс, 2007. С. 5–23
2. Ерофеева И.В. Типы миграции немцев в Казахстан в дореволюционный период // Миграционные процессы среди российских немцев: исторический аспект. Мат-лы междунар. науч. конференции. Анапа. 26-30 сент. 1997. М., 1998. С. 159-170. https://bibliothek.rusdeutsch.ru/catalog/757?utm_source=chatgpt.com
3. Гусева Ф.Г. Петр Кириллович Эссен - Оренбургский военный губернатор https://spbarchives.ru/conferences_1/-/asset_publisher/5ZJo/content/petr-kirillovic-essen-orenburgskii-voennyi-gubernator-
4. Дарбаев А.Г. История одной поездки, или особенности первых официальных контактов казахов Старшего жуза с русскими офицерами <https://7universum.com/ru/social/archive/item/17957>
5. Избасаров Г.Б. Казахская степь Оренбургского ведомства в региональной политики Российской империи в XIX в. <https://cyberleninka.ru/article/n/kazahskaya-step-orenburgskogo-vedomstva-v-regionalnoy-politike-rossiyskoy-imperii-v-xix-v/viewer>
6. Атабаев М.Х. Историография Казахстана XIX века — Алматы: Раритет, 2010. 216с.
7. Хохлов А. Н. Первый российский посланник в цинском Китае Л. Ф. Баллюзек \ Сб. Общество и государство в Китае, 36-я научная конференция. — 2006 <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
8. Султангалиева Г.С., Ерофеева И.В., Бисембаев А.А., Медеубаев Е.И., Кобенова Г.И. История Актюбинской области./ Отв. ред. А.А. Бисембаев. Актобе, [Б.и.], 2006. 698с.
9. Султангалиева Г.С. История Актюбинского уезда (1869-1917): учеб. пособие. Актобе : [Б.и.], 2005. 259 с.
10. А. Г. Прокофьева, В. Ю. Прокофьева, О. В. Федосова, Г. Ф. Хомутов. Дедлов Владимир Львович // Литературное Оренбуржье : биобиблиогр. словарь – Оренбург : Оренбургская книга, 2006. – С. 65 <https://orenlib.ru/kray/calendar/a-2006.html>

ӘОЖ 94(574.1)

Дуйсенбаева Б.Е.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Орал қ, Қазақстан

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ТЕМІР МАСИННИҢ ЕКІНШІ ЕРЛІГІ

1947 жылдың жаз айы. Тайпақ ауданының шаруашылықтары жаппай мал азығын даярлауға кірісе бастаған кез екен. Көрші Атырау облысына қарасты Таспағыл елді мекеніне электр желісін жүргізіп жатқан бригада тұрағынан ойламаған жерден өрт шығады. Тілсіз жау құрықтауға келместен, Тайпақ ауданына қарасты елді мекендерге жайылады. Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Темір Масин қызыл жалынды тез арада тойтаруды өз мойнына алыпты. Ол бұл жұмысты жеделдетіп ұйымдастырып, барлық күш пен техниканы жұмылдырып, өртпен аянбай күреседі [1]. Қан майданда душпанына есесін жібермеген азамат «тілсіз жауға» да барынша қарсы тұрады. Бірақ өрт те оңай жау емес, қарсыласып бағуда. Сөніп барып, қайта өршейді шөптердің басына өрмелей қашады, қаудың қойнына тығылады, лап етіп өзіне шапшиды, етекке жабысып, табаныңды шағады. Адамның әлсіз жерін ол да біледі: қасыңа, шашыңа, бұрымыңа жабысады. Жалынның ыстық исі қолқаны атып, өңешті

кептіреді. Шөлі ауыз тобарсып тілің таңдайыңа жабысып қалғандай. Ақыры өрт шегінді. Тоқалға қарай жылысты. Көпшілік өртті желкелей соңынан қуып сөндіріп келеді Қабақта малшының жалғыз үйі тұрған-ды. Жалын солай қарай шалқыды [2].

- Халайық, мына үйде бесіктегі бала бар!.. Енді қайтік – деп, қарлыға қарлыға шыққан ащы дауыс естілді топтың арасынан әйел үні.

- Мына зарды естігеннен кейін Темір шыдай алмады, үйге қарай жалғыз өзі тура жүгірді. Оша атылып көзді ашып жұмғанша, жанып жатқан аласа тоқал тамға сүңгіп кетті. Енді қайтіп шығам дегенше өртте қоршап үлгерді оны. Осының бәрі қас-қағымны арасында болды. Жұрт: «»Темірі.. Темірі.. Сақта өзінді деп шуылдасып жатқанда өрт соңғы тұяқ серперлерін жасғандай жалын тілін сұмандатып төңірегін түгелдей қоршап алды. Үй лапылдап жанып жан адамды жақындатпады. Бірақ, халық тыңдамады, қалың оттың арасынан жол ашып, өртті жарып үйге кірді. Өттең кеш еді, қою түтін қаптаған құжыр бөлменің төргі бұрышында бесік құшақтаған қара қошқыл дене тұрды. Темір аудан орталығындағы ауруханада бес күн жатты. Жүректің үсті мен жалпақ былғары белбеудің асты ғана аман. Дененің өңге жері түгел күйген.

Дененің қызуы жоғары болса да батыр бір сәтке ес жинады. Там-тұмдап құс сорпасын жұтты. Кәдімгідей тілге келді. Өңгімені бірден шаруадан бастады:

- Өрт сөндіме, ел аман ба! – деді дәкемен танып тастаған тұла бойдың үлбіреп жатқанын енді аңғарғандай. Қан майдандағы ерлігін от майданда да- қоғамдық игілікті қорғау жолында екінші рет қайталады ол! [4].

Жүздеген шақырымды қамтыған өрт оқиғасы кезінде он шақты адам қаза тапқан. Сейтіп «тілсіз жау» тізгінделеді, алайда алапат өртті сөндіру кезінде балалы әйелді құтқармақ болған батырдың денесін ауыр күйік шалады. Орал қаласына ауруханаға дереу жеткізілген батырдың әмірі үшін ақ халаттылар қанша күш салғанымен, оның денесін шарпыған күйік емдеуге келмейді. Бейбіт заманда да қаһармандығын дәлелдеп кеткен Темір Жантекеұлы 1947 жылдың 8 тамызында қайтыс болды.

Талай рет жаумен арпалысып, бірнеше мәрте өліммен де бетпе-бет келген батырдың ерлігін санап алып айтып беру мүмкін емес.

Ақын Сырбай Мәуленовтің «Темір мен Өрт» атты батырдың екінші ерлігі жайлы жазылған өлеңінен шумақтарынан үзінді:

Өрт тигенде өрекіп шалғын шөпке,
Жүкі әйел шырылдап қалды өртте
Темір Масин жалма-жан қойып кетті
Әдетінше жүретін алғы шепте.
Қос өмірді қорғады ол жанын салып,
Үсті – басын күйдірді жалын шалып,
Самолеттен, танктен, зеңбіректен

Үстем болды өрт деген жау мұншалық- деп, ақын ағамыз батырдың екінші ерлігі туралы, жыр шумақтарында жазған [4].

Ұлы Отан соғысы – XX ғасырдың ең ауыр әрі қайғылы беттерінің бірі. Бұл қасіретті жылдарда кеңес халықтары фашизмге қарсы жанқиярлықпен күресіп, жеңіс үшін орасан зор құрбандықтарға барды. Соғыстың әрбір майданы – ерлік пен төзімділіктің мектебі болды. Осындай майдандардың бірі – Беларусь майданы, онда қазақ жауынгерлері де жан аямай шайқасты. Солардың қатарында Темір Жәнтекеұлы Масиннің ерлігі мен азаматтығы ерекше орын алады. Беларусь майданы – Сталинград шайқасынан кейінгі стратегиялық бағыттағы шешуші операциялардың бірі болып саналады. Бұл майдан 1943 жылдан бастап фашистік Германияның Шығыс Еуропадағы шептерін бұзып, кеңес армиясының Батысқа қарай ілгерілеуінде маңызды рөл атқарды. Әсіресе, 1944 жылы басталған “Багратион” операциясы кезінде Беларусь жері азат етіліп, нағыз батырлық пен рухтың биік үлгісі көрсетілді. Бұл соғыста қазақстандық жауынгерлердің, соның ішінде Батыс Қазақстан өңірінен шыққан ұлдардың да үлесі зор. Темір Масин – Батыс Қазақстан өңірінен шыққан, Кеңес Одағының Батыры атағын

алған ержүрек қазақ жауынгерлерінің бірі. Ол 1919 жылы Бөкей ордасында дүниеге келіп, жас күнінен еңбекке араласқан. 1942 жылы майданға аттанып, жаумен бетпе-бет соғыстың бел ортасына түседі. Әсіресе, Беларусь майданындағы шайқаста оның батырлығы ерекше көрінеді. Ол жекпе-жекте бірнеше фашист сарбазын жойып, өзінің бөлімшесіне жол ашқан. Осындай ерлігі үшін оған 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Темір Масиннің ерлігі – тек әскери шеберліктің емес, отанға деген адалдық пен елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Оның бейнесі – кейінгі ұрпаққа өнеге. Қарапайым ауыл баласының жауға қарсы тұрып, батырлықтың символына айналуы – ұлттық рух пен ерік-жігердің биік көрінісі. Ол тек жауға қарсы күрескен жоқ, ол бүкіл халқымыздың абыройын, ар-намысын қорғады. Соғыс жылдары қазақ халқы мыңдаған боздағынан айырылды, бірақ олардың ерлігі тарихта өшпестей із қалдырды. Темір Масин сынды жауынгерлердің ерлігі арқылы қазақ халқының Отан алдындағы адалдығы мен батырлық дәстүрі айқын көрінді. Бұл біз үшін тек тарихи дерек емес, рухани мұра.

Бауыржан Момышұлының: «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деген нақыл сөзі осы тұста ерекше мәнге ие. Темір Масин сынды ерлердің жүректілігі – тұтас бір елдің қадірін арттырған қасиет. Сондықтан олардың есімі мәңгі жадымызда сақталуы тиіс. Бүгінде олардың ерлігі – Тәуелсіз Қазақстанның іргесін бекіткен рухани негіздің бірі. Әскери-патриоттық тәрбиенің алтын арқауына айналған бұл өмір жолдары жас ұрпаққа отансүйгіштік пен азаматтық парызды сіңіруге ықпал етеді. Біз бүгін бейбіт өмір сүру бақытына Темір Масин сынды батырлардың арқасында ие болдық. Сондықтан олардың ерлігіне тағзым ету – біздің азаматтық міндетіміз [5].

Бұл ерліктің салмағы тек майдан шебінде ғана емес, соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де өз жалғасын тапты. Соғыстан аман оралған Темір Масин халық шаруашылығын қалпына келтіруге белсене қатысып, туған өлкесінің дамуына елеулі үлес қосты. Ол қарапайымдылығымен, еңбекқорлығымен жұртқа сыйлы болды. Батырлықты ұран етпей, елге шын қызмет етуді басты мұрат етті. Оның өмірінен қазақтың қарапайым ұлының рухани биіктігі мен азаматтық келбеті айқын көрінеді. Бүгінгі таңда Темір Масин сынды тұлғалардың тағылымы – ұрпақ санасына отансүйгіштік пен жауапкершілік сезімін ұялатады. Олардың есімі оқу орындарында, әскери-патриоттық шараларда жиі аталады. Бұл – тарихи жадымызды жаңғыртудың, өткенге құрметтің айғағы. Ұлы Отан соғысында көрсетілген жанқиярлық ерліктің астарында тек әскери мақсаттар ғана емес, рух пен ұлттың тіршілігі жатыр. Темір Масиннің өмірі мен ерлігі – осының айғағы. Ол – қазақ халқының ерлігі мен рухының мәңгілік бейнесі. Сондықтан біз Темір Масин сынды қаһармандардың ерлігін ұмытпауымыз керек. Бұл ұмытпау – тарих алдындағы адалдықтың, болашақ алдындағы жауапкершіліктің көрінісі. Ерлік – ескірмейді. Ол жүректе мәңгі сақталар шындық [6].

Темір Масиннің батырлығы – әскери тактика немесе бұйрықты орындау ғана емес, жан мен тәннің бірлігінен туған рухани ерлік. Оның есімі бүгінде туған жерінде құрметпен аталады, мектептер мен көшелерге аты берілген, ескерткіштер орнатылған. Бұл – тарихи жадымыздың көрінісі.

Қорыта айтқанда, «Өткенді еске алу – тарих, ал өткеннен сабақ алу – парасат» дегендей, бүгінгі ұрпаққа бейбіт аспан сыйлаған әрбір батырдың есімі – ұлт жадындағы мәңгілік шырақ. Олардың өмірі мен ерлігі – болашаққа үлгі, елге аманат.

Өмірі аңызға айналған ержүрек Темір Масиннің денесі Орал қаласына жерленіп, қабірінің басына ескерткіш тұрғызылды. Оның зираты орналасқан көшеге даңқты тұлғаның есімі берілді. Сонымен бірге кіндік қаны тамған Бөкей ордасы ауданында оның атындағы ауылға есімі берілсе, көше мен орта мектеп бар. Ал Тайпақ ауылының бір көшесіне Т.Масин есімі берілсе, қазіргі Ақжайық ауданының Базартөбе ауылына орнатылған батырдың мүсіні де жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялатары сөзсіз [7].

Әдебиеттер тізімі

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Толықтырылған 2-ші басылымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 580 б.
2. Қазақстандық Кеңес Одағының батырлары: Энциклопедиялық жинақ- Алматы: «Өнер», 2010.-320 бет.
3. Б.Ығзабаев. Батырдың екінші ерлігі \ Социалистік Қазақстан 1985. 8 май.
4. С.Мәуленов. «Сырбай Мәуленовтің өлеңдер жинағы» «Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы» 1948. - 50 б.
5. Қажымова Л. Ерлігі өшпес өр тұлға \ Жайық үні. 2013. 10 қаңтар.
6. Сыдықов Қ. Батыр туралы ақиқат \ Орал өңірі. 2004. 21 қыркүйек.
7. Әліпқали Т. Ерлікпен өрілген өр ғұмыр \ Орал өңірі. 2010. 22 мамыр.

ӘОЖ 82(574)

Күзембаев М.Қ.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.,Қазақстан

МӘЖИТТІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ЕРЛІКТЕРІ

Мәжит малшы шаңырағында өмірге келген, соғысқа дейінгі ғұмыры мал соңында өткен қарапайым жандардың бірі еді. Көзін малмен ашқан ауыл баласы бейнетке көнбіс, еңбекқор болатын. Қаршадайынан малсақ, әкеге еріп колхоз қойын бақты. Есейе келе әке кәсібіне иелік етіп, шопан таяғын қолына алды. Шаруақор жігіт аудандағы алдыңғы қатарлы шопандардың біріне айналды. Кім біледі, соғыс болмаса, атқарған ісінің оңтайын білетін жігіт елдегі Еңбек Ерлерінің бірі болар ма еді...

22 маусымда 1941 жылы Гитлер бастаған Нацистік Германия Кеңес Одағына басып кіргені тарихтан белгілі. Құпия келісімге сеніп, қапы қалған Сталин санын бір-ақ соғып дереу хабар-қарау таратып, бұл соғысты Ұлы Отан соғысы деп жариялайды. Шұғыл түрде мобилизация жариялап, Қызыл Әскер қатарына әртүрлі ұлтпен ұлыстан 2 миллионнан астам сарбаздар шақыртылды. Қазақстан Кеңес Социалистік Республикасында соғыс жылдарында басқа одақтас республикалармен салыстырғанда ең жоғары мобилизацияланғандар саны тіркелді. Республиканың барлық тұрғындарының 20%-ы ажал аузына отан қорғауға аттанды. Соның ішінде отандасымыз, жерлесіміз Мәжит Жүнісовте бар еді. [1]

Ия, Мәжит те туған жерінің төсінде өзі еншілеген шопан таяғын кейінгілерге аманат етіп, 1938 жылы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала РВК-сынан Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1941 жылдың маусымынан Ұлы Отан соғысына араласты. Батыс (06.1941-06.1942), Воронеж (07.1942-03.1943), Оңтүстік-Батыс (03.1943-08.1943), Дала (08.1943-10.1943), 2-ші Украина (10.1943 бастап) майдандарында шайқасты. 1943 жылдың қыркүйегінен бастап Дала майданының 57-армиясына қарасты 303-атқыштар дивизиясының 845-атқыштар полкінің автоматшылар ротасының старшинасы болып тағайындалды. [2]


Батырлық айқаста танылар демекші, старшина болып көшбасшылығымен, көзсіз батырлығымен көзге түсіп, жауынгерлік шеберлігі шындала түседі. 22 шы қыркүйек күні Днепрпетровск облысы Магдалиновск ауданындағы Топчино ауылындағы жау тылына өзінің автоматшылар ротасымен тұтқиылдан тап береді. Бұл шайқаста автоматшылар 25 фашист солдатын жойып, 7 тұтқынды, жүк арбалар мен 12 атты алып келеді. Старшина Мәжиттің өзі жеке 5 фашисттың көзін жояды. 2 күн өткен соң сол облыстағы Прядовка ауылы үшін болған шайқаста Мәжит бастаған 9 автоматшы бірінші болып ауылға басып кіріп, сол ауылда орналасқан жау пулемет экипажын толықтай жояды. Және де жаудың 30 сарбазын тұтқынға алып, әскери жүктері бар 15

арба мен 1 радиостанцияны қолға түсіреді. Бұл шайқаста ол өзінің алғырлығымен, қысылтаяң сәттерде дұрыс шешім қабылдау білуімен көзге түседі. [3]

1943 жылдың 26 қыркүйегінен 27 қыркүйегіне қараған түні 845-атқыштар полкі (303-атқыштар дивизиясы, 57-армия, Далалық майдан) автоматшылар ротасының старшинасы Мәжит Жүнісов бастаған топ Червонное селосының маңында (Днепропетровск облысы) Днепрден сал арқылы түн жамылып, арғы бетке өтті. [4] Жау тылына жасырын еніп, тұтқиылдан тиіскен топ екі тәулік бойы күш жағынан басым жаумен ұрыс жүргізді. Шабуылдан шабуылға шықты. Олардың окоптарының алдында 60-тан астам жаудың өлігі жатты. Ақыры жаудың екі взводының көзін құртып, ротаның арғы бетке аман-есен өтуіне жол ашты. Днепрдің арнасы кең суының бетінде понтондар, баржалар, қайықтар қаптап кеткен кезде олардың оқ-дәрісі де бітуге таянған еді... [5]

Днепрдің оң жағалауындағы плацдармды кеңейту үшін болған ұрыстарда старшина М.Жүнісов жаудың штабына шабуыл жасап, 1 офицерін жойып, 2 телефон, 4 радиостанцияны басып алады [6]. 1943 жылы 2 қазанда өз отрядымен жаудың қарсы шабуылын тойтарып, 20 дан астам фашистердің көзін құртып, қалған фашисттерді қуғынға ұшыратады. Мәжиттің бұл адам айтса нанғысыз, жанқияр ерліктері сарбаздар арасына, Украин даласына кеу-кеулеп тарап кетеді. Мәжит сарбаздар арасында нағыз қаһарманға, көшбасшыға айналады. [7]

Жерлесіміздің Днепр жеріндегі осы жанқиярлық ерліктері елеусіз қалған жоқ. 303-ші атқыштар дивизиясы командирінің 1943 жылы 18 қазандағы бұйрығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Арада 2 күн өткен соң, сол ұрыстарда дивизия командирі сержант Жүнісовті Кеңес Одағының Батыры атағына жеке өзі ұсынды. Осылайша КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 20 желтоқсандағы жарлығымен Мәжит Жүнісовке Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Оның өңіріне батырлық белгіні даңқты қолбасшылардың бірі, генерал-лейтенант П.И.Батов өз қолымен қадап, қазақтың қайсар ұлына қошемет көрсеткен болатын. [8]



1-сурет. «Ерлігі үшін» медалі үшін берілген бұйрық



2-сурет. «Кеңес одағы батыры» марапат қағазы

Кейіннен Мәжит 1944 жылдың қазан айынан бастап Будапешт стратегиялық шабуыл операциясына қатысты. 1944 жылы желтоқсан айының басында Будапешттің солтүстік-шығысында жау қорғанысын бұзып өту кезінде 845-ші атқыштар полкының коменданттық взводының командирі сержант М.Жүнісов жауынгерлер мен командирлерді ыстық әрі дәмді аспен қамтамасыз етіп, оны тікелей ұрыс құрамаларына уақытылы жеткізіп отырды. Әсіре Мәжиттің Будапешт шайқастарындағы мына ерлігі киноның дайын эпизоды деп айтсақ, асыра айтқанымыз болмас:

Алғашқы әсер алдамшы болуы мүмкін. Әсіресе соғыста. 1944 жылы желтоқсанда Венгрия үшін болған шайқастарда фашистік барлаушылардың отряды майдан шебіне ыстық тамақ тасып бара жатқан жалғыз қазаққа кездейсоқ тап болады. Мұндай шайқастың нәтижесін болжау оңай, солай емес пе? Тәжірибелі неміс сарбаздарына қарсы жалғыз сарбаз не істей алады? Фашистер де солай ойлады. Бірақ Мәжит еш саспастан, тез арада қорғаныс тасасын тауып, жеті фашистті өзінің автоматымен көзін жояды. Неміс барлаушылары материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімшесінің жауынгерінен мұндай ептілікті күтпегені анық. Оның жау шебінің артына бір емес, бірнеше рет аттанған ұшқыр автоматшымен шайқасқанын олар қайдан білсін? Қалған сасып қалған фашистер қаша жөнеледі. Осы шайқасы үшін старшина Жүнісов 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

Алам деп келген жауына күйрете соққы берген Кеңес Армиясы бір қаладан кейін бір қаланы азат етіп, батысқа қарай жылжып бара жатты. Фашистік армияның өз ұясында талқандалар күні де таяу қалған. Мәжиттің дивизиясы да алға өршелене ұмтылды. Соғыс аяқталуға бір айдан аз-ақ уақыт қалғанда, яғни 1945 жылдың 1-ші сәуір күні Кеңес Армиясы Чехословакия астанасы Прага қаласына келіп кірді. Бірнеше күнге созылған ауыр ұрыстардан соң немістер қаланы тастап шықты. Прага азат етілді. Осы ұрыста 420 Кеңес жауынгерлерімен мен офицерлері қаза болды. Оның бесеуі Кеңес Одағының батырлары еді. Соның бірі Қазақ елінің батыр перзенті Мәжит болатын...

Осылайша Жаңақалалық қарапайым шопан Мәжит Жүнісов Ұлы Отан соғысында қазақ халқының қанына сіңген батырлық пен батылдықтың үлгісін көрсетіп 28 жасында ерлікпен қаза тапты. Батырдың денесі Ольшанскідегі кеңес жауынгерлерінің

бауырластар бейітіне жерленді. Жаңақазанда туып, Прагада өмірден өткен батырдың есімі мәрмәр тасқа ойып жазылды. [9]

Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, жігерімен де үлес қосқан, қаһарман батырларымыздың бірі де, бірегейі – Мәжит Жүнісовтың ерлік рухы ұрпақтан ұрпаққа өнеге болып, аты мәңгілік өшпек емес.



3-сурет. Прагадағы Олышан қорымындағы суреті

Әдебиеттер тізімі

1. Жүнісов Мәжит: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия.- Алматы: Арыс, 2010.-293-294 б.
2. Жүнісов Мәжит: өмірдерек // Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары.- Алматы: Өнер, 2010.-92-93 б.
3. Мақанұлы Н: Жаңақалалық жаужүрек жауынгер: [Мәжит Жүнісов туралы] // Жаңарған өңір., 2005.-9 мамыр.-26
4. Жаңақала жерінен шыққан батырлар: [Айтқұлов Сәлім Нығметұлы, Жақсығұлов Садық Шакелұлы, Жүнісов Мәжит, Орақбаев Есен Шегірейұлы фотолары мен өмірбаяндары] // Жаңарған өңір.-2010.-9 мамыр.-1 б
5. Ақбасов Ө. Құмның қайсар қазағы: [Мәжит Жүнісов туралы] // Жаңарған өңір.- 2010.-9 мамыр.-2 б.
6. Ақбасов Ө. Құмның қайсар қазағы: [Кеңес Одағының Батыры Мәжит Жүнісов] // Орал өңірі.-2010.-27 мамыр.-5 б.
7. Әміреев М. Бір ескерткіштің тарихы: [Мәжит Жүнісов туралы дерек] // Жаңарған өңір.-2010.-22 наурыз.-2 б.
8. Бейісбай С. Қазақ қазақты іздейді: [Кеңес Одағының Батыры Мәжит Жүнісовтың қабірі Чехия астанасы Прага қаласынан табылды] // Дала мен қала.-2005.-6 мамыр.
9. Қарабек Е., Жиенбай Ә. Прагадағы қазақ батырының зиратына 60 жылдан соң ат ізін салдық // Жас Алаш.-2005.-5 мамыр; Орал өңірі.-2005.-14 мамыр.

**АТЫРАУ Өңірінен шыққан алғашқы қазақ дәрігерлері
(XX ғ. басы)**

Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі қазақ халқының өмірінде мал шаруашылығы негізгі рөл атқарды, халықтың тұрмыс жағдайлары мен еңбегі сол малды үнемі бағып-қағу, аман сақтап өсірумен тығыз байланысты болды. Мұның өзі қазақтарды малға жайлы жер іздеп, үнемі көшіп-қонып жүруге, сөйтіп көшпелі өмірдің ауыр азабын шегуге мәжбүр етті. Ал қысы-жазы тыным таппай, аш-жалаңаш бай малының соңында жүрген кедейлердің өмірі бәрінен де ауыр, әрі аянышты болды. Сол себепті көптеген жұқпалы аурулар, соның ішінде малдан жұғатын аурулар қазақ халқын үнемі бақытсыздық жағдайларға душар етіп отырды. Мысалы, бурцуеллез, туберкулез, түйнеме, құтыру, туляремия т.б. аурулар қазақтар арасында кең етек алды. Мұндай аурулардың шығу себебін сол кезеңде өлкеде жұмыс істеген орыс дәрігерлері аурудың шығу себебін санитарлық-гигиенаның сақталмауынан көрді. Оның үстіне бұл аурулардың кең етек алуына қарамастан оған тиісті дәрежеде медициналық көмектер де көрсетілмеді.

Өйткені патша өкіметі өзінің отар аймағы ретіндегі қазақ даласында медицинаның дамуына мүлде көңіл бөлмеген еді. Медициналық көмек көрсетудің аралас жүйесі халықтың қажетін, әсіресе көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылардың қажетін өтей алмады.

Бөкей ордасындағы медицинаның дамуы, бүкіл қазақ жеріндегі денсаулық сақтау ісі өркениетінің бастамасы болып табылады. Жәңгір ханның таққа келуімен халықтық медицинаның орнына жүйелі ұйымдастырылған емдеу ісі қалыптасты. Жәңгір өз қол астындағы халқының денсаулығына да үлкен көңіл бөліп отырған. Жәңгірдің білімділігімен мәдениеттілігі нәтижесінде хандықта алғаш рет медицина қызметкерлері, дәріхана, дәрігерлік пункт және Қазақстанда тұңғыш орда қоғамдық ауруханасы ашылды. Алғашқы жылдары Бөкей ордасының халқына медициналық көмекті хан ставкасына бөлінген қазақ отрядының құрамындағы әскери дәрігерлер көрсеткен. Қатты науқастарды емделуге Астрахан қазақ әскерінің лазареттеріне жіберіліп отырған. Бұдан басқа ауырған адамға медициналық жәрдемді орал қазақ әскерлері мен дала форпостарының дәрігерлері мен фельдшерлері көрсеткен.

XX ғасырдың бас кезінде Ново-Казанкада 1 дәрігер, 2 фельдшері бар емхана жасаған. Оған 1902 жылы 2 орыс, 916 татар, 1755 қазақ, барлығы 3582 адам қаралған. Кисымдағы 1 дәріхана 299 сомның дәрілерін сатқан [1, 50 б.].

1906 жылдың жазында осы оба ауруымен күресу үшін Бөкей ордасының территориясында 6 дәрігерлік және 18 фельдшер пункті ашылады, олардың барлығын Орда қаласында ұйымдастырылған дәрігерлік-санитарлық бас дәрігері басқарған болатын.

Ұлы Қазан социалистік төңкерісіне дейін Қазақстанда бірде-бір медициналық оқу орны болған жоқ. Өлкедегі аздаған ұлттық дәрігерлер қазақ қоғамдары қаржысы есебінен Мәскеу, Қазан, Саратов, Томск пен Киев университеттерінің медициналық факультеттерінде, Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясында, ал фельдшерлер Орынбор, Омбы, Астрахан, Воронеж, Қазан фельдшерлік және Кронштадт әскери-фельдшерлік мектептерінде даярланды.

Дәстүрлі медициналық көмек алғашқы жоғары білімді дәрігерлер арқылы тек XX ғасырдан бастап көрсетіле бастады десек қателеспейміз. Өлкемізден шыққан алғашқы қазақ дәрігерлер Сырлыбай Жәнібеков, Хамза Қаржасов, Мырзағали Өтепбаев, Сәрсенғали Мұқашев, Шолтыров Махмұд Измайұлы, Шомбалов Мәжит

Мұхамеджанұлы, Халел Шигаев, Қажығали Мәмеков, Халел Досмұхамедов, Дәулетшах Күсепқалиев, Есенғали Қасаболатов, Сүндетов Ахмет Жұмашұлы, Фабриков Иван Ипполитович, Батырғали Жүсіпғалиев, Ниязов Мірахмет (Ахмет) Жүсіпұлы, Мүбина Ниязова, Мұқышов Отарғали, Жандауов Қадим, Қарынбаев Сibaғатолла Рысқалиұлы, Шөтенев Ғали Уәлиұлы, Қалжігітов Хайролла Смадиярұлы сынды тұлғаларды айтамыз. Басқа да көптеген қазақ дәрігерлері мен фельдшерлері қоғамдық істерге белсене араласып, еліміздің денсаулық сақтау ісінің қалыптасуына үлкен үлес қосты.

Төңкеріске дейінгі кезеңде қазақ жерінде медициналық мамандар даярлау ісінде шешекке қарсы егушілер мен фельдшер мамандарын даярлау ерекше орын алады. Өлкеде шешектің алдын алу шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру алуан түрлі қиыншылықтарға толы ұзақ кезеңнен өтті.

Табиғи шешек-қазақтарға өте ерте кезден белгілі болып келген ауру. Ол көшпелі халықтың үрейін алып, жаппай қырғынға ұшырататын жұқпалы кесел еді. Халық, медицинасы шешектің алдын алудың ғасырлар бойы жинақталған біраз әдістерін меңгерді. Мысалы, қазақ халқы шешек ауруының өте жұқпалы екендігін білген. Осы аурумен ауырған адамға әртүрлі көмек беру үшін қасына бұрын шешекпен ауырған адамды қалдырып, ел басқа жерге шұғыл түрде көшіп кететін болған. Ауру жатқан киіз үйдің үстіне қара матадан жалау ілінген. Бұл опат аурудың белгісі еді. Ертедегі орыс оқымыстылары, саяхатшылары жазып кеткендей, қазақтарға шешек ауруынан сақтанудың осы кездегі оған қарсы алдын-ала егу тәсілімен қатарлас тұратын кейбір әдістері белгілі болған. Мұрағаттық материалдарды зерттеу барысында 1802 жылы Орал казак әскери поселкесін медициналық қызметпен қамтамасыз ету үшін Орал қаласына дәрігер Е.С.Хандожинский жіберілгені анықталды. Ол осы қалада алғашқы дәріхананы ұйымдастырған. Әкімшілік тұрғыдан ол кезде дәрігер Орынбор дәрігерлік басқармасына бағынатын болған. 1835 жылы Батыс Қазақстанның тағы бір қаласы – Гурьевке (қазіргі Атырау) арнайы «дәрігер» тағайындалған. Гурьев қаласында 1863 жылы 10 төсектік лазарет ашылған. Ауруханалар көбінесе нашар жағдайда болған. Мысалы, Гурьевтегі лазаретте арнайы бөлмелердің жоқтығынан қызметкерлер ас үйде немесе науқастармен бірге палаталарда ұйықтаған [2, 65 б.].



XIX ғасырдың екінші жартысына, яғни 1867-1868 жылдарғы Ресей патшалығының қазақ жерін басқаруға байланысты қабылдаған әкімшілік реформасына дейін дәстүрлі ғылыми медицина дамыған жоқ. 1800 жылдардың орта кезінде Гурьев қалашығында А.И.Козлов, А.М.Красовский деген дәрігерлер жұмыс істеген. Реформадан кейін Гурьев қаласына жергілікті халықты бағынышта ұстау үшін әкелінген әскери бөлімде алғаш рет 15 орындық аурухана ашылған. 1881 жылы Орынбор шекаралық батальонында 20 төсектік лазарет, Калмаков ауылында оның 8 төсектік бөлімшесі, Орал казак әскерінің бірінші атты полкінде 36 төсектік әскери лазарет, Ойыл және Төменгі Ембі бекіністерінде әрқайсысы 25 төсектік үш лазарет, Оралда 4, Гурьевте 2 төсектік қабылдау бөлімшелері ашылды. 1901 жылы ауруханаға арнайы 2 үй салынып, оның біреуі хирургиялық, екіншісі басқа ауруларды емдеу орны болып белгіленген. Оларда 1 дәрігер, 2 фельдшер жұмыс жасаған. 1913 жылы Гурьев уезінде 53 орындық 4 аурухана және 6 емхана болған, оларда 9 дәрігер жұмыс істеген. [3, 6 б.].



Халық денсаулығын қорғауда көп еңбек сіңіріп, тарихта, ел аузында қалған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Шолтыров Махмұд Измайылұлы. Ол 1885 жылы 5 тамызда Ішкі Орданың Примор округінде дүниеге келген. Бастауыш білімді жергілікті орыс-қазақ мектебінен алады. Одан кейін қазақ оқушыларынан арнайы іріктеліп алынған балаларымен бірге Астрахань гимназиясының толық пансионатына қабылданады. Астрахань гимназиясын бітіргеннен кейін 1905 жылы М.Шолтыров Қазан университетінің дәрігерлік факультетіне түседі. Оқып жүрген кезінде оған Ішкі Орда қазақтары жылына 300 сом стипендия белгілейді. Бірақ 1905 жылы оқиғаға байланысты студенттік толқуларға қатысқаны үшін оқудан шығарылып, Казань қаласында тұру құқығынан айырылады. Бір жылдай полицияның қатаң бақылауына алынған Шолтыров бұл мезгілде туған ауылында болады. 1906 жылы көптеген студенттер қатарына қайтадан оқуға алынды. Тиісті көмектің кедергілерге жиі ұшырауына, Астрахан губернаторының 1910 жылы Орданың арнайы қаржысы сарқылды деген сылтаумен стипендия беруді тоқтатуына қарамастан М.Шолтыров 1911 жылы ойдағыдай аяқтап шығады. Осы жылы И.И.Мечниковтың Қалмақ және Бөкей далаларының теңіз жағалауы бөлігі аймағында оба ауыруының жиі бой көтеруі себебін зерттеуге келген экспедициясының құрамында еңбек етті. Бөкей өлкесінде оба және туберкулез ауруларының туу себептерін зерттеу жұмыстарымен айналысты. Экспедиция мұнымен қоса туберкулездің алдын-ала жұмыстарын да жүргізді. Экспедициялық отряд 2-Примор округіне дейін келіп, әкім Мақаш Бекмұхамбетовтың ставкасында болады, осы маңнан 5-6 шақырым жердегі Қосай мекенін аралайды. Зерттеуші-дәрігерлер обадан қаза тапқандардың зиратын ашып, бактериологиялық зерттеулер үшін материалдар алады. Сондай-ақ оба белгілері бар жабайы аңдар мен кеміргіштерге бактериологиялық зерттеу жүргізеді. М.Шолтыровтың осы экспедиция құрамында лаборант болып қатысуы болашақта оның обаға қарсы ұзақ жылдар бойы қызмет істеуіне көп көмегін тигізді. Ол кезде Каспий төңірегінде оба ауруы жыл сайын байқалатын. Әкімшілік орындары медициналық қызмет көрсетуді күшейту шараларының бірі ретінде жаңа 3 дәрігерлік және 17 фельдшерлік пункт ашу жөнінде шешім қабылдайды. Жаңадан ұйымдастырылған 4 дәрігерлік учаске 300 шаршы километр жерде орналасқан халыққа қызмет көрсетті. [4, 6].

1912 жылдан бастап Ішкі Ордадағы 2-ші учаскеде дәрігер болып істейді, осы жұмысты істей жүріп, ол Каспий төңірегі, Нарын құмындағы оба ауруын жоюға белсене қатынасады. Осы оба ауруын зерттеу экспедициясына қатысқан академик Н.Жуков-Бережников 1957 жылы мынадай хат жолдаған: «Құрметті дәрігер М.Шолтыров! Біз, байырғы оба ауруын зерттеушілер, өзіңізді білетін барлық совет дәрігерлері сияқты Сіздің обаға қарсы ұзақ жылдық қызметіңізді жоғары бағалаймыз». Кеңес үкіметін орнату кезінде оған белсенді қатысып, 1919 жылы ақгвардияшылардың тұтқынына түсіп, Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің төрағасы болған С.Меңдешевпен түрмеде бірге отырған. Осы жылы тұтқыннан босап, Азамат соғысының ақырына дейін жүріп, армия лазаретінде дәрігерлік қызметін атқарады. 1923-1924 жылдары Атырау (Гурьев) және Астахань облыстарының кейбір елді мекендерінде, оба ауруына қарсы күрес жүргізетін ірі отрядтың басшысы ретінде М.Шолтыров көзге түсетіндей көрнекті жұмыс атқарады. 1913-1926 жылдары учаскелік дәрігер болып істеген жылдарында бұрынғы Бөкей губерниясының жерінде болған бірнеше оба экспедициясына қарсы күресте бастан аяқ жұмыс жасайды.

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, шәкірті Ахмет Сүндетов өз естелігінде былай жазады: «М.Шолтыров сол ауданда хирургиялық қызмет жасады. Алғашқы рет ішкі органдарға операция жасады, аяғы ауыр әйелдерді қабылдап босандыру және оған акушерлік операция жасады. Ол кісіге жүздеген адам өзінің өмірімен, мыңдаған адам денсаулығымен, бақытымен қарыздар. Өзінің саналы өмірімен тамаша азамат, дәрігер

ретінді кейінгілерге жақсы атақ қалдырды». 1936 жылға дейін ол Гурьев облысы Теңіз ауданында (қазіргі Құрманғазы) Кеңестік денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушы дәрігерлердің бірі, ал 1936-1947 жылдары Ганюшкин селосындағы обамен күрес бөлімінің меңгерушісі болды. Махмұд Шолтыров 1965 жылы дүние салды. [5, 3].



Тарихта, ел аузында қалған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Шомбалов Мәжит Мұхамеджанұлы. Ол обаға қарсы күрескен алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, республикада дәріхана жүйесін қалыптастырудың негізін қалаушы. Ол 1873 жылы 20 сәуірде Ішкі Орданың Талап бөлімінде дүниеге келген. Жергілікті орыс-қазақ мектебін бітірген соң, ол Орынбор азаматтық гимназиясында 10 жыл (бір жылдық дайындық класында) оқиды. Мәжит мұнда гимназия пансионында жатып оқиды. Мәжит Шомбалов 1896 жылы 8 маусымда берілген № 16 кәмелеттік аттестатта: «Шомбалов өзіндік бет- бағдары айқындалған жас, оның бойындағы ерекшеліктерді тәртіптілігі мен ұстамдылығы айқындайды», -деп жазылған гимназия берген мінездемемен білімін одан әрі жалғастыру үшін Қазан университетіне түсуді мақсат етіп, медицина факультетіне өтініш береді.

1885 жылы Орынбор гимназиясын тәмамдап, сөйтіп 1895 жылы 5 тамызда Қазан университетінің медицина факультетіне студент болып қабылданады. Қазанда студенттердің революциялық үйірмелерінің жұмысына араласқан. Университетте оқып жүрген барлық уақытта Ішкі Орда қазақтары бөлген 304 сом стипендияны пайдаланады. 1903 жылы Қазан университетінің медицина факультетін бітіргеннен кейін Ішкі Ордада Хан ставкасы жанындағы ауылдық учаскеде дәрігер, 10 төсектік аурухана меңгерушісі, уезд дәрігері жұмыстарын атқарған. Оның қызмет ететін территориясы Каспий жағалауларын алып жатқан 15 мың шаршы километрдей үлкен аймақ еді. М.Шомбалов обаға қарсы күреске белсенді араласқан қазақ дәрігерлерінің алғашқысы болды. Астрахань темір жолы бойындағы Жәнібек бекетінде байқалған обаның бубон деген түрін бірінші болып айқындап, Санкт-Петербургтен бактериолог-дәрігерлер шақыртып, үлкен шараларға араласқан. 1906-1910 жылдары Қырғыз даласының Нарын бөлігі мен оңтүстік округтеріндегі обамен күрестегі еңбегі үшін арнайы күміс белгімен марапатталады. [6, 9].

1911 жылы белгілі орыс ғалымы И.И.Мечников басқарған экспедиция құрамында Қалмақ даласында оба індетін зерттеу жұмыстарына қатысты. Азамат соғысындағы тұрмыстың ауыр кезеңіне қарамастан, Бөкей губерниясында 370 төсектік, оның ішінде Ордада 100 төсектік аурухана ашты. 1923-1929 жылдары денсаулық сақтау халкомының орынбасары, сонымен бірге Қырғыз АКСР Орталық Атқару комитетінің мүшесі және Бүкілресейлік Қызыл крест қоғамының Қазақстандағы өкілі болып тағайындалды.

1923-1930 жылдары Қазақстанның денсаулық сақтау халық комиссариатының орынбасарлығы қызметінде ол денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушысы ретінде танылған. 1929-1938 жылдары Қазақстанның дәріхана басқармасының бастығы болды. Өмірінің соңғы жылдары біраз уақыт Орал қаласында обаға қарсы стансаның меңгерушісі қызметінде болып, 1940 жылы дүние салды. Бүгінде Алматы қаласындағы №4-дәріхана Мәжит Шомбаловтың есімімен аталады. Қазақстанда тұңғыш рет Семей фармацевтика техникумының, Алматы медицина институтының ашылуына белсене араласқан. Қазақ дәріхана басқармасын ұйымдастыруға тікелей қатынасын, тұңғыш басшысы болған. Республикалық дәріханаға М.Шомбаловтың есімі берілген. Комиссариатта ана мен баланы қорғау бөлімін ұйымдастыруға және осы бөлімдердің жергілікті жерлерде ұйымдасуына белсенді еңбек еткен. Өмірінің соңғы жылдары Оралдағы обамен күрес станциясында меңгеруші болып істейді. 1940 жылы қайтыс болған [7, 4 б.].

Атырау өңірінің XX ғасыр басындағы алғашқы қазақ дәрігерлері медициналық қызмет көрсетудің негізін қалап, халықтың денсаулығын жақсартуға елеулі үлес қосты. Олардың қажырлы еңбегі мен табандылығы қазіргі заманғы медицинаның дамуына жол ашты. Бұл зерттеу олардың еңбегін бағалап, болашақ ұрпаққа үлгі етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бар саналы ғұмырларын өз халқына адал қызмет етуге арнаған ұлт зиялылары өзінің дәрігерлік мамандығымен өмірінің соңына дейін халыққа, туған еліне қызмет етіп, дәрігерлік істің дамуына, халықтың жағдайының сауығуына көптеген еңбек сіңірді. Олардың еңбегі мен ерлігі қазіргі және болашақ ұрпақ үшін үлгі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Шәңгереев, Ғ., Жанбала, Ө. Атырау медицинасының шежіресі. – Алматы: Арыс баспасы, 2010. - 303 б.
2. Крамчанинов, Н.Ф. Вопросы истории медицины и здравоохранения Казахстана, Россия (XVIII-XX вв.). – Алматы: «Атамұра», 2020. – 450 с.
3. Атырау облысының мемлекеттік архиві Қ.238, т. 6, іс-17.
4. РФ ТР Казань мемлекеттік архиві. Қор- 977, Іс-32799.
5. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі. Қор НҚ-574, 2 п.
6. Сүйінов, С. «Бөкей ордасы» Алматы: 2000. -184 б.
7. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі. Қор НҚ-582, 1 п.

ӘОЖ 94(574)

Сырымқызы А.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

КЕҢЕС ӨКІМЕТІ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Бүгінде Қазақстан өмірінде жастардың қоғамда алатын орны ерекше маңызға ие. Сондықтан Қазақстан жастарының қоғамдық, саяси, әлеуметтік, экономикалық деңгейін жоғары дәрежеге көтеріп, саралап, ашып көрсету қажеттігі тұр. Қазақстан жастарының XX ғасыр басындағы ұйымдары кеңес өкіметі орнағаннан кейін жойылып, комсомолға біріктірілді. Бұл кезең Қазақстан тарихының күрделі де, қиын кезеңдердің бірі болды. Жасөспірімдерді әлеуметтік, жаңадан құрылып жатқан қоғамдық құрылысқа тарту саясатында қайшылықтар мен кемшіліктерге орын берілді. Сондықтан партия мен Кеңес өкіметінің жастар мәселесін шешу саясатының ақ, қарасын ашып көрсетіп, объективті бағасын беретін зерттеу жұмысы бүгінгі күнге өте қажет.

1970-ші жылдары комсомол жастар одағы уақыттың сынынан өтіп, өмірлік тәжірибесі толысқан, мемлекеттің жастар саясатын жүргізудегі басты саяси органына айнала білді [1]. 1978 жылы Тайпақ ауданының 38 бастауыш және 57 цехтық комсомол ұйымдарында 2550 комсомол мүшелері есепте тұрады. Бұлардың ішінде 1227 комсомол мүшелері өндірісте тікелей жұмыс жасайды. Аудандағы комсомол мүшелерінің саны соңғы екі жылда 148 адамға өсті. Комсомол мүшелерінің сапа құрамы жақсара түседі. Комсомолға басшылықты жақсарту туралы КПСС XXV съезінің шешімдері мен КПСС Орталық Комитетінің қаулыларын басшылыққа ала отырып аудан партия ұйымы жастар арасындағы жұмысты онан әрі жақсарту түсуге көңіл бөлінген [2, 4 б].

1978 жылы «Орал өңірі» газеті бетіне жарияланған Қазақстан Компартиясы Тайпақ аудандық комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Х.Әбілөвтің «Комсомол ұйымдарына партиялық басшылық» атты мақаласында мынадай мәліметтер келтірілген [3, 6 б.]. Аудан партия ұйымы КПСС XXV съезінің шешімдерін орындай отырып, комсомол ұйымдарына партиялық басшылықты едәуір жақсартты. Партия

ұйымдарының басшылығымен ауданның комсомолец-жастары Ленин комсомолының 60 жылдығы қарсаңында оныншы бесжылдықтың тапсырмаларын абыроймен орындап, еселі еңбек үлестерін қосып келеді. Соның нәтижесінде аудан экономикасы мен мәдениетін арттыруда біраз жұмыс жасалды. Ауданның комсомол ұйымы жылдан жылға сан жағынан өсіп, ұйымдық жағынан нығайды және идеялық жағынан шынығып, зор қоғамдық-саяси күшке айналды.

Батыс Қазақстанда жастарды идеялық жағынан шынықтырып, тәрбие жұмысын пәрменді жүргізу партия ұйымдарының назарынан тыс қалмайтын мәселенің біріне айналды. Кеңестік кезеңде бастауыш партия ұйымдары жастар арасындағы жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіре отырып, комсомол ұйымдарының шаруашылық пен мәдени құрылыс міндеттерін шешудегі рөлін арттыру, комсомол-жастарды бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске жұмылдыруға баса назар аударып отырған. Жоғарғы партия орындарының шешімдеріне сәйкес сол жылдары аудандық комсомол комитетінің кадрларын және бастауыш комсомол ұйымдарының секретарьларын іріктеу және тәрбиелеу, комсомолда партия ұйымын нығайту жөнінде бірсыпыра жұмыс жасалды. Жалпы совхоздық және цехтық партия ұйымдарының жиналыстарында, партбюроларда комсомол жұмысының жайы жиі-жиі талқыланып, онда комсомол жұмысының әртүрлі саласының ұйым жетекшілерінің есептері тыңдалып, басшылық, бағыт беріліп отырады. Жалпы совхоздық және цехтық комсомол ұйымдарының жиналыстары мезгілінде өткізіледі.

Комсомолға басшылықтың тиімді түрлерінің бірі – мұнда бастауыш комсомол ұйым секретарьларымен және комсомол жұмысымен шұғылданатын жас коммунистермен, комсомол комитетімен жиі-жиі семинар-кеңестер өткізіліп тұрған. Осындай комсомол ұйымдарына басшылық, қамқорлық жұмыстары Октябрың 50 жылдығы атындағы «Краснояр» совхозы, аудандық тұтынушылар одағы және бірсыпыра мектептердің партия ұйымдары да біркелкі тәуір жүргізілгені байқалады. Бастауыш партия ұйымдарында комсомол-жастардан партия қатарын үнемі толықтарып отыру, сол сияқты жас коммунистерді комсомол жұмысына кеңінен тартып, резерв жасақтауда істелген жұмыстары өте белсенді қызмет атқарды. Мысалы, Тайпак ауданы бойынша партияға қабылданған 48 адамның 75 проценті комсомол мүшелері. Аудан комсомол ұйымы ВЛКСМ-нің XVIII съезінің қорытындыларын және съезде сөйлеген Л.И.Брежневтің сөзін зор саяси және еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Съезд қорытындылары жөнінде бастауыш комсомол ұйымдарында әңгімелер өткізілді, лекция оқылып, баяндамалар жасалды. Съезд шешімдеріне іспен жауап беру мақсатында 970 комсомол мүшесі көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Аудан комсомолдары мен жастары аудан еңбекшілерінің 1978 жылға қабылдаған социалистік міндеттемесін абыроймен орындап шығу ісіне үлес қосты [4, 3 б.].

Ауданда қоғамдық мал қыстағы 60 ұйымшылдықпен өткізілді, көктемгі егіс бір жұмада салынып болды, қой қоздату жұмысы нәтижелі аяқталған. Аудан бойынша әр жүз саулықтан 102 қозы алынған. Әр жүз саулықтан «Тайпак» совхозындағы «Арай» комсомолец жастар шопандар бригадасы 120, «Құралай» комсомол жастар шопандар бригадасы 125, Октябрың 50 жылдығы атындағы «Краснояр» совхозындағы «Гүлдәурен» комсомол-жастар бригадасы – 122 қозы алып, міндеттемелерін абыроймен орындап шықты. Аудандағы 27 жас шопан төл алу жөніндегі міндеттемесін орындап шықты. Олардың ішінен өткен жылы байырғы шопан әкесінің жолын қуып, шопан таяғын ұстаған «Тайпак» совхозының комсомолец аға шопаны А.Ерғожинді атап айтуға болады. Ол әр жүз саулықтан міндеттемедегі 130-дың орнына 148 қозы алып, аудан шопандарының алдында келеді. Орденді комсомол аға шопан (Тайпак совхозынан) Қ.Меңдібаев та әр жүз саулықтан 143 қозы алып, міндеттемесін орындады. Ауданның 124 комсомолецтері коммунистік еңбек екпіндісі атағын жеңіп алады.

Халық шаруашылығының әр саласында істеп жүрген 215 комсомол жастар Қазақстан ЛКСМ республикалық, облыстық, аудандық комитеттерінің грамоталарымен наградталған. Ал 240-қа жуық комсомол жастар КСРО Конституциясы күніне үш жылдық жоспарларын орындап шығады [98]. Облыс жастарының қоғамдық жұмыстарға белсене араласқанын Орал облыстық партия комитетінің секретары М.Қалматаевтың «Лениншіл жас» газеті бетіне 1981 жылы жарияланған «Жайықтың жастық тынысы» мақаласында келтірілген мынадай мәліметтерден көре аламыз. Жастарға қамқорлық жасау, олардың жастық жігерін ұштап, қаһармандық істерге құлшындыру, аға ұрпақтың революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлері рухында тәрбиелеу – партиялық жұмыстың құрамдас бір бөлігі. «Жас ұрпақтың алдында тұрған міндет анағұрлым күрделі, - деп атап көрсетті В.И.Ленин. – Әрбір жас жігіт, әрбір жас қыз коммунистік қоғам құрушы болуға тиіс. «Міне, осынау ұлы өсиеттерді бүгінде 60 жылдығын тойлағалы отырған Қазақстан комсомолы да басты нысана етіп, ақиқатқа айналдырды. Орал облысының партия ұйымдары комсомол жұмысына бағыт-бағдар беріп, жетекшілік роль атқаруда бірқатар игі шараларды жүзеге асырып отыр. Комсомол ұйымдарына басшылық етудің формалары мен әдістерін жетілдірудің түбегейлі мәселелері партия комитеттерінің пленумдарында, бюро мәжілістерінде, бастауыш комитеттер жиналыстарында жүйелі қаралып отырады. Атап айтқанда, бұл мәселелер Орал қалалық, Ақжайық және басқа аудандық комитеттерде талқыланды. Аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымының комсомолға басшылығы жөніндегі есептерін тыңдауды тәжірибеге енгізіп отыр. 1980 жылы Бөрлі және Зеленов аудандық партия комитеттері өз бюро мәжілістерінде жастарды аға ұрпақтың революциялық, ерлік және еңбек дәстүрлері рухында тәрбиелеу, сондай-ақ жас өндіріс озаттарын КПСС мүшелігіне қабылдау жөніндегі аудандық комсомол комитеттерінің жұмысы туралы, ал Жымпиты және Жәнібек аудандық партия комитеттері «Жетікөл» совхозы партия ұйымының КПСС XXV съездерінің шешімдеріне сәйкес комсомолға басшылықты жақсарту, Свердлов атындағы совхоз партия комитетінің комсомолецтер мен жастардың саяси оқуына басшылығы жайлы мәселелер қарады.

Комсомолдағы партиялық ұйтқыны нығайту, оның ролін арттыру партия органдарының назарынан тыс қалмауда. Қазір облыс партия ұйымында 5700-ге жуық жас коммунистер есепте тұрады. Олардың 80 проценттен астамы комсомол ұйымдарында қызмет істейді. Комсомол кадрларын іріктеуге, орналастырып, тәрбиелеуге, сапа құрамын жақсартуға ерекше қамқорлық жасалды. Басшы комсомол органдарына сайланған коммунистерге талап күшейтіліп, олармен жұмыс жақсара түсті. Комсомолда қызмет істейтін коммунистердің есептері партия жиналыстарында, бюро және партком мәжілістерінде тыңдалады. Комсомол комитеттері мен ұйымдары секретарьларының облыстық партия комитеті жанындағы партия, совет қызметкерлерінің білімін жетілдіретін курста, қалалық, аудандық партия комитеттері жанындағы тұрақты семинарларда оқыпүйренуі комсомол жұмысын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. Соңғы бес жылда аудандық комсомол комитеттерінің бұрынғы секретарьларының 48-і, бастауыш комсомол ұйымы секретарьларының 80-і партия, совет, кәсіподақ жұмысына жоғарылатылды.

Комсомол кадрларын тәрбиелеу жұмысында Орал қалалық, Жаңақала, Камен, Ақжайық аудандық партия комитеттері К.Е.Ворошилов атындағы машина жасау заводының, мех комбинатының, «Красногор» жылқы заводының, «Орал» жеміс-питомник совхозының бастауыш партия ұйымдары айтарлықтай тәжірибе жинақтады. Комсомол ұйымының құрылымы үздіксіз жақсарып, бастауыш, цехтық комсомол ұйымдарының комсомол топтарының саны бірден-бір өсіп келеді, комсомол активтерінің қатары облыс бойынша 18 мыңнан асқан [4, 3 б.].

Жастардың қоғамдық өмір мен өндірістегі белсенділігінің, тапсырылған іс үшін жауапкершілігінің жоғары болуы ең алдымен комсомол ұйымдарының жауынгерлік

қабілетіне, ұйымдық – саяси жұмыстардың дәрежесіне тікелей байланысты болды. Облыс комсомол комитеттерінің көпшілігі комсомолецтер мен жастарға коммунистік тәрбие беру, олардың еңбектегі және қоғамдық саяси белсенділігін арттыру жөнінде елеулі жұмыстар жүргізген.

Облыстың 47 бастауыш комсомол ұйымы, комсомол-жастар коллективі ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Жастарға коммунистік тәрбие берудегі табыстары үшін» деген ауыспалы вымпелімен наградталған. 70-ші жылдардың соңында облыста 861 комсомолдық саяси оқу үйірмелері мен семинарлары жұмыс істейді. Жастарды идеялық шыңдаумен айналысатын насихатшылардың 765-і коммунистер, олардың 87 проценттен астамының жоғары, аяқталмаған жоғары білімі болған. Комсомол оқуы жүйесінің 51 мыңнан астам тыңдаушысы «В.И.Лениннің өмірбаяны», «Жастарға партия туралы», «Біздің лениндік комсомол», «Право білімдерінің негіздері» және басқа үйірмелерде оқып үйренуде. Облыста 509 тыңдаушыны біріктіретін 14 жас лекторлар мектебі, 72 лекторийлер мен кинолекторийлер жұмыс істейді. Лекторлардың 41,4 проценті коммунистер, 56,6 процентінің жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар. Облыс партия ұйымдары жастардың саяси білімін жетілдірудің тиімді формаларының бірі – Лениндік есеп деп біледі. Оған қатысушыларды қоғамдық саяси аттестациялау КПСС XXVI съезіне ұсынылған Негізгі бағыттардың жобасын талқылаумен тұспа-тұс келіп, бұқараның саяси және еңбек өрлеуін туғызды. Лениндік есепке 100 мыңнан астам адам қатыстырылған. Аттестациялау комиссияларының құрамына партия ұйымдарының секретарьлары, партия комитеттерінің, партия бюросының мүшелері қатысып отырған. «Комсомолец – КПСС XXVI съезінің жасампаз программасын насихаттаушы» деген инициативаға облыстың көптеген комсомол ұйымдары үн қосып отырғаны сөзсіз. Съезд шешімдерін насихаттау үшін лекторлардың, үгіт бригадаларының, методикалық топтардың арнайы сапарлары ұйымдастырылуда.

КПСС XXVI съезі делегаттарының облыстық барлық коммунистерін, еңбекшілерін 1981 жылдық жоспарын Ұлы Октябрь мерекесіне дейін, бесжылдықты 4-4,5 жылда орындап, КПСС XXVI съезінің әрбір жылдығын ең жоғары еңбек нәтижелеріне жетуімен атап өтуге шақырған үндеу-хатын облыс комсомолецтері қызу қолдады. Мысалы, К.Е.Ворошилов атындағы машина жасау заводының электромонтажшысы, КПСС XXVI съезінің делегаты, облыстық партия комитетінің бюро мүшелігіне кандидат, жастар ұстазы Галина Борисовна Игнатьева, «Омега» прибор жасау заводының Олег Левченко басқаратын комплексті комсомол-жастар бригадалары он бірінші бесжылдықты төрт-төрт жарым жылда, Қаратөбе ауданындағы «Егіндікөл» совхозының машина жүргізушісі Қалия Есқалиева жылдық тапсырмасын Қазақстан комсомолының 60 жылдығына дейін орындауды міндеттенді. Өткен бесжылдық жастар үшін нағыз еңбекте шыңдалу мектебі болды. Олар араласпайтын бірде-бір өндіріс саласы болған жоқ. Олар жұмысшы, малшы, шопан, механизатор мамандықтарын шебер меңгеріп, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын түгелдей қамқорлыққа алып отырды. Демек, облыс комсомол ұйымында есепте тұратын жүз мыңнан астам ВЛКСМ мүшесінің 60 проценті халық шаруашылығының әртүрлі саласында еңбек етеді деген сөз.

Облыс бойынша 8680 жас өндірісшіге Коммунистік еңбектің екпіндісі атағы берілген, 414 адам Лениндік Құрмет грамотасымен наградталған. Партия ұйымдарының жастар арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсартудың нәтижесінде олардың еңбектегі белсенділігі арта түсетін.

Мұны облыс жастарының өткен бесжылдықтағы жетістіктері мен съезд құрметіндегі социалистік жарыстың қорытындылары айқын дәлелдеді. Съезд алдындағы екпінді еңбек вахтасына 108 мың комсомолецтер мен жастар қатысып, 6700 жас өндірісші, 102 комсомол-жастар коллективі оныншы бесжылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындағандығы туралы рапорт береді. Олардың ішінде өздерінің

жеке бесжылдық жоспарларын В.И.Лениннің туғанына 110 жыл толуы құрметіне, социалистік міндеттемелерін Қазақ КСР-і мен Қазақстан Компартиясының 60 жылдығына дейін орындап шыққан жүздеген еңбек озаттары болды. Ленин комсомолы сыйлығының лауреаттары – Қаратөбе ауданындағы «Егіндікөл» совхозының тракторшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, ВЛКСМ XVIII съезінің делегаты Дина Баубекова, Орал авиакәсіпорнының ұшқышы Михаил Захаров, «Металлист» заводының токары Иван Каплин, Бөрлі ауданындағы «Орал» колхозының механизаторы Григорий Гончар, 1980 жылдың қорытындысы бойынша екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев атындағы жүлдені жеңіп алған жас коммунист, Жымпиты ауданындағы «Қособа» совхозының аға шопаны Райымбек Жансұлтанов сияқты көптеген жастар ерекше көзге түсті [5, 2 б.].

Облыстың атақты жас механизаторы Д.Баубекованың бүкіл еліміз жастары атынан КПСС XXVI съезіне еңбек рапортын тапсыру құрметіне ие болуы – Ақжайық жастарының әкелер дәстүрін лайықты жалғастырып отырғандығының айғағы. Облыста астық өндіруді арттыра түсу жолындағы күреске 10,5 мың жас село еңбеккерлері, 660 комсомол-жастар коллективі қатыстырылған. Коммунистік партияның міндеттерін шешуде облыс партия ұйымдары жастардың творчестволық ізденісі мен қажырлы еңбегіне арқа сүйеді. Демек, жастардың еңбектегі инициативасын әрқашан қолдап, қаһармандық істерге жұмылдыру – партия органдарының, барлық қоғамдық ұйымдардың міндеті.

Партия ұйымдары бұл еңбек коллективтерінің өмір жолын жаңа бастаған жастарға коммунистік тәрбие берудегі ролін арттырып, тұрақты қамқорлық жасауды өздерінің төл ісі санады. Мұндай бригадаларды ұйымдастырудың шаруашылықтар үшін тиімді екенін тәжірибе көрсетті. Айталық, Жаңақала ауданындағы «Сәуле» комсомолжастар тракторшы қыздар бригадасының құрылғанына он бір жыл болды. Ол өткен бесжылдықта екі жоспар орындап, он екінші бесжылдықтың екінші жылы есебіне зор теңбек еткен. Бұл коллективке Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілген. Оған коммунист К.Темірғазиева ұстаздық етті. Сол жылы облыста осы сияқты 6 коллектив, 400-ге жуық механизатор қыздар жемісті еңбек еткен. Облыста бес мыңға жуық өндіріс озаты жастарға ұстаздық етеді, олардың ішінде 18 Социалистік Еңбек Ері болды.

Жастарға кәсіптік бағдар, еңбек тәрбиесін беруде кәсіптік-техникалық оқу жүйесінің, мектеп оқушылары еңбек бірлестіктерінің, студенттердің құрылыс отрядтары мен оқушылардың өндірістік бригадаларының ролі артты. Осыған байланысты бесжылдықтар кәсіптік-техникалық білім жүйесін одан әрі дамытып, 33 мыңнан астам маман жұмысшы даярлау көздеген [5].

1980 жылдардағы комсомол жастардың саны жөнінде «Орал өңірі» газетінің арнаулы тілшісі Қ.Наукиев осы газет бетінде «Жалынды жас ұйымның бүгіні бұл» атты мақала жариялап, онда мынадай нақты сандар келтірген. Бүгінде аудан комсомолдары мен жастары коммунизмнің белсенді құрылысшылары болуда. Олар «...КПСС XXVI съезінің шешімдерін мұқият әрі зор ынтамын оқып танысып, съезд шешімдерін жүзеге асыруға жұмылған ауданның 39 бастауыш комсомол ұйымында 2750 ВЛКСМ мүшесі есепте тұрады. Соның ішінде 921 комсомол мүшесі өндірістің әр саласында тікелей жұмыс істейді».

КПСС XXVI съезі құрметіндегі Бүкілодақтық еңбек эстафетасына 2 мыңның үстінде қыздар мен жігіттер қатысқан. Бір мыңнан астам жас жұмысшылар, 7 комсомол-жастар коллективтері партия съезінің құрметіне көтеріңкі меже белгілеп, абыроймен орындап шықты [6]. Комсомол жастардың қатарындағы қыз-келіншектердің де қоғам өмірінен тыс қалмай белсене араласқандығын 1981 жылы «Лениншіл жас» газеті бетіне жарияланған Серікқали Хасановтың «Жастық романтикасы» атты мақаласынан тракторшы қыздардың «Сәуле» атты бригадасы жұмысы туралы мәліметтер ала аламыз [6].

Ақ Жайық өңірінде ауыл қыздарының өршіл романтикасымен өмірге келген Қазақстан Ленин комсомол сыйлығының лауреаты «Сәуле» тракторшы комсомол-жастар қыздар бригадасы тапсрмаларды асыру орындап, үлкен еңбек атқарған.

Атақты «Сәуле» тракторшы комсомол-жастар қыздар бригадасының ұстаз-жетекшісі, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» орденінің кавалері Күнзира Темірғазиева «Комсомол-жастар бригадасының ұстазы» белгісін тақты, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, бригадир Дәмелі Өтешқалиева «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталады.

КПСС XXVI съезінің делегаты, Совет Одағының Батыры, «Красногор» асыл тұқымды жылқы заводының директоры Есен Орақбаев лауреат қыздарды Съездер сарайынан құттықтады. Көктем шыға дала арулары шалқар шабындықты аңсаумен болды. Сапа мен тиімділік бесжылдығында екі бірдей бесжылдық жоспарды орындап, даңққа бөленді.

Қазақстан тарихының беттерінде қалай болғанда да жастар мен олардың комсомол ұйымдарының құрылу тарихы көп із қалдырды. Біз қарастырған 1970- 1990 жылдардағы кезең өте күрделі еді. Өйткені бұл аралықта жатқан қайшылықтар мен қиыншылықтарға, күтпеген оқиғалар мен әртүрлі құлдырауларға, аштық пен тоқтыққа толы кезең болды. Жастар осы оқиғалармен бірге өсіп, бірге жүріп отырды. Сөйтіп, өткен ғасыр басындағы қазақ жастарының саяси санасының қалыптасуы мен оның жетілуіне ғасыр басында қалыптаса бастаған ұлттық интеллигенция өкілдерінің еңбегі айтарлықтай деуге болады. Олардың қолынан туған туындылар халық арасында толқулар тудырып, әсіресе жастар арасында зор саяси маңызға ие болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Галаган А. А. Неоткрытые страницы истории: о «белых пятнах» и «черных дырах» истории Ленинского комсомола. - Саратов, -1989. -94 с.
2. Қамзабекұлы Д. Большевизм дауылы жастарды жыға алмады // Нұр Астана. – 2009. – 9 сәуір. -4 б.
3. Әбілев Х. Комсомол ұйымдарына партиялық басшылық. // Орал өңірі. 1978. -24 қазан. – 6 б.
4. Қалматаев М. Жайықтың жастық тынысы // Лениншіл жас. 1981. – 23 маусым. – 3 б.
5. Наукиев Қ. Жалынды жас ұйымның бүгіні бұл// Орал өңірі. -1981. -17 маусым. -2-3 бб.
6. Хасанов С. Жастық романтикасы. // Лениншіл жас. -1981. – 14 шілде.-5б.

ӘОЖ 032.0

Орынбай Е.М.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕЛДІ РУХАНИ ДАМУДАҒЫ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ДІН МӘСЕЛЕСІ

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде, жаңаша ой-пікір мен көзқарастың қалыптасу белесінде халқымыздың өткен жолы мен оның рухани түлеуін тану құралы ретіндегі тарих ғылымының көкейкестілігі, мән-мағынасы күрт кеңейіп, толығы түсуде. Отандық тарихнамада тарихты бұрынғысынша түсінуден арылып, оны қайта қарап, соны талдау жасау белең алып келеді. Осындай өзекті мәселелердің бірі XIX ғасыр мен XX ғасыр тоғысында қазақ топырағында өзіндік белеске шыққан тұлғаларымыздың өнегелі өмірлерін зерделеп, олардың рухани мұрасын ұлтпен қауыштыру міндеті тұр.

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси-идеялық ахуалында ислам дінінің әсер етпейтінін мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Ресей мемлекетінің отарлық қыспағындағы орыстандыру саясатын дер кезінде байқаған қазақ зиялылары қазақ халқын ислам дініне жаппай тартып, жаңа үлгідегі медреселер арқылы дін насихатын күшейтуді, сөйтіп, енжар, көшпелі халықты шенеуніктермен ауыз жаласқан молдалардан арылтып, қоғамдағы мұсылмандық мүше иелікке айналдырған зайырсыз қылықтардан арылту керектігін ұлт алдындағы патриоттық борыш ретінде таныды. Орыс үкіметінің, мұсылмандар арасындағы жатсындыра жұмыс істеген әрекеттері қоғамдық, саяси-құқықтық ой-пікірлер аясында қатал сынға ұшырады. Еуропалық білім ордаларынан сусындаған қазақ зиялылары барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, дінді саясат пен ағартушылыққа және құқықтық жүйені өзгертуде ұштастыру арқылы ұлттық прогреске көтерілуді – саяси міндеттердің ең өзекті, көкейкесті санатына жататын заңдылық екенін айқын байқаған.

Дегенмен, патша үкіметі мен Кеңес үкіметі тұсында қазақтың ділі, діні айтарлықтай зардап шеккені белгілі.

1867-1868 жылдары қабылданған «Уақытша ереже» «Қырғыздардың рухани істерін басқару жөніндегі» баптарында ислам дініне шектеуліктер қойылып, рухсыз мешіт пен медресе ашуға тыйым салынды. Тек патша үкіметінің арнайы рұқсатымен ғана ашылып, оның өзіне молдалыққа немесе мұғалімдікке үкімет тарапынан бекітілген өкілдер тағайындалды. Жергілікті мұсылман дінбасыларының әрбір әрекеті қатаң түрде бақылап, жоғары орындарға хабарланып отырды [1, 339-340 б.].

Мінеки, бұл Ереже біріншіден, қазақтардың рухани ісі мен басқада қадамдарын қадағалауға, екіншіден, жандандыру, шоқындыруға жол ашты.

Патша үкіметі мұсылман дінін уақысызда тыятыным салып, керісінше орыс дінін дәріптеп, насихаттауға бет бұрды.

Мұсылман мектептері мен медреселерді жабу немесе олардағы оқыту жүйесін күрделендіру қолға алынды. Бұл жағдай жаңа қалыптасып келе жатқан ұлт зиялыларын бей-жай қалдырған жоқ. Патша үкіметінің жүргізіп отырған отарлау, шоқындыру саясатының астарына терең үніле отырып, тіліне, дініне, жеріне қол сұғу деген ұлтты жоқ қылу, табанына таптау екендігін түсінді. Олар орыстандырудың тамырын тереңнен іздеді. Патшаның («бұратана») атанған халықтарға арналған шығарған реформалары, бұйрық, жарлық, нұсқауларын жете саралай отырып, оның түбінде не жатқандығын айқын түрде талдауға алды. Ислам дініне тыйым салып, православие дінін дамытуға пәрменді түрде кіріскен патша әкімшіліктерінің әрекеттерін, қазақ жеріне жіберілген Н.И. Ильминский, А.Е. Алекторов, В.В. Катанский, Н.П. Остроумов сияқты миссионерлердің түркі-мұсылман халықтарын шоқындырудағы ұсыныстарын көре, біле тұра оларға қарсы күресуге дәрменсіздіктері де байқалды. Дегенмен оңтайлы сәтте батыл түрде қаламымен қарсы шыққан зиялыларымыз да аз болмаған жоқ. Бірі жер мәселесімен, бірі оқытудағы проблемалармен, енді бірі діндегі шектеуліктерді сынау арқылы өмірінің мерзімін баспасөз бен Дума мінбері арқылы жеткізуге тырысты.

Осы тарапта, Қазақ ұлт зиялылары саяси күресте діни фактордың маңызын жақсы түсінді. Олар қазақ халқының діни ислами екенін ескере отырып, қазақтарды нағыз мұсылман ретінде таныды. Біздің қазақтың бүкіл өткен зиялылығы дінмен тікелей байланысты болды. Қазақтың дәстүрлі ұғымында зиялылық тікелей дінмен астасып кеткен. Исламда зияткерлік өте күшті дамыған. Зиялылықтың өзі араб сөзінен шыққан. Ол тікелей ғылыммен, имандылықпен байланысты. Осыны басшылыққа ала отырып, ислам дінінің біліммен басталатынын көрсетеді. Біз қазақ ұлт зиялылары кешегі елдің рухани сауатын мешіт қабырғасынан, молдадан дәріс алғанын байқамаймыз, яғни негізінен қазақ зиялылары діннен сусындаған.

Алаш қайраткерлерінің ішінде ислам дінінің көптеген ірі өкілдері болды. Дүниежүзілік тарихтың қайсыбір қиын-қыстау кезеңдерінде діни – ұлт зиялыларының рухани қаруына айналып, тар жол, тайғақ кешу бұқара халқының еңсесін көтеруге,

біріктіруге және топтастыруға пайдаланылған күш болған. Осы мәселені жақсы меңгерген кейбір алаш зиялылары петициялар арқылы қоғамдық қатынастарды реттеумен халықты дінге баулыды, діндегі тазалықты күшейтіп, мұсылман көпшілігі қазақ халқын біртіндеп тәуелсіздік жолына түсіруге тырысты. Белгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясына 14,5 мың адам қол қойған еді. Петицияның 11 тармағы тек дінге қатысты талап-тілектер сол тұстағы қазақ елінің қоғамдық өмірдегі ең негізгі мұқтаждықтарын толық қамтыды. Оның жергілікті басқару, сот, халықтық білім беру ісіне қазақ елінің қатысуы мәселесімен бірге, цензурасыз баспа ісін шығару және басқа аса маңызды мәселелермен қатар ұлттың бостандығы, дін тұту еркіндігі мәселелері де көтерілді. Бұл петициялардың мазмұны жөнінде нақты түсінікті Орал және Торғай облыстары қазақтары жолдаған петициямен танысу арқылы алуға болады. Ол қазақ тілінде жазылып, 1905 жылы Орал қаласындағы К.М.Тұхватуллин баспасында жарық көрген. Екі бөлімнен тұратын бұл құжатта қазақ елінің дін және жер мәселелеріне байланысты талаптары жан-жақты және дәл баяндалған. Петицияның әр бөлімінің соңына 22 адамнан қол қойған және олардың басым бөлігі (30-ға жуық) ишан, қажы, молла сияқты дін қызметіндегі кісілер болатын. Сондай-ақ бұл құжатты дайындауда Бақытжан Қаратаевтың басшылық рөл атқарғанын аңғару қиын емес [2, 96-6.].

1905 жылы Орал қаласында Б. Қаратаев, Ф. Бердиев, М. Бақытгереев, И. Төкбердиев, Х. Досмұхамедов, Н. Ипмагамбетов, Ғ. Рақымбердиев, Избасаров және У. Дүйсембіндер конституциялық-демократиялық партия құру туралы шешім қабылдап, арнайы дайындаған бағдарламасында дін мәселесіне ерекше мән берді. Онда әрбір азаматтың діни сеніміне кеңшілік беріліп, өзінің діни сенімі үшін, яки дінінен өзгерткені немесе діннен бүтіндей шыққаны және дін жөніндегі пікірі үшін ешқандай жауапқа алынып, жазаға тартылмау, өз дінін насихаттауға тосқауыл қоймау, Ресей империясы құрамындағы барлық мұсылмандардың соның ішінде қазақ пен татар және басқа діндегі халықтардың жиналыстарында өз ана тілінде сөйлеулеріне еркіндік беру қажетігі айтылды. Діндерді ешбіріне таршылық пен кеңшілік жасалынбай, мүфтилер, қазылар және молдаларды сайлау қауымның өз ықтиярына беру, мешіт пен медресе салуға кедергі жасалмауын, сонымен қатар ислам діні Ресей империясының заңдарына қайшы келмесе және дін мәселесін қарастыру керек болған жағдайда әкімдерден рұқсат сұрау міндетті болмауы қаралды [3, 55–58 б.].

Ресей Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған қазақ зиялылары мұсылман депутаттары фракциясына қатысып, жұмыс жасады. Олар мұсылман депутаттардың фракциясында қаралған кеңестерде қазаққа керекті мәселелерді көтерді.

после низового, благодаря снижению количества ионов водорода и алюминия. Это уменьшает кислотность почвы, что способствует удержанию кальция и магния в обменной форме. Кроме того, воздействие высоких температур может временно изменять структуру гумуса, увеличивая катионообменную способность почвы. Все эти процессы вместе приводят к обогащению почвы кальцием и магнием. Более высокое содержание катионов кальция в горизонте В по сравнению с горизонтом А в Новонежинском лесничестве может быть связано с тем, что под воздействием осадков эти элементы начинают вымываться вниз по профилю почвы. После пожара также происходит нарушение структуры почвы и временное снижение биологической активности, что ослабляет удержание катионов в верхнем горизонте. Повышение pH в верхних слоях почвы после пожара способствует миграции кальция и магния вниз, так как при нейтральной и слабощелочной реакции эти катионы хуже удерживаются.

Снижение показателей во второй год после пожара, вероятно, связано с вымыванием элементов, а также с восстановлением растительности и микробной активности, которые интенсивно используют эти элементы.

Результаты проведенного исследования подтверждают, что лесной пожар оказывает комплексное воздействие на почвенные процессы, вызывая значительные изменения в кислотно-основных свойствах почвы. В первый год после пожара наблюдается ощелачивание почвенного раствора и повышение содержания обменных катионов кальция и магния за счёт зольного обогащения, минерализации органики и временного изменения структуры гумуса. Однако уже на второй год начинается обратная тенденция: восстановление растительности, активизация микробиологических процессов и вымывание оснований приводят к повторному увеличению кислотности и снижению концентрации катионов. Таким образом, влияние пожара на почвенные свойства носит временный характер, и почва демонстрирует признаки восстановления и возвращения к доогневому состоянию. Эти данные подчеркивают важность регулярного мониторинга почв после пожаров, а также необходимость разработки эффективных стратегий постпожарного лесовосстановления, учитывающих изменения в геохимических параметрах почвенной среды.

Список литературы

1. Global Carbon Project официальный сайт <https://carbonmonitor.org/>
2. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан/ ЦЕЛИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ В КАЗАХСТАНЕ. Официальный сайт: <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/32798?lang=ru>
3. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Официальный сайт: <https://stat.gov.kz/ru/sustainable-development-goals/goal/15/>
4. Аманбаев А.К. Лесопирологическая характеристика и разработка неотложных мер по снижению горимости хвойных лесов Казахстана: автореф. дис. к.с.-х.н. с-х наук: Алматы, 2004. - 30 с.
5. Журкова И. С., Щербов Б. Л. Миграция химических элементов при лесном низовом пожаре (Алтайский край) //Известия Иркутского государственного университета. Серия: Науки о земле. – 2016. – Т. 16. – С. 30-41
6. Выступление Вице-министра по чрезвычайным ситуациям генерал-майора Сыздыкова Бауыржана Мадиевича на Правительственном часе по вопросу «О профилактике лесных пожаров и борьбе с ними», 2024. – 4с. <https://www.gov.kz/memleket/entities/emer/documents/details/606090?lang=ru>
7. Максимова Е. Ю., Быкова Г. С., Абакумов Е. В. Характеристика физических свойств послепожарных почв //Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2014. – Т. 16. – №. 5. – С. 51-57.

8. Голощапова Юлия Юрьевна, Калининко Николай Алексеевич Влияние пожара на органическое вещество темно-серых лесных почв // ОНВ. 2012. №1 (108).
9. Черненко С. П. и др. Послепожарная трансформация физико-химических свойств почв и их ферментативной активности в дубово-грабово-можжевелевом лесу заповедника «Утриш» (черноморское побережье России) //Проблемы региональной экологии. – 2024. – №. 3. – С. 64-76.
10. Тарасов П. А., Тарасова А. В. Исследование постпирогенной динамики агрохимических показателей подзолистой почвы //Хвойные бореальной зоны. – 2020. – Т. 38. – №. 5-6. – С. 276-284.
11. Choromanska U., DeLuca T. H. Microbial activity and nitrogen mineralization in forest mineral soils following heating: evaluation of post-fire effects //Soil Biology and Biochemistry. – 2002. – Т. 34. – №. 2. – С. 263-271.
12. Гынинова Аюр Базаровна, Дыржинов Жамбал Дашеевич, Гончиков Батомунко Николаевич, Хамнуева Татьяна Романовна Особенности трансформации почв под влиянием пожаров в сосновых лесах Прибайкалья // Вестник Бурятского государственного университета. Биология. География. 2018.

ӨӨЖ 656.1

Тургумбаев А.А., Акберлиева А.Г., Сабитова Ж.К.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

ҚАЗАҚСТАН КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЕШЕНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫН ТАЛДАУ МЕН ДАМУ ТЖОЛДАРЫ

Қазақстанның көлік және логистика саласы – тек ішкі нарықты қамтамасыз етуші ғана емес, сонымен қатар халықаралық сауда қатынастарында маңызды рөл атқаратын кешен. Жаһандану жағдайында тиімді көлік жүйесінің болуы елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тікелей әсер етеді. Сондықтан көлік-логистикалық инфрақұрылымның қазіргі жай-күйін бағалау және оны дамытудың нақты жолдарын ұсыну – өзекті мәселе болып отыр. Қазақстан — Еуразия құрлығының жүрегінде орналасқан, географиялық тұрғыдан тиімді позициясы бар ел. Бұл фактор елімізді халықаралық көлік-логистикалық жүйелерде маңызды транзиттік хабқа айналдыруға мүмкіндік береді. Мемлекетте көлік инфрақұрылымы мен логистиканың дамуы экономикалық өсудің негізгі драйверлерінің бірі болып табылады [1].

Көлік салаларының қазіргі жағдайы

Қазақстан – көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орынды алатын, кең байтақ аумаққа ие мемлекет. Мұндай кең территорияны тиімді игеру мен экономикалық байланысты қамтамасыз етудің басты тетігі – көлік жүйесі. Елімізде көліктің бірнеше түрі қызмет етеді: темір жол, автомобиль, әуе, су және құбыр көлігі. Әр көлік түрінің өзіндік ерекшелігі мен артықшылықтары бар. Олардың жүк және жолаушы тасымалдаудағы үлестері әртүрлі болып келеді.

Темір жол көлігі – Қазақстанда ең дамыған әрі кеңінен қолданылатын тасымал түрі. Елдегі темір жол желісінің ұзындығы 16 мың шақырымнан асады және ол еліміздің барлық аймақтарын қамтиды. Бұл көлік түрі ауыр әрі көлемді жүктерді алыс қашықтықтарға тасымалдауға ыңғайлы. 2024 жылғы мәліметтер бойынша, Қазақстандағы жалпы жүк тасымалының шамамен 40%-ға жуығы темір жол арқылы жүзеге асырылады [2]. Сонымен қатар, жолаушыларды алыс қашықтыққа қауіпсіз жеткізу жағынан да темір жол тиімділігін көрсетіп отыр.

Автомобиль көлігі – халық арасында ең кең тараған көлік түрі. Қалалар арасындағы, ауылдық елді мекендер мен аймақтардағы жолаушы және шағын

көлемдегі жүк тасымалында негізгі рөл атқарады. Қазіргі уақытта Қазақстандағы автомобиль жолдарының ұзындығы 96 мың шақырымнан асады. Бұл көлік түрі икемділігімен, жеткізу жылдамдығымен ерекшеленеді. Жолаушы тасымалының 70%-дан астамы дәл осы автомобиль көлігіне тиесілі [3]. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, шағын бизнес пен аймақтық сауданы дамытуда да автомобиль көлігінің маңызы зор.

Әуе көлігі – қашықтық пен уақыт факторын барынша үнемдейтін, заманауи тасымал құралы. Негізінен халықаралық және республикааралық бағыттарда қолданылады. Қазақстанда 20-дан астам халықаралық және ішкі әуежай жұмыс істейді. Әуе көлігі арқылы жолаушылар саны жылдан-жылға артып келеді. Алайда, тасымалдау көлемі салыстырмалы түрде аз – себебі билет бағасының қымбаттығы мен рейстердің шектеулігі әсер етеді. 2024 жылы әуе көлігімен 90 млн. жолаушы тасымалданған [2].

Су көлігі – еліміздің Каспий теңізіне, Ертіс пен Жайық сияқты ірі өзендерге шығатын мүмкіндіктерін пайдаланады. Ақтау және Құрық порттары арқылы теңіз тасымалы жүзеге асады. Бұл сала экспорттық және транзиттік тасымалдауда маңызды рөл атқарады. Алайда су көлігімен тасымалданатын жүк пен жолаушы көлемі айтарлықтай төмен. Мысалы, 2024 жылы су көлігімен 15 млн. тонна жүк және 5 млн. жолаушы тасымалданған.

Құбыр көлігі – мұнай, газ, мұнай өнімдері және су тасымалдауға арналған мамандандырылған жүйе. Бұл көлік түрі экологиялық жағынан тиімді, ұзақ мерзімді және үлкен көлемдегі сұйық жүктерді үздіксіз тасымалдауға мүмкіндік береді. Қазақстанда мұнай мен газ экспортын қамтамасыз ететін мыңдаған шақырым құбырлар бар. Олардың қатарында «Каспий Құбыр Консорциумы», «Атасу-Алашанькоу», «Бейнеу-Бозой-Шымкент» сияқты ірі құбыр желілері бар. 2024 жылы құбыр арқылы 120 млн. тонна жүк тасымалданған [4].

Жалпы алғанда, көлік салалары Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына, халықтың мобильділігіне және халықаралық сауда байланыстарының кеңеюіне зор үлес қосуда. Алайда олардың әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен даму қажеттіліктері бар. Сол себепті көлік түрлерінің мүмкіндіктерін тиімді үйлестіре отырып, кешенді дамыту – ел болашағы үшін маңызды стратегиялық бағыт болып саналады.

Көлік саласының құрылымын кешенді бағалау үшін төмендегі кестеге жүгінеміз, онда Қазақстандағы көлік түрлері бойынша 2024 жылғы жүк және жолаушы тасымалдау көлемі көрсетілген:


1-кесте. Қазақстандағы көлік түрлері бойынша 2024 жылғы жүк және жолаушы тасымалдау көлемі

Көлік түрі	Жүк тасымалдау (млн. тн)	Жолаушы тасымалдау (млн. адам)
Автомобиль	220	950
Темір жол	270	280
Әуе	40	90
Су	15	5
Құбыр	120	0



1 сурет - Көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау көлемі (млн. тн)

Кестеден байқағанымыздай, жүк тасымалында ең жоғары үлеске ие көлік түрі — темір жол көлігі, ол 270 млн. тонна жүк тасымалдаған. Бұл көрсеткіш оның ауыр, көлемді жүктерді шалғай аймақтарға тиімді жеткізуге бейімділігін дәлелдейді [2]. Екінші орында — автомобиль көлігі (220 млн. тн), ол орта және қысқа қашықтықтарға жүк жеткізуге ыңғайлы. Құбыр көлігі де ірі көлемдегі сұйық жүктер үшін маңызды — 120 млн. тонна жүк тасымалданған, негізінен мұнай және газ саласында [4]. Әуе (40 млн. тн) және су көлігі (15 млн. тн) — ең аз үлеске ие, бұл олардың тек арнайы жағдайларда немесе шектеулі бағыттарда қолданылатынын көрсетеді.



2 сурет - Көлік түрлері бойынша жолаушы тасымалдау көлемі (млн. адам)

Жолаушы тасымалында абсолютті көшбасшы – автомобиль көлігі. Ол арқылы 950 млн. адам тасымалданған. Бұл көрсеткіш — халықтың күнделікті қозғалысында ең жиі қолданатыны осы көлік түрі екенін дәлелдейді [3]. Темір жол көлігі жолаушылардың 280 млн. адамын тасымалдаған. Бұл әсіресе ұзақ қашықтықтарға, қолжетімді бағамен қатынауды қалайтындар үшін маңызды. Әуе көлігімен 90 млн. жолаушы тасымалданған. Бұл көрсеткіш қымбат тарифтер мен бағыттардың шектеулігіне қарамастан, халықтың белгілі бір бөлігі үшін жылдам тасымалдау қажеттілігінің бар екенін көрсетеді. Су көлігі арқылы жолаушы тасымалы ең төмен — 5 млн. адам, бұл көлік түрінің тек өңірлік немесе маусымдық мақсатта пайдаланылатынын көрсетеді. Ал құбыр көлігі, табиғи ерекшелігіне байланысты, жолаушы тасымалдамайды.

Қорытынды салыстырмалы байлам: Темір жол – жүк тасымалдауда ең тиімді. Автомобиль көлігі — жолаушы тасымалдауда басым. Құбыр — тек шикізат (мұнай, газ) үшін қажет, бірақ жолаушыларға арналмаған. Әуе мен су көлігі — қосымша рөл атқарады, арнайы мақсаттар үшін. Көлік саласын дамытуда әр көлік түрінің мамандану бағытын сақтай отырып, оларды интеграциялау маңызды. Мысалы, темір жол мен автомобиль, теңіз және темір жол арасындағы байланысты күшейту логистикалық тиімділікті арттырады.

Мәселелер мен даму бағыттары

Қазақстан көлік-логистикалық кешенінде бірнеше өзекті мәселе бар: инфрақұрылымның тозуы және аймақтар арасындағы байланыстың әлсіздігі; логистикалық қызметтердің жеткіліксіз дамуы; кедендік және транзиттік рәсімдердің күрделілігі; жасыл логистика қағидаттарының жеткілікті енгізілмеуі [4]. Бұл мәселелерді шешу үшін мынандай шаралар ұсынылады: инфрақұрылымды жаңғырту – жолдар мен темір жол желілерін жөндеу, заманауи технологиялар енгізу; цифрландыру – жүк және жолаушы тасымалын автоматтандыру; жасыл логистика – экологиялық таза көліктерді қолдану; аймақтық хабтар құру – Астана, Алматы, Ақтау сияқты қалаларда логистикалық орталықтарды дамыту [5].

Қазақстанның көлік-логистикалық кешені – ел экономикасының күретамыры. Оны дамыту үшін инфрақұрылымды жетілдірумен қатар, заманауи логистикалық тетіктерді енгізу қажет. Саланы кешенді түрде дамыту арқылы елімізді Еуразия кеңістігіндегі маңызды транзиттік елге айналдыруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары – 2025.
2. ҚР Ұлттық статистика бюросы. Көлік саласы бойынша есеп, 2024.
3. Нұрғалиев Қ., "Қазақстан логистикасы: өзекті мәселелер және болашағы", Логистика журналы, 2023.
4. Тлеуова А., "Жасыл көлік жүйесі – тұрақты дамудың негізі", Экология және көлік, 2022.
5. Ахметов Б., "Қазақстанда көлік хабтарын дамыту стратегиясы", Халықаралық қатынастар журналы, 2023.

ХАРАКТЕРИСТИКА ВОД И ДОННЫХ ОСАДКОВ РЕКИ ТОБОЛ В ГОРОДЕ КОСТАНАЙ

Введение Тобол — крупная река, протекающая через Казахстан и Россию, левый и самый многоводный приток Иртыша (Рисунок - 1). Состояние водного бассейна реки Тобол является актуальной проблемой, так как река является трансграничной и протекает по территории нескольких областей Республики Казахстан и Российской Федерации. А для территории Костанайской области вода реки является главным источником питьевого и хозяйственно-бытового водоснабжения.




Рисунок 1 – Фото реки Тобол со спутника 2024 года.

Однако, интенсивная хозяйственная деятельность, урбанизация и климатические изменения приводят к ухудшению качества воды и накоплению загрязняющих веществ в донных осадках. Современные исследования [5, 6, 8] выявили тенденцию к увеличению концентрации тяжёлых металлов, нефтепродуктов и органических соединений, что угрожает устойчивости водных экосистем и здоровью населения. В связи с этим актуальной целью становится системный анализ гидрохимических показателей и состояния донных осадков реки, а также составление рекомендаций по её восстановлению.

Методы исследования. Для оценки состояния реки использовались гидробиологические, химические и спектрометрические методы. Определение тяжёлых металлов проводилось методом атомно-абсорбционной спектроскопии, а анализ органических соединений — газовой хроматографией. Для изучения динамики загрязнения применялся сравнительный анализ данных за последнее десятилетие, что позволило выявить тенденции к накоплению загрязнителей в донных отложениях. Биоиндикация с использованием макрозообентоса (личинки хирономид, олигохеты) подтвердила высокий уровень токсической нагрузки на экосистему.

Результаты и обсуждение. Анализ ряда публикаций [2, 5, 8] показывает, что особое внимание исследователей уделяется изучению качественного состояния водных ресурсов, включая реку Тобол. В представленных работах освещаются сезонные и пространственные колебания гидрохимических параметров, а также рассматриваются уровни загрязнения тяжёлыми металлами, поверхностно-активными веществами и

полициклическими ароматическими углеводородами. Отмечается, что данные изменения обусловлены как природными факторами, так и деятельностью человека.

Гидрологический режим и влияние паводков. Гидрологический режим Тобола в районе Костаная характеризуется выраженной сезонностью. Среднегодовой сток реки составляет - 12,7 м³/с, однако в период весеннего половодья и летних дождевых паводков этот показатель может увеличиваться в 5–7 раз[4]. Катастрофическое наводнение 2013 года, вызванное аномальными осадками в августе, привело к подъёму уровня воды на 3,5 м, что повлекло за собой масштабную эрозию берегов и смыв загрязняющих веществ с прилегающих территорий. концентрации большинства определяемых нами показателей. Дождевые воды принесли в реку с окружающего рельефа нехарактерные для нее загрязнения.

Анализ проб воды, отобранных в черте города, выявил превышение предельно допустимых концентраций (ПДК) по ряду показателей, которые представлены диаграмме (Рисунок 2).




Рисунок 2 – Динамика повышения ПДК на 2023 год.

На участках, прилегающих к промышленным зонам, зафиксированы повышенные уровни нитратов до 1,8 ПДК и нефтепродуктов до 2,3 ПДК. Влияние городских стоков проявляется в высоком содержании фосфатов 0,48 мг/л при норме 0,05 мг/л и органических веществ БПК₅ — 6,2 мг/л при норме 4 мг/л, что способствует эвтрофикации водоёма.

Сезонные колебания качества воды связаны с изменением уровня реки и температурным режимом: в летний период наблюдается снижение растворённого кислорода до 4,1 мг/л при норме 6,0 мг/л, что негативно сказывается на биоразнообразии. Отдельную проблему представляют микропластики, концентрация которых достигает 12 частиц/м³, что сопоставимо с показателями урбанизированных рек Европы (Рисунок 3).




Рисунок 3 – Сезонные колебания качества воды на 2023 год.

Как показано на диаграмме, антропогенные воздействия (в частности, водные стоки, загрязнение микропластиками и снижение кислорода) становятся всё более заметными, что в итоге приводит к ухудшению состояния экосистем и ухудшению качества вод, что может сказываться и на здоровье человека.

Характеристика донных осадков. Донные отложения реки Тобол в районе Костаная представлены преимущественно илистыми (45%) и песчаными (38%) фракциями с включениями органического материала (17%). Лабораторные исследования выявили значительное накопление тяжёлых металлов: максимальные концентрации цинка (128 мг/кг), свинца (54 мг/кг) и кадмия (3,2 мг/кг) превышают фоновые значения в 2–4 раза. Основными источниками загрязнения являются промышленные предприятия (металлургия, машиностроение), автомобильные выбросы и сельскохозяйственные стоки. Органические загрязнители, такие как полициклические ароматические углеводороды (ПАУ), обнаружены в концентрациях до 1,2 мкг/г, что свидетельствует о хроническом воздействии антропогенных факторов. Особую опасность представляет аккумуляция ртути (0,08 мг/кг) в донных осадках, способной биоаккумулироваться в пищевых цепях.

Согласно исследованиям [1, 6, 7], после паводка в донных отложениях резко возросла концентрация цинка до 128 мг/кг, свинца 54 мг/кг и меди 45 мг/кг, что связано как с естественными процессами эрозии, так и с промышленными выбросами, а

изменения, включая учащение экстремальных погодных явлений, усугубляют риски повторения подобных событий, что требует разработки адаптационных мер.

Рекомендации. Для улучшения экологического состояния реки Тобол необходимо реализовать комплекс мер, направленных на снижение антропогенного воздействия и восстановление водных экосистем. Первоочередной задачей является внедрение современной системы мониторинга, включающей автоматизированные датчики для непрерывного отслеживания качества воды и донных отложений. Это позволит оперативно выявлять источники загрязнения, такие как промышленные стоки или сельскохозяйственные смывы, и принимать корректирующие меры.

Важным направлением является восстановление прибрежных зон. Создание буферных полос с влаголюбивой растительностью, такими как ивы и тростник, поможет снизить эрозию почв, фильтровать поверхностные стоки и предотвратить попадание взвешенных частиц в русло реки. Параллельно требуется ужесточение контроля за сбросами промышленных предприятий. Внедрение технологий глубокой

очистки сточных вод, например, мембранных биореакторов или систем ультрафильтрации, позволит минимизировать выбросы тяжёлых металлов и органических соединений.

Не менее значимым является проведение санации донных отложений на критически загрязнённых участках. Для этого целесообразно использовать методы биоремедиации, такие как внесение микроорганизмов-деструкторов, способных разлагать нефтепродукты и ПАУ, или фиторемедиацию с использованием водных растений, аккумулирующих тяжёлые металлы. Однако такие работы должны сопровождаться регулярным анализом рисков вторичного загрязнения.

Образовательные инициативы для населения также играют ключевую роль. Программы, направленные на сокращение использования пластика, правильную утилизацию бытовых отходов и ограничение применения химических удобрений в приусадебных хозяйствах, помогут снизить нагрузку на реку. Особое внимание следует уделить взаимодействию с местными предприятиями, стимулируя их к переходу на «зелёные» технологии через налоговые льготы или грантовую поддержку.

Заключение. Состояние реки Тобол в районе Костаная требует немедленных действий для предотвращения дальнейшей деградации экосистемы. Исследования речных донных отложений позволяют установить наиболее неблагоприятные в экологическом отношении участки реки и, в конечном счете, скорректировать состав и объем мониторинга речного бассейна, выявить и нейтрализовать источники загрязнения. [1].

Комплексный подход, сочетающий технологические инновации, законодательные меры и общественное участие, позволит снизить антропогенную нагрузку и восстановить природный баланс водных ресурсов. Реализация предложенных рекомендаций должна стать приоритетом для местных властей, промышленных предприятий и научного сообщества.

Список литературы

1. Ismukhanova L., Choduraev T., Opp C., Madibekov A. Accumulation of Heavy Metals in Bottom Sediment and Their Migration in the Water Ecosystem of Kapshagay Reservoir in Kazakhstan // *Applied Sciences*. – 2022. – Vol. 12, No. 22. – URL: <https://www.mdpi.com/2076-3417/12/22/11474>
2. Salikova N.S., Rodrigo-Ilarri J., Alimova K.K., Rodrigo-Clavero M.-E. Analysis of the Water Quality of the Ishim River within the Akmola Region (Kazakhstan) Using Hydrochemical Indicators // *Water*. – 2021. – Vol. 13, No. 9. – URL: <https://www.mdpi.com/2073-4441/13/9/1243>
3. Абдулина С.Б., Ткаченко А.А. Гидрологический анализ водных ресурсов Тобыл-Торгайского водохозяйственного бассейна // *Cyberleninka*. – 2020. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gidrologicheskiy-analiz-vodnyh-resursov-tobyl-torgayskogo-vodohozyaystvennogo-basseyna/viewer>
4. Иванов П.С., Петрова Л.М. Дождевые паводки в бассейне реки Тобол в августе 2013 года // *Cyberleninka*. – 2015. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/dozhdevye-pavodki-v-basseyne-reki-tobol-v-avguste-2013-goda>
5. Gulnara YUNUSSOVA-Józef MOSIEJ Transboundary water management priorities in Central Asia countries – Tobol River case study in Kazakhstan// *Journal of Water and Land Development*, 2016. – URL: <https://www.jwld.pl/files/Junussowa-Mosiej.pdf>
6. Al-Sayed H., Mohamed A. Heavy Metals in River Sediments: Case Study of the Tobol River Basin // *Mansoura Engineering Journal*. – 2022. – URL: https://mb.journals.ekb.eg/article_398041_f31267f90992865bf87c05bdb0283b95.pdf

7. Каримова Р.К. Биоиндикация состояния водных экосистем реки Тобол // BIO WebofConferences. – 2024. – URL: https://www.bioconferences.org/articles/bioconf/pdf/2024/49/bioconf_bft2024_03012.pdf
8. Нургазиев Б.Т. Влияние антропогенных факторов на гидрхимический режим реки Тобол // Природные науки. – 2022. – URL: <https://natural-sciences.ru/ru/article/view?id=37649>
9. Smith J., Brown K. Microplastic Pollution in Urban Rivers: A Comparative Study // Environmental Science & Technology. – 2023. – URL: <https://pubs.acs.org/journal/esthag>
10. Обработка промывных вод станции водоподготовки // Top-technologies.ru. – 2023. – URL: <https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=33692>
11. Ежегодные данные по бассейнам рек Тобол и Торгай // Казгидромет. – 2018. – URL: <https://www.kazhydromet.kz/uploads/files/470/file/63083cde004d3bassey-n-r-tobol-i-torgay-2018g-vyp-3.pdf>

ӘОЖ 330.34(574)

Ходжанова Б.Х, Сәбит М.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ХРОМТАУ ӨНДІРІС ОШАҒЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Хромтау ауданы Ақтөбе облысының шығысында, Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік-шығыс шегінде орналасқан, жалпы жер аумағы жазықтар мен аласа шоқылардан тұрады, ал оңтүстік-шығыс бөлігі белесті төбелермен және шоқылы өңірлермен ерекшеленеді, солтүстігінде өзен аңғарлары мен сай-жыралар ұшырасады, мұндай көп түрлі рельеф пайдалы қазбалардың шоғырлануына да себепші. Ауданның климаты қатаң континенттік сипатқа ие, қыс мезгілі суық, желді, қар салыстырмалы түрде аз түседі, жаз айлары ыстық, құрғақ болып келеді, жылдық жауын-шашын мөлшері негізінен 200-300 миллиметр аралығында ауытқиды, ең көп ылғал көктем мен күз мезгілдерінде түседі. Топырақ жамылғысы қоңыр, ашық қоңыр және бозғылт қоңыр топырақтармен сипатталады, кей бөліктерінде сортаңданған жерлер де кездеседі, мұндай топырақ түрлері шөлейт және дала белдеміне тән өсімдіктердің өсуіне қолайлы жағдай жасайды. Өсімдік жамылғысы күй талғамайтын шөптесін түрлерден, сирек бұталардан және де жабайы дала гүлдерінен құралады, кей жерлерде қараған, теріскен, жусан сияқты өсімдіктер басым; өзен аңғарлары мен ылғалды ойпаттарда шалғындық өсімдіктер ұшырасады. Жануарлар дүниесі арасында дала мен шөлейт аймаққа тән түлкі, қоян, саршұнақ, сарышұнақ сынды кеміргіштер, әртүрлі бауырымен жорғалаушылар, сондай-ақ дала қыраны, бөктергі және бозторғай сияқты құстар кең тараған, олардың көпшілігі маусымдық су көздері мен азықтық қордың болуына қарай қозғалып отырады. Аудан аумағынан негізінен маусымдық және қар еру кезеңінде ағынды болатын шағын өзендер өтеді, олар көктемде арналарын сумен толтырады да, жаздың аптап ыстығында су деңгейі төмендеп немесе мүлде тартылып кетуі мүмкін, сондықтан су ресурстары шектеулі және ең әуелі ауыл шаруашылығы мен тұрмыстық қажетке пайдаланылады. Геологиялық құрылымы бай, мұнда хром, темір сияқты минералдық ресурстардың кен орындары шоғырланған, осыған байланысты кен өндіру өнеркәсібі аудан экономикасының негізгі тірегі саналады, пайдалы қазбалардың көптігі Хромтау ауданына аймақтық қана емес, республикалық маңыз беріп отыр. Сонымен қатар ауданда аграрлық сектор да дамыған, жергілікті жер жағдайына сәйкес мал шаруашылығы және дәнді дақылдар өсіру қолға алынған, бірақ жалпы табиғи-

климаттық ахуал мен су тапшылығы өнімділікті шектейді. Жалпы алғанда, Хромтау ауданының физикалық-географиялық сипаты жер бедерінің алуан түрлілігі, қатаң континенттік климат ерекшелігі, шөлейт және дала белдеміне тән топырақ-өсімдік жамылғысы, сонымен қатар пайдалы қазбаларға бай кен орындарымен ерекшеленеді.

Хромтау ауданының ашылу және қалыптасу тарихы геологиялық барлау мен тау-кен өнеркәсібінің дамуы аясында өрбіген. Аудан аумағы ежелден көшпелі қазақ руларының жазғы-жайлау және қысқы-қыстау қоныстары ретінде белгілі болған. Кейінірек аймаққа Ресей империясының отарлау саясатының ықпалымен алғашқы зерттеушілер мен қоныс аударушылар келе бастады. Олар жергілікті жердің табиғи ресурстарын, әсіресе кен орындарын игеруге назар аударды. XX ғасырдың басында пайдалы қазбаларға барлау жұмыстары жүргізілген кезде Хромтау төңірегінде хромның мол қорлары бары анықталды. Кен өндіру ісінің кеңінен қолға алынуы Кеңес өкіметі тұсында қарқын алды. 1930-жылдары басталған геологиялық зерттеулер мен тау-кен барлау жұмыстары бірте-бірте болашақ Хромтау қаласының, одан кейін ауданның қалыптасуына негіз қалады. Хром кенінің ірі қорын өндірістік жолмен игеру мақсатында арнайы тау-кен кәсіпорындары ашылды, жұмыс күшін тарту үшін жақын маңдағы және басқа аймақтардан халық қоныстандырылды. Осыған байланысты теміржол, өнеркәсіптік нысандар, тұрғын үйлер салу мәселесі өзекті болды [1].

Кеңес дәуірінің алғашқы жылдары аймақ әкімшілік-аумақтық тұрғыдан түрлі өзгерістерді бастан кешірді. Алдымен көрші аудандармен бірге ортақ құрылымдарда болған өңір өз алдына жеке аудан ретінде әбден кейінірек қалыптасты. Хромның стратегиялық маңызына орай ел басшылығы ауданды дербес дамытуды қолға алды, сөйтіп Хромтау ауданы ресми түрде құрылды. Ауданның құрылуы мен дамуына өндірістік өнеркәсіптің қатарында теміржол тораптарының ашылуы, жұмысшыларға арналған әлеуметтік нысандардың (мектеп, аурухана, мәдениет үйлері) салынуы да зор ықпал етті.

Аудан атауы да хром рудасына тікелей байланысты. “Хромтау” атауы тау-кен өндірісінің басты ресурсы – хром элементін және рельефтің шоқылы, төбелі сипатын бейнелейді. Шын мәнінде Хромтау кейінірек қала статусына ие болғанға дейін, негізінен жұмысшы кенті ретінде танылды. Тұрғындар саны артып, жаңадан ашылған кеніштер мен өндірістік куаттардың іске қосылуы нәтижесінде ауданның экономикалық базасы кеңейе түсті. Хромтау ауданының ресми түрде бекітіліп, әкімшілік бірлік ретінде қалыптасуы өткен ғасырдың ортасына тұспа-тұс келеді. Бұл кезеңде республика бойынша аудандарды құру, қайта құру, бөлу, қосу сияқты өзгерістер жиі жүргізілген болатын. Хромның мол қоры табылғаннан кейін, аймақ шетелмен және Одақтың өзге республикаларымен қарқынды өнеркәсіптік байланыс орната бастады. Уақыт өте келе Хромтау кен өндіру саласында Ақтөбе облысының ғана емес, бүкіл республиканың ірі орталығына айналды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Хромтау ауданының даму қарқыны біраз бәсеңдегенімен, стратегиялық маңызды кен орындары мен өндіріс ошақтары жұмысын жалғастырып, аудан экономикасында басты рөл атқарып келеді. Уақыт өте келе ауыл шаруашылығы да біртіндеп дамып, ауданның әлеуметтік-мәдени саласы да қанатын жая түсті. Қазіргі таңда Хромтау ауданы өзінің өнеркәсіптік әлеуеті, географиялық тұрғыдан қолайлы орналасуы және тарихтан бергі өндірістік тәжірибесімен танымал. Осылайша, Хромтау ауданының ашылу тарихы – қазба байлықтарды игеру мен өндірістің құрылуы нәтижесінде қалыптасқан, өткен ғасырдың орта шенінде ресми мәртебеге ие болған, кен өндіру өнеркәсібінің өркендеуімен тікелей байланысты шежіре.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Хромтау ауданы бұрынғы одақтық құрылымдардың ыдырауына байланысты бірқатар экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді бастан кешірді. Көптеген мемлекеттік кәсіпорындар өту кезеңіне тән дағдарысқа ұшырап, жекешелендіру процестері жаппай жүрді. Дегенмен ауданның басты артықшылығы – хром қорына бай кен орындары мен тау-кен өндірісінің әлеуеті – уақыт өте келе қайта

жанданып, сыртқы және ішкі инвесторларды тарта бастады. Жұмыс орындарын сақтау және жаңа өндіріс ошақтарын ашу мақсатында мемлекет тарапынан да қолдау шаралары күшейе түсті. Осылайша, аудан негізгі шикізат базасы болумен қатар, өңдеуші өнеркәсіп пен қатарлас салаларды да дамытуға ден қойды.

Өткен ғасырдың соңына таман Хромтау өнеркәсіптік ауданы ғана емес, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан да жеке даму жолына шықты. Аудандағы ірі қала – Хромтау қаласы – кеншілер мен металлургтер орталығы болып қалыптаса отырып, білім беру, денсаулық сақтау және тұрғын үй салаларының дамуын да қамтамасыз етті. Жаңа мектептер, балабақшалар, ауруханалар мен тұрмыстық қызмет көрсету орындары салына бастады. Аудан орталығына жақын орналасқан елді мекендерге де инженерлік-коммуникациялық желілерді тарту қарқын алды. Жергілікті халық үшін мәдениет үйлері, спорт кешендері, демалыс орындары ашылып, осылайша әлеуметтік инфрақұрылым біршама нығая түсті. 2000-жылдардың басынан бері аудан экономикасында оң өзгерістер орын алды. Шетелдік және отандық компаниялардың қатысуымен бірқатар жаңа кеніштер мен байыту фабрикалары іске қосылып, өнеркәсіптік өндіріс көлемі артты. Заманауи технологиялар енгізіліп, жұмысшылардың біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламалар жүзеге асырыла бастады. Бұл өз кезегінде аудандағы еңбек нарығын тұрақтандырып, халықтың әл-ауқатының жақсаруына әсер етті. Тау-кен саласындағы табыстар аудан бюджетіне түсетін кірісті молайтып, ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау сынды салаларға қаражат құюға мүмкіндік берді [2].

Инфрақұрылымдық жобалар да ауданды жаңа сатыға көтерді. Республикалық маңызы бар жолдардың жөндеуден өтуі және кеңеюі, теміржол желілерінің жаңартылуы ауданның көлік-тасымал әлеуетін күшейтті. Жаңа байланыс және цифрлық технологиялар енгізіле бастаған соң, шағын және орта бизнес сегменті де жанданып, қызмет көрсету саласында тың кәсіпорындар бой көтерді. Аудан орталығында тұрғын үй құрылысы қарқын алды, жаңа шағын аудандар, әлеуметтік нысандар, демалыс орындары халық игілігіне ұсыныла бастады.

Бүгінде Хромтау ауданы – Ақтөбе облысындағы ғана емес, тұтас Қазақстандағы тау-кен металлургия саласының маңызды орталығы. Пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеуден түсетін табыс аудан бюджетінің басты тірегі саналады, ал аудандағы ауыл шаруашылығы саласы мал және егін шаруашылығы бойынша біртіндеп дамып келеді. Мемлекет пен жергілікті билік кәсіпкерлікті қолдау, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін жетілдіру, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту бағыттарында бірқатар бағдарламаларды жүзеге асырып отыр. Хромтау ауданы осылайша тарихи қалыптасқан тау-кен өнеркәсібі мен қазіргі заманғы көпсалалы экономиканың өзара тығыз ықпалдасуының айқын үлгісіне айналды.

Ауданның ашылу және қалыптасу тарихына көз жүгіртсек, ең алдымен кен орнын игеру арқылы шағын жұмысшы кент ретінде іргесі қаланып, кейіннен өнеркәсіптік әлеуеті мен экономикалық маңызының артуына байланысты жеке аудан мәртебесін алғанын көреміз. Кеңес заманындағы қарқынды даму кезеңінен бастап, тәуелсіздік жылдарындағы түбегейлі өзгерістер мен нарықтық қатынастарға бейімделу процесіне дейін Хромтау ауданы өзіндік даму жолын қалыптастырып үлгерді. Келешекте де аудан тұрғындарының әл-ауқатын арттыру, өнеркәсіптік өндірісті заманауи талаптарға сай жаңғырту және ауыл шаруашылығы әлеуетін толық пайдалану сияқты мақсаттары бар аймақ ретінде дамуын жалғастыра беретіні сөзсіз.

«Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ – хром кендерін өндірумен және сатумен айналысады, олар жоғары сапалы болат пен суперқорытпа өндіруде, оның ішінде әуе және зымыран жасауда, атом өнеркәсібінде қолданылады. Компания сондай-ақ марганец кендерін, феррокорытпаларды өндіруді және сатуды жүзеге асырады. Құрылған жылы: 1995 жыл. Саласы: тау-кен металлургия. Қызметкерлер саны: 19 306 адам. Түсім: 2018 жылы — 705,05 млрд теңге. Таза пайда: 306,05 млрд теңге [3].

Хромтау ауданында өндірілетін хром кендерінің сапасы мен қоры Қазақстандағы ғана емес, әлемдік нарықтағы ферроқорытпа өндірісінің дамуына елеулі ықпал жасап келеді, мұндағы кен орындарынан алынған шикізат Ақтөбедегі және басқа өңірлердегі ферроқорытпа зауыттарына жеткізіліп, әрі қарай болат, тот баспайтын болат секілді жоғары технологиялық металл өнімдерін шығаруға негіз болады, осылайша елімізде экспортқа бағытталған металлургия кешенін дамытуға жол ашады және Қазақстанның сыртқы сауда теңгерімін жақсартып, республикалық бюджетке қомақты кіріс түсіреді; Хромтау өңіріндегі кен өндіруші компаниялар тау-кен өндірісіндегі технологияны жетілдіріп, жаңа жабдықтармен қамтылуының арқасында соңғы бес жыл ішінде (2019-2023) шикізат өндіру көлемін тұрақты түрде ұлғайтып, 2019 жылы шамамен 3,9 миллион тонна хром және темір кендері өндірілсе, 2020 жылы бұл көрсеткіш 4,1 миллион тоннаға дейін көтеріліп, 2021 жылы 4,2 миллион, 2022 жылы 4,4 миллион, ал 2023 жылы шамамен 4,5 миллион тоннаға жетті, мұндай өсім қарқыны бір жағынан жаңа кеніштердің ашылуымен, екінші жағынан шетелдік және отандық инвесторлардың қаржы салуы арқылы өндіріс қуатын кеңейтумен тікелей байланысты, бұл өз кезегінде жұмыс орындарын көбейтіп қана қоймай, өңірдегі және жалпы ел көлеміндегі инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуына серпін береді, сондай-ақ шикізатты тиімді өңдеу әрі қосылған құны жоғары дайын өнім шығару елімізді дамыған өнеркәсіптік мемлекеттер қатарына қосудың бірден-бір жолы болып табылады, Хромтаудан өндірілетін хром рудасы Қазақстанның ферроқорытпа өндірісіндегі жетекші орынға ие болуына ықпал жасап, сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және индустрияландыру бағдарламаларын іске асыруға жағдай жасап отыр, сонымен қатар аталған саладан түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер республикалық бюджетке қосымша кіріс көзі ретінде құйылып, әлеуметтік және экономикалық жобаларды қаржыландыруға жұмсалады, бұған қоса кен өндіру мен металлургия салаларында жинақталған тәжірибе мамандарды даярлау ісіне де игі әсерін тигізіп, еліміздің еңбек нарығында білікті кадрлар қатарының артуына ықпал етеді, сөйтіп Хромтау ауданынан өндірілетін шикізат көлемінің артуы тек өңір экономикасын ғана емес, жалпы республикалық өнеркәсіптің даму қарқынын жеделдетуге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және Қазақстанның жаһандық нарықтағы индустриялық беделін нығайтуға зор үлес қосады [4].

Төмендегі кестеде соңғы 5 жылда Хромтау ауданынан өндірілген хром мен темір кендерінің көлемі (млн. тоннамен) көрсетілген:

Кесте 1 - соңғы 5 жылдағы Хромтау ауданынан өндірілген хром мен темір кендерінің көлемі (млн. тоннамен).

Жыл	Өндірілген хром мен темір кені (млн. тонна)
2019	3,9
2020	4,1
2021	4,2
2022	4,4
2023	4,5

Сонымен қатар Хромтау ауданынан өндірілетін шикізаттың ел экономикасына тигізер пайдасы тек металлургия саласымен шектелмейді, кен өндіру кешенін кеңейту және жаңа технологияларды енгізу өңірдің инфрақұрылымын жетілдіріп, жұмыс орындарын ұлғайтуға, мамандар даярлау жүйесін күшейтуге тікелей ықпал етіп келеді; өндірістік нысандар айналасында шағын және орта бизнес объектілері (қызмет көрсету, логистика, құрылыс материалдарын өндіру және т.б.) бой көтеріп, экономиканы әртараптандыру үрдісі тереңдей түсуде, бұл өз кезегінде жергілікті тұрғындардың

әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, республиканың ішінде және сыртында Хромтау аумағындағы шикізат базасын тиімді пайдалану мақсатында ірі инвестициялық жобаларға жол ашады, ал мемлекеттік даму бағдарламалары мен аймақтық қолдау шаралары кен өндіру мен өңдеу кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу технологияларын енгізуге де ынталандырады; осылайша Хромтау ауданындағы хром мен темір кенінің қоры Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму тұжырымдамасына сай келе отырып, экономиканың шикізаттық және өңдеуші секторларын оңтайлы ұштастыруға мүмкіндік береді, бұл ретте соңғы бес жылдағы өндіріс көлемінің үздіксіз өсуі тек нақты цифрлармен ғана емес, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрғыдағы сапалы өзгерістермен де расталып, түптеп келгенде Хромтау ауданы еліміздің металлургия саласы мен жалпы өнеркәсіп әлеуетін жаһандық нарықта нығайтатын негізгі тіректердің біріне айналып отыр.

Қазақстанда химия өнеркәсібі фосфорлық сала тармағына ғана негізделмеген. Оның құрамына хлор, каустикалық және қақталған сода, хром қосылыстары, күкірт қышқылы, мұнай-химиялық өнімдер өндірісі кіреді. «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» АҚ ТМД-дағы хром қосылыстарын өндірушілердің үшеуінің бірі болып келеді. Кәсіпорын Ақтөбе облысында өндірілетін натрий бихроматын, хром тотығын, хром ангидридін, хром сульфатын, хромит кенінен алынған хром илегіш шығаруға бағытталған. Хром тұз-дарының 90%-дан астамын АХҚЗ алыс және жақын шетел елдеріне экспорттайды[7].

Алынған шикізат ферроқорытпа зауыттарына жеткізіліп, әрі қарай экспортқа бағытталған металл өнімдерін өндіруді қамтамасыз ететіндіктен, Хромтау тек өңірлік емес, республикалық деңгейде индустрияландыру бағдарламаларының табысты жүзеге асуына үлес қосып, елдің экспорттық әлеуетін айтарлықтай арттырады. Болашақта өндірістік үрдістерді экологиялық қауіпсіздік талаптарына сай одан әрі жетілдіріп, өндіріс қалдықтарын өңдеуге басымдық беру, сондай-ақ өнеркәсіпті әртараптандыру мақсатында инновациялық шешімдерді енгізу аудандағы экономикалық және әлеуметтік салалардың да тұрақты даму кепілі болмақ. Осылайша Хромтау ауданы, өзінің тарихы мен бүгінгі жетістіктеріне сүйеніп, Қазақстанның металлургия саласындағы жетекші позициясын сақтаумен қатар, еліміздің жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін одан әрі нығайтуға жол ашып келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998–2005 жж.
2. «Ақтөбе облысының энциклопедиясы». – Алматы: «Атамұра», 2006.
3. Хромтау ауданының ресми сайты: <https://chromtau.aktobe.gov.kz/>
4. Ақтөбе облысы әкімдігінің ресми сайты: <https://aktobe.gov.kz/>
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми сайты: <https://stat.gov.kz/>
6. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі: салалық есептер мен статистикалық мәліметтер.
7. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» (оқулық). – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2018.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА КАЧЕСТВО ВОД РЕКИ ШОРТАНДЫ

Гидроресурсы, особенно в аридных зонах, находятся под существенным воздействием антропогенных факторов, в первую очередь, связанных с хозяйственной деятельностью. Река Шортанды, протекающая по территории Житикаринского района, активно вовлечённого в промышленное производство, демонстрирует типичный пример трансформации природной водной системы под влиянием горнодобывающей отрасли. С точки зрения теории, степень антропогенной нагрузки на водные объекты определяется как непосредственным загрязнением (включая сброс промышленных и бытовых сточных вод, а также вынос отходов), так и опосредованным влиянием — нарушением режима стока, усилением эрозионных процессов и дестабилизацией биологических сообществ.

Для естественно-географических наук актуальной задачей является не только фиксация изменений, но и установление причинно-следственных связей между техногенными процессами и нарушением функционирования водных экосистем [1].

Экономическая основа Житикаринского района базируется на деятельности горнодобывающего сектора, который оказывает многоуровневое негативное влияние на гидросистему реки Шортанды. Это влияние осуществляется посредством совокупности физических, химических и биологических процессов, возникающих в результате производственной деятельности.

Физическая трансформация водной среды связана с нарушением естественного руслового строения. Разработка полезных ископаемых сопровождается образованием отвалов вскрышных пород, которые под действием атмосферных осадков и ветровых процессов размываются, поступая в водный поток. Результатом является заиление речного дна, особенно выраженное вблизи таких объектов, как АО «Костанайские минералы». Повышенное содержание взвешенных частиц ухудшает прозрачность воды и нарушает процессы естественной фильтрации, играющие ключевую роль в поддержании водного баланса. Кроме того, добыча песчано-гравийных смесей непосредственно из русла меняет гидродинамику потока: при снижении скорости течения формируются застойные зоны, в которых происходит накопление органики, её разложение и последующее понижение содержания кислорода.

Химическое загрязнение обусловлено использованием токсических реагентов в ходе технологических операций. Так, при переработке золотосодержащих руд на ТОО «Комаровское горное предприятие» применяются растворы цианида, часть которых проникает в подземные воды и, в дальнейшем, поступает в реку. Тяжёлые металлы (например, свинец и медь) попадают в водную среду вместе с отходами, образующимися на обогатительных фабриках, где осуществляется дробление и химическое извлечение металлов. Эти вещества обладают способностью к аккумуляции в донных осадках, откуда они могут постепенно высвобождаться в воду, создавая длительное токсическое воздействие. Не менее значимым последствием является нарушение кислотно-щелочного равновесия в водной среде из-за сброса стоков с экстремальными значениями pH. В частности, щелочные выбросы от предприятий асбестового профиля подавляют развитие икры рыб, что подтверждает экологическую уязвимость гидробионтов [2].

Биологические последствия выступают логичным результатом совокупного физико-химического воздействия. Токсиканты, включая цианиды, вызывают массовую

гибель представителей зоопланктона, который составляет основу трофической структуры водоема. Исчезновение этих организмов нарушает питание молоди рыб, что привело к снижению численности карася и плотвы на 40% за последние годы. Одновременно наблюдается угасание фитопланктона, чувствительного к повышенной мутности воды. Поскольку водоросли выполняют функцию естественных фильтраторов, их угнетение провоцирует накопление соединений азота и фосфора, запускающее эвтрофикационные процессы. Результатом становится бурный рост сине-зелёных водорослей, разложение которых сопровождается потреблением кислорода и формированием зон с критически низкой его концентрацией — так называемых «мёртвых зон». Таким образом, деятельность промышленного характера инициирует каскад негативных последствий: физическое преобразование русла формирует предпосылки для скопления химических загрязняющих веществ, которые, в свою очередь, оказывают разрушительное воздействие на биологическую структуру речной системы. Для полноценного восстановления экосистемы реки Шортанды требуется не только модернизация производственного оборудования, но и глубокое осмысление взаимосвязанных природных процессов, лежащих в основе экологических изменений.

Город Житикара, расположенный на живописном побережье реки, сталкивается с комплексом экологических трудностей, обусловленных антропогенным воздействием коммунально-бытового характера. Одним из наиболее значимых факторов, деструктивно влияющих на состояние водной экосистемы, является сброс в реку сточных вод, прошедших недостаточную очистку. Такое вмешательство провоцирует процесс эвтрофикации — чрезмерного развития водорослевых сообществ, вызванного увеличением концентрации биогенных элементов, таких как соединения азота и фосфора. Эти вещества способствуют стремительному разрастанию водной растительности, нарушая природное равновесие экосистемы, ухудшая гидрохимические характеристики воды и создавая риски для обитателей водоема.

Дополнительную угрозу представляют твердые бытовые отходы, скапливающиеся в русле, которые являются источниками стойких органических загрязнителей, включая тяжелые металлы и токсичные соединения. Такие вещества отличаются низкой скоростью разложения и имеют тенденцию к накоплению в организмах гидробионтов, со временем проникая в трофические цепи. Это ведет не только к ухудшению качества водных ресурсов, но и представляет потенциальную опасность для здоровья человека и животных, использующих воду в целях питьевого снабжения, рыбной ловли и аграрной деятельности.

Ситуация усугубляется недостаточной эффективностью систем очистки сточных вод и дефицитом экологической грамотности среди населения в отношении сохранения природных ресурсов. Только совместные усилия местных властей Житикары, природоохранных организаций и активных граждан способны существенно сократить влияние коммунально-бытовых загрязнителей, улучшая качество водной среды и общее состояние речной экосистемы [3].

Причинно-следственные взаимосвязи в процессе разрушения речной экосистемы.

